**Кіріспе.** Қазақ ономастикасының бір тарауы – көркем шығармалардағы мифтік топонимдер. Ауыз әдебиеті материалдарында миф әлеміне қатысты атаулар көптеп саналады. Тіл білімінде бұларды мифотопонимдер деп атайтынымыз белгілі. Ғалым Подольскаяның анықтамасына сүйенсек мифотопоним – географиялық нысандарға адамның шынайы өмірде болған деген елестетуі нәтижесінде берілген жалқы атау [1,84]. Демек бұл атаулар сонау көне заманнан келе жатқан халықтың, адамзаттың түсінігінің балаң шағында пайда болып, ауыздан-ауызға беріліп, бүгінгі күнге жетіп отыр. Кейбірінің шығу уәждері, пайда болу тарихы туралы деректер аңыздардан көрінеді, тіл білімінде оларды халықтық этимология деп атайды. Бұлардың көбінде атаудың дыбыстық тұлғасы қазіргі қолданыстағы кей сөздермен ұқсастырылып, өзінше мағына беріледі. Ол мағына кейде белгілі бір мифтік оқиғалармен байланысып жатады. Бүгінге дейінгі зерттеулерде жекелеген мифонимдердің этимологиясына талдаулар жасалып, олар туралы аңыздар жинақталғанмен, барлығын бір жерге жинақтап, біртұтас кеңістік ретінде қарастырған еңбектер жоқтың қасы. Жекелеген еңбектердің қатарында Е.Қойшыбаевтың 1985 жылы Алматыдағы «Мектеп» баспасында басылған «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» бар. Осы еңбегінде ғалым этимологиялық бағытты негізге ала отырып, Қазақстан жерін ежелден мекендеген халықтар мен олардың тілдерінің тарихы бойынша мәліметтер беретін бір мың бес жүзден астам географиялық атаулардың (топонимдердің) шығу төркінін талдаған. Оның ішінде түрлі мифтер негізінде пайда болған атаулар да бар. Сөздікті жасау барысында тілшілердің, тарихшылардың, географтардың, саяхатшылардың, өлкетанушылардың еңбектерін, арнайы экспедиция материалдары мейлінше мол пайдаланылған. Сөздікте кездесетін мифотопонимдердің бірінен мысал келтірер болсақ: Қазғұрт – тау аты (Қаратаудың оңтүстік бір жотасының аты). Аңызда «Нұхтың тауы» аталады. Ғалымның тұжырымы бойынша, Қазғұрт – көне түркілердің тайпа аттарымен байланысты қос этнонимнен құралған атау. Этим.: қаз және құрт этнотопонимдерінің қосарланған түрі. Қаз және құрт түркілері б.з VII-VIII ғасырларда өмір сүрген тайпалар [2,141]. Ал бұл атауға байланысты ғалым Ж.Ә. Айтмұхамбет «Миф. Мифология. Мифопоэтика» атты монографиясында: – Қазығұрт – мифологиялық таным жүйесінде ерекше орын алған, түркі әлемінің рухани құндылықтары қатарындағы мекен.

Осы Қазығұрттың басында кеме тоқтап, жаңа тіршілік бастау алғандығы қазақ мифтерінде ерекше шабытпен айтылады, – деп сипаттама береді. Сондай – ақ, аталмыш еңбекте ғалым адамдардың қиялынан туған географиялық нысандардың қатарында Жерұйық атауына тоқталып өтеді. Ежелгі мифтік түсінікте Жерұйық саналатын ғажайып арал қарапайым адамдарға көрінбейді, ол тұманмен тұмшаланған немесе судың астында орналасқан. Бұл аралды жеті жылда бір рет көруге мүмкіндік бар, егер оған от тисе, ол қайта жоғалмайды және тірілер үшін жердегі жұмаққа айналады деп сенген. Сонымен, ұшы-қиырсыз ұлы кеңістіктен түркі тектінің іздегені – Жерұйық, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын мекен. Жерұйық – түркі мәдени кеңістігінде байлық пен ырыстың, бақ пен берекенің, азаттықтың, бақыттың мекені. Жерұйықты іздеуші жиһанкездің тұлғасы тарихтағы Асан қайғының іс-әрекетімен сабақтасып жатады. Мифотопонимдік атаулардың пайда болу тарихы мен даму жолын қарастырған ғалым, мынадай тұжырымға келген: – түркілер дүниетанымындағы ғажайып мекен қазақ әпсаналарында «Жерұйық», «Өтүкен», «Үш қиян», «Сарыарқа», «Жиделі - Байсын» сипатында көрініс береді. Бұл мекендер құтты қоныс болумен қатар, елдікті, егемендікті, киелілікті танытатын символдық атауларға айналған. Жерұйық ұғымына түркілік танымдағы тәуелсіздік тығыз байланыстырылады. Сонымен қатар бұл еңбектің ерекше қырларының бірі осы Жерұйық ұғымының ауқымында өзге де мифотопонимдерді кіріктіруінде. Яғни ғалым, Мамай батыр туралы мифті талдай отырып: – *Елсіз аралдағы жезтырнақты өлтіргеннен кейін Мамай батырдың есіне Құбажон деген жоны, ондағы Шыңырау деген құдығы түседі*, – деген үзіндіге назар аударады. Мұндағы мифотопонимдік атаулар – әрбір адамның санасына орныққан Жерұйықтың «микрופішіні», яки бір пұшпағы түріндегі қоныс деген тоқтамға келеді автор. Сондай – ақ, осы аңыз желісіндегі Мамай батырдың Құбажондағы Шыңырау құдықтың басына қосар тіккен пері қыздарына кез болуын автор дүниенің жаратылысындағы үш әлемнің өзара байланысына мысал етеді. Мұндағы жоғары әлемнің тұрғындары саналатын пері қыздары мен ортаңғы әлемнің тұрғыны Мамайдың арасын жалғайтын су әлемінің пішіні – Шыңырау құдық. Бұл мифотопоним екі әлемді байланыстырушы көпір қызметін атқарып тұр деген тұжырым жасалады. Яғни бұл еңбекте мифотопонимдерді таза лингвистикалық тұрғыдан зерттемесе де, түрлі мифтік аңыздарды талдау барысында ұтымды ойлар мен тұжырымдар келтіріліп отырған [3,42-46]. Осындай мифотопонимдер жайлы деректерді 2013 жылы «Ономастикалық хабаршының» №4 санында басылған Динара Есімбекова мен Айнұр Тұрлыбекованың «Оронимдердің шығу тегі мен этнолингвистикалық сипаты» атты мақаласы толықтыра түседі. Мұнда табиғат ғажайыбының бірі – Көксу ауданының Ақтекше ауылының бүгінгі мен өткені аңызға айналған Шаған тауы жайлы қызықты ақпарат береді [4,123]. Сонымен қатар Шаған тауының бір жартасының қабағында көрінетін қыз бейнесі тірі жан иесін таңдандырмай қоймайды [4,124]. Ол қызды Шаған есімді дана қарттың өзге жұртқа ұзатылған қызы деседі жұрт. Мақалада бұған қатысты фотосуретпен қоса нанымды деректер мен аңыз-әңгімелер де келтіріледі. Демек, мифотопонимдердің қалыптасуына алғашында дәлдікке негізделген, елді мекендердің немесе басқа да географиялық атаулардың шығу тегін сипаттайтын халық ауыз әдебиетінің жанры топонимикалық аңыздар үлкен әсер еткен. Бұл аңыздар арқылы халықтың тұрмысы мен менталитетінен ғана хабардар болып қоймай, атаудың шығу тарихы жайлы деректер аламыз. Мұндай жер-су атауларына қатысты аңыздар өте көп. Соның бірі – О.К. Жанайдаровтың авторлығымен шыққан «Қазақ жерінің жүз аңызы» атты жинақ. Төрт томға жинақталған бұл еңбекте маңызды деректер топтастырылған. Мысалға, Бәйеш тауы туралы аңызда Қарағандының Жаңарқа өлкесіндегі Ақтүбек ауылынан шығысқа қарай беттегенде, шамамен бес шақырым жерде орналасқан Бәйеш тауының атауының қалай пайда болғаны туралы айтылған. Яғни бұл атау XVIII ғасырдың басындағы жоңғар шапқыншылығы кезінде қол бастаған, асқан батыр, ержүрек Алтай руының батыры Бәйештің құрметіне қойылған.

Көріпкелдің болжамына сеніп, қапы қалған батыр өзінің сол қолының ортаңғы саусағын бауырына кесіп беріп: - Жұртты саусағыммен шошытып жүрме! Барған соң көрсетерсің. Егер осы жерде қаза болсам, саусағымды Бәйеш деп атаңдар», – деген екен. Ұзамай Бәйеш батыр соғыста қаза табады. Ал бауыры ағасының аманатын орындап, Ақтүбек ауылының шығысындағы биік таудың басына батырдың саусағын көмеді. Кейіннен ол жерге үлкен күмбез тұрғызылады. Міне, сол уақыттан бері бұл тау «Бәйеш тау» деп аталады [5,6].

**Талдау.** Ал енді мұндай атаулардың қазақ фольклорындағы өзгерісіне назар аударсақ ол сонау замандардан келе жатқан ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастау алады. Мысалға ең көне жанр болып табылатын ертегілерде От тау, Соркұдық, Шыңғырлы тау сынды атаулар әрине мифтік танымға сай аталған атаулар. Мысалға, «Құйын батыр» ертегісінде: *Онан арыда От тау бар* [6,101] – деп басты кейіпкердің мақсатқа жетер жолындағы белгілі бір белестерді көресетсе, «Малухан сұлу» ертегісінде: *Мақсаттарыңа жетесіңдер. Ол қыз осы арадан қашық емес, мынау көрінген – Шыңғырлы тауы* – деген жолдар арқылы алға қойған мақсаттың межесін тағы да осы тау атаулары арқылы нұсқап тұрғандай болады [6,109]. Сондай-ақ осы ертегілердегі тағы бір ерекшелік тау ұғымына байланысты туған мифоантропонимдер. Ең жиі қолданылатыны да, әрі танымал болып кеткені де Таусоғар. Ол бірнеше ертегіге ортақ кейіпкер. «Ер төстік» ертегісінде кейіпкер: - *Жұрттан асқан алыптың, жердің үстінде де, астында да маған шақ келетін адам жоқ; қайратым ішіме сыймаған соң, тауларды көтеріп ермек қыламын. Таусоғар деген ермін,* – деп өзіне сипаттама береді. Сонымен қатар құрамында «тас» компоненті бар Топалтас деген атау да ертегілерде ұшырасатын ерекше есім. «Алтын айдар» ертегісінде: - *«Топалтас, үйде өлсең, хабарлас», – деп айқайлағанда, Алтын Айдарлы бала тас болып қатып қалыпты»,* – деген жолдар ұшырасады [6,82]. Ендігі кезекте батырлар жырына тоқталатын болсақ, мұнда мифотопонимдер ертегілерден қарағанда көбірек кездеседі, алайда ерекшелігі олар аңыздарға негіз болса да, кейін өзгеше атауға ие болып, реалионимге айналған. Атап айтқанда «Қобыланды батыр» жырында:

- *Таң салқыны жеткенде,  
Ағыны қатты Бурылмен  
Алтынды таудың етегіне*

*Аңқытып жетіп келеді,* [7,107] – деген жолдар ұшырасады. Мұндағы Алтынды тау ұғымына сәйкес «Қазақ жерінің жүз аңызы» атты еңбекте белгілі бір аңыз берілген. Онда орыс ауыз әдебиетіндегі «Алтын тау» туралы аңыз бойынша, Шығыста таза алтыннан тұратын үлкен тау бар, оның етегінде тұратын сарқылмас байлығы бар адамдар бақытты, бай өмір сүреді екен. Алтын тау туралы осы бір қиял-ғажайып әлем тіпті орыс халқының сүйіп тыңдайтын лирикалық әндерінде де көрініс тапқан. «Шығыста алтын тау бар» деген ой күншығысқа бет алғандардың бәрін баурап алса керек. Орыстар алтын тау іздеп жүріп, алдымен Оралдан Магнитканы тапты, кейін Алтын хан билеген Алтын тауды, яғни Алатауды, сосын Алтаймен ұшырасты [5,9]. Бұдан көріп отырғанымыздай батырлар жырында кездесетін атаулардың астарында белгілі бір тарихи дерек жатады. Сонымен қатар осы «Қобыланды батыр» жырының өзінде де кейбір жерде Алатау деген атау ұшырасып жатады.

*Барлы, барлы, барлы тау,  
Басы биік, қарлы тау,  
Хан жайлаған Қаратау,  
Би жайлаған Алатау,*

*Онан да өтіп жол шекті-ау* [8,63] – деген жолдар жоғарыдағы аңызға сәйкес келіп тұр. Ал келесі бір даму дәуірі саналатын X-XIVғғ. түркі поэтикалық жазба ескерткіштерінің ішінде тек «Диуани хикметте» бір ғана ороним – Тор тауының атауы берілген, ол екі жерде кездеседі. Мысалы:

*Мұсасынды Тор тауында көріп дидар,*

*«Раббу унзур илайка» деп айтқым келер,* – деген жолдарда берілген осынау Тор – Інжілде айтылатын Синай тауы, арабтар оны Джабал Мұса деп атайды, яғни «Мұса тауы». Аңыз бойынша Жаратушы осы тауда Мұса пайғамбарға дидарын көрсетіп, Тораны тапсырған. Тора – Бес кітап немесе Мұса пайғамбардың кітабы аталатын Інжілдің алғашқы бес тармағы, заңдар жинағы. Тор тауының атауы сонда, аңыз бойынша, Мұса пайғамбарға тапсырылған заңдар жинағы атауынан мұсылман қауымға тараған [9,98]. Подольскаяның берген анықтамасына нақты сәйкес келетін мифотопонимдер, яғни өмірде мүлдем болмаған осы тәрізді географиялық нысандар атауы мифтік әңгімелерде көптеп ұшырасады. О.Жанайдаровтың «Ежелгі Қазақстан мифтері» жинағында келтірілген мифтік әңгімелерден біз келесідей мифотопонимдерді кездестіреміз: Сумер тауы (кейбір аңыздарда Хан Тәңірі), Сүткөл, Аспан тауы. Сондай-ақ бұл еңбекте негізінен адамзаттың ғаламның жаратылысы туралы алғашқы болжамдары мен топшылауларына байланысты әңгімелер жинақталғандықтан мифтік ғалам атаулары да беріледі. Мысалға, «Ғаламның әлемге бөлінуі» атты аңызда Жоғарғы әлемді – Қан (Құрбыстан, Тенгере) деп атаса, мұндағы жер Алтын Телегей аталатынын айтқан. Ал осы жоғарғы әлемнің тозағы Маңғыс-точири-там деп аталады. Тоқсан тоғыз әлемнің ортаншысы Эзрен Тенгере деп аталады. Ортаншы әлемдегі жер – Алтын Шарқа, ал оның иелігіндегі тозақ – Тепкен – қара-там. Төменгі әлем – Қара Тенгере (Қара Аспан) аталса, бұл әлемнің еншісіндегі тозақ Таптан-қара-таш деп аталады [10,14]. Міне бұл нағыз мифтік кеңістік, мифтік жаратылыстарға деген адамзаттың көзқарасы, наным-сенімі мен топонимдерге алғашқы берген атаулары. Бұл атауларды кейін де түрлі аңыздарға арқау болған, оқиғаның өту орнына байланысты мифотопонимдер толықтырып отырады. Жалпы мифологияны – адамзат сана-сезімінің алғашқы тарихи формасы деп санайтын болсақ, оның іздері фольклорда, ескі аңыз-әңгімелерде, жоғарыда аталғандай атауларда, тілде, яғни сөздік құрамда сақталған.

Лексикология зерттейтін сөздік құрам халықтың басынан кешкен барлық тарихи оқиғаларының, шаруашылығы мен кәсібінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының айнасы, куәсі іспеттес, ол ғасырлар бойы өркендеу нәтижесінде біртіндеп қалыптасқан. Лексикалық қорымыздағы тұрақты қалыптасқан бірліктің бірі әрине фразеологизмдер. Фразеологиялық сөздіктегі тұрақты тіркестерге шолу жасау барысында мифотопонимдерге байланысты туған көптеген фразеологизмдер анықталды. Мысалға:

- *Түйе, түйе, түйелер, Тұзың қайда түйелер? Балқан таудың басында, Балдыр қоян қасында,* – деген жолдарда кездесетін **«Балқан тау»** – алыс, жырақ жер мағынасын береді. Фразеологиялық мағынаның жасалуына ұйтқы сөздер негіз болған. Мұндағы тау лексемасы – жербетінен жоғары да көтеріңкі өркештене тізбектеліп, созылып жатқан заңғар, құзды, құзартты биіктік мағынасын білдірсе, Балқан лексемасының өзі тауға қойылған атау, жалқы есім. Мұндай атауға ие таулар Еуропа мен Қазақстан жерінде де кездеседі. Ұйтқы сөздер өзінің денотаттық мағынасынан соншалықты алыс кетпегендіктен біз оны фраза ретінде танимыз. Ал фразеологизмнің шығу арнасын аңызбен байланыстыруға болады. Яғни аңызда Шыңғысханның жаугершілік жорығынан дүрліге көшіп-босқан қазақтардың алды Қызылқұм, Қаракұм шөлдерінен өтіп, Түрікмен жеріндегі Балқан тауына дейін барып қоныпты делінеді. Демек бұл аңызда басты назар аудартатын Балқан тау тіркесі кейін келе тұрақты тілдік бірлікке айналған [10,115]. Көптеген әдебиеттерден осы Балқан тау лексемасымен келетін «Балқан, Балқан, Балқан тау, ол да біздің барған тау» немесе «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің көрген тау» сынды қолданыстарды кездестіруге болады. Сонымен қоса, Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты еңбегінің «Табиғат» бөлімінде жер бедерлеріне байланысты түрлі деректер мен топономикалық атаулардың шығу тегі, қолданылу аясы, даму жолы туралы құнды ақпараттар берген. Сонымен қатар, «тау» компоненті бар оронимдердің ішінде жоғарыда

аталып өткен «Балқан тау» атауына берілген анықтаманы мысал етіп өтейік. Балқан тау – орман, тоғайы жыныс боп өсіп тұрған тау. Бұл ұғым қазақтың сөйлеу тілінде, мысалы: «барар жерің балқан тау, ол да біздің көрген тау» тәрізді сөз орамында айтылып, мәтелге айналып кеткен. Мұндағы айтылып тұрған тұспал: «біз үшін бұл – әйтеуір бір іс-әрекет, кенет төбеден түскендей күтпеген жай емес, онымен шошыта алмайсың» дейтін ойды білдіреді [11,50]. Бұл сияқты ғалымның ой тұжырымымен берілген мифотопоним ретінде қарастыруға болатын атаулар осы еңбекте көптеп кездеседі. Мұнда әркім өзінше билік ететін болса, ел іші тұрмақ, Манар тауға да сыймассың деген мағына беретін «Бас басыңа би болсаң, Манар тауға да сыймассың» деген ұғымды да кездестіруге болады. Сондай-ақ негізгі бағыт Қаратау жақ, басқа барар жер жоқ деген мағына беретін «бет алды – Қаратау» ұғымдары келтірілген. Ауыспалы мағынада «бет алды – Қаратау» - бағыт-бағдары анықталған, оны қайтып өзгертуге болмайтын бір беткей үрдіс, соқпақ жол деген мағынада да жұмсалады. Міне, осындай ертегілер мен жыр, аңыздарда аталып, кейінгі кезде тіптен тұрақты бірлікке айналып, бүгінгі күнге жеткен Сорқұдық, От тау, Сумер тауы, Сүткөл, Аспан тауы, Жеті қат жер астындағы Жылан бапының елі, Алтын тау т.б. секілді көптеген мифтік атаулар ономастикалық ерекшеліктеріне қарай зерттеп, зерделеуді талап етеді. Ономастикалық ерекшелік деп отырғанымыз, шығу уәждері, мағыналық жағынан табиғи нысанның сипатын білдіру мақсатынан туып атауға айналуы, белгілі бір оқиғаларға байланысты атауға айналуы т.б. секілді қазақ халқының дәстүрлі атау беру принциптерімен сәйкес келуі. Сол себептен біз миф әлеміне шолу жасаған, немесе ономастика аясында зерттелген еңбектерді саралай отырып, нақты мифтік таным нәтижесінде қалыптасқан атаулар жайлы деректерді әлі де жинастыратын боламыз.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде, адамзат пайда болғаннан, қазіргі күнге дейінгі жолында түрлі даму кезеңдерінен өтті. Олардың әр кезеңдегі таным-түсінігі, наным-сенімі лексикалық қорымыздағы түрлі бірліктерде сақталып қалды. Осындай адамзаттың әлем туралы алғашқы балаң ойлары мен оның жаратылысының құпиясын ашуға талпынған әрекеті кейіндері мифке айналды. Сол мифтер мазмұнында сақталып, біздің лексикалық қорымыздан кең көлемді орын алған онимдердің бір парасы мифотопонимдер. Олардың бірі мына өмірде мүлдем болмаған тек ауыз әдебиеті материалдарында ғана сақталса, енді бір тобы белгілі бір мифтік аңыздар арқылы атау ретінде қалыптасып, еліміздің түрлі аймағында сақталып, қазіргі тілімізде де қолданылып жүр. Мұндай мифотопонимдердің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер де фразеологиялық қордың байлығын арттыруға өзіндік ықпалын тигізген. Бұл бірліктер арқылы біз адамзаттың өткеніне саяхат жасап, олардың алғашқы дүниені тануға деген құлшынысынан, ізденістері мен пайымдауларынан хабардар боламыз.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Подольская Н.В. «Словарь русской ономастической терминологии». Москва: Наука, 1988. – 191 с
  2. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256-б.
  3. Айтмұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография. – Астана: Фолиант, 2016. – 184 б.
  4. Есімбекова Д., Тұрлыбекова А. Онимдердің шығу тегі мен этнолингвистикалық сипаты// Ономастикалық хабаршы. 2013. №4 (26), – 125 б.
- Қазақ ертегілері (қиял – гажайып және тұрмыс – салт ертегілері)/ Құрастырған: Мәмет С. – Алматы: Балауса, 2001. – 262 б.
- Батырлар жыры /Құраст. Дүйсенбайұлы Е. – Алматы: Жазушы, 2009. - 352 б.
- Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. Түркі жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010. - 378 б.

- Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. *Ономастика: зерттеу мәселелері.* - Астана «ІС-Сервис» ЖШС, 2005. – 240 б.
- Қайдар Ә. *Ғылымдағы ғұмыр// Мақалалар, баяндамалар жинағы.* – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
- Жанайдаров О. *Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы.* – Алматы: «Аруна» баспасы, 2006. – 252 б.
- Қайдар Ә. *Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік.* – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 608 б.

МРНТИ 16.21.33

Қ.Ш.Балабекова<sup>1</sup>, Ж.К.Отарбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

## ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІНЕ ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

### Аңдатпа

Мақала қазақ фольклорының тамаша үлгілері тұрмыс-салт ертегілерінің тілдік ерекшеліктерін лингвостатистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған. Қазіргі заманғы тіл ғылымында антропоэзектік парадигма аясында адам танымын зерттеу аса маңызды. Антропоэзекті лингвистиканың мәні адам мен этностың тілдік көрінісін мәтіндер арқылы талдаудан анық көрінеді. Қазақ халқының ментальдық болмысын танып, халық мәдениетінің базалық негізін айқындауда фольклорлық мәтіндердің маңызы зор, өйткені олар шын мәнінде халықтың «жады», халықтың жоғары мәдениетінің көрсеткіші. Сол себепті лингвофольклортанудың антропоэзекті лингвистикада маңызы зор. ХІХ ғасырдың өзінде В. фон Гумбольдт этникалық бірегейліктің бастауы ретінде «халық рухы» идеясын ұсынған. Фольклор тілі – халықтың тарихы, этнографиясы, сенімі, салты, ұлттық психологиясы, ұлттық құндылықтары, яғни мәдениет мазмұнын құрайтын және жасырын түрде этникалық ментальдылық туралы ақпарат беретін қайнар көз.

Зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған тұрмыс-салт ертегілерінің лексикалық қабаты мен тілдік ерекшеліктерін зерттеу арқылы осы ертегілер пайда болған кезеңдегі қарапайым халықтың ой-санасын, таным-түсінігін, ұлттық болмысын тануға болады.

Зерттеу барысында қазіргі қазақ әдебиетінде новеллалық ертегілер тобында қарастырылып жүрген 71 ертегі М.Әуезовтің зерттеу деректері бойынша тұрмыс-салт ертегілері тобына жатқызылды. Ертегілерді сөзтізбеге түсіргенде, барлығы 115 950 сөз қолданылғаны анықталды. Қолданылу жиілігі жоғары сөздердің статистикасын шығару барысында хан, бала, қыз, патша, адам, уәзір, жігіт, әйел, әке, алтын, гауһар сөздерінің қолданысы аса жоғары екені анықталды. *Хан, уәзір, патша* секілді сөздер сол кезеңдегі ел билеу жүйесінен хабар берсе, *жігіт, әйел, әке* отбасы концептісін құрайтын сөздер. Ал алтын, гауһар – байлықпен қатар, халықтың әдемілікке ұмтылған эстетикалық талғамын танытады. Діни лексикалық қабаттың өте аз мөлшерде орын алуы (0,28 %) халқымыздың аса діндар болмағандығын танытады. Мәтінге лингвостатистикалық талдаудан тілдің әрі кумулятивтік, әрі когнитивтік қызметі айқын көрінеді. Сол арқылы фольклор тілінің халықтың ментальдық болмысын таныту құралы бола алатынын байқаймыз.

**Кілт сөздер:** лингвостатистика, фольклор, тұрмыс-салт ертегілері, сөзқолданыс, лексикалық қабат, ментальдылық.

Қ.Ш.Балабекова<sup>1</sup>, Ж.К.Отарбекова<sup>1</sup>



<sup>1</sup> *Казахский государственный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан*

## ЛИНГВОСТАТИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ СКАЗКИ О ЖИЗНИ И КУЛЬТУРЕ

### *Аннотация*

Статья посвящена лингвостатистическому исследованию языковых особенностей быта и традиций казахского фольклора. В современной лингвистической науке очень важно изучать человеческое знание в рамках антропогенной парадигмы. Смысл антропоцентрической лингвистики очевиден из анализа языкового облика человека и этноса через тексты. Фольклорные тексты играют важную роль в выявлении менталитета казахского народа и определении основы народной культуры, так как они фактически являются "памятью" народа, высокой культурой народа. По этой причине лингвистика имеет важное значение в антропогенной лингвистике. В XIX веке В. Гумбольдт выдвинул идею "народного духа" как источника этнической идентичности. Фольклор - это источник информации об истории народа, этнографии, верованиях, традициях, национальной психологии, национальных ценностях, то есть о содержании культуры и скрытом менталитете этноса. Изучая лингвистические особенности традиции, рассматриваемых в качестве предмета исследования, можно выявить менталитет, когнитивную и национальную идентичность простого народа в эпоху этих сказок.

В ходе изучения сказки, в современной казахской литературе, согласно исследованиям М. Ауэзова, в группу традиционно-жизнейских вошли 71 сказок. Выяснилось, что при рассказе сказки использовалось 115 950 слов. Выяснилось, что использование слов хан, мальчик, девочка, король, мужчина, женщина, мальчик, женщина, отец, золото и бриллианты по статистике часто используются. Хан, правитель, царь говорит о системе диктовки того времени, слова жигита, женщины, отца имеют понятие семьи. А золото и бриллианты, наряду с богатством, - это эстетический вкус народа, который стремится к красоте. Очень небольшое количество религиозной лексики (0,28%) говорит о том, что наш народ не суеверен. От лингвостатистического анализа к тексту, очевидно, что язык и его совокупная и когнитивная функции очевидны. Таким образом, мы видим, что фольклор может быть средством демонстрации менталитета народа.

**Ключевые слова:** лингвостатистика, фольклор, традиционно-жизнейские сказки, словосочетание, лексический слой, ментальность.

*К. Balabekova<sup>1</sup>, Zh. Otarbekova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

## LINGUO-STATISTICAL ANALYSIS OF FAIRY TALE ABOUT LIFE AND CULTURE

### *Abstract*

The article is devoted to the lingvostatistical study of the linguistic peculiarities of life and traditions of the Kazakh folklore. In the contemporary linguistic science, it is very important to study human knowledge within anthropogenic paradigm. The meaning of anthropocentric linguistics is evident from the analysis of the linguistic appearance of man and ethnicity through texts. Folklore texts are important in identifying the mentality of the Kazakh people and defining the basis of folk culture as they are actually the "memory" of the people, the high culture of the people. For that reason, linguo-linguistics is important in anthropogenic linguistics. In the 19th century, V. Von Humboldt proposed the idea of "people's spirit" as the origin of ethnic identity. Folklore is a source of information about the history of the people, ethnography, beliefs,

traditions, national psychology, national values, that is, the content of the culture and the hidden mentality of ethnicity. By studying the lexical layer and linguistic peculiarities of the tradition of traditions considered as the subject of the research, it is possible to recognize the mentality, cognition and national identity of the common people during the era of these fairy tales.

During the study of fairy-tale, in the modern Kazakh literature, according to the research of M.Auezov, are included in the group of life-traditional 71 fairy tales. It was found out that 115,950 words were used when storing fairy-tales. It was found out that the use of words of khan, boy, girl, king, man, man, boy, woman, father, gold and diamonds is very high in statistics. The khan, the ruler, the king speaks of the system of dictation at that time, the words of a zhigit, a woman, a father has the concept of family. And gold and diamonds, along with riches, are aesthetic taste of the people, which aspires to beauty. The very small amount of religious lexicon (0.28%) shows that our people are not superstitious. From the lingostatistical analysis to the text, it is clear that the language and the cumulative and cognitive function are obvious. Thus, we can see that folklore can be a means of demonstrating the mentality of the people.

**Key words:** *linguo-statistical, folklore, fairy tales, the usage of vocabulary, lexical layer, mentality.*

**Кіріспе.** Қазіргі заманғы тіл ғылымында антропоэзектік парадигма аясында адам танымын зерттеу аса маңызды. Антропоэзекті лингвистиканың мәні адам мен этностың тілдік көрінісін мәтіндер арқылы талдаудан анық көрінеді. Қазақ халқының ментальдық болмысын танып, халық мәдениетінің базалық негізін айқындауда фольклорлық мәтіндердің маңызы зор, өйткені олар шын мәнінде халықтың «жады», халықтың жоғары мәдениетінің көрсеткіші. Сол себепті лингвофольклортанудың антропоэзекті лингвистикада маңызы зор. XIX ғасырдың өзінде В. фон Гумбольдт этникалық бірегейліктің бастауы ретінде «халық рухы» идеясын ұсынған. Фольклор тілі – халықтың тарихы, этнографиясы, сенімі, салты, ұлттық психологиясы, ұлттық құндылықтары, яғни мәдениет мазмұнын құрайтын және жасырын түрде этникалық ментальдылық туралы ақпарат беретін қайнар көз.

Зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған тұрмыс-салт ертегілерінің лексикалық қабаты мен тілдік ерекшеліктерін зерттеу арқылы осы ертегілер пайда болған кезеңдегі қарапайым халықтың ой-санасын, таным-түсінігін, ұлттық болмысын тануға болады.

*Ертегілер жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрға бөлінеді: С.А.Қасқабасовтың «Ойөріс» еңбегінде хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, хикаялық (новеллалық) ертегілер, сатиралық ертегілер деп жіктелген [1.157-202]. Бабалар сөзі жүз томдығының 73-77-томында (2011 ж.) хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, хикаялық (новеллалық) ертегілер, сатиралық ертегілер көрсетілген [2.62-76].*

*Ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ ертегілерінің қай түрі болса да замана елегінен өтіп, халық санасына сіңіп кеткен сюжеттер. Онда бірқатар елдерге ортақ әрі төл сюжеттер болып жүрген мотив-образдар аз емес», – деп айта келіп, қазақ ертегілерін тақырыбына қарай: «мифтік ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері», – деп бөліп қарастырады. Қазақ ертегілері мен әлем, түркі тіліндегі сюжеттік ұқсастықтар, кейіпкерлерінің ортақтығы, олардың әр ұлттың таным-түсінігіне қарай құбылу жайы арнайы қарастыруды қажет ететіні сөзсіз. [3.6,28].*

Ғалым М. Ғабдуллин: Қазақ ертегілер мазмұнына, әр алуан ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөледі. Солардың ішінде бастылары: хайуанаттар жайындағы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс-салт ертегілер және аңыздар-деп бөліп қарастырады. [4.7, 37].

М.Әуезов «Фольклор туралы зерттеулер» атты еңбегінде хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, шыншыл ертегілер деп бөледі. [5.27-34]. М.Әуезов

жіктеуін негізге ала отырып, осы ертегілердің ішінде әлеуметтік сананың қалыптасуын көрсететін тұрмыс-салт ертегілерін бөліп қарастырғанды жөн көрдік. Аталған тақырып төңірегіне топтастырылған 71 тұрмыс-салт ертегісін бөліп алып, сөздердің қолданылу жиілігін анықтау барысында бірқатар фольклор тіліне тән ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік туды.

Тұрмыс-салт ертегілеріне «Аяз би, Атымтай Жомарт, Төрт дәруәш, Қыпша, Қарға Шаһизат, Минуар мен Бибібатима, Сапаһи, Самархан хан, Мұңлық-Зарлық, Шәкрат пен Шәкір, Жетім Қаппас, Сүлеймен мен диханшы, Жағыпар қу, Ғылманның өнері» секілді кісі есімдерімен байланысты ертегілер, «Өнердің күші, Ақылды етікші, Басқа пәле тілден, Кедей қызы мен хан баласы, Есер мен есті, Ұры мен ғаяр, Білгір адам, Үш ауыз сөз, Ақылды әйел, Мұңсыз хан, Жақсылыққа жақсылық» секілді өсиет-өненеге толы ертегілер кірген.

**Негізгі бөлім.** Көркем шығармаға лингвостатисткалық талдау нәтижесінде аталған топтағы ертегілерде жалпы саны 115 950 сөзқолданыс бар екені анықталды. Мәтіндерді тізімге айналдыра отырып, әліпби тәртібіне келтіруге болады (1-сурет). Бұл тізімнен әр сөздің түрлі сөзформаларын анықтай аламыз. Ал 2-суретте мәтіндегі сөздердің қолданылу жиілігі көбінен азына қарай көрсетілген.

Жиілік	Жиілік
1	ЖИІЛІК
2	Аға
3	аға
4	аға
5	аға
6	Ағай
7	ағалары
8	ағалы-інілі
9	ағарды
10	ағасы
11	ағасы
12	ағасын
13	ағасын
14	ағасының
15	ағатай
16	ағаш
17	ағаш
18	ағаш
19	ағаш
20	ағашқа
21	ағашқа
22	ағаштан
23	ағаштан
24	ағаштан
25	ағаштан

Названия строк	Количество	
1	деп	666
2	Бір	633
3	алып	307
4	Мен	278
5	да	258
6	де	255
7	келіп	244
8	деді	237
9	екен	226
10	еді	225
11	соң	210
12	дейді	208
13	жоқ	197
14	болып	195
15	бар	183
16	Сол	176
17	Енді	153
18	Менің	142
19	бұл	136
20	екі	135
21	жігіт	129
22	осы	126
23	адам	126
24	хан	125
25		

1-сурет. Әліпбилік сөзтізбе

2-сурет. Сөздердің жиілігі

Мәселен, адам сөзі ертегілерде 665 рет қолданылған. Оның сөзформалары мен қолданылу жиілігі төмендегідей: түбір немесе атау тұлғада – 315 рет, адамға -49 рет, адамда -69, адамдай -4, адамдар -18, адамдарға -4, адамдарды -20, адамдары – 11, адамдарымызды -1 рет, адамдарың -1, адамды -54, адаммен -3, адаммын -6, адамнан - 12,

адамның - 61, адамсың -11, адамша -2, адамы -10, адамысың -1, адамын -9, адамына -3, адамымды -1 рет. Сондай-ақ, адам сөзінен туындаған **адамзат** сөзі **23 рет** қолданылған. Оның сөзформаларының жиілігі төмендегідей: түбір немесе атау септік тұлғасында – 9, адамзатты -1, адамзатқа -3, адамзаттан -1, адамзаттың -9 рет.

Белгілі бір шығармадағы сөздердің қолданылу жиілігін анықтаудағы мақсат не? Ол үшін зерттеу нысанына алып отырған ертегілердегі көп қолданылатын сөздерді анықтап көрейік. 2-суреттен байқалатындай, кейбір сөздердің қолданылу жиілігі жоғары екені байқалады: алдыңғы қатарда *деп, еді, дейді, екен* секілді көмекші етістіктер мен *да, де, соң* секілді шылаулардың көп кездесуі олардың сөйлемдегі сөздерді байланыстырушы қызметімен байланысты. Олар мәнсіз сөздер болғандықтан, арнайы тоқталуды қажет етпейді. Мәтінде көп кездесетін мәнді, толық мағыналы сөздер қатарына мынадай сөздер кірген:

Сөз	саны	Сөз	саны
хан	1546	ел	344
бала	1476	жаман	302
қыз	1323	кемпір	278
патша	1040	шаһар	199
адам	665	жақсы	137
уәзір	572	Құдай	108
жігіт	500	жұрт	108
әйел	458	ұл	121
әке	430	ата	120
алтын	372	аға	107

*1-кесте. Жиілігі жоғары сөздер*

**Хан, патша, уәзір** сөздерінің көптеп кездесуі сол кезеңдегі қоғамдық құрылыстың, ел билеу жүйесінің көрінісі. Аталған сөздермен қатар, қоғамдық-әлеуметтік жағдайды бейнелейтін хандық (16 рет), патшалық (15), орда (46), әскер (33), жеңдет (45), зындан (46), нөкер (42), би (78), малай (13), күң (17), құл (85), құлшылық (2), тақсыр (125), тақ (66), дар (72), дат (4), бай (87), байлық (3), кедей (58), кедейлік (1), кедейлену (5), сарай (131), шаһар (199), қала (73), ауыл (64), керуен (30), керуенші (16), қақпа (53), қызметші (11) секілді сөздердің көп қолданылуы сол кезеңдегі әлеуметтік теңсіздікті, таптық айырмашылықты, ел билеу жүйесінің сипатын, адамдардың кәсібін, сол арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін байқатады.

Адамдар арасындағы туыстық қатынасты білдіретін сөздер қатарын бала (1476), қыз (1323), адам (665), жігіт (500), әйел (458), әке (430), кемпір (278), ұл (121), ата (120), аға (107), келін (74), ақсақал (41), әке-шеше (39), келіншек (26), жеңге (23), ата-ана (16), кемпір-шал (16), нағашы (14), туыс (6), туысқан (5) сөздері құрайды. Аталған сөздердің кейбірі түркі тілдеріне ортақ сөздер (ата, аға, әке, ұл, жігіт), болса, бірсыпырасы қазақтың байырғы төл сөздері (қыз, әйел, кемпір, келін, жеңге).

Ертегілердің пайда болған кезеңіндегі халықтың айналысқан кәсібі мен шаруашылығының қандай болғанын төмендегі лексикалық қабаттан біле аламыз: саудагер (73 рет), сауда істеу, сауда қылу, сауда жасау (23), ділда (7), пұл (8), ақша (45), наубай (3), наубайшы (7), жалшы (15), малшы (4), қарауыл (31), аспазшы (12). Бұл лексикалық қабат қазақ арасында сауда ісінің бұрыннан дамығанын, сонымен қатар ақша айналымының болғанын көрсетеді.

Бай-патшалардың байлығының көрінісін гауһар (93 рет), алтын (272), күміс (38), жиһаз (2), мал-мүлік (5), мүлік (31) сөздерінің қолданысынан-ақ байқауға болады. Мысалы, «Ақылды әйел» ертегісінде:

Күндердің күнінде Бүркіт мырзаны Сақып қонаққа шақырады. Бұған дейін мың сандық гауһар, алтыны бар, мың сандық асыл жібек малы бар бай атанған Сақыпқа жақындай алмай жүрген Бүркіт шақырғанда-ақ жетіп келіпті.

«Жағыпар қу» ертегісінде:

Жағыпардың ұлы мұны әкесіне айтады. Жағыпар ханға кеп, бір алтын қайық істетіп, алтын, күміс, гауһар, ділдаға толтыртып ап аттанады. Немесе:

Жағыпар мен Әлімжан сол шаһарда тұратын бір жесір кемпірдің қонақ үйіне орналасып, «Біз ай болса ай, жыл болса жыл жатамыз» деп алтын, гауһардан беріп қойған болатынды.

«Төрт дәруіш» ертегісінде сарайлардың алтынмен апталғаны былайша суреттеледі:

Соның жүзін көрейін деп, шаһарға таман аяндап келдім. Сұрастырып білсем, батыр жиен бір бөлек алтын сарай салдырып, соған қызды бөлек күттіріпті.

Жөнін сұрап, бір мезгілде шаһарды тауып алып, күн кешкірген уақыт, шаһарды аралап келе жатыр едік, шаһардың орта тұсында бір үлкен алтын сарай тұр екен.

Бұлар қаланың ішіне түсіп, гауһар тастарын алтынға айырбастап, үлкен-үлкен дүкендер аштырып, күн өткен сайын, байи бастайды. Өз әкесінің шаһарының күн шығыс жағына апарып, алтын сарай салдырта бастайды.

Ертегілерден гауһар, алтын, күмістің халық үшін таңсық еместігі көрінеді. Бұлар, бір жағынан байлық болса, екінші жағынан, әсемдікке, әдемілікке құштарлықтың белгісі болса керек.

Халықтың ертегілер заманындағы діни көзқарасын танытатын тілдік бірліктер баршылық:

Сөз	саны	Сөз	саны
Молда	123	періште	9
Құдай	108	исмиағзам	4
Алла	31	Дұғалық	5
Намаз	16	Мұсылман	3
дұға	15	жайнамаз	2
Иман	10	дін	1
әулие	10	ағмалы	1
шариғат	9	тәубе	1

## 2-кесте. Діни лексиканың жиілігі

Діни лексика ертегілерде өте аз қолданылған. Барлығы 333 сөз. 115 950 бірліктен тұратын жалпы сөзқолданыстың 0,28 пайызын ғана құрайды. Бұл қазақ халқының аса діншіл болмағанын көрсетеді. Оған «Жағыпар қу» ертегісі дәлел:

Жігіт шапқан бойымен жаңағы айтқан қақпасына барып:

— Шеше, шеше! Еккен егіңе шегіртке түсіп кетіпті. Тез келмесең, отап тауысатын болды, — дейді де қайта шапқылап, бұрынғы орнына кеп тұра қалады.

Намаз оқып жатқан Жағыпар жайнамазын жия салып, далаға атып шығып:

— Ойбай, әлгі не деп кетті? —деп сұрайды да, кемпірдің киім-кешегін киіп, шылауышын тартып, қолына жаман қисық таяқты ұстап, бір қолына ағаш шелекке сұт құйып алып, ақсақтай басып, мәушарбаққа келеді. Ішке кірейін десе, жаңағы әскерлер енгізбей зар қақсатады.

Бұл көрініс қазақтың намазды «сақалға салынатын салық қой» деп, жеңіл қабылдауының айғағы.

**Қорытынды.** Осы секілді лингвостатистикалық талдаулар белгілі бір кезеңдегі тілдік деректер негізінде оны қолданған халықтың таным-түсінігін, өмір-тіршілігін, өмірлік құндылықтарын танып-білуге болатынын көрсетеді. Статистикалық деректер

тілдің жинақтаушы, яғни кумулятивтік қызметі мен танымдық, когнитивтік қызметінің айқын айғағы бола алады.

Сонымен, халықтың фольклорлық-тілдік бейнесін зерттеуде фольклорлық мәтіндерге лингвостатистикалық, лингвокогнитивтік талдау жасау репрезенттеліп отырған ертегілер арқылы тарихи-этнографиялық аядағы, байырғы халық түсінігіндегі, наным-сеніміндегі, салт-дәстүріндегі терең мәдени ақпараттарды біліп, мазмұнын ашуға, ондағы жасырын ақпараттарды анықтауға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы талдаулар фольклор тілінің халықтың ментальдық болмысын таныту құралы бола алатынын көрсетеді.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: “Жібек Жолы”, 2009. – 28-68 б.
2. Бабалар сөзі: Жүз томдық [73-77]. – Астана: Фолиант, 2011. 9-16б.
3. Әуезов «Фольклор туралы зерттеулер» 2012. 62-76 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. -Алматы: Ана тілі, 1991.28б.
5. Абдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» Алматы мектеп. 1991ж. -37б.

МРНТИ 37.378

*Ж.Қ. Балтабаева<sup>1</sup>, Б. Қасым<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ: АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ  
ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ тілтаным ғылымында аса ерекше аталатын көрнекті тұлғалардың бірегейі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың тіл мәдениетінің өзекті мәселелері - тілдік норма және оның шарттары (критерийлері) туралы пікірлері талданады.

Рәбиға Сәтіғалиқызы тынымсыз ізденіспен Абай тілін зерттеп, ұлы ақынның жаңа бағыттағы жазба әдеби тілді дамытудағы орнын, ұлттық көркем дәстүрге қосқан үлесін саралап, ақынның тілдік тұлғасын жан-жақты қарастырды, түркітану мұраларын талдап, ақын-жазушылар тілінің көркемдік әлемін саралады. Ғалым сондай-ақ тіл мәдениеті мәселелерімен де 25-30 жыл үзбей айналысып, емле мен тыныс белгілеріне, сөзді дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтарына арнап бірнеше анықтамалық құралдар мен сөздіктер жазған.

Мақалада Рәбиға Сәтіғалиқызының «Сөз құдіреті» және «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» деген еңбектеріндегі тілдік нормалар, олардың түрлері, өлшем-шарттары және қазіргі жай-күйіне арналған тілдік норманы тану үшін қойылатын шарттар (меже) туралы тұжырым-түйіндері және ол шарттардың тәжірибедегі көрінісі жайындағы пікірлері сөз болады. Сондай-ақ ғалым пікірлерінің жоғары оқу орындарында «Тіл мәдениеті», «Сөйлеу мәдениетінің негіздері» деген атаумен оқытылып жүрген пәндердің мазмұнымен тығыз ұштасып жатқандығы туралы айтылады.

**Кілт сөздер:** тіл мәдениеті, сөз мәдениеті, тілдік норма, тілдік норма шарттары, тілдің ішкі құрылымдық заңдары.

Ж.Қ. Балтабаева <sup>1</sup>, Б. Касым <sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

## ВОПРОСЫ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ: НА ОСНОВЕ ТРУДОВ АКАДЕМИКА РАБИГИ СЫЗДЫКОВОЙ

### Аннотация

В статье анализируются мнения одной из выдающихся личностей казахского языкознания, академика Национальной Академии Наук Республики Казахстан, доктора филологических наук, профессора, заслуженного деятеля науки Республики Казахстан, обладателя Государственной премии Республики Казахстан и премии им.Ш. Уалиханова, ордена «Барыс» I степени – Сыздыковой Рабиги Сатигалиевны об актуальных проблемах языковой культуры – языковой норме и ее условиях (критериях).

Рабига Сатигалиевна в неустанном поиске занималась изучением языка Абая, анализировала роль великого поэта в развитии письменного литературного языка в новой направленности, его вклад в национальные художественные традиции, всесторонне рассматривала языковую личность поэта, проводила анализ наследия тюркологии, а также художественный мир языка поэтов и писателей.

Также ученый непрерывно в течение 25-30 лет занималась изучением вопросов по культуре речи, ею было написано множество справочных пособий и словарей на тему знаков препинания и правописания, закономерностей правильного произношения. В статье говорится о языковых нормах, их видах, размерах и условиях, предъявляемых для понимания языковой нормы в современном состоянии по научным трудам Рабиги Сатыгалиевны «Сила слова» и «Языковая норма и ее становление (кодификация)». Также говорится о том, что мнения ученых тесно сопряжены с содержанием изучаемых дисциплин в высших учебных заведениях под названием «Культура речи», «Основы речевой культуры».

**Ключевые слова:** культура речи, языковая норма, условия языковой нормы, внутренние структурные законы языка.

Zh.K.Baltabaev <sup>1</sup>, B.Kasym <sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## SPEECH CULTURE ISSUES: BASED ON THE WORKS OF AN ACADEMICIAN RABIGA SYZDYKOVA

### Abstract

*The article analyzes the views of one of the outstanding personalities of Kazakh linguistics, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, doctor of philological sciences, professor, honored worker of science of the Republic of Kazakhstan, winner of the State Prize of the Republic of Kazakhstan and the prize named by Sh. Ualikhanov, winner of the 1st degree medal “Barys” – Syzdykova Rabiga Satigaliievna about the current issues of linguistic culture - language norm and its conditions (criteria).*

*Rabiga Satigaliievna was engaged in the study of Abay language in a tireless search, she analyzed the role of a great poet in the development of a written literary language in a new direction as well as his contribution to the national artistic traditions, she also examined the poet’s linguistic personality comprehensively, analyzed the heritage of turkology and the artistic language world of poets and writers.*

*The scientist also has been continuously studying the issues of speech culture for 25-30 years, she has written many reference books and dictionaries on the subject of punctuations and spelling, patterns of the correct pronunciation. The article is about the language norms, their types, sizes and conditions to understand the language norm in the modern state according to the scientific works of Rabiga Satygalievna “The Power of the Word” and “The Language Norm and its Formation (Codification)”. It is also said that the opinions of scientists are closely associated with the content of studied disciplines in higher education institutions under the name of “Speech Culture”, “Fundamentals of Speech Culture”.*

**Key words:** *speech culture, language norm, conditions of the language norm, internal structural laws of the language*

**Кіріспе.** Академик Рәбиға Сәтіғалиқызының ұзақ жылдар бойы зерттеулер жүргізген саласы – тіл мәдениеті. Бұл ретте ғалымның шешендік сөз туралы, сөз қолданыс пен әдеби норма т.б. мәселелерге арналған бірқатар теориялық зерттеулері ғылыми жинақтарда жарияланды. 1997 жылы «Сөз құдіреті», 2001 жылы тілдік нормаға арналған «Тілдік норма және оның қалыптануы» деген монографиясы жарық көрді. «Сөз құдіреті» атты кітаптың бірінші бөлімі «Жазушы тілі және көркемдік әлемі» деп аталып, М.Әуезов, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкеев, С.Бердіқұлов, А.Сүлейменов секілді қазақтың көркем сөзінің құдіретін танытқан қаламгерлердің тілі талданған, ал екінші бөлімде, ғалымның өз сөзімен айтқанда, сөз әлемінің көркемдігін тануға қажетті ғылыми-теориялық негіздерді дәлелдейтін фактілердің қазақ көркем дүниесіндегі көрінісін байқататын түйіндер мен тұжырымдар келтірілген. Екінші еңбек қазақ тіл білімінде норма мәселесін теориялық тұрғыдан арнайы сөз еткен тұңғыш ізденіс болып табылады. Монографияда тіл мәдениеті және оның проблемалары, тілдік норма туралы ұғым, тілдік норма және функционалдық стильдер, норма және варианттылық, сөз мағынасы және оны түсініп жұмсау, жаңа сөздер мен қолданыстар, олардың нормалану процесі, терминология мәселелері және норма, сирек қолданылатын лексикалық топтардың, қарапайым сөздер, жаргондар, диалектизмдер және әдеби норма мәселелері, сондай-ақ нормадан уәжді-уәжсіз ауытқитын сәттерді де талдап көрсеткен. Ғалым бұл зерттеуінде тілдік нормалардың түрлері мен типтері жайында, әдеби тіл нормасының қазіргі қалып-күйін көрсете келіп, басым варианттардың түрлерін нақтылаған. Ғалым монографияда тілдік норма деп тану үшін оған қойылатын шарттар (меже) болуы керек және ол шарттарды «норма» дегенді көтеріп тұратын тағандар дей келіп, тілдік норманың өлшем-шарттарын (критерийлерін) жүйелеп берген. Рәбиға Сәтіғалиқызының аталған еңбектері - жоғары оқу орындары студенттеріне әдеби тілдің нормалары жайында кеңінен мәлімет беретін құнды еңбектер.

Әдістеме.

Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесі университет қабырғасында алған білім, білік пен дағды-машықтың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке қол жеткізу мақсатын көздеп отыр. Бұл мақсаттың түпкі шешімі студенттің игерген базалық білімін мазмұнды да дәлелді етіп, әсерлі сөз орамдарымен жеткізе білуіне келіп тіреледі. Сондықтан жоғары мектепте студенттің қазақ тілінің салалары бойынша меңгеретін білімдері ауызша да, жазбаша да әдемі сөйлеуге дағдыландыратын сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстарымен ұштасқанда ғана нәтижелі болады.

Бәсекелестік өмір сүрудің басты шарты болып отырған өзгермелі кезеңде жоғары білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да күшейіп отыр. Болашақ қазақ тілі маманы терең кәсіби білімімен бірге, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан тұлға болуы тиіс. Осы



ретте жоғары оқу орындарында «Тіл мәдениеті», кейбір жоғары оқу орындарында таңдау пәні ретінде «Сөйлеу мәдениетінің негіздері» деген атаумен оқытылып жүрген пәндердің мақсаты – студенттерді өз ойын ауызша да, жазбашада дұрыс, жүйелі жеткізе білуге, тіліміздің мол байлығын, көркемдеуші мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алуға тәрбиелеу болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде сөз мәдениетінің негіздеріне, яғни дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу, ойды анық, айқын жеткізе білудің заңдылықтарын, нормаларын, олардың ерекшеліктерін, нормадан уәжді, уәжсіз ауытқулардың себептерін білімгерлерге түсіндіру қажет.

Тағы бір көңіл бөлетін мәселе – пән атауына қатысты. Ғалымдардың арасында түрліше пікір болды. Р.Сыздық: ең алдымен, тіл білімінің осы саласын қазақша қалай атаған дұрыс: «тіл мәдениеті» ме, «сөз мәдениеті» ме, сөйлеу мәдениеті» ме? Орыс тілінде көбінесе «культура речи» деген термин қолданылып жүр. Сонымен қатар оның синонимі ретінде «культура языка» деген тіркестің де біраз уақытқа дейін қолданылғандығы байқалады. Орыс лингвистикасында «язык» және «речь» деген терминдер – дербес атаулар: «язык» тілдің өзі (таңбалар жүйесі), «речь» – сол тілдің қолданыстағы күйі. Ал қазақ тіл білімінде «язык» пен «речь»-ті айырып атайтын терминдер әлі қалыптаспай келеді. «Язык» дегенді «тіл» делік, ал «речь»-ті қалай атауымыз керек. Оны «тіл, сөз, сөйлеу, тіл қолданыс, қолданыс» деп әрқайсысымыз әртүрлі беріп жүрміз. Сірә, жалпы пәндік термин ретінде «сөз мәдениеті» дегенді таңдаған дұрыс болар, -дейді [1, 20-б.].

Ал Т.Қордабаев: «Біздің «тіл мәдениеті» термині дегеніміз де мазмұнына сай емес, өйткені өмірде мәдениетті тіл, мәдениетсіз тіл деген болмайды, мәдениеттілік те, мәдениетсіздік те тілді қолдануда, сөйлеу (жазу) процесінде болады. Тіл мен сөйлеу бір-бірімен айырылмастық болатындарына қарамастан, бұл екеуінің бірлігі тепе-теңдік бірлік емес, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар диалектикалық бірлік... Осы себептен «тіл мәдениеті» деуден гөрі «сөйлеу мәдениеті» деу өз мазмұнына сай келеді, - [2,41] деп көрсеткен. З.Бейсембайқызы сөйлеу мәдениеті деген термин ғылымның мазмұнын толық ашпайтындығын, өйткені онда тек сөйлеу ғана емес, жазу, сөз қолдану мәселелері де қарастырылатындығын ескерткен [3,18].

Қазақ сөз мәдениетін қарастырған ғалым Н.Уәли ғылымның бұл саласын «сөз мәдениеті» деп атауды жақтайды да, оған мынадай анықтама береді: «сөз мәдениеті, алдымен, әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді [4,5].

Белгілі ғалым М.Балақаев сөз мәдениеті тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі екендігін, сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы деп пайымдаған.

#### Нәтижелер.

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде іргелес, салалас пәндерден өзінің төл ерекшелігі бар. Сөз мәдениеті, біріншіден, әдеби тілдің нормаларын саралайды, екіншіден, әдеби тіл нормасын мәдени-танымдық жақтан байыптайды, үшіншіден, әдеби тілдің әуезділігі, сымбаты, өткірлігі, бейнелілігі, байлығы, икемділігі тәрізді сапа-қасиеттерін дамытудың негіздерін айқындайды [3,36]. Олай болса, сөз мәдениетін оқытуда тілдік нормаларға баса назар аударылуы қажет. Осы ретте, Рәбиға Сәтіғалиқызының тіл мәдениетін әңгімелеуде (талдауда, зерттеуде) «мынау дұрыс, мынау бұрыс» деп қою мүлде жеткіліксіз, сол дұрыстық пен бұрыстықтың негізін табу

керек дей келіп, тіл мәдениетінің өзегі норма туралы ұғым деген тұжырымдамасы басшылыққа алынуы керек.

фундамент, с помощью которого у личности формируется вышеуказанные понимания кросс-культурности. Литература – один из наиболее доступных и эффективных способов достижения этой цели. В связи с этим, задачей современного педагога является актуализировать необходимость не только подачи учебного материала, но и формирования кросс-культурной компетентности студентов. Кросс-культурная компетентность как научная проблема изучалась многими ученым и трактовалась по-разному, а именно как многокультурная компетентность, компетентность многообразия, межкультурная компетентность, кросс-культурная эффективность, кросс-культурная грамотность и тд. Но по сути своей они являются синонимами. Так, формирование профессиональной компетентности студентов вуза а также различные аспекты профессиональной подготовки будущих учителей рассматривались; В.С. Библер, А.С. Кармин, Э.С. Маркарян, И. Тэн и др.); моделирования (А.У. Варданян, Б.А. Глинский, Б.С. Грязнов, А.М. Сохор, А.И. Уемов, В.А. Штофф, У .Р. Эшби и др.); компетентностного подхода (Э.Ф. Зеер, Л.Ф. Иванова, Ю.В. Кайнов, ВА. Кальней, А.В. Хуторский и др.); профессионально-педагогической компетентности (В.А. Адольф, А.С. Бароненко, Ю.В. Варданян, И.О. Кстлярова, А.К. Маркова и др.

Так А.Т. Колесовская в свое диссертационной работе, рассматривает кросс-культурную компетентность как интегральное качество личности, включающее знание и понимание об особенностях иной культуры и умения применять такого коммуникативного качества личности как эмпатию и толерантность [1].

Интересно мнение Р. Хенви, который в своем труде «Достижимая глобальная перспектива» указал на то, что кросс-культурная компетентность есть постижение особенностей культуры и народа – ее носителя на уровне сознания, различий между своей и чужой культурами:

- готовность их понять при наличии таких черт личности как эмпатия, толерантность и др.
- проявление уважения и терпимости к разным привычкам, вкусам, взглядам, нормам жизни. [2]

В свою очередь В.Т. Рошупкин определяет кросс-культурную компетентность как «способность, умения человека принимать содержание и форму культуры другого народа, участвовать в совместной культурной деятельности, обогащающей и развивающей его как личность» [3]. Не менее интересна мысль Прокопеня Г.В. считает, что кросс-культурная компетенция-вид сравнительного исследования, объектом и предметом которого выступает культура [4]. Исходя из вышеперечисленного приходим к выводу, что **кросс-культурная компетентность – это личностное качество и коммуникативные умения человека формирующееся посредством проникновения в чужую культуру, наследие, традицию, историю, этимологию, а также процесс обмена культурного опыта с гражданами другой страны.** Вместе с тем необходимо отметить, что в работах ученых исследовавших данное направление понимания взаимоотношения культур не достаточно внимания уделяется методам и стратегиям формирования м развития кросс-культурной компетентности обучающихся. А ведь для формирования кросс-культурной компетентности необходимо использование наиболее эффективных методов и приемов. Рассмотрим некоторые стратегии, необходимые для формирования кросс-культурной компетентности студентов вуза.

**Анализ конкретных ситуаций.** Этот метод анправлен на развитие исследовательских методов с помощью ситуационной задачи и выбора правильного решения. Ситуационные задачи могут быть стандартные, критические и экстремальные. Обучение анализу ситуации предполагает проведение следующих этапов:

- подготовка сценария ситуационной задачи;

- подготовка наводящих и провоцирующих вопросов-для обучающихся;
- изучением ситуации;
- дискуссия;
- беседа с принятием определенного решения.

Обучение методу анализа помогает приобретать дополнительные знания, учиться избегать конфликтных или иных тревожных ситуаций и неверных решений. Осознанноевидение и анализ, а также последующее прогнозирование.

**Решение практических задач.** При помощи этой стратегии преподаватель формирует у обучающегося навыки решения критических или экстремальных ситуаций, задач. Данная активная стратегиясостоит из следующих этапов:

- постановка практической ситуации;
- создание критериев решения ситуации или проблемы;
- дискуссия по предложениям, выдвинутым для решения ситуации, задачи;
- выбор правильного варианта решения ситуации, задачи.

Включая в учебный процесс практические ситуации, задачи, преподаватель должен исходить из следующего положения: не ситуации, задачи нужны для закрепления знаний, а не наоборот, когда знания нужны для решения ситуаций, задач.

**Методы "круглого стола".** Идея заключается в групповом поиске решения проблемы. Необходимо, чтобы участники не сидели пассивно, слушая педагога, а являлись главными действующими лицами занятия. Они думают и вспоминают про себя, делятся рассуждениями друг с другом, читают, пишут, обсуждают прочитанное. Использование этого метода способствует выработке у обучающихся умения спорить, аргументировано, с научной точки зрения доказывать, защищать и отстаивать свое мнение, прислушиваться к мнению других.

**«Дебаты» по методу Карла Поппера.** Идея этой стратегии-это структурированное обсуждение, построенное на основе заранее фиксированных выступлений участников – представителей двух противостоящих, соперничающих команд: «Команда утверждения», «Команда отрицания». (Каждая команда по три человека), данная форма обучения-интерактивная и способствует развитию речи, повышает интерес к изучаемому предмету и способствует повышению качества обучения, позволяет использовать обучающимся различные источники информации.

**Метод физического реагирования.** Во время заданий метод физического реагирования помогает учащимся понять язык, рассматриваемый педагогом. Понимание поддерживается за счет использования картинок, жестов и действий. Таким образом, учащиеся понимают «входную информацию» и демонстрируют свое понимание физически, а не через языковой «результат», потому что от учащихся ожидается физическая реакция, что помогает развитию памяти и построению набора соответствующей лексики.

**Метод «Акрослово».** Акрослово – это слова-аргументы, начинающиеся на буквы ключевого слова, расположенные по вертикали. Например, на уроке литературы обучающимся можно дать задание: охарактеризовать главного героя произведения Оскара Уайльда «Соловей и роза», используя приём «Акрослово». Необходимо подобрать образные определения, начинающиеся на каждую букву слова «Соловей». Эти определения обязательно должны раскрыть образ главного героя.

С - смелый

О - отважный

Л - любящий

О - отчаянный

В - великодушный

Е - естественный



Й=И – истинный

« **ПОПС-формула**» как один из приёмов развития письменной и устной речи на уроках русского языка и литературы -используется при выполнении упражнений, в которых нужно занять определенную позицию.

Использование на уроках русского языка ПОПС-формулы через чтение и письмо» позволяет и дать образец языка, и активизировать деятельность школьника. Автор этого приёма Дэйвид Маккойд-Мэйсон из ЮАР. По-английски он пишется следующим образом: PRES-formula (Position-Reason-Explanation or Example-Summary. Перевёл её на русский язык Аркадий Гутников, вице-президент ассоциации «За гражданское образование». Идея состояла в том, чтобы создать альтернативу школьным тестам и внедрить в качестве способа проверки знаний учащихся нечто новое – прием, который позволил бы определять уровень знаний более качественно и одновременно мотивировал бы школьников на лучшее обучение. Положительный момент состоит еще и в том, что ПОПС формула помогает построить краткий, но логичный ответ, в котором содержится и мнение учащегося, и объективные факты. К тому же, ПОПС формула побуждает собеседников принять участие в дискуссии и выразить свою позицию.

П – позиция (точка зрения) – я считаю...

О – обоснование (доводы) - потому, что...

П – пример (факты) - например...

С – следовательно (вывод) – поэтому.

Например:

В рамках школьной программы ПОПС формула чаще всего использовалась на уроках литературы, истории, обществознания – словом, на всех гуманитарных дисциплинах. Такой необычный прием позволял проверить уровень знаний учащихся на разных этапах изучения темы:

- в качестве повторения изученной темы;
- во время устной проверки домашнего задания;
- в процессе подготовки к проверочной работе или сочинению, эссе;
- при создании коллективного проекта, охватывающего одну или несколько тем.

**Выводы.** Таким образом на основании вышесказанного полагаю:

1. Внедрение кросс-культурногоэлемента в преподавание литературы в ВУЗе способствует плодотворному вхождению обучающихся в контекст культуры и обеспечивает формирование и развитие мировоззренческого стержня личности учащихся.

2. Межкультурный аспект преподавания в процессе общения обеспечивает духовно-личностную ориентацию урока литературы, и развивает у будущих учителей ценностные представления о мире и человеке, которые становятся для них мировоззренческими ориентирами.

• 3 . Культурологический аспект преподавания литературы ВУЗе создает необходимые условия для организации дуального обучения студентов, где происходит постижение и обогащение учащимися нравственных и духовных ценностей.

#### *Список использованной литературы*

1. Колосовская Т. А. *Формирование кросс-культурной компетентности будущих учителей: Дис. канд. пед. наук: 13.00.08.- Челябинск, 2006.- 195 с.*

Хенви Р. *Достижимая глобальная перспектива / Пер. с англ. Я.М. Колкера и др. - Рязань. - 1994. - 69 с.*

2. Рошупкин В.Г. Формирование кросс-культурная грамотности студентов в процессе обучения в педагогическом университете: Дис. канд. пед. наук: 13.00.01. - Самара, 2009. - 63 с.

3. Прокопеня Г.В. Генезис кросс-культурного подхода в исследовании культур дис. канд.ф.н. Санкт-Петербург, 2008. - 178 с.

МРНТИ 16.21.37

*Б.С.Қапалбек<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан*

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘЛІППЕСІ**

*Аңдатпа*

Мақалада А. Байтұрсынұлы жазған әліппенің бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтпағандығы, оның сол кездегі түркітілдес халықтаршінде өте озық әліппе болғандығы нақты аргументтер келтіре отырып дәлелденген. Қазіргі кезде қазақ жазуы латын қарпіне ауысуға байланысты әліппені қайта жазу кезінде тек А. Байтұрсынұлы принциптеріне сүйену адастырмайтын тура жол екендігі айтылған.

Кілт сөздер: латын әліпбиі, әліппе, қазақ емлесі, төл дыбыстар, сауат ашу, жазу, дыбыстық жүйе, Байтұрсынұлы алфавит, жат дыбыс, тыңдалым, айтылым, оқылым материалдары

*В.С. Kapalbek<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Institute of state language development, Almaty, Kazakhstan*

## **THE ALPHABET OF AKHMET BAITURSYNOV**

*Abstract*

In the article the fact is proved that the Baitursynov's alphabet did not lose its relevance today and that it was the most advanced alphabet among the Turkic-speaking peoples of that time. At the present time, when rewriting the Kazakh alphabet in connection with the transition to the Latin font, it has been said that only Baitursynov's principles can be relied on as a straightforward way to transit.

Keywords: Latin alphabet, alphabet, Kazakh spelling, native sounds, literacy, writing, sound system, Baitursynov's alphabet, foreign sound, listening, pronunciation, reading materials

*Б.С.Қапалбек<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Институт развития государственного языка, Алматы, Казахстан*

## **АЛФАВИТ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА**

*Аннотация*

В статье доказывается тот факт, что алфавит Байтұрсынова сегодня не утратил своей актуальности и был самым продвинутым алфавитом среди тюркоязычных народов того времени. В настоящее время при переписывании казахского алфавита в связи с переходом на латинский шрифт было сказано, что только принципы Байтұрсынова могут быть использованы как прямой путь для перехода.

Ключевые слова: латинский алфавит, алфавит, казахская орфография, родные звуки, грамотность, письмо, звуковая система, алфавит Байтурсынова, иностранный звук, аудирование, произношение, материалы для чтения.

Латын әліпбиіне көшетін болған соң әліппені де қайта жазу қажет. Білім және ғылым министрлігі бұндай жұмысты бастап та кетті. Өзінің 2019 жылғы бұйрығымен «Бес жастағы тәрбиеленушілерге арналған «Әліппе» білім беру бағдарламасын» әзірлеп, қазір баспалар осы бойынша әліппе жазып жатыр... Кешегі Кеңес дәуірін былай қойғанда, тәуелсіздік алғаннан бері бірнеше түрлі әліппе жазылды. Ғылыми негізі жоқ немесе осал болғандықтан ешқайсысына тұрақтамай, міне тағы да жаңа әліпбимен жаңаша әліппе жазбақпыз.

Біз өзге жұрттан үлгі алуға немесе көзсіз көшіруге әуеспіз. Бірақ бұдан бір ғасыр бұрын озық әліпби де, озық әліппе де бізде болғанынан осы істің басы-қасында жүрген көп шенді хабарсыз. Иә, бізде әліппенің ұлы реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алатын өз тарихы бар. Ақаң бұй дейді: «Біздің 10-ныншы жылдары шығарып ескі қоймаға тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тарих жүйелі араб емлесінің тас-талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз екен» [1,572].

Мұны Ақаң 1926 жылғы Бакудегі жиыннан кейін айтқан еді және өзі айтқандай, қазақтың дыбыс жүйесін тәртіптеген алғашқы кітабын Орынборда 1912 жылы шығарып еді. Бұл әліппелер толықтырылып, түзетіліп, өзі айдалып кеткен 30-жылдарға шейін Орынборда, Ташкентте, Қызылордада 10 шақты рет қайта-қайта басылып тұрды [2]. Ақаң қазақтың өз дыбыстарына ғана таңба арнап, төл әліппе жасаған. Онымен сауат ашу өте оңай болды. Кез келген бала бір айда әріптерді қосып, буындап, жүгіртіп оқып кете беретін болған. Халық бұрынғыдай құран жаттауға байланбай дыбыс жүйелі әдіспен жылдам және жаппай сауаттана бастады. Мұндай әдістемелік жағынан жетілген, ғылыми тұрғыдан өзгелерден озық әліппе жасауға жиырмасыншы ғасырға шейін жазуға байланбай еркін дамыған тіліміздің дыбыстық жүйесінің де оң әсері болды.

Отызыншы жылдардан кейінгі ғылымда, әсіресе қоғамдық ғылымдарда идеология, саясат басым болғандығы қазір бәрімізге мәлім. Ақаңнан кейін бүгінгі «Сауат ашуды» қосқанда қырық түрлі әліппе жазылды. Бірақ төл дыбыстарға негізделіп қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеңіз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» тағы бар кешенді дүние жасалған емес. Қазіргі қолданыстағы Сауат ашу бойынша әріпті тану міне, наурызда енді аяқталды. Бұл мүлдем дұрыс емес. Авторлар Сауат ашу, Жазу және Тіл дамытуды бір жерге қосып былықтырып жіберген. Әліппенің мақсаты қара таныту. Ақаң: «Әліппенің басты мақсаты – керек сөзді жаза білуге, жазылған сөзді оқи білуге үйрету», – деген еді. Иә, әліппеде басқа мақсат болмауы керек. Бала тілін дамыту тыңдалым, айтылым арқылы Әліппемен қатар жүруі керек. Ол хрестоматияда (атауын әлі ойлану керек) алдымен тыңдалым материалдары өтіліп, барлық әріптермен танысып, әліппені аяқтағаннан кейін оқылым материалдары жүйеленіп ұсынылуы керек. Өйткені әліппенің оқу материалдары әріп таныту, буындарды, жеке сөздерді, шағын сөйлемдерді түсініп оқуға шақталған. Оның әріп танытуға арналған материалдары 300 сөзге де жетпейді. Ал, монотілді баланың сөздік қоры одан асып төгіліп жатады. Мәселен, ғылымда дәлелденген тұжырым бойынша 6 жастағы баланың тілінде 5 мыңнан аса сөз бірлік болады екен.

Өзімізде бәрі жасаулы тұрғанда соны бүгінгі заман талабына сай жетілдіргеннің орнына өзгеден көзсіз көшіруді енді тыйуымыз керек. Өзге тілдің жүйесі бөлек болатындығын түсіну үшін көп білім қажет емес, көзге көрініп тұр. Мәселен, орыс тілінде

хат таныту қазақ тіліне қарағанда қиындау. Орыстардың дыбыстық жүйесінде түрлі шарттылықтар көп. Басқасын былай қойғанда, бірдей таңбалардың екпін арқылы мағына ажырататындығын түсіндіруге біраз уақыт керек: *за'мок, замо'к*. Ал қазақ тілінің жүйесі мүлдем бөлек. Біздің тілдің дыбыстық жүйесі, орыс тілін былай қойғанда, туыстас түркілерден де біршама ерекшеленеді. Бұл оның 20 ғасырға дейін жазуға байланбай, еркін жетілгендігінен. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде шашау, артық тұрған ештеңе жоқ. Жұп-жұбымен, жүйе-жүйесімен, әр дыбыс өз табында, әр әріп өз тобында тұр. Мұнда бөтен, жат дыбысқа орын да жоқ. Бұл жүйеге зорлықпен бір дыбыс енгізсең, вирус кіргізгендей тілдің артикуляциялық базасын бұзасың. Біз кеңес кезінде бір дыбыс емес, 14 дыбыс кіргізіп қойдық емес пе? Тілдің ұлттық сипатын ұстап тұратын тілдің дыбыс жүйесі. Кез келген жат дыбыс тәртіптелген мына кестенің сәнін де, мәнін де кетіретіні анық.

а) Дауысты дыбыстар (9 дауысты)

<b>Жуан</b>	а	о	ұ	ы	-
<b>Жіңі</b>	ә	ө	ү	і	е
<b>шке</b>					

б) Дауыссыз дыбыстар (19 дауыссыз)

<b>Қа</b>	п	к	қ	т	ш	с
<b>Ұя</b>	б	г	ғ	д	ж	з
<b>Үн</b>	р, л, й, у, м, н, ң					
<b>ді</b>						

Жұптасып тұрған осы жүйеден қазіргі сөздіктердегі екі-үш сөзде ғана қолданылатын һ таңбасына орын табу мүмкін емес. Немесе бірде дауысты, бірде дауыссыз болады деген И мен У-ды дауыстылардың жуан-жіңішкелік парадигмасына кіргізе алмайсың. Жүйе қабылдамайды.

Иә, қазақ тілінде 28 дыбыс бар. Олар сөздің басында, ортасында, аяғында өзінің жеке тұрғандағы дыбысталу қалпын сақтайды. Ал бізге үлгі болып отырған ағылшын, орыс тілдерінде кейбір әріптер көзге көрінеді, бірақ дыбысталмайды немесе мүлдем басқаша айтылады. Мәселен, ағылшын тілінің мына кестесіне қараңызшы:

	Буынның 1-ші түрі (ашық)	Буынның 2-ші түрі (жабық)	Буынның 3-ші түрі	Буынның 4-ші түрі
A	[ei] Mate, fate, name, frame	[æ] Mat,back, sack, snap	[a:] Car, star, bar, nar	[ɛə] Hare, mare, fare, care
E	[i:] He, me	[e] Wet, hen, zest	[ə:] Boner, meter	[iə] Here, mere
I	[ai] Fail, vine, size, mice	[i] Pit, hint, flip,did	[ə:] Stir, skirt	[aiə] Wire, fire
O	[ou] Hoe, glue, clue, duke	[ɔ] Mop, slop, top	[ɔ:] Nor, for, form	[ɔ:] Store, more, snore
U	[ju:] Blue, glue, clue, duke	[ʌ] Dull, skull, null, up	[ə:] Slur, blur, fur, turn	[juə] Cure, manure
Y	[ai]	[i]	[ə:]	[aiə]

	Byte, sky	Myth, mysti	Myrtle	Byre, tyre
--	-----------	-------------	--------	------------

Байқап отырғанымыздай, алты дауысты дыбыс төрт жерде төрт түрлі дыбысталады. Яғни алты дауыстыны жиырма төрт түрлі оқу керек. Осыны балаға ұқтыруға қанша уақыт қажет?

Иә, бізге әсіресе әліпби мен әліппе жөнінен өзге жұрт үлгі бола алмайтындығын қайталаудан жалықпаймын. Ақаңның әліппесімен сауат ашу өте оңай әрі тез. Бұл туралы Телжан Шонанов былай дейді: «...дети постепенно находя сходства и различия слов, легко и свободно, без особой поддержки учителя, незаметно для себя переходят от легкого к трудному, от простого к сложному, научаясь в то же время читать самостоятельно. Практика показала, что для того, чтобы научиться писать и читать по новому букварю, вполне достаточно 4 недель при средней способности детей» [3,44]. Яғни, біз Ақаң салған жолмен оқитын болсақ, онда әліппені қазіргідей үш тоқсанда емес, өте жылдам бітіретін боламыз.

Отызыншы жылдарға шейін әр ұлттың өздерінің сүйенер, сенер тұлғалары болды. Түркітану ғылымы бойынша ғана айтатын болсақ, өз ұлтының, өз тілінің қамын жеген ғалымдарды сонау 1926 жылы Бакуге жиналғандардың ішінен көреміз. Олардың бәрін жойып, Кеңес үкіметі өздері Мәскеу мен Петерборда оқытқан түркологтар орыс түркітанушыларының айтуына көзсіз бас ұратын болып тәрбиеленді. Ал өз ұлтының тау тұлғалары Бакуде өз пікірлерін еш қаймықпастан ашық айтып отырды. Соның ішінде Ақаң да бар. Бүкіл әлемнен Бакуге жиналған оқымыстылардың (Бартольд, Руденко, Миллер, Шобан заде, Самойлович, Малов, Ашмарин, Менсель, Шерба, Яковлев, Ольденбург және т.б.) алдында Ақаң орыс тілі жөнінде: «Правописание большей частью зависит именно от языка, от свойства языка. Если возьмем, например, язык русский, употребляющий этимологический принцип, то мы должны сказать, что этот язык хаотический, анархический, потому что одни и те же слова, при изменении ударения, принимают совершенно другие формы. Например: «вада», «воды», ударение изменилось, где раньше стоял звук «а», теперь появился «о». Это самый анархический, хаотический язык», – деді [4,417]. Осы жиында мүйізі қарағайдай орыс профессорлары, әсіресе Щерба мен Яковлев түркі әліпбилерінің ішіндегі ең озығы қазақтікі деп таныды. Кейін Н.Ф.Яковлев Ақаңның әліпбиіне қызығып, әрі қарай зерттей түсіп, қатты тәнті болып, «Математическая формула построения алфавита (Байтұрсыновский алфавит)» деген мақала жазды. Бұл басқа түркілерге үлгі болып, жиырмасыншы жылдың соңында олар да өздерінің ұлттық әліпбилерін жетілдіруге кірісіп кетті. Иә, бізде Ақаң салған дара жол бар. Соған қайта айналып түсуіміз керек. Бұл жолды кеңес үкіметі 1929 жылдан бастап жауып тастаған еді. Енді өз қолымыз өз аузымызға жеткенде сол сара жолды қайта айналып табуымыз керек.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. - 630 б.
2. Оқу құралы. (Қазақша әліп-би). Жетінші басылуы. – Орынбор, 1925. - 72 б.
3. Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. - 567 б
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 444 б.

МРНТИ 16.21.49

*Е.С.Қасенов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан.

## ҚАЗІРГІ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЖӘНЕ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі тілдің дамуындағы ауызекі сөйлеу тілінің орны қарастырылған. Қоғамдағы түрлі өзгерістер, ең алдымен ауызекі сөйлеу тілі арқылы көрініс беретіндігі сөз етіледі. Бүгінгі қоғамдағы ауызекі сөйлеу тілін, әсіресе жастар тілін зерделеу тіл дамуының көкжиегін айқындайтындығы туралы баса айтылған. Сонымен қатар мақалада тіліміздегі сан түрлі құбылыстардың алдымен ауызекі тіл негізінде танылатыны да жан-жақты қарастырылады.

Қазіргі жастар тілінде орын алып отырған түрлі жаргондар мен сленгтердің, жаңа фразеологиялық бірліктердің туындау себептері де көрсетіледі. Ауызекі сөйлеуде кейбір сөздер мен тіркестер көп жағдайда тілдік нормадан ауытқып жататындығы да айқын айтылып, мысалдар келтірілген. Бүгінгі заманның технологиялық жетістіктері салдарынан жастар тілінің жұтаңдығы, қысқа қайырылуы, ой жеткізудегі мәнерліліктің азаю салдары да қарастырылады.

**Кілт сөздер:** ауызекі сөйлеу тілі, коммуникация, тұрақты тіркес, қоғамдық құбылыс, қатысымдық қызмет, қатысымдық үдеріс.

*E.S.Kassenov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## PHRASEOLOGICAL UNITS AND LINGUOECOLOGY IN MODERN SPOKEN LANGUAGE

*Abstract*

The article considers the role of oral speech in the development of modern language. It is about various changes in society, primarily through speech. Special attention was paid to the fact that the study of oral speech in modern society, especially young people, determines the horizons of language development. The article deals with various phenomena in our language, primarily on the basis of oral language.

In the modern youth language the reasons of emergence of various slangs and slangs, new phraseological units are specified. In colloquial speech, examples were presented where some words and phrases often deviate from the language norm. Due to modern technological advances, the language of young people has become poorer in consequence of which decreased expressiveness in comprehension.

**Key words:** spoken language, communication, stable phrase, social phenomenon, communicative activity, communicative process.

*E.S.Kassenov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

## ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ И ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ В СОВРЕМЕННОМ РАЗГОВОРНОМ ЯЗЫКЕ

*Аннотация*

В статье рассматривается роль устной речи в развитии современного языка. Речь идет о различных изменениях в обществе, прежде всего, через речевую речь. Особое внимание было обращено на то, что изучение устной речи в современном обществе,

особенно молодежи, определяет горизонты устную языка. В статье рассматриваются различные явления в нашем языке, в первую очередь, на основе устной речи.

В современном молодежном языке указываются причины возникновения различных жаргонов и сленгов, новых фразеологических единиц. В разговорной речи были изложены примеры, когда некоторые слова и фразы часто отклоняются от языковой нормы. Из-за современных технологических достижений язык молодежи стал беднее, впоследствии чего снизилась выразительность в осмыслении.

**Ключевые слова:** разговорная речь, коммуникация, устойчивая фраза, общественное явление, коммуникативная деятельность, коммуникативный процесс.

Бүгінгі күні сан түрлі технологиялық құралдардың адам өміріне етене енуі жаңа ұғымдар мен соны атауларды тудырып, адамзат тілінің дамуында ерекше зор ықпалға ие болып отыр. Бұл құбылыс тіл дамуының өткен ғасырлардағы дамуы мен тілдік бірліктердің қолданылу деңгейін салыстыра анықтауда да мүмкіндік туғызады. Тілдің дамуы, ең алдымен ауызекі сөйлеу тілі арқылы көрініс береді. Сол себепті де бүгінгі қоғамдағы ауызекі сөйлеу тілін, әсіресе жастар тілін зерделеудің маңызы ерекше. Өйткені, тіліміздегі сан түрлі құбылыстар алдымен ауызекі тіл негізінде танылады, көрініс береді.

«Тіл адам санасында шындықты бейнелеу мен жинақтау құралы болғандықтан, ол адамдардың интеллектуалдық әрекетінің де ерекше түрі болып саналады. Яғни, тіл мен сөйлеу – адам болмысының, оның жалпы табиғатының көрсеткіші»[1, 21]. – деген пікірді ескерсек, ауызекі сөйлеуде қолданысқа түскен тілдік бірліктер қай кезеңде де болмасын сол қоғам мүшелерінің интеллектуалдық деңгейін айқын танытады. Осыған орай бүгінгі әлеуметтік тілді осы кезеңде өмір сүріп отырған жастардың ойлау мен сөйлеуінің нақты көрсеткіші, бағалау межесі десек те болады. Ал оның әр кезеңде әр түрлі деңгейде болуы қоғамдағы жиі қолданыстағы ауызекі сөйлеу тілімен ұштасып жатыр.

Ауызекі сөйлеу тілінің аясы кең болғандықтан онда тілдің барлық лексикалық қабаты еркін қолданылады. Ауызекі сөйлеуде кейбір сөздер немесе тіркестер көп жағдайда тілдік нормадан ауытқып жатады. Бірақ кешегі мен бүгінгі ауызекі сөйлеу тілінің қолданылуында алшақтық бар. Ол тілдегі тарихи, саяси, экономикалық факторларға байланысты лексикалық бірліктердің қолданылуынан байқалады. Кешегі көркем тілді бүгінгі заманның технологиялық жетістіктеріне алмастырған жастар тілінің жұтандығы, қысқа қайырылуы, ой жеткізудегі мәнерліліктің аздығы уақыт озған сайын үдеп барады. Белгілі батыс ғалымдары (А.Янушкевич, В.Радлов) тамсанған ұлттың нәрлі тілінің бейнелілігі азайып кетті. Оның бір көрінісі бүгінгі ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданыстағы мынадай тіркестерден аңғарылады. Мысалы, «*жынды болып кету*» тіркесі. Бұл тіркестің мағынасы әдемі, сұлу, көркем, әсем немесе ажарлы болып кетіпті дегенді аңғартады. Ал «жынды» сөзінің негізгі мағынасы *есі ауысқан, есінен адасқан, есалаң*. Бұл тіркестегі «жынды» сөзінің әдемі, сұлу мағынасын иеленуіне ауызекі сөйлеудегі адам эмоциясымен байланысты айтылуы және қоғам мүшелерінің экспрессивтілігі күшті эмоционалды бірлікті жиі қолданысқа түсіруі де ықпал етіп отыр. Белгілі әдіскер ғалым Фатима Мұсабекованың қазақ тілінде эмоционалды мағына зат есім сөзге сөз тіркесіп келу арқылы беріледі» – деген пікір айтады [2, 54]. Жоғарыда келтірілген мысалда «жынды» сөзіне «*болу, кету*» етістіктерінің тіркесуі нәтижесінде сөзге эмоционалды реңк үстеліп қана қоймаған, оның бастапқы мағынасы мүлдем өзгерген. Мұндай мысалдар қатарында бүгінгі ауызекі сөйлеуде қолданылып жүрген «*бірлігі таусылу*» (*қоңырау соғу мүмкіндігі азаю*), «*әңгімесінің тізесі шығу*» (*қызықсыз болу, мәні жоғалу*) сынды тіркестерді де атауға болады. «*Әңгімесінің тізесі шығу*» – дәмі кеткен немесе уақыты өткенді, қалпына келмейтінді тізесі шыққан киім сипатымен аңдату. Соңғы келтірілген мысал өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бері қолданыста бар болса, «*бірлігі таусылу*»

ұялы байланыс телефонының қолданылуымен жиі көрініс тауып келеді. Бұдан қоғамдық құбылыстар тілімізде түрлі тіркестердің пайда болуына ерекше ықпал етеді және олар ең алдымен ауызекі сөйлеу тілінде пайда болады деген тұжырым айта аламыз.

«Жынды болып кету» жас буынның ерекше ықпал ету мақсатынан туындаса, «бірлігі таусылу» жаңа заттар мен құбылыстарды атау қажеттілігінен туындаған. Бүгінгі күні аталған тілдік бірліктердің ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылып, кең таралғандығынан олардың туындаған кезеңі мен изоглассасын нақты анықтау да мүмкін емес. Аталған тілдік бірліктер бүгінгі қоғам мүшелерінің қарым-қатынас жасау барысында қажетін қандай деңгейде болмасын өтейтіндіктен жиі көрініс табуда. «Бірлігі таусылу» тіркесі уақыт өте келе әдеби тіл қатарынан табылуы да ғажап емес. Бұл тілдің уақыт тудырған құбылыстарға икемделуін айқындайтын сәтті тіркес деуге де болады. «Тіл байлығы, тілдің икемділігі оның қоғамдық қызметінің ұлғая түсуімен, әдеби тілдің нышан белгілерін дамыта түсумен ұштасып жатады»[3, 416]. Олай болса, ауызекі тілдегі аталған тіркестердің тілдің қоғамдық қызметінің ұлғаюында ықпалы бар. Демек, ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылып жүрген сөздер мен тіркестердің әдеби тіл қатарына ойысуы тілдің қоғамдық қызметімен тығыз байланысты екендігін де айқындайды. Бұл ойымыз орыс ғалымы Ф.П.Филлиннің: «Структура языка не безразлична для целей общения. Изменение общественных функций влечет за собой и изменение как отдельных элементов языковой структуры, так и постепенно структуры в целом... Внутренние закономерности развития языка из потенции превращается в реальные изменения только в пределах его общественных функций и благодаря им» – деген пікірімен үндеседі [4, 154]. Шынтуайтында, тілдің дамуы немесе өміршеңдігі, құлдырауы мен қолданыстан шығуы күллі тіл біліміне тән құбылыс. Бұл өз кезегінде тілдің қоғамдағы белсенді қызметімен тікелей байланысты.

Қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде екі немесе одан да көп дара сөздердің бірігуі, тіркесуі арқылы жасалып, эмоционалды мәнге ие болатын тіркестер де бар. Мысалға ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылып жүрген «құлақтан тебу», «құлаққа латша ілу», «құлағына отыру» сынды эмоционалды бірліктеріміз мағынасы бір-біріне жуық емес сыңарлардан жасалғанына қарамастан, біртұтас лексикалық мағына береді. Дәлірек айтсақ, аталған тіркестер фразеологиялық тіркестердің ішкі мағына бірлігі мен тұтастығына толықтай сәйкес келеді. Мысалы, «құлақтан тебу» мен «құлаққа латша ілу» жалған сөйлеу, өтірік айту мағынасындағы өзара синонимдес тіркестер деуге болады. Тек ауызекі сөйлеу тілінде ғана кеңінен қолданылып жүрген бұл тіркестердің ұғымдық өзегі, ядросы – «құлақ». Ұлт тілінде «құйма құлақ» сынды тіркестің қалыптасуы да осымен байланысты. Адам абстрактылы ұғымдардың мағынасын алдымен құлақ арқылы естиді, біледі. Жете таниды. Міне, сондықтан да белгілі бір ұғымдардың мән-мағынасын жете білу, терең ұғыну зат пен құбылыс, ұғым атауларын көру, есту, түйсіну арқылы жүзеге асатыны аңғарылады. Ендеше, ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылатын тілдік бірліктер құлаққа жиі естілетіндіктен олардың жиі қолданылуы, жылдам таралуы заңды құбылыс болып табылады. Ал бұл өз кезегінде, яғни белгілі бір кезеңде жаппай қолданысқа ие болған сәтсіз қолданыстардың белең алуына және әлеуметтік ортада жиі қолданыстағы нәрсіз жаргондар мен сленгтердің әдеби тілдің дамуына аз мөлшерде болсын бөгет жасайды. Сондықтан қандай да болмасын ауызекі сөйлеу тілі әдеби нормаға сай келуі оңды болар еді. Ауызекі сөйлеу тілінің әдеби нормаға сәйкестенуі әлеуметтік ортаның интеллектуалдық деңгейін де арттырады анық. Белгілі ғалым Рабиға Сыздық: «Ауызша сөздің жиі қолданылатын жері – алқатоп алдындағы сөздер. ...Алқатоп алдында дұрыс сөйлеп дағдыланған адам күнделікті ауызекі сөйлеуде де біршама әдеби нормаға сай, дұрыс сөйлеуге үйренеді. Бұл күнде орыс қауымының, әсіресе қалаларда тұратындардың басым көпшілігінің ауызекі сөйлеу тілі де ауызша дамыған әдеби тілге ауысып барады, яғни жалпы әдеби тілдің нормаларын сақтап сөйлейді деген пікір айтылуда. Ал қазақ



қоғамында мұндай теңесу, яғни күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеудің әдеби тіл нормасымен көрінуі жоққа тән» - деген тұщымды ой айтады[5, 193 б.]. Бұған қазіргі ауызекі сөйлеу тіліндегі эмоционалды реңкі күшті, бірақ жағымсыздау мәні басым «құлақтан тебу», «құлаққа лапша ілу», «сағыздай созылу» сынды сәтсіз қолданыстардың етек алуы ықпал етіп отыр. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, жоғарыдағы тілдік бірліктер өткен ғасырда «сан соқтырып кету», «түлкі бұлтаққа салу», «қамырша созылу» сынды бейнелі тіркестермен жиі көрініс тапқан-тын. Ал бүгінгі әлеумет тілінде бұлардың қолданылу жиілігі азайғаны байқалады.

Бүгінгі таңдағы лингвоэкологиялық саралау жұртшылықтың сөйлеу мәнеріндегі лексикон мен фразеологиялық қордың тым жұтаңдығын айғақтайды. Бұл үлкендерге де, жастарға да тән болып отыр. Тіпті «Тырнақ астынан кір іздеу» – бәле іздеу; «Жауын жаумай су болу» – өз өзінен ашулану; «Көзіне көк шыбын үймелету» – басыну, қорлау, жазалау; «Төбе шашы тік тұру» – қорқу; «Мұрнына су жетпеу» – қолы тимеу тәрізді ауызекі қолданыста жиі ұшырасатын тұрақты тіркестердің мағынасын жете түсіне бермейді. Оның басты кілттипаны мұндай фразеологиялық тіркестердің ауызекі сөйлеу тілінің өзінен көрініс таппай отырғандығынан деуге болады. Сондықтан да тіл экологиясына назар аудару уақыт талабы болып отыр. Әдеби тіл бастауы – ауызекі сөйлеу тілі тым қарабайырланып, бейнелі сөздердің қолданысы көмескі тартып барады. Сол себепті де бүгінгі ауызекі сөйлеудегі нормадан ауытқу себептерін нақтылы анықтау және оны жоюдың жолдарын іздестіру тіл ұстанушының танымдық өрісі мен сөз мәдениетін танытатын лингвоэкологияға деген қызығушылықтың артуымен анықталады. Бүгінгі қоғамдағы ауызекі сөйлеу мәдениетінің тұралауы ұлт тілінің өміршеңдігіне кедергісін тигізері анық. Бұл орайда жергілікті ұлт қоғамдық салалардың қажеттілігін өтейтін өзге тілді шарасыз таңдауға мәжбүр болады. Оның түбі «сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғаладыға» (А.Байтұрсынов) әкеледі. Сондықтан да сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Қоғамдық орындардың қайсысында болмасын айтайын деген ойымызды ана тілімізде еркін жеткізу, сөйлегенде бөгде тілдік элементтерді – жаргондарды, диалектілерді, варваризмдерді араластырмай жатық, анық сөйлеу – тіл тазалығын сақтаудың басты шарты.

Ал қазіргі әлеуметтік ортада қазақша-орысша араластырып сөйлеу, әуелі «жаргон», «сленг», «варваризм», «арго» сөздерін қосып сөйлеу тілі орнығып келеді. Мәселен, күнделікті қарым-қатынас барысында көпшілік қауым «базар жоқ», «лапша ілді», «құлақтан тепті», «картонны жарды», «қуады екенсің», «лақтырып кетті», «қоянның суретін салып кетті», «қораға кірді», «балта қадады», «шашып тастады» сынды сөздер мен сөз тіркестерін жиі қолданылуда. Ауызекі қатынаста орыс тілі сөздерін қыстырып, аралас сөйлеуіне, сөздерді толық айтпауына әлеуметтік желідегі қарым-қатынастар, күнделікті теледидар мен радиодағы түрлі тілдегі бағдарламалар да азды-көпті ықпал етіп отыр. Мұның барлығы ауызекі сөйлеу тілінде көрініс тауып жатыр. Осымен байланысты бүгінгі буын өкілдерінің ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелігі, оның ұлт тілін дамытудағы орны туралы ғылыми зерттеулер жасау қажеттігін де анық көрсетіп отыр.

Түйіндей келгенде, қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде жаңа сөздердің пайда болуы және жиі қолданысқа түсуі – әлеуметтік құбылыс. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай орын алған құбылыстар: жаһандану жағдайындағы ақпарат ағынының артуы, ғаламтордағы әлеуметтік желілердің пайда болуы ұлт тілінің өзгеше арнаға бұрылуына түрткі болып келеді. Осымен байланысты ауызекі сөйлеу тіліндегі сөз қолдану өзгешілігі күн өткен сайын айқындала түсуде. Бұған қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестері нақты дәлел. Жоғарыда атап көрсетілген тіркестер ауызекі сөйлеу тіліндегі ғана қолданыста қалуы немесе уақыт тезінен өтіп әдеби тілге енуі де мүмкін. Ал

ұлт тілінің елегінен өткен тілдік бірліктердің тілдің түрлі саласында қолданысқа түсуі – тіл дамуының, тіл өміршеңдігінің бір парасы.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті және шешендік: оқыту теориясы мен әдістемесі. Монография. – Алматы: «Нұрай Принт Сервис», 2014. – 210 б.
2. Мұсабекова Ф.М. Қазақ тіліндегі зат есім стилистикасы. – А., 1976. – 108 б.
3. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 472 б.
4. Очерки по теории языкознания / Институт русского языка АН СССР. — М.: Наука, 1982. — 336 с. — 4 300 экз. (в пер.) (2-е изд. 2008).
5. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 б.

МРНТИ 16.21.45

Б.Қасым<sup>1</sup>, Г.Суамбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

## СӨЙЛЕУ ЕТІСТІКТЕРІ: ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ КОГНИТИВТІ МОДЕЛІ

*Аңдатпа*

Мақалада сөйлеу – адам санасының басты белгісі ретінде зерделенеді. Сөйлеу мен сананың пайда болып, біртін деп қалыптасуын тек биологиялық жағдайлардан емес, ең бастысы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи факторлармен байланысты қарастырылады. Когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдары – «ғалам бейнесі» «ғаламның тілдік бейнесі» және «когнитивтік модель немесе ғалам моделі» талданады. Ұлттық дүниетаным құндылықтарын жинақтаушы тірек ұғымдар: **сөйле-** етістігінен көрінеді. Сөйлеу етістіктері – тілдің лексикалық қорын байытатын тілдік бірліктер, оның мағыналық құрылымын, семантикалық дамуын когнитивтік және семантикалық аспектіден зерттеудің маңызы зор.

**Кілт сөздер.** Сөйлеу етістіктері, лексика-семантикалық топ, когнитивті модель, моделдеу, әлемнің тілдік бейнесі, прототип.

Б.Қасым<sup>1</sup>, Г.Суамбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

## ГЛАГОЛЫ ГОВОРЕНИЯ: КОГНИТИВНАЯ МОДЕЛЬ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА

*Аннотация*

В данной работе изучаются подходы к определению глаголов речи, предлагается собственное рабочее определение: глаголами речи называются все глаголы, В статье рассматривается как лексико-семантическая группа, изучению глагольной семантики и предложить теоретическое обоснование системному когнитивному подходу к описанию значения глагола речи. Охарактеризовать способы категоризации действительности во внутрисловных и межсловных глагольных парадигмах. Авторы анализируют существующие классификации глаголов речи и предлагают собственную классификацию, основанную на различии семантики.

**Ключевые слова:** глаголы речи, лексико-семантическая группа, когнитивная модель, моделирование, языковая картина мира, прототип.

B. Kasym<sup>1</sup>, G. Suambekova<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abay Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

## VERBS OF SPEAKING: A COGNITIVE MODEL OF THE LANGUAGE PICTURE OF THE WORLD

### Abstract

*In this paper, we study approaches to the definition of verbs of speech, we propose our own working definition: all verbs are called verbs of speech. The article considers it as a lexical-semantic group, studies verb semantics and offers a theoretical justification for a systemic cognitive approach to describing the meaning of a verb of speech. Describe the ways of categorizing reality in the intra-word and inter-word verb paradigms. The authors analyze existing classifications of verbs of speech and propose their own classification based on the difference in semantics.*

**Keywords:** *verbs of speech, lexical-semantic group, cognitive model, modeling, linguistic picture of the world, prototype.*

**Кіріспе.** Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Сана мен тіл адамзат қоғамының тарихи дамуының, олардың іс-әрекетпен айналысуының, еңбек құралдарын жасап, пайдалана білудің нәтижесі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның да, қоғамдық ой-санасын дамытып жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Жүсіп Баласағұн «Сөз, өсиет – өліден тіріге, Мираc тұтса, пайда өзіне, діліне.... Ақылдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» [1, 101] (курсив – **Б.Қ.**) деп тіл мен сөздің мәні мен мазмұнын, қасиетін дәлелдеген. Адамдардың арасында қатынас құралы ретінде тілдің қызмет атқаруы – оның негізгі қызметі. Тіл арқылы ойды басқа біреуге жеткізуді **сөйлеу** дейді. Сөйлеу – пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы. Сөйлеу үдерісі арқылы адам өзінің білімін, өмірлік тәжірибесін байытып қана қоймай, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақталған қоғамдық тәжірибені меңгеруге де мүмкіндік алады. Ойдың тілі – сөз. Сөз арқылы ой сыртқа шығады.

**Теория.** Когнитивизмнің басты зерттеу нысаны – адамзаттық когниция. Оны тек байқау, бақылау әдістері арқылы зерттеп қоймай, *менталді репрезентациясын* (ішкі танымын), білімінің негізін қалыптастырған символдар мен адамның стратегиялық таңбаларын айқындау. Демек адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Адамның бұл әрекетін танытатын негізгі белгі – оның тілі. Себебі тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп санада реттеген нәтежесін көрсететін құрал [2].

Етістіктің лексика-семантикалық тобының микрожүйесіндегі сөйлеу етістіктерінің *әлемнің тілдік бейнесінің* моделденуі жайлы ғалымдар әртүрлі бағытта түрлі мақсатта қарастырды:

- лексика-семантикалық топтың құрылымдық-жүйелік, функционалды-семантикалық, семантикалық тұрғыдан (Г.В. Степанова, Л.М. Васильев, Л.Г. Бабенко т.б. еңбектер);
- әр түрлі тілдерді типологиялық лексика-семантикалық жүйелерді салғастыру (Г.А. Храмова, Л.А. Клибанова, В.И. Зимин, Фам Тхай Нги т.б.);
- сөзжасамдық және лексикалық семантика (О.М. Соколов, Т.Д. Сергеева, т.б. еңбектер) т.б. бағыттағы зерттеулерді атауға болады.

*Етістікті тілдік бірліктердің тілдік жүйеде тұтастықта қарастыру мен осы мақсатқа жету үшін белгілі моделді таңдау қажет. Осындай тиімді моделдерді (А.А. Уфимцева, О.И. Блинова, Д.Н. Шмелёв т.б.) еңбектерінде шешімін тауып, лексика-*

*семантикалық топтар саралауда үш түрлі жүйелі арақатынас арқылы құрылым жасайтынын: жасалу шегі мен қасиеттерімен әлемнің тілдік бейнесін үлгілейтінін көрсетеді.*

XXI ғасырдың басынан *модель* және *моделдеу* ұғымы ғылыми зерттеулерде белсенді қолданысқа ене бастады. *Ақыл → ес → ақиқат → ой → таңба → шындық* т.б. арасындағы қатынасты талдау мәселені шешуге көмектеседі. Жалпы *моделдік жүйе* – адамзаттық құндылық, осы жүйемен саралау арқылы *сөздің когнитивті әлемін, ұлттық ойтұжырым жүйесін (менталді)* анықтауға мүмкіндік алады. Адамның когнитивті дүниесі оның ойлау әрекетінен көрінеді, сол әрекетті танытатын негізгі белгі – оның тілі. Тілдік жүйенің құрылымын, ұлттық тілдің табиғатын танудың жолы – тілдік таңбаларды, оны құрайтын бірліктерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде талдау, екінші жолы – *ақиқат өмір, ойлау, танымдық* тұрғыда бір-бірімен байланыста қарастыру. Осы тұрғыдан *таңба → мағына → мәнділік* сөзтізбегіндегі соған сай сөздің түп негізінде концептуалдық мәні *символ → образ → ұғым* барлық кумулятивті мазмұндық формасы жатады. Гумантарлық ғылым саласында бұл ұғым белгілі *кескіндердің* немесе *шындық болмыстың абстракттылық сызбасын* білдіреді. В.И. Карасик: «модель как исследовательский конструкт реальности представляет собой рабочий инструмент для изучения сущности рассматриваемого явления» - [3, 6] деп тұжырымдайды.

*Когнитивті модель* – табиғи тілдегі категориялау үдерісін сипаттау. *Когнитивті модель* мынадай талаптарға негізделу тиіс, яғни адамның концептуалды жүйеге тікелей негізделген қабылдауы мен қоғамдық, әлеуметтік тәжірибесіне қатысты. Осы тұста мынаны түсіну қажет, ой – бейнелі, метафора, метонимия және «менталды бейнелілік».

*Моделдеу* – когнитивті лингвистикада семантикалық зерттеулерде қолданылатын негізгі әдістердің бірі. Е.Г. Беляевская: «В частности, считается перспективным изучать принципы моделирования полисемии, так как это позволит не только фиксировать языковые факты, но и вскрыть причинно-следственные связи, объясняющие, почему для данного языка характерна определенная система обозначения и форма выражения мыслей» деп түйіндейді [4]. Сол тілге тән жүйені таңбалаудың себеп-салдары мен ойды берудің формасы екені көрінеді.

*Ғалам бейнесінің тілдік сипаты.* Когнитивті лингвистиканың басты назар аударатын негізгі ұғымдары – «*ғалам бейнесі*» «*ғаламның тілдік бейнесі*» және «*когнитивтік модель* немесе *ғалам моделі*». Ғылыми еңбектерде *ғалам бейнесі* (картина мира) *ғаламның тілдік бейнесінің* (языковая картина мира) орнына қолданыла береді. Мәні жағынан бұл екі ұғым екі мазмұн-мәнді білдіреді. *Ғаламның тілдік бейнесі* термині философия мен логика аспектісінде Л.Витгенштейннің ұсынуымен қолданылған. Ал антропология, семиотика-лингвистикаға оны енгізген Л.Вайсгерберде ол «*ғаламның тілдік құрылуы*» (языковая мирозидание) –деп аталады [5, 445]. Ғаламның тілдік құрылуы – тілдегі әрекет етуге бағытталған *рухани қуат* түсініледі, онда тілдік бірлік арқылы ғаламның қайта құрылуы жүзеге асырылады. Т.А. Золотованың пікірінше «человек – центральная фигура языка и как лицо говорящее, и как главное действующее лицо мира, о котором он говорит» [6, 112]. Б.Қасым: «Әлем бейнесі – адамның өмір сүру салтын, ерекшелігін білдіретін концепцияның негізгі ұғымы. Әлем бейнесі адамзаттың тұрмыс-тіршілігін, оның әлеммен қарым-қатынасын, өмір сүрудің маңызды шарттарын білдіретін іргелі ұғымдардың қатарына жатады. Әлем бейнесі – әлем (дүние) туралы тұтас образ.

*Әлем бейнесі мынадай функцияларды атқарады:*

- ◆ *әртүрлі субъекті мен объектілердің табиғи және жасанды процестері мен қалыптары, қатынастары, жағдаяттарына т.б. атау беру функциясы;*
- ◆ *тілден тыс шындықтардың нәтижесін категориялау;*

- ◆ тілден тыс шындықтар бағыты (ориентация) функциясы;
- ◆ субъекті мен объектілердің белгілі мәдениеттерін т.б. сәйкестендіру (идентификации) функциясы т.б.

Сонымен *әлем бейнесі* шындықты туралы *білімді жинақтап ретке келтіру. Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі* – тілде (барлық деңгейде) *дүниені тану, әлем моделі*, сол ұлтқа тән ұлттық ерекшелікті бейнелейтін бірліктердегі көрініс тәсілі:

1) *ұғымдық компонент*; 2) *құрастырушы мәндер*, 3) *бейнелі*; 4) *мәдени-менталды*; 5) *тілдік*» - әлем бейнесінің негізгі компоненттері мен ерекшеліктерін көрсетеді [7, 111-117].

Л.Вайсгербер теориясының негізін *тілдік мазмұн* құрайды. Яғни, ғаламның тілдік бейнесіне бейнелер емес, бейнеленгендер енеді. Ол – адам баласы жинаған тәжірибесінің жемісі. В. фон Гумбольдтың тілдік әлемді қабылдау концептісін Л.Вайсгербер екіге ажыратып қарастырады: 1. *Аралық әлем* және *ғаламның тілдік бейнесі* (тіл құралдарымен ғаламды құрау). *Аралық әлем* Вайсгербердің пікірінше, адамда шындықтың қабылдануын анықтайтын тілдік әрекеттің статистік (сандық) өлшемін көрсетеді. Аралық – ол ғаламды танушы *субъекті* мен *шындық нысан (объект)* арасында болады. Бұл тұжырым *аралық әлем* категориясы когнитивтік ғылым мен жасанды интеллектінің маңызды ұғымы *ғалам моделі* немесе *когнитивтік моделмен* тікелей қатысты. Ғалам моделі *концептуалды* мәнге ие. Оған сол немесе басқа формада (фрейм, сценарий, семантикалық өріс, т.б.) субъектінің шындық болмыс туралы түсініктері, нақты деректер, оқиғалар туралы концептуалды білімі тіркеледі [5, 457]. Ғалам бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі және адам санасының арақатынас моделі. Ғаламның тілдік бейнесінің танымдық, логикалық мәнін түсінуге, сонымен қатар әлемнің тілдік бейнесі тақырыбы Е.С. Кубрякова, В.А.Маслова, Е.С. Яковлевалардың еңбектерінде лингвомәдениеттанымдық сипатта қарастырылады. Осы тақырыпқа арналған: Ю. Степанов, Ю.Н. Караулов, Н.Д. Арутюнова, В.Н.Телияның т.б. тілшілердің теориялық еңбектерде ғаламның тілдік бейнесінің түрлі белгілері көрсетіледі. Олар бұл мәселені қарастыруда тіл мен мәдениет негізіне сүйенеді. Ғылыми тұжырымдарына арқау болған мәдениет пен тіл арасындағы байланыстың негізі туралы теориялар Э.Сепир мен Уорфтың лингвистикалық ықтималдық теориясының негізін танытқан «этнос дүниетанымындағы ерекшеліктің ізі халық тілінде сақталады» деген қағидамен астасып жатқандығы заңды. И.В. Черемисинаның жіктеуінше ғаламның тілдік бейнесі *әмбебап және идиоэтникалық* ғалам бейнесі деп бөлінеді [8]. Ғалам бейнесін жасауда тілдің орны ерекше. Ол адам табиғатының тереңінен шығады, тұтас алғанда тіл – шығармашылық көрініс. Халық тілдің қалай жасалғанын білмей-ақ, санасыз қолданғанмен, өз қажетіне пайдалануда әр тілді тұтынушы өз керегін талғап, таңдап іске жаратады. Ғаламның тілдік бейнесінің (*әлемнің ұлттық тілдік бейнесі*) идиоэтникалық сипатын ашу үшін рухани мазмұн болмысын, нақты тілде бекітілген ғаламға ерекше ұжымдық көзқарасты, алғашқы атаудың қисынды байланысын тану қажет, яғни тілдік мазмұндағы шындықты ерекше этникалық таныммен көру керек. Тілдік мазмұнды игеру, тілдік белгілер мәнін игеру емес, ғаламды көрудің ұлттық тұрғыдан меңгерілуі және тілдік жүйенің қызмет етуінің негізіндегі терең когнитивтік категорияларды меңгеру тұспалданады. *Тілдік мазмұн* бір негізден екінші негізге өтудің әрі өзегі, әрі аралық қозғаушы күші, қуаты ретінде когнитивтік негізде ерекше мазмұнға ие, соған қызмет етеді. Мұндағы *мағына* бір сөздің беретін ұғым, түсінігі емес, күрделі семантикалық бірлік. Ол тілдік бірліктердің қандайын болса да (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, дискурс) белгілей алатын, семантикалық өріс ретінде де көрініс беретін *мағына*. Онсыз ол концепт деңгейінеяғни когнитивті мазмұнға көтеріле алмайды. Мағыналардың бірлігі, байланысы, барлық қасиет-бітімі өзара арақатынас деңгейінің белгілі деңгейінде концептіні ұйымдастырады, *мағына (семантика)* өзегін прототип құрайды. Яғни (ішкі мазмұн – *ішкі форма* (өзек) концептке қатысты түсіндірілуі керек.

Г.Г.Гиздатов прототипті-типтік бейне, ал концепті объект туралы білім, ойлау бірлігі ретінде түсіндіреді, сызба үлгісін былай береді: [9, 17]. **Прототип** → мағынаны жасауға негіз болса, мағына → концепт құруға негіз. Мұнда *ішкі форма*, не *тілдік мазмұн-өзек (ядро) прототип* → *мағына* → *концепт* жасалуының әрі өзегі, әрі аралық байланыстырушы екені байқалады, сол сияқты оның имплициттілігінен хабар береді.

**Сөйлеу етістіктерінің ассоциативтік өріс құруы.** Концептік талдаудың басты мақсаты – ғалам туралы білім моделін құру және ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру. Әр халықтың өмір тәжіребесінің күрделілігіне, қалай, нені басынан өткергеніне қарай тілдік білімі де өзгеріске түсіп отырады. Ассоциация адамның жеке, субъективтік тәжіребесіне негізделген құбылыстар мен объектілер арасындағы байланыс. Оның ерекшелігі, біріншіден, адамзат тәжіребесіне сай құрылғанмен дербес ойлаудың сәттік көрінісі болуы. Ассоциация белгілі бір ұлт өкілінің сол ұлтқа тән болмысын да, субъективті және ситуациялық білім мазмұнын да, әлеуметтік құбылыс әсерін де белгілер мүмкіндік береді.

**Тәжірибе мен нәтиже. Сөйлеу етістіктері.** Негізгі түбір етістіктердің семантикалық құрылымы арнайы талдауды қажет ететін топ. Олар негізінен бір және екі буынды болып келеді. Оған негізінен төмендегі етістік терді жат қызуға болады. Мәселен, Е.Қажыбеков «Глагольно-именная корреляция галгольных корней в тюркских языках» еңбегінде түбір сөздердегі синкретизм мәселесін қарастырып, түркі тілдеріне ортақ *\*ajt/at* – *говорить, называть* ↔ *зов, клич, призыв, имя; til* – *говорить* ↔ *язык* т.б. бір буынды түбір сөздерді түркологиялық аспектіде тарихи-салыстырмалы әдіспен зерттеген. Тілші бұл түбірлердің түркі тілдеріне ортақ құбылыс екенін, сонымен қатар жалпы алтайлық синкреттік түбірлерді бөліп қараған [10, 129]. Е.З.Қажыбеков бір буынды түбір сөздердің көбінің құрамы мен мағынасында болған өзгерістерді жазба ескерткіштер тілімен, қазіргі түркі тілдерімен, сөз құрамында сақталған өлі түбірлермен салыстыра отырып дәлелдеген.

**Бәс-, де-, айт-**

Мысалы, Білімділер сөз *айтса*, Бәйгі атындай *аңқылдап*, Өзгелер басын изейді, Әрине деп *мақұлдап*... Ақсақал шығар бір шеттен: Малыңды әрі *қайтар деп*, Малшыларға *қаңқылдап* (Абай, 1, 71-б.).

**«Сөйлеу» процесін білдіретін эмоционалды сөздер.** Сөздің құдіреті зор: ол ойды білдіруде қолданатын құрал болып табылады. Өзгелермен қарым-қатынас жасау барысында сөйлеуге, сөзге байланысты әр алуан етістіктерді қолдануға мүмкіндік бар. Бұлар – қазақ тілінің сөздік қорының бай екендігінің айқын куәсі. «Речевое действие как объект и предмет когнитивного моделирования» – видение феноменологии речевого действия как объяснительной силы для постижения когнитивных сторон моделирования языковой картины мира, языкового сознания...» [11, 205]. Алайда әрбір сөз қолданыстың өзіндік орны, өзіндік ерекшеліктері болады. Берілген сөздердің барлығы сөйлеудің, сөздің, жалпы дыбыс шығарудың айналасындағы етістіктер. Бірақ олардың атқаратын қызметтері мен қолданылатын орындары бар, сонымен қатар мағыналық-семантикалық тұрғыдан біршама айырмашылықтарды көрінеді. Мәселен, *айғайла* мен *сыбырла* – мүлдем қарама-қарсы ұғымдар сияқты көрінеді, дегенмен ол да сөйлеудің семалары. Ал *мылжыңда*, *лепір*, *міңгірле* сияқты етістіктер арасындағы байланыстың алшақ еместігін байқалады. Мағыналары контексте, яғни мәтінде көрінеді. Әрбір сөз (сөйлеу) ұғымды жинақтап қорытады. Сөздің мағынасының кеңдігі, қолданылу өрістігілігі алуан түрлі. Етістікті семантикалық сипаты жағынан қарастырғанда, олардың қайсысы болсын, ең алдымен, мағына жағынан қимылды, амалды, әрекетті, істі, күйді т.б. іс-әрекетті білдіреді. Әлем, мәдениет, адам туралы тілдік білімді қандай да бір әдіспен интерпретацияласа да сөздің негізі **сатылы деңгейлерде** өзіндік ерекшелігін сақтайды:


5. КОНЦЕПТУАЛДАНУ
4. ТҮСІНДІРУ
3. СӘЙКЕСТЕНДІРУ

## 2. ЖҮЙЕЛЕУ

### 1. БЕКІТУ (ФИКСАЦИЯ)

#### Сөйлеу әрекетінің жүйелік негіздері

Сызба, 1



Қарым-қатынастың орнауы, оның прагматикалық аспектісі тыңдаушының қабылдап, түсінуімен байланысты. Тілдің ықпал ету күшін анықтайтын – тыңдаушының әрекеті. Бұл – сөйлеушілер арасында қабылданған, қарым-қатынас жасаудың қалыптасқан сөйлеу нормалары болуымен байланысты. **Сөйлеу әрекеті**, адамдар арасындағы қарым-қатынас белгілі бір жағдайларда – мекен, уақыт кесіндісі – сөйлеу жағдаятында орын алады... сөйлеу жағдаяты сөйлеуші мақсаты арқылы тілдесім мазмұнында қамтылады. Оның – объективті шындықтың – сөйлем пропозициясында берілуі сөйлеуші мен тыңдаушының ортақ білім қорына, өзара қарым-қатынасына, сөйлеу мақсатының түріне тәуелді.

**Сөйлеу етістіктері.** Басқа семантикалық топтардағы етістіктер сияқты сөйлеуге қатысты етістіктер де мағына сабақтастығы бар етістіктің мағыналық жүйесінен үлкен орын алады. Семантика тұрғысынан: айту, сөйлеу, деу, әңгімелесу, кеңесу, тілдесу, шақыру, мұңдалау, дауыстау т.б. етістіктер сөйлеуге қатысты етістіктер тобына жатады. Сөйлеу етістігінің құрамына енген етістіктердің барлығы да белгілі бір ақпараты екінші біреуге жеткізу мағынасымен байланысты айтылады, яғни сөйлеумен байланысты қимылды білдіретін сөздер өзара мәндес болып қолданылады. Бұл барлық түркі және қазақ тілдерінде кеңінен қолданылатын, өзіндік мағынасымен ерекшеленетін топ. Сөйлеуге қатысты етістіктер өзінің семантикасымен жалпы етістіктерден бөлектеніп, ерекшеленіп, бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді:

Сөйлеуге етістіктері туралы айтылған пікірлер, ғылыми еңбектер, семантикасына қарай топтау өзге топтарға қарағанда көбірек зерттелінген. Мәселен, Н.К. Дмитриев, Н.З. Гаджиева, А.А. Коклянова. Г. Кулиев, Ә. Әбілқажықтар зерттеу объектісі етіп, арнай қарастырып, зерттеген. Бұл авторлар сөйлеу етістігіне жататын сөздері этимологиясымен және түркі тілдерінің қайсысында сөйлеу етістігінің қайсысы кездесетіндігін олардың қолданылуын, оның өзіндік ерекшелігін, семантикасын ашып бергені белгілі.

Белгілі түркітанушылар Н.К.Дмитриев [12, 132-201], Н.А.Баскаков етістіктің лексика-семантикалық топтарын анықтап, олардың сөзжасам үдерісіндегі қызметін сипаттады [13, 352-387].

Сөйлеу етістіктерінің орыс тіл білімінде, түркітануда, сонымен қатар ғалымдардың назарында болды. Түркітануда етістіктердің мағыналық жіктелуі жайлы бастапқы сипаттама мағлұмат берген Н.К. Дмитриев башқұрт тіліндегі етістіктерді төрт мағыналық топқа бөледі: *қозғалу, іс-әрекет, сөйлеу және ойлау* етістіктері [12].

Н.З. Гаджиева мен А.А. Коклянова [14] өз еңбектерінде сөйлеуге қатысты синонимдес етістіктерін екі кішілеу топқа бөлген. Авторлар бірінші топқа таза сөйлеуге жататын түбір етістіктерді жатқызған. Ондай етістіктер көп емес, санаулы ғана, олар: *айт, де, сөйле*.

М.Д.Чертыкова: «Рассмотрение семантических особенностей и системных отношений в лексике целесообразнее вести на примере глагола, что обусловлено его сложностью, значимостью, центральной ролью в предложении и тексте. Лексика представляется сложной структурно- организованной системой, многосторонним и в то же время целостным объектом, проявляющимся в форме таких лексических объединений, как поле, лексико-семантическая группа» - дей келе, «Человеческая речь представляет собой психолингвистический процесс, форму существования человеческого языка. Речевыми средствами субъект передает свои мысли, эмоции, восприятие окружающей действительности. ...Они обозначают важную сторону человеческой деятельности – речевой акт, характеризуя его разные аспекты» деп тұжырымдайды [15, 249]. Екінші топқа сөйлеу әрекетінде дифференцияланған етістіктерді жатқызған. Бұл топқа жататын етістіктер көбірек және көпшілігі актив қолданылады. Мұның тағы бір ерекшелігі таза сөйлеу актісін білдіруінде, сол сияқты біреуі – актив, екінші –пассив қолданылады. Мысалы: *айту, сөйлеу, деу* етістіктеріне қарағанда жиі актив қолданылады. Мұндай ерешелік бұлардың басқа сөздермен тіркесімділіктен (валентность) байқалады. Осыған орай, *айту, сөйлеу* ой-пікір білдірумен қатар, өзіне қатысты зат есім сөздердің басым көпшілігімен тіркесіп жұмсалынады. Яғни *сәлем айтты, өтірік айтты, рахмет айтты, ақыл айтты, көңіл айтты, әңгіме айтты, айтып беру, сөз айтты* т.б. құранды етістік (составной глагол) тудырғанда белгілі бір ойды білдіре сөйлейді. *Сөйлеу* етістігінің өзге сөздермен тіркесімділік қабілеті аз, яғни сөйлеу етістігі бұлардың кез сөзбен тіркесе бермейді. *Әңгіме сөйле, ақыл сөйле* деп қолданыста кездеспейді. Ал, *сөз* дегенмен тіркесіп *сөз сөйлейді* сияқты күрделі құрылымда тудырып, баяндаудың қалпын білдіреді. Бұдан *айту – сөйлеу – деу* етістіктері семантикасы жағынан жақын өзара мәнделес, бірақ бірінің орнына бірі дәлме-дәл келмейтін, бірінің қызметін екіншісі үнемі атқара алмайтындығы мәлім. Оны осы сөздердің басқа сөздермен тіркесу қабілетінен актив, я пассив қолданылуынан аңғарылады.

*Айт*= етістігі тыңдаушы адамның нақты болу, болмауына байланысты болмай-ақ қолданылатын болса, *сөйле* етістігі әрі айтушының, әрі тыңдаушының нақты болуын талап етеді. Мысалы, *Сабырға айт* дегенде сөйлеу кезінде Сабырдың сол жерде болуы шарт емес, ал *Сабырға сөйледі* дегенде Сабыр сол жеде болуы шарт.

*Сөйле*= етістігі жеке адамға да, көпшілік қауымға *айт*- етістігі көпшілікке *хабарлау* информациясын белгілі бір стильдік талапқа байланысты береді. *Айт*= бірде *сөйле*= етістігінің беретін мағынасындай, ұзақ сөйлеу процесін де көрсетеді. Мәселен, *айтып бер, айтып отыр, айтып тұр* т.б. Сонымен қатар, *хабар беру, мәлімдеу, ескерту, жариялау* мағыналарын да білдіретіні аян. Мағынасы мен қолданылуы жағынан өте жақын мәнделес етістіктің тағы біреуі «сөйлеу» етістігі. Бұл түркі тілдерінің бәрінде қолданылады. Мәселен, «*сөйлеп кетті*» деген күрделі құрылым, қанша сөйлегені белгісіз, бірақ ондағы ұзақ процесті, тез қимыл әрекеттің бар екендігін көрсетеді. Ал, «*әңгімелесу, тілдесу, айтысу, тіл қатысу*», сөйлесу мағынасында екі кісінің не одан да көп адамның сөйлесуін білдіретін, негізгі түбірлерден өрбіген етістіктер.

Кесте -1

Семантикалық өріс	Мағыналар
<i>сөйле</i> =	Ойды ауызша түрде сөзбен баяндау, айту.



<b>сөйлестір</b>	этно. Қыз жеңгелерінің күйеу жігітті қалыңдықпен кездестіріп, сөйлестіріп алатын сыйы.
<b>бажылда</b>	1. Баж-баж ету, бажалақ қағу. <i>Бажылдаған ащы дауыс.</i> 2. Бажылдап, быжылдап қайнау. <i>Бажылдап сар самаурын келді.</i>
<b>баж-баж: баж-баж етті</b>	а) Бажылдап, шырылдасып ұрысты; ә) шабаланып үрді.
<b>бажалақта</b>	Баж-баж ету, бажылдау. <i>Кемпір бажалақтап, бірдеңелерді айтты.</i>
<b>бажалаң қақты</b>	Бажалаңдады, бажылдады.
<b>былдырақта</b>	Түсінікті айтпай <u>былдырлау</u> , шүлдірлеу. <i>Шала білген орысшаммен <u>былдырақтадым</u> (С.Мұқанов).</i>
<b>шүлдірле</b>	<u>былдырлау</u> , <u>былдыр-былдыр</u> сөйлеу. <i>Не деп шүлдірлеп кеттің (Д.Әбілев).</i>
<b>шәлдірле</b>	Бытпырақтау, <u>былдырлау</u> . <i>Ол саңылаусыз сақаулардың әдетімен шәлдірлеп сөйлей береді (Қ.Жұмаділов).</i>
<b>ызыңда</b>	Ызыңдаған дыбыс шығару, ызылдау. <i>Ара <u>ызыңдап</u> терезенің шынысына маңдайын қайта-қайта сарт-сұрт соғады (Бабақов).</i>
<b>жекi</b>	Біреуге қатты зеку, ұрысу. <i>Әлдекімге жекіп ұрысты.</i>
<b>жекiр</b>	Біреуге дауыс көтере қаттырақ ұрысу, зеку. <i>Әкесі баласына <u>жекiре</u> ұрысты.</i>
<b>айғайла</b>	Дауыстап қатты үн шығару, айқай салу.
<b>айғайлап-үйғайлап</b>	Улап-шулап, дабырлап.
<b>сыбырла</b>	Басқаға естіртпей ақырын айту.
<b>қаңқ-қаңқ: қаңқ-қаңқ етті</b>	қаңқылдаған дыбыс шығарды, қаңқылдады.
<b>аңқылда</b>	1. Ит пен құстың қаңқ-қаңқ еткен дыбыс шығаруы. <i>Ит <u>қаңқылдап</u> қалды.</i> 2. Ауыс. Қазымыр адамның көп сөйлеп, мазаны алуы. <i>Қаңқылдамай тыныш отыршы.</i>
<b>зарла-</b>	1. Сарнау, қақсау, зар илеу. <i>Күні, түні <u>зарлады</u>. Кең сарайға бармады (Ер Сайын).</i> 2. Мұң-шерін айтып жылау; зар еңіреу. <i>Қара бұлт жауып айымды, Жылаймын, күйем, <u>зарлаймын</u> (Мағжан).</i>
<b>мыжыңда, міңгірле</b>	Бір нәрсені естілер-естілмес етіп күбірлеу, анық айтпау, міңгір-міңгір ету. <i>Әлденені айтып <u>міңгірледі</u>.</i>
<b>лепір</b>	1. Күпсіну, бөсу, есу. <i>Ол ерлігін айтып, <u>лепіріп</u> отыр.</i> 2. ауыс. Алып-ұшқан, асқан-тасқан. <i>Оның <u>лепірген</u> көңілі су сепкендей басыла қалды.</i>

Бейнелі сөздер жалпы семантикасы жағынан еліктеуіш сөздер мен эмоционалды-экспрессивті лексикаға ұқсас. Бейнелі етістіктер өз мағынасында әртүрлі өзгерістер болатыны сияқты, бұлар семантикалық жақтан да өзгертіп, түрленіп тұрады. Сол өзгеріп, түрленуден сөздің мағынасы да өзгереді. Етістіктер іс-әрекетті, қимылды әдеттегіше бейтарап түрде білдірумен қатар, сол қимылдың әсерлігін қоса-қабат білдіретін де лексемалар бар. Яғни сөздің бастапқы мағынасымен қатар болымсыздық болса да,

қосымша мағынаға ие болады. **Сөзді бейнелі** ететін осы қосымша мағына. Сөз бейнелілігі оның тек экспрессивтілігін ғана емес, сонымен қатар *суреттілік, әдемілікжәне көріктілік қасиеті* бар. Мысалы: *өкіру - боздау, көку - мылжыңдау, түксию, күңкүлдеу - мыңқылдау - міңгірлеу, бақыру - бажылдау - ойбайлау - аттаңдау - айқайлау - шыңғырлау, сұлқылдау - жарқылдау - жымыңдау - ыржақтау, қылмыңдау, қайқақтау, шайқақтау, аңқию, қыңқылдау, тарсылдау, гүрсілдеу* т.б. Белгілі бір ойды бейнелі түрде айтып беруде сөздерді ауыспалы, келтірінді мағынада қолдана білудің мәні зор. **Бейнелік** – тілдегі мәнерлеу, көркемдеу тәсілдерінің көмегімен жасалған белгілі бір заттың, құбылыстың санадағы әсерлі, бейнелі көрінісі. Семантикасы жағынан жақын, бірақ эмоционалдық бояу дәрежесімен ерекшеленетін сөйлеуге қатысты синонимдес етістіктері де бар. Мысалы: «*Күмілжу- міңгірлеу- мыңқылдау-, мылжу-танту-көку-оттау-былшылдау*» т.б. сөздер сөйлеу етістігіне жататын семантикалық өрістер. «*Күмілжу-міңгірлеу-мыңқылдау*» - деген етістіктердің жалпы мағынасы естілер – естілмес түрде, ақырын дыбысты бәсеңдетіп, сөйлеуді білдірсе, ал, бұлар жеке-жеке *күмілжі-күбірлеу* дауысты бәсеңдетіп сөйлеуді, *міңгірлеуді, міңгірлеу-* мұрыннан сөйлеп *күмілжіді, мыңқылдауды, мыңқылдау-* анық я ашық айтпай, мұрыннан сөйлеп *міңгірлеуді* білдіреді. Мұндағы «*күмілжу-* бейтарап сөз болса, ал «*міңгірлеу, мыңқылдау*» етістіктері эмоционалдық жағымсыз мәні бар образды сөздер. «*Айту, сөйлеу*» қарапайым сөздің әдеби баламасы да, олардың семантикалық өрісі «*мылжыңдау, танту, көку, оттау*» т.б. сөйлеу етістіктер. Бұл етістіктерді экспрессивті-эмоционалды реңк беретін «*күмілжу, міңгерлеу, күңкілдеу*», «*айту*», «*сөйлеу*» семантикасы арқылы ойды дәл жеткізіп, мазмұнды дамыта түседі. Бұдан сөйлеу етістіктері көпшілік түркі тілдерінде, ертеден кең түрінде қолданылып келген мағыналық, семантикалық мәні бар, когнитивтік тұрғыдан шешуді қажет ететін етістіктер тобыдеп аутуға болады.

**Қорытынды.** Ұлттық болмыстың басты ерекшелігі етістікті лексиканының тілдік жүйедегі орны оның жасалуына негізгі тірек ретінде қолданылатын түбірлердің қызметімен айқындалды. Ұлттық дүниетаным құндылықтарын жинақтаушы тірек ұғымдар: **сөйле-** етістігінен көрінеді. Олар:

1. *Сөйлеу етістіктері өзінің мағыналық құрылымының күрделімен, лексика-семантикалық көпқырлығымен, функционалдық қызмет байлығымен басқа етістерден ерекшеленеді.*

2. Түркі тілдеріне ортақ етістікті түбір сөздік қордың негізі саналады.

3. Етістіктердің бейнелілігі: оқиғаны не әрекетті сөзбен әсерлі, бейнелі беру. Бейнелі етістіктер ассоциациялық байланыстар орнату арқылы көзге елестету, адамның сезім дүниесіне әсер ете отырып, жеткізу қазақ ұлтына тән ойлау моделінің негізгі ереушелігі болып табылады [16].

4. *Етістіктің семантикасын саралауда ғылыми тұжырымдар сөйлеу етістігінің семантикалық құрылымын ашуға, одан тараған сөзжасамдық түбірлес сөздердің өрісін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл етістік семантикасына байланысты халықтың таным-түсінігі арқылы ұлттың дүниетаным ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді.*

5. Етістік мазмұнында ұлттық менталитетке тән ерекше ойлау модельдерін жеткізетін тілдік бірліктер қолданатын аясына қарай семантикалық топқа байланысты.

Сөйлеу етістігінің **когнитивті моделі** – адам танымында шынайы өмірде орын алған әрекет *белгі-таңба* ретінде *сақталады*. Ол – орын алған, нақты үдеріс. Адам танымы орын алған үдерісті *таниды*. Оны өзінде бар ақпараттармен *идентификациялайды* (сәйкестендіру). Келесіде адам танымы оны өзінде бар ақпараттармен *салыстырады, әрекетті* ұлттық құндылықтар тұрғысынан *бағалайды* (жақсы, жаман). Сөйлеу етістігінің семантикалық өрісі мен коммуникациядағы қызметін адам танымындағы когнитивті процестермен байланысты түсіндіру, оның ішкі жүйесіндегі сөзжасамдық үдерістерді реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Баласағұн Ж. Құтты білік. Рухнама – Павлодар: ЭКО, 2003. – 208 б.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учеб.пособие. 3-изд. – Минск: ТетраСистемс, 2008. – 272 с.
3. Карасик В.И. Языковая матрица культуры. – М.: Гнозис, 2013. – 320 с.
4. Беляевская Е.Г. К проблеме моделирования полисемии (межъязыковые соответствия как основание изучения принципов формирования семантической структуры слова) // Вестник Московского государственного лингвистического университета. 2008. № 544. – 14-22 с.
5. Вайсгербер Йохан Лео. Родной язык и формирование духа / Пер. с нем., вступ. ст. и коммент. О.А. Радченко. Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 232 с. (История лингвофилософской мысли).
6. Золотова Т.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. – М.: Наука, 1982. – 368 с.
7. Қасым Б., Мамадиярова Н. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық сипаты. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы. Филология ғылымдары сериясы, №2 (68) 2019. Ғылыми журнал. – Алматы, 2019. – 111-117 б.
8. Черемисина Н.В. Языковые картины мира и их семантическое взаимодействие в художественном тексте // Материалы Международной научно-практ. конф. – М.: МГПУ, 2002. – 12-23 с.
9. Гиздатов Г. Когнитивные модели в речевой деятельности. – Алматы: Ғылым, 1997. – 176 с.
10. Кажибеков Е. Глагольно-именная корреляция галгольных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 272 с.
11. Антонова С.М. Глаголы говорения – динамическая модель языковой картины мира: опыт когнитивной интерпретации. Монография. – Гродно: ГрГУ, 2003. – 519 с.
12. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка / Н. К. Дмитриев. – М., Л., Баку: Изд-во АН Азербайджанской Республики, 1998. – 364 с.
13. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. – М.: Изд-во АН СССР, 1952. – ч. II. – 544 с.
14. Гаджиева Н.З., Коклянова А.А. Глаголы речи в тюркских языках. // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – 322-460 с.
15. Чертыкова М.Д. Глаголы со значением психической деятельности в хакасском языке (системно-семантический аспект): Рукопись дисс. ... док. филол. наук. – Абакан, 2016. – 500 с
16. Қасым Б.Қ. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (Зерттеулер). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 383 б.

МРНТИ 16.21.47

Б.Қасым<sup>1</sup>, Н.Б.Мамадиярова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕНТАЛДІ ЛЕКСИКАНЫҢ ФРЕЙМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ**

Аңдатпа

Мақалада психикалық мағынаны білдіретін семантикалық сипат қарастырылады, психикалық лексемалар аз және тармақталған семантикалық жақтау құрылымымен және екіұштылықпен сипатталады. Тілдің лексикалық жүйесіндегі семантикалық эволюция процестері дүниетанымнан, халықтың рухани және мәдени тәжірибесінен туындайды және ұлттың танымдық және дискурсивті іс-әрекеттерінен туындайды. Етістік әлем объектілерінің белгілері мен қатынастарын сипаттайтын сөйлеудің ең кең және күрделі бөлігі ретінде қарастырылады. Тілдің, ойлаудың және нақтылықтың жан-жақты өзара әрекеттесуі адамның танымдық және коммуникативті қызметіне байланысты барлық білімді жүйелендіруге мүмкіндік беретін және етістік бірліктердің семантикасына енуге мүмкіндік беретін етістік жүйесін сипаттауға функционалды-семантикалық тәсілмен қамтамасыз етіледі. Түркі тілдеріндегі және қазақ тіліндегі психикалық етістіктер концептуалды және бейнелік компоненттерден тұратын күрделі семантикалық құрылымға ие, олардың жүзеге асырылуы адамның психикалық және эмоционалдық қызметінің бөліктерін сипаттауға арналған модельдерді бейнелейді.

**Түйін сөздер:** Етістік, мағына, сөздің семантикалық құрылымы, лексикалық-семантикалық топ.

*Б.Касым<sup>1</sup>, Н.Б.Мамадиярова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

## **ФРЕЙМОВАЯ СТРУКТУРА МЕНТАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

### *Аннотация*

В статье рассматриваются о семантической природе, выражающие ментальные значения, ментальные лексемы малочисленны и характеризуются разветвлённой семантической фреймой структурой и многозначностью. Процессы семантической эволюции в лексической системе языка исходят от мировоззренческого, духовнокультурного опыта народа и обусловлены когнитивной и дискурсивной деятельностью нации. Глагол, как на самую обширную и сложную часть речи, которая характеризует признаки и отношения объектов мира. Многогранное взаимодействие языка, мышления и действительности обеспечивается функционально-семантическим подходом к описанию глагольной системы, которая дает возможность систематизации всех типов знаний, связанных с познавательной и коммуникативной деятельностью человека и заложенных в семантике глагольных единиц. Ментальные глаголы (номинации) в тюркских языках и в казахском языке имеют сложную семантическую структуру, содержащую понятийные и образные компоненты, реализация которых отражает модели описания фрагментов мыслительной и эмоциональной деятельности человека.

**Ключевые слова.** Глагол, значение, внутренняя слова, смысловое строение слова, лексико-семантическая группа, ментальные глаголы.

*B. Kasym<sup>1</sup>, N.B.Mamadiyarova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Abay Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan*

## **FRAME STRUCTURE OF MENTAL VOCABULARY OF THE KAZAKH LANGUAGE**

### *Abstract*

The article discusses the semantic nature, expressing mental values, mental lexemes are few in number and are characterized by an extensive semantic structure and ambiguity. The

processes of semantic evolution in the lexical system of language come from the ideological, spiritual and cultural experience of the people and are due to the cognitive and discursive activities of the nation. Verb, as the most extensive and complex part of speech, which characterizes the signs and attitudes of the objects of the world. The multifaceted interaction of language, thinking and reality is provided by the functional-semantic approach to the description of the verbal system, which enables the systematization of all types of knowledge related to the cognitive and communicative human activity and embedded in the semantics of the verbal units. Mental verbs (nominations) in the Turkic languages and in the Kazakh language have a complex semantic structure containing conceptual and figurative components, the implementation of which reflects models describing fragments of human mental and emotional activity.

**Keywords.** verb, meaning, inner words, semantic structure of a word, lexico-semantic group, mental verbs.

**Кіріспе.** *Фрейм* терминін енгізген М.Минский: «Фрейм – стереотипті ситуацияларды елестетуге арналған құрылым. Әр фрейм арқылы әртүрлі ақпарат асоциацияланады»- деп көрсетеді [11, 7]. Тілші фреймнің екі түрін қарастырады, қазір ол тілдік қолданыста *статикалық* (фреймдер) және *динамикалық* (сценарийлер) аталады. Фреймнің кез келген түрі – кіші нысанның қажетті құрылымдық ақпараттарын айқындайды. Алайда негізінен интеллектуалдық жүйеде көптеген қасиеттік ерекшелік сандық өлшемдері ғана емес, *символдық ақпараттар* қызмет атқарады (көру бейнесі). Бұл жерде тәжірибелік немесе адамзаттың феноменалды тиімді ойлау жүйесімен түсіндіруге болады. Негізі құрылымдық бірліктердің іргетасындағы үдерістері үшін *қабылдау, ақпаратты сақтау, ойлау* және тілдесімдегі нақты тілдік құрылымды болжайды.

Адамдардың ойлау әрекеттері арқылы когнитивтік модель қалыптасады. Адамның санасында бір сөз немесе құбылыс атауы мазмұнының қалыптасу дәрежесі осы **когнитивтік модельде** көрінеді. Демек тіл мазмұнының қалыптасуы деу түсіну керек. Когнитивтік модельді тіл мазмұнының кодталған ақпараттарды құрайтын таңбалар мен бірліктер жасайды. **Когнитивтік модельді** санада ұйымдастыратын бірліктер мен таңбаларға жататындар: **ассоциация, стереотип, символ, бейне**. Ассоциация адамдардың бұрыннан келе жатқан тәжірибелері мен жаңа қабылдаған ұғымдарының арасындағы байланыс негізінде қалыптасады. Фреймдер ақпараттар жинақталған *ұяшықтардан* құрылады. Олар белгілі тәртіппен сатылы орналасады. Жоғарғы сатыдағы ұяшық ақпараттары адамның сенсорлы мүшелері арқылы оңай қабылданады. Бұл нысандардың сыртқы *пішіні, түрі, көлемі, дәмі* т.б. ақпараттар болуы мүмкін. Ортаңғы ұяшықтарда қажеттілікке қарай таңдалатын ақпараттар сақталады. Ал төменгі сатыда қабылдауда бірден көріне қоймайтын нысандар туралы энциклопедиялық біліммен байланысты ақпараттар жинақталады. Әр фрейм көлемді де, *күрделі құрылым* болып табылады. Лингвистикада фрейм тілдегі әртүрлі стереотипті жағдай туралы білімнің берілуін түсіндіруге қолданылады. Сонымен қатар, әр тілдік таңбаның белгілі бір нысан туралы білім қорын беруіне байланысты оларды фрейм ретінде қарастыруға негіз болады. Туынды сөздердің қалыптасуы мен семантиканың дамуына, семантикалық өріс құруында фреймдік құрылымның қызметі зор және ойлау, ассоциация процестерімен тікелей байланысты. Тілде әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Сөз лексикалық қорда сақталып, сөйлеу үдерісінде тек ұғымдық таңба ретінде қолданылып қоймай, сонымен қатар өзінде тұрақты сақталған ассоциациялық ойлау жүгін де ала жүреді. Сондықтан да сөздің түрлі мағыналық өзгеріске түсуі басқа ұғыммен сәйкестенуі, көпмағыналықтың, ауыспалы мағыналардың пайда болуы осы заңдылықтармен тікелей байланысты. Сол сияқты метафоралану процесін суреттеуде лингвистикалық, экстралингвистикалық мәліметтерді бөле жара қарастырмауымен тиімді. Когнитивтік тұрғыда метафора екі фрейм арасында жүргізілетін

шартты әрекет ретінде танылады. Бірінші *негіз-фрейм*, метафораның сигнификативті дискрипторына сәйкес келеді, екінші *мақсат-фрейм* денотативті дискриптор деп алынады [15, 31]. *Негіз-фрейм* метафоралық үлгіге қажет таңбаны ұсынады. Таңба ұқсастық нәтижесінде *мақсат-фреймге* ауысады.

**Теория. Фреймдер** – бұл біздің әлем туралы түсініктердің ұйымдастырылған қоры. Кез келген санадағы ақпарат белгілі бір жүйе арқылы жадыда сақталады, яғни бұл ақпараттың жоғары белгілері, немесе төменгі белгілері болады. Сценарийлер өте мол ақпарат қалташаларын өз бойына жинақтайды. Бірақ адам бір мезетте сол ақпаратты түгелімен қажет етпейді, әр мәлімет өз қажетіне қарай мәліметтер базасынан алынып жоғарыға шығарылады. Яғни ұғымдар, өзге ұғымдарға негізделіп белгілі бір мақсатпен жасалынады. Бұл мақсат *номинативтік, экспрессивтік, прагматикалық* сипатта болуы мүмкін.

Ч.Филлмор фрейм туралы: «Тілдік жүйедегі категориялар мен атауларды, олардың лексика-грамматикалық көрсеткіштерін айқындау үшін фрейм терминін қолдана аламыз» деп көрсетеді [15, с. 36]. Аталымның жасалуын когнитивтік тұрғыда қарастыруда аталым жасауға негіз болып тұрған сөздерді *негіз-фрейм* деп алынады, метафоралардың нәтижесін *мақсат-фрейм* ретінде қабылданады. Туынды сөздерде кем дегенде екі фрейм арасында байланыс туындайды. Олардың *үлгі* (модель) құрай алуы да фреймдердің білім қорындағы ақпараттарына байланысты деуге болады. «Слова из языкового фрейма активизируют в сознании говорящего весь фрейм и ассоциируемую с ним схему; схемы могут быть использованы в качестве инструмента построения блоков для конструирования модели текста, то есть модели мира, совместимой с текстом» [15, 34]. Бұл пікірдегі ойды *аталым* (номинация) жасауда да қолданылған *таңбалар* (знак) - тілдік бірліктер білім қорын жинақтаған белгілі бір жүйе, құрылым ретінде адам санасында қажетті ақпараттарымен өзге аталымдардың жасалуына ұйытқы болады. Сондықтан, лексикалық бірліктерінде қолданылған сөздер *фреймдер* деп танылады.

Қазақ тіліндегі етістіктер семантикалық жағынан алуан түрлі ұғымды білдіріп, тілде қимылды, іс-әрекетті, процесті, әр-түрлі өзгеріс, құбылысты білдіретін сөздер болып табылады. Ы.Маманов «Етістік - қимылдың немесе қимыл түрінде өтетін түрлі процестердің атын білдіретін сөз табы: мағынасы жағынан басты ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөледі» [10, 35-36] деген анықтама береді де 8 топқа бөледі. Шын мәнінде, «етістік қимылдың атын емес, нақ өзін білдіреді, қимылдың атын етістіктің кейбір тұлғалары ғана (қимыл атауы немесе тұйық етістік) білдіреді. Етістіктің семантикалық өрісі кең. «Оның себебі,- дейді А.Ысқақов, - ол семантика тек субъектінің іс-әрекетін ғана емес, табиғат ауқымында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстракты ойы мен санасы арқасында туатын неше алуан амал, әрекет, іс-қимыл, қозғалыс, жай, күй, сияқты процестерге қатысты ұғымдарды түгел қамтиды. Етістіктің осы бай семантикасы, оның түр-түрі, қашан да болсын, мезгіл я шақ ұғымымен ұштас болады» [18, с. 233]. Етістіктерді іштей мағыналық, функциялық сипатына қарай бірнеше топтарға бөлуге болады. Мысалы: А.Ысқақов оларды: амал-әрекет етістіктері, қимыл-қозғалыс етістіктері (*ауна, аудар, жылжы*), қалып-сапа етістіктері (*жат, тұр*), ойлау-сөйлеу етістіктері (*айт, жатты*), өсу-өну етістіктері (*балала, гүлде*), бағыт-бағдар етістіктері (*бар, кет, әкет*), көру-есту етістіктері, мінез-құлық етістіктері деген сияқты топтарға бөлсе [18, с. 235] академиялық грамматикада:

1. Объектімен тікелей байланысты іс-әрекетті білдіретін етістіктер: (*же, іш, майла, жүр, көр, оқы*) т.б. сабақты етістіктер.
2. Субъект қозғалысын, беталыс, бағытын болатын етістіктер: (*кел, кет, тұс, шық, жина, тара, тарқа*).
3. Субъектінің қалпы, сапалық өзгеру процесімен байланысты айтылатын етістіктер: (*ұйықта, оян, азай, көбей*).

4. Бейнелеу етістіктері: (*едірей, жымы, ырсылда, қызараңда, сайра*)

5. Ішкі объектілі салт етістіктер: (*құлында, гүлде*), [6, 127-128].

**Нәтиже және талқылау.** Тілдік бірліктердің екі жағы болады. Бірі – *тұлғалық* (дыбыстық жамылғышы) жағы, екіншісі – *ішкі мазмұны, мағыналық* жағы. Сөз бен оның мағынасы бір нәрсенің екі жағы. Бұл екеуі бірінсіз бірі болмайтын, бір-бірімен тығыз байланыста. Бұл жерде жетекші, негізгі қызметті атқарады. Себебі мағынасыз – сөз, сөзсіз – мағына болмайды. Тіл білімінде сөздің мағыналық жағын – *семасиология* саласы зерттейді. Сөздің мағынасын, оның түрлерін, құрылымын, қалыптасу, даму заңдылықтарын, себептерін, сөз мағынасына анықтама беру тәсілдерін зерттейді.

**Зерттеу әдісі. Етістік мағынасының құрылымы.** Тіл білімінде «*эмоционалдылық* – (лат. *emovere* – еліктіру, толқыту) фр. *emotion* – қоршаған болмасқа деген адамның әртүрлі көңіл-күйі, сезімі, әсері [8, с. 432]. Эмоциялық өң берілген лексика ұнату мен ұялту, үрей мен қуаныш, масаттану мен жек көру, қорқыныш пен батылдық, сенім мен сенімсіздік, қайғы уайым, зарығу т.б. көптеген мағыналардың қолданылуы деп түсіндірсе, *экспрессивтілік* – тіл бірліктерінің семантикалық стилистикалық белгілерінің жинақталған түрі. Ол сөйлеп тұрған адамның сөз мазмұнына немесе ол сөз арналған *адресатқа* (адамға) деген өзіндік көзқарасы мен қатынасын көрсететін тілдік құрал ретінде қолданылады. Оның фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік құралдары бар. Осы құралдар арқылы сөз сөйлеушінің психикалық, эмоционалдылық күйін көрсете алатын қабілетке ие болады. *Эмоция* айтылған сөзді эмоционалды (сезімдік) *айшықты* (аффекті) сөз ретінде жеткізеді. Эмоция құралдарын фонетика, грамматика, лексикология, стилистика және семантика зерттейді [8, 432] деп көрсетілген.

Саха (якут) тілінің маманы Л.Н. Харитонов лексика-семантикалық табиғатына, грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктеріне орай, етістіктерді үш топқа саралаған: 1) қалып-күй етістіктері, 2) еліктеуіш етістіктер және 3) бейнелі етістіктер [16, с. 15]. Г.К. Кулиев өз еңбегінде азербайжан етістіктерді 12 топқа жіктесе [5]., С.А. Рзаев «Семантические разряды глагола в современном азербайджанском литературном языке» - деген диссертациясында етістіктерді 8 топқа бөлген [12].

Барлық етістікті мағыналық ерекшелігіне, қолданысына, өзіндік белгілеріне сүйене отырып, семантикалық жағынан топтастыруға болатыны сияқты, іштей мәнделс етістіктерді *семантикалық өрісіне, мағынасына* қарай топтауға болады. Өйткені сөздің мағынасы бір-бірімен байланысты болуларымен бірге алуан түрлі сөздердің әрқайсысы контексте ауыспалы мағынаға ие болатыны аян. Сөз – қоғам мен табиғат құбылыстарын, адамның рухани өмірін білдіретін маңызды тілдік бірлік. Сөз қандай күрделі құбылыс болса, сөз мағынасы, семантикасы да сондай күрделі категория. Мағынасы мәнделс жақын сөздердің мағынасын ашып, оларды айырып топтастыру әрі күрделі, әрі қиын. Осымен байланысты мәнделс сөздер туралы түсінік, анықтаманы ғалымдардың тұжырымдамасынан анықтап алған жөн. С. Кеңесбаев «Цельность языка, его национальная самобытность выступают в органической связи смысловой стороны слова, с одной стороны, и самого слова (т.е. звучания) – с другой. И поэтому ясно, что лексическое богатство конкретного языка измеряется как количесством сов, так и их семантическими функциями» деп сөздің көпшілігі семантикалық бір-біріне мағына жағынан сай келе бермейтінін, олардың арасында аздап болса да семантикалық айырма болатындығын атайды [4, 275-277] .

Сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөлуде бұрынан лингвистикада қалыптасқан, негізге алынатын бірнеше ұстанымдар бар. Мысалы, бір лексика-семантикалық топқа енетін сөздер: а) *өзара белгілі бір мағыналық бірліктері* (семалары) арқылы байланысуы. ә) *белгілі бір парадигмалық қатар жасай алатын біртекті, бір сөз табынан болуы; ЛСГ-нің* (лексика семантикалық группа) бірлігі болып саналатын *сөздер өздерінің дербестігін сақтай* отырып, *басқа сөздермен байланысуы*; бірін-бірі *мағына жағынан толықтырып, ұштасып* жатулары т.б. Осы тұрғыдан, мәнделс, яғни синоним

туралы, оның анықтамасы жайында айтылған ойлар мен пікірлер баршылық. Қазақ тілінің табиғатына лайық проф. Ә. Болғанбаевтың берген анықтамасы: «Синонимдер – әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән не мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз табынан болған сөздер» деп [1] берген тұжырымдамасы *семантикалық өріске жақындайды*.

М.Д.Чертыкова хакас тіліндегі менталды етістіктерді өз ішінде кіші семантикалық жіктелімдерге (ЛСГ) бөледі:

- 1) глаголы знания (піл «знать»);
- 2) глаголы мышления (сағын «думать»);
- 3) глаголы понимания (оңна «понимать»);
- 4) глаголы веры (киртін «верить»);
- 5) глаголы сомнения (ікіншіле «сомневаться»);
- 6) глаголы мнения (сана «считать»);
- 7) глаголы ментальных способностей (үгрен «учиться», хығыр «читать» и т. п.);
- 8) глаголы оценки (паала «оценивать»);
- 9) одиночные ментальные глаголы [17, 82-100].

Түркі тілдеріндегі сөздердің лексико-семантикалық жүйесін, оның ерекшеліктерін ескере отырып, ең алғаш семантикалық топтарға топтастырып, пікір айтқан Н.К. Дмитриев болатын [3]. Ол татар тілінің материалы негізінде, *ойлау, сөйлеу, қозғалыс* етістіктерін жеке-жеке топ ретінде зерттеп, мақала жазған. Ғалымның үлгісінен кейін бірқатар ғылыми еңбектер жарық көрді. Сол еңбектерде етістіктер мағынасына қарай мынадай топқа бөлінген: қозғалыс етістіктері, іс-әрекет етістіктері, сөйлеу етістіктері, қабылдау, сезіну етістіктері, қалып-күй етістіктері [14].

Сөздердің (етістіктің) семантикасы, мағынасы жағынан топтастырғанда, ең негізгі ұстанымы – әрбір сөздің өзіндік ерекшелігі, белгілері, контекстегі мағынасы, қызметі, функционалдық қолданысы. Ал тілдегі етістік семантикасының негізгі белгілерін анықтауда шешуші белгі ретінде мағынасын алынды. Себебі етістіктің негізгі ерекшеліктері семантикасынан анық байқалады. Етістіктерді мағыналық бірлестігіне қарай топтастыруда оның семантикасын білудің әрі теориялық, әрі практикалық маңызы зор. Мәселен, Т.В. Булыгина «Ментальные глаголы могут обозначать то или иное ментальное состояние (*знать, верить, помнить*), мыслительную деятельность, обычно направленную на получение знания (*размышлять, обдумывать*), или же указывать на возникновение определенного ментального состояния в результате предшествующей деятельности или внезапного озарения (*узнать, догадаться, понять*)» деген тұжырымында [2, 31] ойлау әрекеті арқылы менталды көңіл-күйін білуге болады.

**Тәжірибе.** Қазақ тіл білімінде етістіктерді семантикалық жағынан іштей топтап саралау бірізге толық түспегендіктен, етістіктерді жіктеп бөлшектеуде көптеген қиындықтар бар. Бұл тақырыпты зерттеу нысаны етіп алғандықтан, негізгі мақсат етістіктердің семантикалық өрісін, мағынасын ашу, шартты түрде оларды іштей мағына жағынан топ-топқа бөліп қарастыру көзделді. Осы мақсатпен тіл біліміндегі және түркология дағы *қабылданып, ұстаным* ретінде танылып жүрген *жүйелерге сүйене* отырып, қазақ тілінің тілдік деректеріне сүйене отырып және негізге алып, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігінің негізінде, қазақ әдеби тілі сөздігіндегі мен синонимдік сөздіктердегі етістіктерді мағына жағынан саралап, талдап, қолданылу ерекшелігіне, семантикалық белгілеріне қарай жіктей келе, оларды шартты түрде төмендегідей ***етістіктердің семантикалық өріс аясына*** бөлінді:

1. Әрекет және қозғалыс амалын білдіретін етістіктер: *алысу – жұлысу – күресу, амандасу – сәлемдесу – қол алысу – сәлем беру, құтқару – босату – азат ету, секіру – қарғу- ырғу.*



2. Сезімді, көңіл-күйді білдіретін етістіктер: *көру – қарау – байқау – бағдарлау – барлау, нану – сену, сезу – білу, жылау – еңіреу – боздау – өкіру – өксу, сағыну – зарығу – аңсау – көксеу, шошу – үрку.*

3. Жай-күй я қалыпты білдіретін етістіктер: *тосу – күту, үдеу – өршу – ұлғаю – күшею.*

4. Бейнені білдіретін етістіктер: *сығыраю – сықсию – бітию, ыңқылдау – ыңырану – ыңырсу, дүрсілдеу – гүрсілдеу – тарсылдау – тырсылдау, көку – мылжыңдау - оттау, ұялту – қызарту, арсылдау – ырылдау.*

5. Сапа, я белгі үдерісін білдіретін етістіктер: *ұзау – алыстау – қашықтау, ескіру – көнеру – тозу, көгеру – көктеу.*

6. **Ойлауға қатысты етістіктер:** *түсіну – ұғыну – көкейге қондыру, ойлау – еске алу – еске түсіру;*

7. Субъективті реңкті етістіктер: *кісімсу – адамсу, азырқану – азыну – қомсыну – місе тұтпау, қамқорсу – жаны ашығансу.*

8. Сөйлеуге қатысты етістіктер: *айту – сөйлеу – деу, сөйлесу – әңгімелесу – кеңесу, күңкілдеу – міңгірлеу.*

**Ойлауға қатысты менталды етістік.** Бұл топтағы етістіктердің беретін мағынасы ойлаумен яғни адам миының әрекетімен тығыз байланысты. Сондықтан да бұл топқа жататын етістіктерді шартты түрде, логика-психологиялық деп те атауға болады. Шындық болмыта тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білуге болады. Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының арақатынастарының мида, санада жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ойлауға қатысты етістіктер мағынасы жағынан етістіктің өзге топтарынан айрықша әрі сан жағынан аз. Бұл етістіктер дүние танумен, *қабылдау, түсіну, ұғыну, сезу, білу* сөздерімен байланысты келіп, ойлауға мағыналас ой арқылы өтетін үдерісті білдіреді. Адамның ой-әрекеті, түрлі мәселелерді бір-біріне ыңғайластыра отырып, шешуде білінеді. Ойлауға қатысты етістіктер сан жағынан аз болғанымен, мағынасы жағынан кең болып келеді. Ойлау етістіктерін түркітануда алғаш зерттеп, ғылыми пікір айтқан проф. Н.К. Дмитриев [3]. Осы кезеңнен бастап етістіктерді лексика-семантикалық топтарға бөлген тілшілердің барлығы да жеке топ ретінде қарастырып келеді. Жаңа бағытта ұлттық дүниетаныммен, семантикалық өріспен байланыстырып зерттеу соңғы кезеңдерде тілшілердің назарына алынып, түркітанымда етістіктердің жеке семантикалық топтарын зерттеу қолға алына бастады. Әлі де болса бұл етістіктерді жан-жақты зерттеу нысаны толыққанды қарастырылмаған. Орыс тіл білімінде менталды етістіктер семантикалық топ ретінде бірнеше зерттеу нысаны болып, жаңа бағытта зерттеле бастады. Жалпы сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөлу принциптері бар тілдерде бірдей болғанмен, әр тілдің өзіндік ұлттық ерекшелігі болатындығы анық [9]. Ол **менталды ойлау** етістіктері ойлау үдерістерімен тікелей байланысты ойлау үдерісін білдіреді. Сөйтіп, мағынасы жағынан қалып-сапа етістіктерімен байланысып жатады. Тілдегі **ойлау** етістігіне *семантикалық өріс* ретінде **ойлану, толғану, білу, сезіну, түсіну, ұғыну, тану** сияқты етістіктер қолданылады. Мысалы, Абай бірнеше күн қатты *толғанып*, жапа-жалғыз *ойланып жүрді* (Абай жолы II, 10-б.). ...өз көңілінің ауыр бір уайымын *сездіреді* (Абай жолы, II, 9-б.).

Әзербайжан тіліндегі етістіктік семантикасын зерттеуші Г.К. Кулиев ойлау етістіктерін адамның ойлау үдерісімен байланысты екенін айта келе: «Глаголы мышления. Эта ЛСГ глаголов обозначает мыслительные процессы человека. Она делится на две ЛСП:

а) ЛСП глаголов мышления со значением мыслительного процесса: азерб. дигун-; гаг. душун-; **ойлан-** *мыслить, размышлять, думать*»; азерб. *выдумать, измышлять*. в таком значении в туркменской языке употребляется глагол *тосла-*.

б) ЛСП глаголов мышления со значением, результата мыслительного акта: азерб., турки., гаг. **сан-**; тур. осм – «*полагать, предполагать, думать, считать*» деп [5] ойлау етістігінің өзін екі кіші топқа бөледі. Бұл менталді етістіктер *дүниені танумен, қабылдау, түсіну, ұғыну, сезу, білу* семантикалық қатарларымен тығыз байланыста болып **ойлауға** мағыналас ой арқылы өтетін үдерісті білдіреді. Мәселен, акад. Ә.Қайдар: *Ой, тұс, біл-сөздерінің бірнеше мағынасын береді: 1. Ой [oj] I дума, мысль, помысел [7, 265].*

**ЕС/ES** 1. память – кар., кбал., кир., каз., ног., ккал., тат., баш., уз., уйг., лоб., алт., чув., Будагов I, USp., KW: память о чем-либо – уз.;

2. ум – ктат., кар., кбал., кир., каз., ног., ккал., тат., баш., уз., уйг., лоб., алт., чув., P I869,870. Будагов I, USp.; мышление - P I1523;

3. разум - ктат., кар., кбал., ног., уз., уйг., P I869, KW, Vámbéry ĆSpr. рассудок - каз., ног., уйг.; сознание – кар., кир., ккал., тат., баш., уз., диал. Я.Гулямов, алт., Joki W.;

4. внимание - кар., куз., диал. Хор. Ш.24;

5. воображение - кир., ккал., алт.;

6. мысль – кар.;

7. чувство - каз., тат., баш., алт., Будагов I, Abû H [13, ЭСТЯ, 306-б].

2. \***Түс** [tüs] IV: *түсін-<түс+ін - понимать, осмысливать. Ср. түй>түйсік [290-б.].*

**3. Біл-** [bil-] II 1) *знать, понимать, узнать*; 2) *проведасть*; 3) *освоить, усвоить [199 б.].* Осы келтірген мағыналардың ішінен **I, IV, II** қатардағы мағыналар сәйкес келеді [7, с. 275].

**Біл**= ет. 1. *Бір нәрсе жайында хабардар болу.* 2. *Есіңде болсын (сақта) ұмытпа деген мағынада.* Сен аттың жөнсіз оқ, Тәңірі – қазы, Тас – таразы, тентекті сұрамас деп қалма. Серт бұзғанның, *біл*, орны шоқ (Абай. Шығ. Жин.). 3. *-а,-е,-й формалы негізгі етістікке тіркесіп, қолынан келу, дайын болу, істей алу мағынасын білдіреді.* 4. *Шешімін табу, әдіс-тәсілін меңгеру.* Түйеге салды қасқыр ауыздығын, *Білмейді қай жерінен бауыздарын.* (К.Әзірбаев. Таң.шығ.). 5. *Түсіну, ұғыну.* 6. *Анықтау, айқындау, тергеп-тексеру, көзін жеткізу.* 7. *Байқау, сезу, аңғару, аңдау.* 8. *Тану, түстеу.* 9. *Бағалау, қадірлеу, айыру, ажырату.* 10. *Таңдау жасау, бір шешімге келу.* Сонда шал мына сөзге аңтаң қылды, не қыларын біле алмай, аз ойланды. (Абай, Шығ. жин.), [ҚӘТС].

**Қозғалыс етістіктерінің мағынасы: Ақ** [aq] I *белый*; перен. *молоко, молочные продукты* и др. \***ақ** [aq] II (имитатив: нечто белое, белесое): *ақи- < ақ+ый смотреть злбно, сверкая белками.* Ср. *ақ* I. **ақ-**[aq-] III *течь, протекать; струиться*; перен. *протекать, совершаться быстро* (о процессе, событии, ходьбе, речи); \***ақ-** [aq] IV (*отпускать, освобождают, дать волю*): *ағыт- < ақ+ыт- развязывать, расстегивать, отвязывать*; \***ақ-** [aq] V: *ақтар < ақ+ тар-ворошить, перебирать; перелистывать; перерыть.* Ср. *ау-* III;**ақ** [aq] VI ар. 1) *истинный*; 2) *невинный*; 3) *неизбежно.* Ср. *қақ* XII; \***ақ** [aq] VII: *ақта < ақт+а синкр. кастрировать, производить кастрацию* (лошадей, верблюдов) // *кастрат, кастрированный (конь, мерин, атан) [7, 186].*

**А:К/ А:G I** турк.; *ақ/ақ* ктат., кар. к., кбал., кир., каз., ног., тат., баш., уйг., алт., тув., ДТС<sub>48</sub>, Малов<sub>359</sub>, Kāšġ. D.15, Analyt. In.465, KW<sub>39</sub>, т.б.

1. *белый* – во всех источниках; *белизна* – турк., тур., кбал., алт.; *бельмо* – турк., тур., аз., уз.; *белок* (например, глаза, яйца) – тур., аз., кар., кир., уз., хак., тув.; *светлый* – тат., хак.; *седой, сивый* – турк., кар. т., кбал., тат., баш., уз., хак., тув., Будагов I<sub>66</sub>, *седина* – турк., уз., *блондин* – хак., *бледный* – тат.; *молоко, молочные продукты* – кбал., кир., каз., баш.; *тонкая белая бумажная материя, бельевая ткань* – аз., кум.;

2. *чистый* (прямо и переносно) – турк., тур., кбал., каз., тат., баш., уйг., Kāšġ. D.; *невинный, невиновный, незапятнанный* – турк., тур., кар., каз., тат., баш., уйг.; *невинность, безгрешность* – тур., алт.; *честный* – кир., каз.; *правильный* - гаг., *добрадушный, чистосердечный* – кар.;

3. *прекрасный, чудесный, роскошный, великолепный* – хак. [13, 116-117].

**А:К/ А:Q** II турк., ктат., кум., кар., каз., ног., баш., ДТС<sub>48</sub>, Малов<sub>359</sub>, Kāšǵ. D.15, *Analyt. In.*<sub>465</sub>, KW<sub>39</sub>; Из приведенных данных следует, что в тюркских языках имеются две формы рассматриваемой основы одна – с широким, другая – с узким негубным гласным, формально *ак-* должно считаться древнее *ык-*, так как вторая форма – если судить по памятникам – не встречается, кажется, ранее чагатайских текстов. Однако глагольный корень *ык-* вместе с именным корнем *ык*, как и глагольный корень *ак-* вместе с именным корнем *ак*, образуют глагольно-именные оморфные пары «имя-глагол», образовавшиеся по древнейшей, дописьменной словообразовательной модели, и потому все четыре корня приходится рассматривать как древнейшие, в которых корневой широкий гласный чередуется с корневым узким гласным, как и в ряде других корней.

1. *быть унесенным водой, течением* – аз., кум., алт., хак.; *течь-, протекать-, вытекать-* во всех выше источниках; *проливаться* – турк., кум.; *лить, спускаться* (жидкость) – уз. диал.; 2. *быть унесенным водой, течением* – аз., кум., алт., хак.; 3. *сыпаться, течь* (о сыпучих телах) – чув.; вторичные и переносные по происхождению значения; 4. *бегать глазами о предмета на предмет*; 5. *тайком убираться, удирать* – Р I<sub>95</sub>. [13, 118-119].

**Қорытынды.** Сонымен талданған менталды етістіктер туралы ғалымдардың ой-пікірлерне сүйене отырып, семантикасына, жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топқа бөліп қарастырылды. Бірақ жалпы қазақ тілі бойынша менталды етістіктердің семантикасына қарай жоғарыда аталған түрі ғана бар деген ұғым тұмауға керек. Себебі менталді етістіктердің мағыналарын жіктеу қиын болса, оның мәнін анықтап, мағынасына қарай топтастыру да сондай күрделі тілдік құбылыс. Әрбір сөздің мағынасы, қолданылу, жұмсалымы аясы кең әрі алуан түрлі. Сондықтан осы жіктелім менталді етістіктерді топтау мәселесі осымен шектелмейді. Бұлардың әлі де алуан түрлері мен мағыналары ашылып, оларды анықтап топтастыру бірте-бірте жетіле бермек. Тілдегі менталді етістіктер ғана емес, жалпы етістіктерді семантикасына қарап топтастыру мәселесінде әлі де болса бірізділік өалыптаспаған, сондықтан жоғарыдағы жіктелім шартты түрде ғалымдардың топтастыруы негізге алынған нұсқа ретінде қабылдануға тиіс.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
2. Булыгина, Т.В. Ментальные предикаты в аспекте аспектологии [Текст] / Т.В. Булыгина, А.Д. Шмелев // *Логический анализ языка. Проблемы интенциональных и прагматических контекстов.* – М., 1989. – 31-54 с.
3. Дмитриев Н.К. *Строй тюркских языков,* – М., 1962. – 570-599.
4. Кеңесбаев С. *Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания.* – Алматы: Арыс, 2008. – 608 б.
5. Кулиев Г.К. *Семантика глаголов в тюркских языках. Автореферат дис док. филол. наук.* – Баку, 1992. – 47 с
6. *Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. 1т.* – Алматы: Ғылым, 1967. – 235 б
7. Кайдаров А.Т. *Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата: Наука, 1986.* – 328 с.
8. Қалиев Ф. *Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
9. Қасым Б., Қасымбекова А. *Сөзжасамдық ұядағы қозғалыс етістіктерінің мағыналық құрылымы. // «Актуальные проблемы диалектологии языков народов России» Материалы XVIII Всероссийской научной конференции (с международным участием). посвященной 120-летию известного языковеда-тюрколога, док. филол. наук, члена-корреспондента АН*

- СССР Н. К. Дмитриева, академик Академии пед-ких наук РСФСР Н.К.Дмитриева (Уфа, 24-26 мая, 2018 год). – Уфа, 2018. – 248 с. – 179-187 с.
10. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. (Етістік). //Қазақ тіл білімі мәселелері/Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
11. Минский М. Фреймы для представления знаний. – М.: Энергия, 1979. – 151 с.
12. Рзаев С.А. Семантические разряды глагола в современном азербайджанском литературном языке. Автореферат дис канд. филол. наук. – Баку, 1970.
13. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974. – 744 с
14. Тенишев Э.Р. Глаголы движения в тюркских языках. – 232-293 с.; Юлдашев А.А. Глаголы чувственного восприятия. – 294-321 с.; Гаджиева Н.З., Коклянова А.А. Глаголы речи в тюркских языках. // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – 322-460 с.
15. Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания // Новое в зарубежной лингвистике: Когнитивные аспекты языка. – М., 1988. Вып. XXIII. – С. 52-92.
16. Харитонов Л.Н. Типы глагольной основы в якутском языке. – М.-Л., 1951.
17. Чертыкоав М.Д. Глаголы со значением психической деятельности в хакасском языке (системно-семантический аспект): Рукопись дисс. ... док. филол. наук. – Абакан, 2016. – 500 с.
18. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974. – 407 б.

МРНТИ 16.21.45

Г.Қ.Қортабаева<sup>1</sup>, Г.С.Асқарова<sup>1</sup>, Б.Б. Ешметова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## «МАН» ТҮБІРІ: «МАҢҒЫСТАУ» СӨЗІНІҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

### Аңдатпа

Мақалада «Маңғыстау» атауының шығуына қатысты түрлі болжамдар мен пікірлер сарапталады. Өткен заманда халықтың басынан кешкен тарихи оқиғалардың қатысымен қалыптасқан топонимдер – сол замандардан ақпарат беретін баға жетпес дереккөздер болып саналады. Осы шағын мақалада қолда бар дерек негізінде Маңғыстау топонимінің этимологиясын ашуға тырысамыз. «Маңғыстау» атауының шығуы мен тарихы жайлы Махмұд Қашғаридан бастап көптеген зерттеушілер мен ғалымдар сөз қозғады. Мақалада айтылған пікірлер мен тұжырымдар нақты әрі соңғы деген пікірді білдірмейді. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің жалпы ономастика, топонимика салалары бойынша, этимология бағыттары бойынша ізденген зерттеушілердің еңбектері алынды.

**Кілт сөздер:** топоним, аңыз, миф, мәдени код, «ман» түбірі, ономастикалық деректер, этимология.

Г.К.Кортабаева<sup>1</sup>, Г.С.Аскарлова<sup>1</sup>, Б.Б. Ешметова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

## КОРЕНЬ «МАН»: ИСТОЧНИКИ ОБ ЭТИМОЛОГИИ ЛЕКЕМЫ «МАНГИСТАУ»

### Аннотация

Тіл мен мәдениеттің өте тығыз байланыста екенін ғалым Ж.А.Манкеева былайша түсіндіреді: .. этномәдени атауларды талдау негізінде «мәдениет» ұғымының тілге қатысты мәнін былай түсіндіруге болады: кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ мүдде мен қағидаларға сай өмір сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұтастығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі.

Олай болса, “тіл” – ұлттың тірегі, ұлт мәдениетінің негізі» деген қағидаларға сәйкес тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың арқауы сан ғасыр өтсе де бар асылын өз бойында сақтап, шашаусыз жиып, болашаққа жеткізетін тілдің құдіреті – кумулятивтік қызметі негізінде шешіледі. Нақты түрдегі оның тілдік көріністері : материалдық мәдениет (тұрақ, киім, тамақ, тұрмыс бұйымдары, еңбек құралдары т.б.) және ұлттық тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып жеткізілетін рухани мәдениет (салт-дәстүр, миф, өнер, дін, тәлім-тәрбие, көркем мәтін, т.б.) және ұлттық психология, таным тұрғысынан жасалатын рәміздік жүйе, сакрализация тәсілімен сақталған өнер, архитектура туындылары т.б [10., 202] мысалы,

*Ақылды деп кімді айтамыз!*

*Бір мәжілісте бас қосып сөйлесіп отырғанда Шоң биге Мұса мырза:- Ақ сауыт деп нені айтамыз, Арғымақ деп нені айтамыз? Ақылды деп кімді айтамыз, Ер жігіт деп кімді айтамыз? — деп сұрақ қойыпты.*

*Бұған Шоң: - Ақ сауыт деп айтамыз, Атқанда оқ өтпесе. Арғымақ деп айтамыз, Желгенде жылқы жетпесе. Ақылды -деп айтамыз, Тозған елді септесе. Ер жігіт деп айтамыз, Жауға тастап кетпесе! — депті.*

Осы мысалдағы “Ақ сауыт”, “Арғымақ”, “Ақылды”, “Ер жігіт” атаулары мен оған бидің берген талдамалары олардың жай ғана атау емес, ұлттығымызды танытатын белгілер, олар өздерінің негізгі ұғымдарына қоса “оқ өткізбеу”, “желгенде жылқы жеткізбеу”, “тозған елді септеу”, “жауға тастап кетпеу” деген архисемалар арқылы мәдени мәні ұғынылып тұр.

Олай болса, “мәдени дискурс” ұғымына ұлттық ерекшеліктерімізді бейнелейтін атаулар, бейнелі атаулар, салт-дәстүріміз, сөздік қорымыздың бай мұрасын дәлелдейтін мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестері жатады.

Ал Н.Уәли пікірінше: “белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет. Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана еиес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, “араласуы” кәдік. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет” [5., 14].

*“Суалмайтын суат жоқ*

*Тартылмайтын бұлақ жоқ,*

*Құйрығы суда тұрса да,*

*Уақытысы жеткенде*

*Құрамайтын құрақ жоқ.*

*Дүние деген фәни бұл,*

*Баласы жоқта мият жоқ.*

*Бәрінен де қиын сол екен,*

*Артында жанған шырақ жоқ...” (Әйтеке би)*

Бұл үзіндідегі негізгі ой, ең басты «жоқ» - “шырақ” сөзіне арналады. Бөлмені жарық етіп тұратын шырағдан, шам (майшам) деген негізгі мағынасынан бөлек, “ұрпақ”, “артынан қалған із”, “өспеді”, “өнбеді” семалалары актуальданып тұр. Осы семалар арқылы ұлттық мәдени белгілер көрініс тауып айшықталған. Зерттеуші айтып кеткендей «мәдени код» мәдени дискурсты тануға негіз болады.

“Субъектінің сөз әрекетінің, яғни тілді қарым-қатынас үшін қолдану әрекетінің нәтижесінде дискурс/мәтін қарастырылады. Басқаша айтқанда, сөйлеуші/жазушы сөз бірліктері арқылы айтылым (высказывание) дискурс/мәтін жанр түрінде белгілі-бір мағынаны тілдік бірліктер арқылы кодқа салынады, ал тыңдаушы/оқырман сол аталым, дискурс, мәтін түрінде тілдік бірліктер арқылы кодқа салынған мағыналарды (ой мен

сезімді) ашады, тіпті тілдік кодты ашып қана қоймайды, сөз әрекетінің нәтижесі болып табылатын коммуникативтік бірліктердің мән-мағынасын интерпретациялайды” [5., 14].

Бұл жерде айтылғандай, кодқа салынған мағыналарды ашу үшін жазушының (жеткізушінің) де, оқырманның (қабылдаушының) да сол тілдік ғаламдық бейнесін түсінетіндей білімі болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, дискурс мақсаты нәтижесіз, яғни орындалмайды деген сөз. Мысал келтіріп көрсек:

*Балаби би қартайған шағында халқын жиып алып, оларға:*

*Жерден ауыр не?*

*Судан терең не?*

*Оттан ыстық не?*

*Көктен биік не? — деп,*

*төрт сұрақ қойған екен. Бірақ ешкім жауабын айта алмапты. Сонда Балаби өзінің сұрақтарының шешімін өзі былай деп айтқан екен:*

*Жерден ауыр дегенім — ақыл, білім.*

*Судан терең дегенім — оқу, ғылым.*

*Оттан ыстық дегенім — фани жалған, адамның өмірі.*

*Көктен биік дегенім — тәкаппардың көңілі.*

Бұл мысалдағы «ауыр» - “ақыл-білім”, “терең” – “оқу, ғылым”, “ыстық” – “фәни жалған”, “биік” - тәкаппардың көңіліне” жасалынған талдамалар адресат пен адресанттың терең білімін қажет етеді. Осы арқылы ғаламның тілдік бейнесі дәйектеледі.

Мәдени дискурсты танытуда ұлттық салт-дәстүрдің де маңызы ерекше. И.Г. Гердердің : “Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы” [11., 252] - деген пікірі толық құптай отырып төмендегі мәтін арқылы талдау жасап көрсек:

*Атақты Қаздауысты Қазыбектің Әлімжан деген баласы қайтыс болғанда Төле би топ адаммен барып көңіл айтады. Сонда Төле би бұй депті:*

*О, Қаздауысты Қазыбегім!*

*Кім білген бұл ғұмырдың азы-көбін.*

*Қылыштың сабы кетіп, қабы қалды,*

*Бедеудің жаны кетіп, жалы қалды.*

*Батырдың ары кетіп, малы қалды,*

*Халықтың нәрі кетіп, сәні қалды.*

*Уа, Қазыбегім нар көтермес жұмыс болды.*

*Өзі беріп ұлыңды өзі алды,*

*Бұл пенде бір Аллаға не қылады?*

*Қазақ халқының ұлттық дәстүрлерінің бірі - көңіл айту. Көңіл айтудың мақсаты - қара жамылып, аза тұтқан жанның көңіліне демеу болып, жұбату айту. Аталы сөзге тоқтай білген қазақ халқы үшін сөз құдіретінің орны ерекше екені ұлттық дәстүрлерде айқын көрініс табады. Жоғарыдағы мысалда келтірілген адресаттың адресантқа жеткізбекші ойы тамаша теңеулер – сабы/қабы, азы/көбі, жаны/жалы, нәрі/сәні арқылы жеткізіліп тұр. Дискурс соңында негізгі мақсат орындалып, яғни адресаттан шыққан хабар, ой адресант санасына әсер етіп, ол тоқтамға келген.*

**Қорытынды.** Сонымен, қорыта келе, қазақ тіл біліміндегі мәдени дискурсқа тән негізгі ерекшеліктерді жинақтап көрсетсек:

- мәдени дискурс - тамырынан тереңнен алатын тарихи құбылыс;
- ұлттық мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, т.б.жайлы хабар беруші, ұлттық болмысымызды танытатын тілдік құбылыс;
- тіліміздің бай сөздік қорын танытушы;
- мәдени дискурстың табиғатында дискурстың барлық негізгі ерекшеліктері когезия, бүтіндік, прагматикалық мақсат, ақпараттық, грамматикалық және аяқталу категориялары кездеседі.

- мәдениетімізді, салт-дәстүріміз, ұлттық менталитет, дүниетанымымыз және т.б.ерекшеліктерді шоғырландыра отырып, тіліміздің ғаламдық бейнесін жасаушы, бұл әсіресе, тіліміздегі тұрақты сөз тіркестері, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер т.б.арқылы көрініс табады.
- “мәдени код” мәдени дискурсты тануға негіз болады.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Benveniste E. *On Discourse // The Theoretical Essays: Film, Linguistics, Literature.* Manchester: Manchester Univ. Press, 1985. – 32б.
2. *Энциклопедический словарь.* М.: «Языкознание». 1998 – 378 б.
3. Арутюнова Н.Д. *Типы языковых значений.* М.: Наука, 1988. – 112б.
4. Буркитбаева Г.Г. *Деловой дискурс. Антология и жанры.* – А., 2005. – 29 б.
5. Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің негіздері филол.ғыл.д авторев.* – Алматы, 2007. – 14б.
6. Кеншімбаева Ж. *Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі. (ф.ғ.к.дисс.автореператы)* – А., 2001. – 9б.
7. Нурмышева Ш.А. *Коммуникативно-прагматическая характеристика переводов кинодискурса. Дисс. к.филол.н. А., 2010. – 11б.*
8. Нұрдәулетова Б.И. *Когнитивтік лингвистика. Оқулық.* А, 2011. – 312 б.
9. *Мәдениеттану негіздері.* – А.: Дәнекер, 2000. - 216б.
10. Манкеева Ж. *Қазақ тіл білімінің мәселелері.* А., 2014. – 202-203бб.
11. Гердер И.Г. *Идеи к философии истории человечества* – М., 1977. – 252б.

МРНТИ 14.35.07

*А.М. Нурбаева<sup>1</sup>, Л. А. Бугенова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
г. Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup> Казахская академия транспорта и коммуникации имени М. Тынышпаева  
г. Алматы, Казахстан*

## **КРЕОЛИЗИРОВАННЫЙ РЕКЛАМНЫЙ ТЕКСТ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ**

### *Аннотация*

В статье рассматривается взаимодействие невербального и вербального в текстах рекламы. Раскрывается понятие «креолизованный», а также многообразие применения креолизации в различных текстах, а в особенности в рекламных текстах. Это связано, в первую очередь, с использованием в рекламе не только картинок, видеоряда, но и различного вида шрифтов, цветового решения, расположения, времени трансляции. В статье дается исторический обзор развития креолизованности текста, делается упор на рекламный текст. Рассматриваемая эволюция рекламных текстов происходила в результате расширения их содержания и взаимодействия, обогащения их невербальными средствами: жестом, рисунком, фотографией, цветом, шрифтом и т.д. Данный процесс рассмотрен в мировом масштабе. Особенно подробно изучено развитие креолизованного рекламного текста в Казахстане на конкретных примерах. Проанализированные рекламные тексты указывают на малочисленность связей, когда невербальные коды могут противоречить вербальному сообщению по культурным и этическим соображениям, такая тенденция обусловлена прежде всего открытостью характера казахского народа, впитывающего все новое очень быстро, а также влиянием глобализации, унифицирующей социальные отношения.

**Ключевые слова:** вербальная коммуникация, невербальные средства, креолизация,

рекламный текст, креолизованный текст, изобразительная реклама, брэнд, граффити, история развития.

*A.M. Nurbayeva<sup>1</sup>, L.A. Bugenova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Kazakh Academy of Transport and Communication named after M. Tynyshpayev  
Almaty, Kazakhstan*

## CREOLIZED ADVERTISING TEXT AND ITS FEATURES

### *Abstract*

The article discusses the interaction between verbal and non-verbal texts in advertisements. The concept of "creolized" is revealed, as well as the variety of applications of creolization in various texts, and especially in advertising texts. This is connected, first of all, with the use of advertising not only pictures, video, but also different types of fonts, colors, location, time of translation. The article gives a historical overview of the development of creolization of the text, focuses on the advertising text. The considered evolution of advertising texts occurred as a result of expanding their content and interaction, enriching them with non-verbal means: gesture, drawing, photography, color, font, etc. This process is considered on a global scale. Especially studied in detail the development of the advertising text realizowanego in Kazakhstan with specific examples. The analyzed advertising texts indicate a small number of links, when non-verbal codes may contradict verbal communication for cultural and ethical reasons, this trend is primarily due to the openness of the character of the Kazakh people, absorbing everything new very quickly, as well as the influence of globalization, unifying social relations.

**Keywords:** verbal communication, nonverbal means, creolization, advertising text, creolized text, visual advertising, brand, graffiti, history of development.

*A.M. Нұрбаева<sup>1</sup>, Л.А. Бөгенова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан*

<sup>2</sup> *М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы  
Алматы, Қазақстан*

## КРЕОЛИЗАЦИЯЛАНҒАН ЖАРНАМАЛЫҚ МӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақалада жарнама мәтіндегі вербалды және бейвербалды белгілердің бір бірімен қарым-қатынасқа түсуі қарастырылады. Мақалада "креолизденген" мәтіндер ұғымы, сондай-ақ әртүрлі мәтіндерде, әсіресе жарнамалық мәтіндерде креолизациялауды қолданудың алуан түрлілігі ашылады. Бұл мәселе, ең алдымен, жарнамада суреттерді, бейнелерді ғана емес, сондай-ақ қаріптердің түрлі түрін, түсті шешімді, орналасуын, трансляциялау уақытын пайдалануға байланысты болады. Мақалада мәтін креолизациялануының дамуына тарихи шолу беріледі, жарнамалық мәтінге ерекше назар аударылады. Жарнама мәтіндердің қарастырылатын эволюциясы олардың мазмұны мен өзара әрекеттесуін кеңейту, оларды бейвербалды құралдармен: қимыл, сурет, фотосурет, түс, қаріп және т.б. байытудың нәтижесінде болды деп көрсетіледі. Әсіресе Қазақстанда креолизацияланған жарнамалық мәтіннің дамуы нақты мысалдарда егжей-тегжейлі зерттелген. Талданған жарнамалық мәтіндер байланыстардың аздығын көрсетеді, егер

бейвербальды емес кодтар мәдени және этикалық пайымдаулар бойынша вербальды хабарламаға қайшы келуі мүмкін болса, мұндай үрдіс ең алдымен жаңа жаңалықтарды өте тез сіңіретін қазақ халқының мінезінің ашықтығына, сондай-ақ әлеуметтік қатынастарды біріздендіретін жаһандандудың әсеріне негізделген.

**Кілт сөздер:** вербалды коммуникация, бейвербалды құралдар, креолизация, жарнамалық мәтін, креолизацияланған мәтін, бейнелеу жарнамасы, брэнд, графити, даму тарихы.

**Введение.** В группу паралингвистически активных текстов включены «креолизованные тексты» (термин использован Ю.А.Сорокиным и Е.Ф.Тарасовым). «Креолизованные тексты – это тексты, фактура которых состоит из двух негомогенных частей: вербальной (языковой/речевой) и невербальной (принадлежащей к другим знаковым системам, нежели естественный язык)» [1, 180]. Креолизованные тексты составляют особую группу паралингвистически активных текстов. Виды креолизованных текстов чрезвычайно многообразны: газетно-публицистические и научно-технические, тексты инструкций, социально-политические тексты, иллюстрированные художественные тексты, тексты рекламы, афиши, плакаты, комиксы и т.д. Однако если в книжной графике преобладает эстетика над функционализмом, в газете – утилитарного над прекрасным, то в рекламе их взаимодействие зависит от конечной цели публикации в газете, использование в наружной рекламе, изображение в телерекламе, выражение в радиорекламных текстах и т.д. [2, 38].

Объектом нашего исследования выступают рекламные тексты, в которых доминирующее поле паралингвистики образуют иконические (изобразительные) средства. Рекламные тексты относят к «примитивным» текстам (Е.Е.Анисимова), которые также наиболее мобильны, динамичны и занимают ведущее место в средствах массовой коммуникации. Поговорка «Лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать» отражает силу воздействия и убедительности изображения наиболее точно. Изображение гораздо более многозначно, его содержание менее определено и точно выражает мысль, чем текст. Изображение может интерпретироваться разными реципиентами по-разному, и отсутствие конкретики восполняется богатством фантазии.

**Методы.** Изобразительная реклама тесно связана с освоением орнамента, рисунка, скульптуры, о чем свидетельствуют образцы этих видов творчества, относящиеся к эпохе палеолита. К ним же можно отнести и «жезлы начальников», символизирующие власть и могущество их обладателей, - прообразы скипетров; а также клейма - знаки собственности, которыми метили различные предметы и домашний скот, а впоследствии рабов и преступников. Данные явления с некоторыми изменениями проходят через всю историю культуры: современные фирменные знаки, в английском языке именуемые brand (от английского «brand» - выжженное клеймо; тавро; фабричное клеймо, фабричная марка)» [3, 93].

Более распространены надписи, нанесенные или начертанные краской на стенах, именуемые исследователями античности как «графити». Так, например, по данным ученых Н.Н.Ученовой и Н.В.Старых, древний город Помпея, законсервированный, затопившей его лавой (73 г. до н.э.), донес более полутора тысяч таких текстов вполне современной структуры [4, 16].

В средневековой Европе реклама была неотделима от информации, основным рекламным жанром в то время было объявление. Благодаря использованию в устном сообщении паравербальных и невербальных средств (варьированию тональности, ритма, рифмы и его визуального сопровождения) он приобрел в конечном этапе рекламные формы.



В России в начале XVII века характерно использование народных картинок – лубков, выполненных методом ксилографии: изображение вырезалось на деревянной доске (лубке), а затем штамповалось на бумаге. Они несли разнообразную информацию и идеи, воплощенные в броских красочных изображениях, являясь средством массовой информации. Главным местом развития рекламы стали ярмарки, существовавшие еще в эпоху Золотой Орды, где использовались: прибаутки и зазывы, гирлянды лубочных картинок с первыми письменными рекламными текстами – подписями.

Эволюция рекламных текстов происходила в результате расширения их содержания и взаимодействия, обогащения их невербальными средствами: жестом, рисунком, цветом, шрифтом и т.д. В 40-х годах XVIII века успешную конкуренцию в прессе европейских стран составил рекламный плакат, появившийся в Америке, в котором использовалось множество цветов. Он стал использоваться в России только в конце столетия.

В начале XIX века крупнейшим техническим прорывом стало изобретение фотографии. С ней в рекламу пришло правдоподобие, новый мир художественного творчества. Она позволяла показать товары, людей и места не глазами художника, а такими, какие они есть на самом деле. Ее применение прошло различные стадии, подобные изменениям в газетной рекламе гравюры и рисунка: путь от «прямолинейной», буквальной наглядности рекламируемого продукта к большей условности, экспрессии, эстетической выразительности. В 20-е годы XIX века в России появились пионеры дизайна, которые, используя приемы конструктивизма, фотомонтажа, аппликации делали рекламу доходчивой, доступной, экспрессивной.

**Результаты** . К началу XX века приобрели чрезвычайную популярность малые формы изобразительной рекламы: почтовые открытки, изысканно оформленные меню и театральные программки, всевозможные этикетки и упаковочные материалы.

После окончания второй мировой войны использование телевизионной рекламы расширялось ускоренными темпами, по рекламному обороту телевидение обосновалось на втором месте после газет.

3. Изменения в социальном и политическом положении страны положили начало для формирования новой культурной традиции в Казахстане. Эту тенденцию можно проследить и с помощью изучения изменений в области креолизованности рекламных текстов. До 1999 г. С.А.Асанбаева отмечает тенденцию использования готовых фоторисунков при оформлении рекламы, так как отсутствуют специализирующиеся на производстве оригинальных текстов рекламные агентства и нет специальной аппаратуры [5, 89]. Г.А.Солтанбекова рассмотрела в своей диссертационной работе социально-культурную обусловленность невербальной информации и выделила следующие характерные черты выражения креолизованности казахстанской рекламы в 1996-2000 гг.:

- копирование невербальных средств с иностранной рекламы;
- яркие разноцветные цвета;
- использование образа европейца или американца в рекламе;
- редкое использование образов восточного человека;
- характерные черты глобальной культуры;
- публикация рекламы, некорректной с точки зрения культуры и эстетики

невербальных средств [6, 36-37].

Креолизация текстов рекламы до 2000 г. существовала в виде надстройки, которая, по мнению Г.А.Солтанбековой, не может коренным образом изменить культуру, но все же оказывает как положительное, так и отрицательное воздействие на нее, с одной стороны это переход в так называемую «цивилизацию», а с другой стороны потеря национальных черт, унификация отношений, изменение культурных ценностей, а вместе с тем - изменение и сознания народа [6, 37].

В настоящее время некоторые из пунктов указанных выше изменились, и на современном этапе казахстанской рекламе присущи следующие черты:

- тенденция копирования невербальных средств иностранной рекламы сохранилась; реклама, как посредством текста, так и посредством дизайна (креолизации), навязывает аудитории свои ценности. Она активно формирует массовое сознание, тиражирует нравственный кодекс и жизненные ориентации человека, новые или традиционные ценности культуры. Вольно или невольно реклама воспитывает общество потребителей. В связи с этим встает вопрос о моральной ответственности рекламиста и его профессиональной этике: «...бессмысленно копировать внешнюю атрибутику западной рекламы, не вдумываясь в смысловую обусловленность каждого ее знака» [2, 50].

- цвета стали использоваться более умеренно, некоторые компании проявили тенденцию к использованию только одного или двух-трех цветов (мобильная компания «Актив» - красный – белый, мобильная компания K`mobile – синий-белый, «Народный банк Казахстана» - зеленый, «Альянс» банк – красный – белый, фирма перевозок DHL – желтый – красный, сеть магазинов электротехники «Sulras» - красный – белый – черный, Банк Центркредит – зеленый – белый – золотистый);

- участилась тенденция к использованию европейских стандартов общения, одежды, поведения как показателя успешности, элитарности, богатства и стиля. На основе таблицы «Наиболее котирующихся среди иностранцев мест, символов и объектов США», данной И.Я.Рожковым, мы можем привести конкретные образы, используемые в рекламе для пропагандирования зарубежного образа жизни в рекламе, дополненные нами: фотографии Диснейленда и образов, связанных с художественными и мультипликационными фильмами данной торговой марки; некоторые герои комиксов - Бэтман, Супермен, Человек Паук и др. (в рекламе детских товаров и услуг), статуя Свободы, официально одетые успешные молодые люди, Американский флаг, Небоскребы, европейский стандарт общения, музыка «вестерн», ковбой, ландшафты Аризоны [7, 52].

- появилось большое количество рекламы с участием казахстанских актеров, известных людей, простых обывателей и т.д. Авторитетный собеседник, представитель из мира спорта (теннисистки, футболисты, лыжники, боксеры и т.д.), используется любовь человека к флоре и фауне, к детям для рекламирования некоторых товаров. Эта так называемая «речевая тактика» (И.М.Филлипова) опоры на авторитет, объясняется, во-первых, психологическим фактором - мнение человека формируется под воздействием той социальной группы, членом которой он себя осознает, а также обусловлено социальным фактором - по классификации Г.Хофстеде казахстанская культура является коллективистской, и опора на авторитет имеет наибольшую воздественную силу на казахстанского реципиента, для которого естественно почтительное отношение к старшим по возрасту, к уважаемым людям, деятелям искусства и науки.

- проявление все более характерных черт глобализации; в связи с глобализацией рекламного дела многие зарубежные культурные ценности не представляют секрета для современной молодежи и другого населения Казахстана, но посредством рекламы осуществляется знакомство с чужой материальной и духовной культурой и необходима адаптация к ее восприятию в иной национальной среде. В рекламе, как ни в одном другом виде текстов, наиболее ярко проявляется такая важная часть картины мира человека, его самосознание, как представление о «своем» и «чужом». Для казахстанцев эти представления приобретают особую значимость в условиях глобализации, т.е. в условиях постоянного столкновения с западной культурой и проблемы сохранения культурной идентичности. Например, в телерекламе моющего средства «Feiry» к хозяйке приходит смерть, одетая в длинное черное одеяние с косой, данное одеяние больше напоминает американский фильм ужасов, однако этот образ понятен всем.

- сохранение тенденции публикации и тиражирования рекламы, некорректной с точки зрения культуры и эстетики невербальных средств. В Латинской Америке, например, «не работает» реклама сигарет «Мальборо»: ковбой, потому что человек на лошади – это представитель беднейшего населения, который может курить только самые дешевые и поэтому - плохие сигареты. Всем известный рекламный ролик мыла «Samei», где мужчина прикасается к женщине и оказывает ей внимание, не найдет понимания в Японии, так как там не принято открыто показывать женщине свое расположение.

**Обсуждение.** Благодаря многолетней истории взаимосвязи рекламного текста и изображения - иконическое изображение, иллюстративный ряд в последние годы стали основным средством построения образа и наиболее распространенным приемом подачи материала в разных видах рекламы. Приведем примеры, доказывающие взаимосвязанность текста и невербальных средств в рекламе. Например, рекламные тексты, тиражировавшиеся без иллюстраций и других элементов креолизации: «Я здесь живу!» (уг. пр. Абая – С.Ковалевской), «Они уже здесь!» (уг. ул. Манаса - Жандосова), «Встречайте!» (уг. ул. Пушкина - Пастера), «Мы рядом» (уг. пр. Абая - Правды), «Даем всем!» (уг. ул. Фурманова - Кунаева) не могут дать полноценной информации и вызывают у реципиентов недоумение либо интерес. Таким же образом иллюстрированная реклама без текста не сможет дать полного объема информации. Изображение и рекламный текст тесно взаимосвязаны между собой и являются органичным симбиозом. Попробуем выделить креолизованные элементы рекламы: иллюстрация, фирменный знак, фотография, шрифт. Вне зависимости от того, идет ли речь о фотографии, рисунке или изображении, полученном на компьютере, иллюстрация решает две основные задачи: привлекает внимание, побуждая прочитать текст, и служит наглядным сопровождением текстовых материалов. Одним из параметров (А.П.Садохин называет их видами) межкультурной коммуникации являются коммуникативные коды, которые в свою очередь делятся на вербальную и невербальную коммуникацию, А.П.Садохин выделяет как отдельный вид – паравербальную коммуникацию [8, 178]. В процессе межкультурного обмена элементы вербальной и невербальной коммуникации, взаимодействуя друг с другом, могут дополнять, опровергать и замещать друг друга, по классификации Т.Г.Грушевицкой, В.Д.Попкова, А.П.Садохина:

- Невербальное общение может дополнять вербальное сообщение
- Невербальное может противоречить вербальному сообщению;
- Невербальная информация может заменять вербальные сообщения;
- Невербальные знаки могут быть регуляторами вербального сообщения;
- Невербальные средства могут повторять вербальное сообщение [9, 171-172].

Американский исследователь Р.Бартес выделил два наиболее часто встречающихся типа отношений текста и изображения в рекламе:

- «Якорь» - текст подобно якорной цепи обеспечивает твердую связь между изображением и объектом общения, конкретизируя место, время и текст выбирает, если можно так сказать, одну из возможных интерпретаций изображения.
- «Реле» - этот вид отношений указывает на их взаимную связь, при которой каждый вносит свой вклад в общее сообщение [цит по 2, 53].

Учитывая связь между вербальными и невербальными (креолизованным) кодами в рекламных текстах, а также на основе вышеуказанных классификаций мы предлагаем выделять, следующие виды креолизованности рекламного текста:

- Невербальные средства дополняют вербальное сообщение. Такая связь подобна «цепи», когда невербальные средства неразрывно связаны с вербальной частью текста. Например, в рекламном лозунге «Что выбираешь Ты?» (биллборд по пр. Абая уг. ул. Абылай хана) – изображение разделено на две части: в одной - тень сгорбленного молодого человека, у ног которого лежат использованные шприцы, а в другой - в ярких

красках изображен молодой парень, несущийся с горы на лыжах. В первую очередь реципиент обратит внимание на изображение спортивного характера и получает положительные эмоции. Он автоматически примеряет ситуацию на себя: «мне бы тоже хотелось быть таким, как он» и, читая текст, он готов выбрать такой образ жизни. Переключая внимание на изображение отрицательного характера, реципиент автоматически решает не выбирать данный путь, таким образом, эффект рекламного лозунга достигнут.

В рекламе новой модели машины марки Ford текст «Вот это Foxus деген осы!» (уг. ул. Райымбека-Суюнбая) сопровождается фоторисунком целующейся пары, которые наполовину вылезли из окон двух расположенных параллельно машин данной марки. Эффект рекламного изображения заключается во взаимодействии с текстом и состоит в том, что машины находятся в движении, влюбленные целуются на лету, таким образом текст дополняет изображение, а изображение – усиливает его.

Банк Казкоммерц использовал способность хамелеона менять окраску в соответствии с окружающей средой, для рекламирования обмена денег с одной валюты на другую как в депозитах, так и в других вкладах, рекламное изображение при этом дополняется текстом «Ваши деньги могут также» (по пр. Достык). Копирайтеры в рекламе универсального моющего порошка «Ariel» использовали в тексте слово «палитра» - «Для всей палитры пятен» (уг.пр. Абая – Мате - Залки), что подтверждается изображением одежды, на которой отображены все виды пятен в разной цветовой гамме. К такому же типу рекламы мы относим рекламные тексты «Я экстриверт», «Скроен для Вас!», «Империя тепла» и др.

- Невербальная информация заменяет вербальное сообщение. Например, когда дается только фирменный знак - логотип фирмы и его изображение. Реклама мебельной фирмы «Жанна» (уг. пр. Абая – Абылай хана), мобильной связи «PASSWORD», связи «EXCESS» (РТС уг. пр. Абая - Масанчи), матрасов «Flexu» (биллборд, уг. ул. Толе би-Жумалиева), итальянской мебели «Bravo» (биллборд, уг. ул. Абая-Байтурсынова), коллекция одежды и магазин «Patric Hellman collection» (биллборд на уг. ул. Абылай хана - Шевченко) и т.д., подобный способ рекламы подчеркивается высказыванием «фирма в рекламе не нуждается», когда присутствует фоторисунок и фирменный знак или наименование товара, услуг и лишь какой-то намек на него: сигареты, часы, духи в дорогих журналах.

- Невербальная информация может противоречить вербальному сообщению, по культурным, этическим соображениям. К такому типу рекламы, по нашему мнению, относится реклама детского обезболивающего средства «Нурофен», где сообщение «Нашим детям иногда требуется забота и освобождение от боли» сопровождается музыкой, которая в сознании казахстанского реципиента, не связывается с болью и высокой температурой, а также изображением детей, танцующих на празднике (телеканал НТК, ноябрь 2006 г.). Реклама «Русского радио» так же основана на противоречии вербального текста «Все будет хорошо!» с изображением в рекламных телевизионных роликах: в первом, в начале демонстрируются плачущие мужчины разной национальности, а в конце него, показывается, режущая лук, женщина в национальной русской одежде, во втором, в начале ролика мужчина в одежде русского царевича несет лягушку в носовом платке со стрелой, в конце ролика, мужчина-повар, с отличительной для французских поваров чертой - закрученными усиками кверху, точит нож (обыгран общеизвестный стереотип любви французов к лягушачьим ножкам) (телеканал КТК, ноябрь 2005 г.).

Невербальные знаки, как и вербальные, могут выступать регуляторами определенного сообщения, которые можно еще назвать - «реле», когда тип целевой аудитории определяет тип текста и визуальное оформление рекламы. Например, реклама лекарственного средства «Гриппостад», где текст «Жеңімпаз жандарға арналған – Для

успешных людей принял и не более» (уг. пр. Абая - Кунаева) дополнен изображением руки, показывающей знак победы, на пальцах которой сверкают дорогие ювелирные украшения или изображение дорого и стильно одетого мужчины с тяжелой золотой цепью, инкрустированной бриллиантами. Таким же образом сформирована реклама мобильной связи Pathword «Тариф «Дорогой» (уг. пр. Абая - Достык), в которой изображаются дорого и модно одетые женщина и мужчина, подразумевается высокое качество и высокая цена на подключение к данному тарифу. Направленность системы кредитования Банка ТуранАлем на студентов иллюстрируется следующим текстом «Білікті білім алғың келе ме? – Хочешь получить достойное образование?» и подкрепляется изображением студента (рекламная листовка, Банк ТуранАлем). В рекламе мебельной фирмы изображение расположенных в боевом порядке кресел с креслом знаменосцем, сопровождается рекламным текстом «У вас на службе» (Zeta, уг. ул. Ш.Калдаякова – Казыбек би). Печатная реклама жевательной резинки «Хубба-Бубба» «Такая вкусная, Такая прикольная» дополняется изображением мультипликационных героев телероликов, рекламирующих данную жевательную резинку, таким образом подчеркивается отношение этой рекламы для детей от 7 лет словами «прикольная» и изображением мультипликационного героя на скейте.

• Невербальные средства могут повторять вербальное сообщение. Этот тип отношений используется в большинстве рекламных текстов, особенно в объявлениях, например, реклама тамады и прилагается его фотография и т.д. Или рекламный текст мобильной связи Veeline «Жаз сыйлықтар әкелуде! – Лето приносит подарки!» (уг. ул. Масанчи - Абая) дополнен изображением семейной группы ежей, которые несут на себе разнообразные вещи от данной компании, рекламный текст Казкоммерцбанка «Өткір әсерлер Татымды несие – Острые ощущения Непресный кредит», иллюстрируется изображением двух штук острого перца и гоночной машины с кабиной в форме перца (спорткомплекс им. Б.Шолака), в рекламном слогане «Сыйға толы керемет – Упакован со вкусом» машина полностью скрыта под темной материей (уг.пр. Абая - Байтурсынова).

**Заключение** Проанализировав указанные виды связи вербальной информации с невербальными компонентами рекламного текста, мы выявили малочисленность связи, когда невербальные коды могут противоречить вербальному сообщению по культурным и этическим соображениям, такая тенденция обусловлена прежде всего открытостью характера казахского народа, впитывающего все новое очень быстро, а также влиянием глобализации, унифицирующей социальные отношения.

#### *Список использованной литературы*

1. Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф. Креолизованные тексты и их коммуникативная функция // *Оптимизация речевого воздействия*. - М., 1990. - С. 180.
2. Волкова В.В. *Дизайн рекламы*. – М., 1999. – 144 с.
3. Мюллер В.К. *Новый англо-русский словарь/ под. ред М.М.Маковского*, - М.: Изд. дом «Диалог», 2003. – 895 с.
4. Ученова Н.Н., Старых Н.В. *История рекламы: детство и отрочество*. – М.: Смысл, 1994. - 96 с.
5. Асанбаева С.А. *Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың өзекті социолингвистикалық мәселелері: оларды шешу жолдары*. Фил. ғыл. канд. ... диссертациясы. - Алматы, 1999. - 150 бет.
6. Солтанбекова Г.А. *Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі*. Фил. ғыл. канд..... диссертациясы. - Алматы, 2001. - 145 бет.
7. Рожков И.Я. *Международное рекламное дело*. – М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 1994. – 175 с.

8. Садохин А.П. Межкультурная коммуникация: учебное пособие. - М.: Альфа-М; ИНФРА-М, 2004. – 288 с.

9. Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации: Учебник для вузов/ под ред А.П.Садохина. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 352 с.

МРНТИ 16.01.07

Ф.Оразақынқызы<sup>1</sup>, Л. Умурзакова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚЫТАЙЛЫҚТАРДЫҢ АТ ҚОЮ ДӘСТҮРІНДЕГІ КОСМОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

### Аңдатпа

Бұл мақалада қытайлықтардың ат қою дәстүріндегі космологиялық факторлардың әсері қарастырылған. Қытай халқының наным-сенімі бойынша космологиялық түсініктер ерекше орынға ие, себебі олар әлемнің уақыттық-кеңістіктік параметрлерін суреттейді. Ғарыштың энергиясымен есептелген үйлесімді есім адамның тағдырына қолайлы әсерін тигізеді, себебі «әлем мәнсіз күштердің әрекеті емес, әлем – үйлесімді, өзінше ақылды, бұл әлеммен әрекеттесу адамның рухани және этикалық өсуіне мүмкіндік береді» деген сеніммен қытай халқы есімді үлкен жауапкершілікпен таңдайды.

**Кілт сөздер:** космологиялық фактор, микрокосмос, субстанционалды модель, уақыттық-кеңістіктік параметрлер.

Ф.Оразақынқызы<sup>1</sup>, Л. Умурзакова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

## ВЛИЯНИЕ КОСМОЛОГИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ В ВЫБОРЕ ИМЕНИ В КИТАЙСКОЙ ТРАДИЦИИ

### Аннотация

В этой статье рассматривается влияние космологических факторов в выборе имени в китайской традиции. Космологические концепции китайского народа занимают особое место, поскольку они описывают пространственно-временные параметры мира. Гармоничное имя, рассчитанное по энергии пространства, благотворно влияет на судьбу человека, потому что мир - это не совокупность хаотичной силы, мир - это гармоничный, умный, миролюбивый мир, гармония с которым позволит духовному и этическому развитию человека.

**Ключевые слова:** космологический фактор, микрокосмос, субстанциональная модель, пространственно-временные параметры.

F.Orazakynkyzy<sup>1</sup>, L. Umurzakova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## THE INFLUENCE OF COSMOLOGICAL FACTORS IN THE CHOICE OF NAME IN THE CHINESE TRADITION

### Abstract

This article discusses the influence of cosmological factors in the choice of name in the Chinese tradition. The cosmological concepts of the Chinese people occupy a special place, since they describe the spatio-temporal parameters of the world. A harmonious name calculated from

the energy of space has a beneficial effect on the fate of a person, because, the world is not a combination of chaos, the world is a harmonious, intelligent, peace-loving world, harmony with which will allow the spiritual and ethical development of man.

**Keywords:** cosmological factor, microcosm, substantial model, spatio-temporal parameters.

**Кіріспе.** Адам жалқы есімдермен күнделікті кездеседі, олар коммуникациялық байланысқа түскен кезде бір-бірін түсіну үшін қажет және өте маңызды. Жалқы есімдердің қолдану диапазоны өте кең. Олар адамдарды, географиялық орындарды, космологиялық объектерді, рухани және материалды мәдениеттің түрлі объектерін атау үшін қызмет етеді. Бәлкім осыған байланысты жалқы есімдерді зерттеу қызығушылығы жылдан жылға артады және ол жалқы есімдердің функционалдылығы терең зерттеу аспектісінде көрінеді.

Антропонимика адамдардың жеке есімдерін зерттейтін, ономастика ғылымының бір саласы. Антропонимдер адам өмірінің маңызды бөлшегі, ол адам мен оны қоршаған органы байланыстыратын құрал. Антропоним адамның атауы болғандықтан, ол адамсыз өмір сүре алмайды, яғни адам бар жерде антропоним да бар. Жер жүзі халықтарының бәрінде әрбір кісінің өзіне тән аты-жөні бар. Адамзат қоғамында есімі, аты жоқ адам кездесуі мүмкін емес.

Әрбір халықтың антропонимикалық жүйесі әр түрлі болады, ол антропонимдердің онтологиялық аспектідегі көрсетілуінен байқалады.

Қытай антропонимдерінің әлемі біршама көрнекі болып келеді. Ол есімдердің мәселесі көне заманнан ақ өзінің принципіалды өзгешелігімен қызықтырады. Қытайдың қарапайым – Ван Цзяньго, Хуан Дэгуан, т.б. антропонимдеріне қарасақ, ол біздің Айбек, Гүлнұр, Азамат есімдері сияқты көрінеді, бірақ қытай тілінде ол мүлдем олай емес. Бұл қазақ тіліне аударылған транскрипциялардың артында терең мағынаға толы есімер тұр, бірақ ол өзге тілдер мен мәдениеттерге түсініксіз болып келеді.

Қытай антропонимдері еуропалық антропонимдерден өзінің функционалдылығымен ерекшеленеді. Егер лингвистикада антропонимдерге дифференциация, индивидуализация қасиеттері ие болса, қытай антропонимдеріне сонымен қоса басқа да маңызды функциялары ие.

Есім – ол жай ғана белгі емес, ол есім мен есім иегері, оның өмірі мен тағдыры арасындағы байланыс. Сондықтан есім таңдау – тек қана жай формальдылық емес, сонымен қатар көптеген объективті (тек, туған жері мен күні, т.б.) және субъективті (сәбидің келбеті, тепмперамент, т.б.) факторлар ескерілетін күрделі процесс. Міне осындай лингвистикалық, экстралингвистикалық ерекшеліктер қытай антропонимдерінің функционалдылығы мен дамуына әсер етеді, ол өз тұрғысынан қытай антропонимдерің зерттеу процесін қызықтырады.

**Зерттеу әдістері:**Зерттеу жұмысында лингвистикалық зерттеулердің негізгі әдістері қолданылды: сипаттама, салыстырмалы-салғыстырмалы, интерпретивті, структуралы, статистикалық саралау; ономастикалық зерттеулердің арнаулы әдістері – ономастикалық универсалийді анықтау, сөзжасамдық пен этимологиялық саралау.

Мифопоэттік дүниетанымда космологиялық түсініктер ерекше орынға ие, себебі олар әлемнің уақыттық-кеңістіктік параметрлерін суреттейді [1, 8 б.].

Ғарыштың энергиясымен есептелген үйлесімді есім адамның тағдырына қолайлы әсерін тигізеді, себебі «әлем мәнсіз күштердің әрекеті емес, әлем – үйлесімді, өзінше ақылды, әлеммен әрекеттесу рухани және этикалық өрестеуге әкеледі» [2, 115 б.].

В.Е. Еремееваның айтуынша, еуропалық ойлауда ғасырлар бойы субстанционалдық модель байқалынатын болса, қытайлықтарға процессуалдық модель тән. «Біріншілердің көсқарасы бойынша өзгерген құбылыстардың артында өзгермейтін негіз бар деп ойлайды, ал екіншілерінің түсінігі тоталды өзгеріс пен тұрақсыздық негізінде құралады» [3, 28б.].

Антропонимикалық есім беруді космологиялық фактор «космологиялық көрсеткіштерге» негізделеді, яғни жеке адамның туылған күні, айы, жылы, жері, т.б. Космологиялық мәліметтер жекеленген, субъективті болады, мұндай есім берудің мақсаты – сол адамның микрокосмос пен қоршаған ортасы арасында үйлесімді өмір сүру.

Есімінде белгілі бір жер атауын сақтап қалу мүмкіндігі, сол жерге немесе сол жерде мекендейтін рухтарға құрмет көрсетуімен түсіндіріледі. Мұндай есімдерде мифологиялық елес тұрғысынан адам мен оның туылған жері арасында ажырамас байланыс орнатылады. Есім құрамында нақты бір «жер атауы» бар антропонимдердің саны санаулы, ол көбіне туылған жері немесе ата-аналарының тұратын жері. Мысалы Тан дәуірінде өмір сүрген ақынның есімі 张曲江 zhāngqūjiāng-ның туған жеріне байланысты, ол 韶州曲江 sháo zhōu qū jiāng Шаочжоу округының Чюйцзян жерінде туылған. Атақты жазушы 老舍 lǎoshè-ның ұлының есімі 小坡 xiǎopō, себебі ол Сингапур 新加坡 xīnjiāpō қаласында дүниеге келген. Өнші 关牧村 guānmùcūn өзінің есімінің туған жері 牧野村 mùyěcūn ауылынан ие болды, ол 河南省 hénánshěng провинциясында орналасқан.

Кей жағдайда есім таңдаған кезде ана-анасының шығу жерінің атауы қолданылады. Осылайша қытайлықтар өздерінің туған жеріне деген махаббаты мен құрметін білдіреді. Мысалы, Тан дәуірінің әдебиетшісі 韩愈 hányù-дің ата-анасы 昌黎 chānglí жерінде туылған, сондықтан өмірде оны көбісі 韩昌黎 hánchānglí деп атаған. Сун дәуірінің атақты қайраткері 王安石 wángānshí-дың ата-анасы 临川 línchuān жерінде тұрған, сондықтан оны 王临川 wánglínchuān «Линчуан жерінен шыққан Ван» деп атаған. Мысал ретінде келесі есімдер де бола алады: 上杭 shàngháng, ол Шанхай 上海 мен Ханчжоу 杭州 қалаларының аттары негізінде құралды; 皖青 wǎnqīng Анхой 安徽 мен Цинхай 青海 провинциялары негізінде; 吉贵 jíguì Чжилин 吉林 мен Гучжоу 贵州 провинциялары негізінде; 川鄂 chuānè Сычуан 四川 мен Хубэй 湖北 провинциялары негізінде; 甘津 gānjīn Гансу 甘肃 мен Тяньцзинь 天津 провинциялары негізінде құралған.

Қытайлықтардың антропонимикалық жүйесінде уақыт цикліндегі космологиялық түсініктері айқын көрінеді. Космологиялық түсініктерге қатысты «отбасыдағы туылу тәртібі», «туылған күні», «инь және ян, бес элемент», «шежіре кітабы», «шығыс күнтізбесі(жануарлар циклы)» сияқты есім беру тәсілдері болады.

*Отбасыдағы туылу тәртібіне байланысты қытай антропонимдері:* Ежелгіде адамның қоғамдағы орны туылғанынан бастап белгіленеді. Дәстүр бойынша үлкен ұлына әкесінің дәрежесі мұра етіледі, ал кіші ұлдары төменірек орынды алатын. Отбасыдағы баланың туылу тәртібі өз тұрғысынан белгілі бір элементтер «жолының тәртібі», оны ұстану есімдерге де қатысты болды. Отбасыдағы тәртіпті көрсету үшін 伯 bó «ағайындыларының ішіндегі үлкені, тұңғыш», 孟 mèng «ағайындыларының ішіндегі үлкені, тұңғыш», 仲 zhòng «ағайындыларының ішіндегі ортаңғысы, ортаңғы, екінші», 叔 shū «төрт баланың ішіндегі үшіншісі», 季 jì «кенже, ең кішісі», 老大 lǎodà «үлкен аға, тұңғыш бала», 老二 lǎoèr «екінші бала», 老三 lǎosān «үшінші бала», 老四 lǎosì «төртінші бала», 冠 guān «шір(бірінші баланы есімінде қолданылады)», 亚 yà «екінші, келесі, екінші



болу», 次 cì «екінші, келесі, екінші болу», 大 dà «үлкен», 中 zhōng «ортаңғы» сияқты бірліктер есімде қолданылады.

Мысалы, 冠奇 guānqí «таңғажайып шір», 亚军 yàjūn «екінші жеңімпаз», 亚男 yànán «екінші ер», 乔冠华 qiáoguānhuá «таңғажайып шір», 陈冠辉 chénguānhuī «гүлденген шір», 邓亚萍 dèngyàpíng «екінші елкезбе», 熊亚飞 xióngyàfēi «екінші ұшқыш», 次郎 cìláng «кезекті ер», 二郎 èrláng «екінші ер», 中子 zhōngzǐ «ортаңғы бала», 次男 cìnán «кезекті ер», т.б.

*Туылған күніне байланысты қытай антропонимдері:* Қытайлықтардың ойлауыша тірі жандар ғарышпен ажырамас байланыста болады, олар өздерінің ішкі циклдарын сыртқы циклдармен синхронизациялауы керек. Адам, жүйенің бір элементі болғандықтан өзінің ішкі уақытын түсініп, алаңдауы мүмкін, бірақ сонымен қатар ол өз уақытын әлем уақытымен үйлестіруі тиіс.

Қытай өркениетінде күнтізбені құрастыру мен пайдалануда ежелгіден келе жатқан дәстүрі бар. Қытайлықтар дәстүрлі екі күнтізбені, ай және күн күнтізбелерін қолданады, олар бір-бірінен тек уақыт санағымен ғана емес, сонымен қатар түрлі терминологиясымен (жыл мезгілдерінің, маусым, айлардың спецификалық атаулары) ажыратылады. Қазіргі таңда қытайда сонымен қатар григориандық күнтізбе де пайдаланылады.

Әрбір зат өз тұрғысынан әртүрлі ағын жылдамдық процессін көрсететін болғандықтан, ол заттың динамикалық табиғатын қағып көрсетеді, қытайдың циклдық жүйесі адамды белгілі бір уақыт мезетімен байланыстырады, ол «жеке есімімен» бекітілуі мүмкін. Мысалы адамның туылған күніне байланысты, есімінде «жыл», «ай», «күн» мағынасы бар, сонымен қатар «тәулік уақыты», «сағат», «минут» мағынасын білдіретін сөздер кездесуі мүмкін. Сонымен қатар уақыт сөздерінде екі түрлі атауы болады, олар белгілі бір уақыт периодының метафоралық белгіленуі болады, мысалы бір жылдағы он екі айдың келесідей атаулары бар:

1 – кесте. Қытай тіліндегі айлардың атаулары

Айлардың григориандық күнтізбе бойынша атауы	Айлардың қытай дәстүрі бойынша атауы (ай күнтізбесі)
Қаңтар	正月 zhēngyuè бірінші ай; 端月 duānyuè бастапқы ай; 春月 chūnyuè көктем айы; 陬月 zōuyuè бірінші ай, қаңтар; 孟陬 mèngzōu бірінші ай, шеткі ай; 孟春 mèngchūn көктемнің бірінші айы, бірінші көктемгі.
Ақпан	如月 rúyuè екінші ай; 杏月 xìngyuè екінші ай, өрік айы; 仲春 zhòngchūn екінші ай, көктем ортасы.
Наурыз	桃月 táoyuè үшінші ай, шапбалы айы; 季春 jìchūn жылдың үшінші айы, көктем соңы.
Сәуір	余月 yúyuè төртінші ай; 清和月 qīnghé yuè төртінші ай, тазалық пен тыныштық айы; 槐月 huáiyuè қараған айы, төртінші ай; 孟夏 mèngxià жаздың бірінші айы.
Мамыр	榴月 liúyuè бесінші ай, анар айы; 蒲月 púyuè бесінші ай, қамыс

	айы; 仲夏 zhòngxià жаз ортасы, бесінші ай.
Маусым	且月 qiěyuè алтыншы ай, ата-баба алтарьының айы; 荷月 héyuè лотос айы; 伏天 fútiān жылдың ыстық күндері; 季夏 jìxià алтыншы ай, жаз соңы.
Шілде	相月 xiāngyuè жетінші ай; 桐月 tóngyuè тунг ағашының айы; 巧月 qiǎoyuè тамаша ай; 霜月 shuāngyuè бірінші иней құлау айы; 孟秋 mèngqiū күздің бірінші айы.
Тамыз	壮月 zhuàngyuè өсімдіктік айы; 桂月 guìyuè даршын айы; 仲秋 zhòngqiū күз ортасы.
Қыркүйек	玄月 xuányuè тоғызыншы ай, қараңғылық айы; 菊月 júyuè бақытгүл айы; 季秋 jìqiū тоғызыншы ай, күз соңы.
Қазан	阳月 yángyuè оныншы ай, күн айы; 小阳春 xiǎoyángchūn кіші көктем; 孟冬 mèngdōng қыстың бірінші айы.
араша	葭月 jiāyuè қамыс айы; 仲冬 zhòngdōng қыс ортасы
Жетлоқсан	涂月 túyuè он екінші ай; 腊月 làyuè қысқы құрбан шалу айы; 嘉平月 jiāpíngyuè он екінші бақыт пен тыныштық айы; 季冬 jìdōng он екінші ай, қыстың соңы.

Осы ай атаулары есімдерде көп қолданылады, мысалы: 端月 duānyuè «жылдың бастапқы айы», 春月 chūnyuè «көктем айы», 杏月 xìngyuè «екінші ай, өрік айы», 清和 qīnghé «төртінші ай, тазалық пен тыныштық айы», 小阳春 xiǎoyángchūn «кіші көктем», 孟冬 mèngdōng «қыстың бірінші айы», 菊月 júyuè «бақытгүл айы», т.б.

Есім беру семиозисінде логограммамен қатар, морфограммалар да қатысады. Мысалы 春胜 chūnshèng (көктем жеңісі) есімі мен 冬胜 dōngshèng (қыстың жеңісі) есімін құраушы бөліктеріне бөліп қарастыратын болсақ, 春月胜 chūnyuèshèng «көктем айында туылған» және 冬月胜 dōngyuèshèng «қыс айында туылған» тіркестер пайда болады.

Сонымен қатар қытайлықтар жылды тек 12 айға ғана емес, сонымен қатар 24 ауылшаруашылық маусымға бөледі, және оларды есім беру кезінде пайдаланады, мысалы: 立春 lìchūn «көктем бастауы», 雨水 yǔshuǐ «жаңбыр», 惊蛰 jīngzhé «жәндіктердің оянуы», 春分 chūnfēn «көктем ортасы», 清月 qīngyuè «айқын күндер», 容雨 róngyǔ «нан жауындары», 立夏 lìxià «жаз бастауы», 小满 xiǎomǎn «кіші береке», 小暑 xiǎoshǔ «кіші аптап (ыстық)», 大暑 dàshǔ «қатты аптап (ыстық)», 立秋 lìqiū «күз бастауы», 处暑 chǔshǔ «ыстықтың соңы», 秋分 qiūfēn «күз ортасы», 立冬 lìdōng «қыс бастауы», 小雪 xiǎoxuě «кіші қарлар», 大雪 dàxuě «үлкен қарлар», т.б.

Құрамында туылған күні, мезгілі бар есімдер түрлі мифтерді тапқызады. Бір жағынан ол қарапайым әдемі тіркес, образ ( Көктем бастауы), ал бір жағынан ол

ауылшаруашылықтың бір кезеңінің ескертпесі. Сонымен қатар ол білгілі адам, отбасының туылу тарихы.

*Инь және ян, бес элеменке байланысты қытай антропонимдері:* Бір космогониялық модельге байланысты алғашқы пневма инь және ян болып екіге дифференциацияланған. Инь пневмасы қара, ауыр болып төмен түсе бастады, сөйтіп «Жерге» айналды, ал ашық және жеңіл ян пневмасы жоғары көтеріліп «аспанға» айналды [6, 187б.]. Үшбірлікте – Аспан мен Жердің ортасы Адам. Аспан ол – ян, Жер – инь, Адам – аралас разряд, ол өзінде инь мен янді біріктіреді, себебі оған тең мөлшерде ер мен әйелдер, басшы мен бағынушы, ер мен зайып, т.б. түседі. Күштердің тепе-теңдігі, инь мен ян үйлесімі адам өміріне бақыт пен бақты әкеледі.

Есім құрамына кіретін иероглифтердің мағынасында 理 lǐ «ли» принципі мен сызықтар саны 数 shù «шу» бар. Бұл ли мен шу жинағының негізінде есімдегі инь және ян тепе-теңдігі анықталады. Мысалы, 王芳 wángfāng антропониміндегі 王 wáng тек, оның аудармасы «пашта, император, хан», ал патша тек ер адам бола алған, сондықтан 王 wáng тегі мағынасы бойынша ( 理 lǐ «ли»принципі) ян күшімен салыстыруға келеді. Бірақ сызықтар саны бойынша бұл тек инь күшіне тиісті болады, себебі құрамында 4 сызығы бар, ал жұпты сандар инь күшімен салыстырылады. Есім 芳 fāng «хош иісті шөптер, жұпар иіс» мағынасын білдіреді, ол қытай мәдениетінде әйел бастауы иньмен байланыстырылады, бірақ иероглифтегі сызық саны бойынша (олар 7) есім янге жатқызылады. Нәтижесінде 王芳 wáng fāng антропонимі ин және ян тепе-теңдігі көзқарасынан адам үшін өте үйлесімді.

Сонымен қатар қытай тіліндегі буындар дыбыстық құрамына байланысты әйел (инь буындары) мен ер (ян буындары) болып бөлінеді. Әйел буындары ашық, буын құраушы дауыстыларға аяқталады (a, o, ai, ei, т.б.). Ер буындары тұйық, жабық, мұрындық финальдарғы аяқталады (an, en, ang, ing, ong, т.б.). Оған қоса түзу және сынған тондарға бөлінеді. Әйел тондары болып бірінші және екінші тондар болса, ер тондары үшінші және төртінші тондар болады.

Инь және ян күштері үйлесімді болсын деген мақсатпен, қытайлықтар есімде буын мен тондардың тепе-теңдігін сақтауға тырысады. Таңдау кезінде есімдегі фонетикалық тіркес келесідей болғанды тырысады: ян буыны түзу әйел тоны, инь буыны бұрама, сынған. Мысалы 王大平 wángdàpíng антропонимі үйлесімді болып саналады, себебі бұл есімде ер және әйел буындары мен тондары алмастырылады. Сонымен қатар бұл есімнің семантикасы сингникативті, «өте сабырлы, тынышталған» мағынаға ие.

Әлемнің дуалисттік көрінісі инь және янның өзара әрекеттесуінде негізделеді, және әдетте Усин 五行 концепциясымен толықтырылады, бұл бір-бірімен әрекеттесуінің нәтижесінде жер бетінде бес элементтің пайда болуына әкелді: от 火, су 水, жер 土, металл 金 және ағаш 木.

Қытай мәдениетінде «бес» саны кездейсоқ емес, ол тұтастық пен аяқтылықты білдіреді. Бұл бес алғашқы элемент бір айналымда орналасып, бір элемент бірінінен күшті, бірінен әлсіз кезегінде тұрады. Яғни ағаш отты туғызады, от – жерді, жер – металды, металл – суды, су – ағашты. Және керісінше, су оттан күшті, от металдан, металл ағаштан, ағаш жерден, жер судан күшті болады. Осылайша әлем біртұтас, бес элементтен тұрады деп қабылданады. Әлемнің мұндай моделінде тәртіпті Аспан орнатады, ал адам сол тәртіпке бағынуы тиіс. Қытайлықтар бұл тәртіпті өмір бойы ұстануға тырысады.

У син жүйесі қытай мәдениетінде негізгі классификацияланған сызбанұсқасы болып табылады. Стихиялар тәулік уақытын, ағаш – таңды, от – күнді, металл – кешті, су – түнді, адамның негізгі бес ағзасын (жүрек, бауыр, өкпе, көкбауыр, бүйрек), әлемнің бес жағын (шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік, ортасы), бес негізгі түсті (көк, жазыл, қызыл, сары, қара), бес ізгі қасиетті (адамгершілік, парыз, рәсім, ақыл, адалдық), т.б. Қытайлықтар элементтердің тәртібін есімдерде де ұстануға тырысты, мысалы әкесінің есімінде «ағаш» логограммасы болса, оның ұлында «от» элементінің логограммасы, ал немересінде «жер» болуы керек. Мысалы әкесінің есімі 毕构 bìgòu «құрылысты бітіру» мағынасын білдіреді, бұл жердегі 构 gòu есімінде ағаш 木 элементі бар; ұлының есімі 毕炕 bìkàng «қан пешінің құрылысын аяқтау» мағынасына ие, және есімінде оттың 火 кілті бар; Немересінің аты – 毕增 bìzēng «қоспаны бітіру» мағынасын білдіреді, мұндағы 增 zēng есімінде жер 土 элементі бар. Осылайша бір отбасының аясында бес элементтің алмастыруы жүреді.

Белгілі бір стихияға қатысты болуды есімдегі сызықтардың саны айтады, мысалы 4 және 9 сызықтан тұратын логограмма «металл» стихиясына, 3 және 8 – ағаш, 1 және 6 – су, 2 және 7 – от, 5 және 10 – жер стихиясына сәйкес келеді.

Антропонимнің белгілі бір стихияға қатысты болуын грамматикалық дәрежеде де анықтауға болады, ол иероглифтік белгідегі морфограммалармен анықталады. Мысалы 钟 zhōng (қоңырау), 钱 qián (ақша), 刚 gāng (қатты), 利 lì (пайда) тектерінде «металл 金» және «пышак 卩» элементтері бар, сондықтан бұл тектер «металл» стихиясына жатқызылады. 杨 yáng «терек», 李 lǐ «қараөрік», 艺 yì «өнер, 营 yíng «кәсіп, тірлік» текретінде «ағаш» пен «шөп» кілттері бар, сәйкесінше бұл тектер «ағаш» стихиясына тиесілі. 江 jiāng «өзен», 黎 lí «халық, көпшілік», 鲜 xiān «жаңа», 云 yún «бұлт», тектерінде су, балық, бұлт элементтері бар, сондықтан олар «су» стихиясына жатады.

*Шежіре кітабына қатысты қытай антропонимдері:* Әрбір қытайлық отбасының өзіндік «шежіре кітабы» болған, ол жерде шежірелік ағашын жазатын. Бұл кітаптағы жазбалар белгілі тәртіппен жүргізілген, мысалы кітапқа әрбір ұл бала туылу реті бойынша жазылған. Рулық есімде өзінің формуласы болған, бұл формулаға сәйкес бір тұқым өкілдерінің есімдерінде барлығына ортақ қайталанатын элемент болды. [3, 166б.]. Мысалы атақты 毛泽东 máozédōng-ның екі інісінің аттары 毛泽民 máozémín және 毛泽潭 máozétán. Үш ағайындының тегі 毛-дан бөлек есіміндегі бірінші элементі 泽 де ортақ, бұл олардың рулық ерекшелігі болып табылады. 泽 морфограммасында «су элементі» бар, сондықтан олардың рулары су стихиясына жатады.

*Шығыс күнтізбесіне (жануарлар циклы) қатысты қытай антропонимдері:* Қытай мәдениеті өзінің шектеулі космологиялығымен сипатталады, ал қытай ойлауының ежелгі методологиясы антрологиялық болған [4, 25 б.]. Қытайлықтардың түсінігі бойынша туылған жыл (шығыс күнтізбесі бойында бір белгіге тиісті болу) адамның тағдырына үлкен әсерін тигізеді, сондықтан есім таңдаған кезде оның туылған жылы міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Адамның туылу уақыты (туған жыл) әдетте он екі белгіден тұратын жануарлық циклымен сипатталады. Он екі циклдік жануарға : 鼠 – тышқан, 牛 – сиыр, 虎 – жолбарыс, 兔 – қоян, 蛇 – жылан, 马 – ат, 羊 – қой, 猴 – маймыл, 鸡 – тауық, 犬(狗) – ит, 猪 – қабан, және жалғыз мифологиялық 龙 – айдаһар сияқты жануарлар жатады. Бұл күнтізбеге

сәйкес алпысжылдық циклдың бірінші жылы туылған адамдар тышқан жылына жатқызылады, екінші жыл – сиыр, үшінші жыл – жолбарыс, төртінші жыл – қоян, бесінші жыл – айдаһар, алтыншы – жылан, жетінші – ат, сегізінші – қой, тоғызыншы – маймыл, оныншы – тауық, он бірінші – ит, он екінші – қабан жылы болып саналады. Бұл цикл ішіндегі алты жұп жануар бір-біріне қарсы тұрады, ол тышқан мен ат, сиыр мен қой, жолбарыс пен маймыл, қоян мен тауық, айдаһар мен ит, жылан мен қабан, және бір-біріне үйлесімді алты жұп: тышқан мен сиыр, жолбарыс пен доңыз, қоян мен ит, айдаһар мен тауық, жылан мен маймыл, ат пен қой.

Қытай мәдениетінде есімдегі әрбір логограмма ғана емес, сонымен қатар әрбір морфограммада мағынаға ие. Сол себептен морфограмма логограмманың «маңызды бөлімі» болып саналады, мифологиялық ойлау морфограмманы жеке бірліктік белгі ретінде қарастыра алады, себебі ол өзіндік форма мен мағынаға ие (мағынасы болса, энергиясы да бар), барлығын қосқанда морфограмма да есім иесіне әсерін тигізеді [5, 30 б.].

Қытайлықтар адам белгілі бір жылы дүниеге келіп, сол туылған жыл жануарына ұқсас қасиеттерге ие болады деп сенеді. Тышқан, доңыз, қоян, ат, қой, маймыл, тауық, ит – дәнді дақылдарды жей алады, сондықтан осы жылдары туылған адамдардың есімдерінде «күріш 米», «бұршақ 豆», т.б. морфограммаларын қолдана алады. Бұл олардың өмірі тыныш, тоқ және бақытты болатынына кепіл береді деп сенген. Қой, сиыр, ат, қоян – шөп жейтін жануарлар болғандықтан, осы жылдары туылған адамдардың есімдерінде «шөп 草» морфограммасын қолданса болады.

Кейбір жануарлар үй жануарлары болғандықтан, мысалы қабан жылы туылған адам есімінде «адам», «шатыр» морфограммаларын қолданса болады. Кейбір жануарлар керісінше жабайы, ал адам олардың үлкен жауы, сондықтан мұндай есімдерде бұл морфограммаларды қолдануға болмайды, орнына «орман», «тау», «жазық» морфограммаларын пайдаланған жөн.

Осы заңдылықтарды ескере отырып, жаңа туылған сәбиге сәйкес есімін таңдайды, мысалы «тышқан» жылы туылған адамдарға келесідей грамматикалық ережелерді ұстану керек:

Тышқандар түрлі дәнді дақылдармен қоректенеді, сондықтан тышқан жылы туылған адамның есімінде: 米 «дән», 豆 «бұршық», 麦 «бидай», 禾 «дән», 草 «шөп», т.б. морфограммаларды қолданылады. Сонымен қатар тышқан жылы туылған адамдардың есімінде: 丰 «шатасқан», 艳 «жарқын», 麦 «бидай», 乘 «ұстау», 奏 «ойнау», 秧 «көшет», 程 «өлшеу», 稔 «егін, өнім», 谷 «нан дәндері», 稳 «тұрақты», 苏 «шөп», 芬 «хош иісті», 茉 «жасмин», 芳 «жұпардай», 苗 «бүршіктену», т.б. логограммалары қолданылады [6, 25 б.].

Тышқандар кішкене індерде тұратындықтан, тышқан жылы туылған адам есімдерінде 口 «ауыз», 穴 «үңгір, ін», 宀 «шатыр» сияқты логограмма мен морфограммаларын қолдану ұсынылады. Мысалы, 合 «біріктіру», 周 «айналым, цикл», 商 «талқылау, сауда», 善 «адамгершілік», 回 «қайту», 宇 «үй», 家 «үй, отбасы», 安 «бейбіт, тыныш», 宙 «ғарыш, әлем», 容 «сыйдыру», 宜 «керек, тиіс», 定 «қатты, тұрақты», 富 «бай», 宽 «өнімді», 守 «қорғау», т.б.

Жануарлар күнтізбесінде тышқан бірінші орынды алады. Бірінші орын әдетте маңызды тұлғаларға ие, оларда үлкен билік бар, сондықтан тышқан жылы туылған адам есімдерінде 王 «патша», 君 «хан, монарх, пашта», 玉 «нефрит» сөздері жиі қолданылады.

Қытай мәдениетінде «тышқан» адамдар безендіруді жақсы көреді, түрлі түсті киім киюді ұнатады, т.б. деп саналады, сондықтан бұл адамдардың есімдерінде 巾«орамал»,衣«киім», 采«түсті жібек», 糸«жібек», т.б. морфограммалары қолданылады. Мысалы, 彩«түсті, жібек лентасы», 彰«жарқын», 影«көлеңке», 帝«император», 裕«бай», 绸«жібек матасы», т.б.

Жағымды, қолайлы белгілермен қатар, жағымсыз, сәтсіз белгілер де бар, оларды есімдерде қолданбауды ұсынылады. Мысалы, тышқан немесе сиыр жылы туылған адамдардың есімінде сол жануарлар үшін апатты, зиянды мағыналарын білдіретін логограмма мен морфограммаларды қолданбаған жөн: 午 - у (он екі белгінің ішіндегі жетінші циклдық белгі), 马 ат белгісі, 未 қой жылын білдіретін циклдық белгі, 羊 қой.

Тышқандар күн сәулесін ұнатпағандықтан, бұл жылы туылған адамдардың есімінде 日«күн» морфограммасы мен логограммасын қолданбауды ұсынады. Мысалы, 日«күн», 旦«таңсәрі», 旬«декада», 明«анық», 易«оңай, жеңіл», 星«жұлдыз», 春«көктем», 昌«даму, гүлдену», т.б. Сонымен қатар адам тышқандарды ұнатпайтындықтан, тышқан жылы туылған адам есімінде 人«адам», 彳«жүру, қадам», морфограммаларын қолданбаған жөн: 仁«адамшершілік», 得«қабыл алу, табу», 从«біреуге еліктеу», 仲«екінші іні», т.б.

*Жолбарыс жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 山 - тау, 玉- нефрит, 金- алтын, 木- ағаш, 示- білдіру, 月 - ай, 马- ат, 彳 - ит, 辶 - су. Қолдануға болмайтын белгілер: 日- күн, 火- от, 田- жазық, 口- ауыз, 糸- байланыстыру, 石- тас, 刀 - пышақ, 力- күш, 冫- қан, 父- әке, 足 - аяқ, т.б.

*Қоян жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 艹- шөп, 亻 - адам, 宀- шатыр, 白- ақ, 月 - ай, 山 - тау, 田- жазық, 金- алтын, 木- ағаш, 玉- нефрит. Қолдануға болмайтын белгілер: 马- ат, 石- тас, 刀 - пышақ, 力- күш, 车- арба, 皮- тері, 川 - өзен, т.б.

*Айдаһар жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 金- алтын, 辶 - су, 亻 - адам, 玉- нефрит, 白- ақ, 月 - ай, 赤- қызыл, 鱼- балық, 酉- қораз белгісі, т.б. Қолдануға болмайтын белгілер: 土 - жер, 十- он, 系 - жібек, 日- күн, 火- от, 田- жазық, 木- ағаш, 示- білдіру, 石- тас, 刀 - пышақ, 力- күш, 忄 - жүрек, т.б.

*Жылан жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 豆- бұршақ, 虫- құрт-құмырсқа, 金- алтын, 玉- нефрит, 鱼- балық, 山 - тау, 田- жазық, 木- ағаш, 月 - ай, 土 - жер. Қолдануға болмайтын белгілер: 亻 - адам, 彳 - ит, 石- тас, 刀 - пышақ, 冫- қан, 父- әке, 火- от, 系 - жібек, т.б.

*Ат жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 艹- шөп, 亻 - адам, 金- алтын, 玉- нефрит, 木- ағаш, 虫- құрт-құмырсқа, 豆- бұршақ, 米- күріш, 木- ағаш, 月 - ай, 土 - жер, т.б. Қолдануға болмайтын белгілер: 辶 - су, 田- жазық, 日- күн, 火- от, 车- арба, 石- тас, 刀 - пышақ, 酉- қораз белгісі, т.б.

*Қой жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 金- алтын, 白- ақ, 玉- нефрит, 月 - ай, 田- жазық, 豆- бұршақ, 米- күріш, 艹- шөп, 亻 - адам, 马- ат, 木- ағаш, 鱼- балық, 彡 - ит, т.б. Қолдануға болмайтын белгілер: 氵 – су, 车- арба, 系 - жібек, 山 - тау, 日- күн, 火- от, т.б.

*Маймыл жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 木- ағаш, 金- алтын, 玉- нефрит, 豆- бұршақ, 米- күріш, 氵 – су, 亻 - адам, 田- жазық, 山 – тау , 月 - ай, т.б. Қолдануға болмайтын белгілер: 火- от, 石- тас, 口- ауыз, 系 - жібек, 刀 - пышақ, 彡 - ит, 皮- тері, т.б.

*Тауық жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 米- күріш, 豆- бұршақ, 虫- құрт-құмырсқа, 木- ағаш, 玉- нефрит, 田- жазық, 月 - ай, 艹- шөп, 山 - тау, 金- алтын, т.б. Қолдануға болмайтын белгілер: 石- тас, 刀 - пышақ, 力- күш, 彡 - ит, 日- күн, 酉- қораз белгісі, 灬 қан, 系 - жібек, 马- ат, т.б.

*Ит жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 鱼- балық, 豆- бұршақ, 米- күріш, 马- ат, 金- алтын, 玉- нефрит, 艹- шөп, 氵 – су, 田- жазық, 木- ағаш, 月 - ай, т.б. Қолдануға болмайтын белгілер: 火- от, 石- тас, 系 - жібек, 山 - тау, 日- күн, 刀 - пышақ, 父- әке, т.б.

*Қабан жылында туылған адамдар* есімдерінде қолдануға болатын морфограммалар: 豆- бұршақ, 米- күріш, 鱼- балық, 氵 – су, 亻 - адам, 艹- шөп, 金- алтын, 玉- нефрит, 木- ағаш, 月 - ай, 山 - тау, 土 - жер, т.б. Қолдануға болмайтын белгілер: 系 - жібек, 石- тас, 力- күш, 灬 қан, 父- әке, т.б.

Сонымен қатар жеке антропоним ретінде күнтізбедегі он жануарлардың аты бола алады, мысалы: 孺牛«нәзік сиыр», 铁牛«темір бұқа», 牛童«сиыр баласы», 劲牛 «бұқадай мықты», 云龙 «бұлт арасында жүрген айдаһар», 马神«құдайдың аты(жылқы)», 黄虎 «сары жолбарыс», 成虎 «жолбарыс болу», 虎威 «жолбарыс күші», «ұлы жолбарыс», 山虎 «тау жолбарысы», т.б.

Қорытындылай келе, есім – ол жай ғана белгі емес, ол есім мен есім иегері, оның өмірі мен тағдыры арасындағы байланыс екеніне көзіміз жетті. Сондықтан есім таңдау – тек қана жай формальдылық емес, сонымен қатар көптеген объективті (тек, туған жері мен күні, т.б.) және субъективті (сәбидің келбеті, тепмперамент, т.б.) факторлар ескерілетін күрделі процесс болып табылады. Есім қоюда космологиялық факторларға мән бере қарау, адамның өміріне деген үлкен жуапкершілікті көрсетеді.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Алпатов В.М. Проблемы двуязычия и языков национальных меньшинств // Речевое общение в условиях языковой неоднородности / отв. ред. Л.П. Крысин. – М., 2000. – 220 с.
2. Андреева Л.И. Семантика литературного антропонима // Русская ономастика. – Рязань, 1977. – С. 157-167.
3. Арутюнова Н.Д. Типы языковых знаний: оценка, события, факт / отв. ред. Г.В. Степанов. – М.: Наука, 1988. – 338 с.
4. 大中国上下五千年:中国取名文化. - 北京: 外文出版社, 2010.-245 页.

5. 何跃青.中国取名文化/何跃青. -北京: 外文出版社, 2013.-160 页.

## МРНТИ 11.25.41

*Н.С. Пак<sup>1</sup>, Г.Ж. Буркитбай<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, г.Алматы, Казахстан.*

### МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

#### *Аннотация*

Межкультурная коммуникация – одна из актуальных направлений в ряде наук: социологии, политологии, лингвистике, социолингвистике и др. Разработка ее проблем особо важна для полиэтнических государств, таких, как Казахстан. В статье рассматриваются языковые и культурологические средства коммуникации в Казахском обществе на примере культур различных этносов. Приведены примеры толерантного поведения в межкультурном общении. Подчеркивается важность изучения специфики использования различных средств коммуникации при взаимодействии с представителями разных культур. Знание и использование адекватных способов и средств общения в разных культурах даст возможность успешной коммуникации и избежать культурных шоков. Отмечается, что Казахстан – образец благополучного осуществления межкультурной коммуникации в многонациональном обществе. Даются рекомендации: для разрешения и избежания межкультурных конфликтных ситуаций необходимо, прежде всего, преодолеть этнокультурную предубежденность и понимать символы другой культуры.

**Ключевые слова:** межкультурная коммуникация, многонациональное общество, этническая культура, средства коммуникации, культурный шок, толерантное поведение.

*N.S. Pak<sup>1</sup>, G.J. Burkitbay<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh Ablai khan University of International Relations & World Languages, Almaty, Kazakhstan*

### INTERCULTURAL COMMUNICATION IN KAZAKHSTANI SOCIETY

#### *Abstract*

Intercultural communication is one of the relevant areas in a number of sciences: sociology, political science, linguistics, sociolinguistics, etc. The development of its problems is especially important for multi-ethnic states, such as Kazakhstan. The article discusses the linguistic and cultural means of communication in Kazakhstani society on the example of cultures of various ethnic groups.

Some examples of tolerant behavior in intercultural communication are given. The importance of studying the specifics of using various means of communication when interacting with representatives of different cultures is emphasized. Knowing and using adequate ways and means of communication in different cultures will enable successful communication and to avoid cultural shocks.

It is noted that Kazakhstan is an example of successful implementation of intercultural communication in a multinational society. The recommendations are given: to resolve and avoid intercultural conflict situations, it is necessary, first of all, to overcome ethnic-cultural prejudice and understand the symbols of another culture.



**Key words:** intercultural communication, multinational society, ethnic culture, means of communication, cultural shock, tolerant behavior.

*Н.С. Пак<sup>1</sup>, Г.Ж. Бүркітбай<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

### *Аңдатпа*

Мәдениаралық қарым-қатынас – әлеуметтану, саясаттану, лингвистика, әлеуметтік лингвистика және т.б. сияқты ғылымның өзекті бағыттарының бірі. Оның мәселелерін талдау Қазақстан сияқты полиэтникалық мемлекетке өте қажет. Мақалада қазақстандық қоғамдағы түрлі этностар мәдениеті негізіндегі қарым-қатынастың тілдік және мәдениеттану құралдары қарастырылады. Мәдениаралық қарым-қатынастағы толерантты мінез-құлық мысалдары келтірілген. Түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасындағы коммуникацияның әр алуан құралдарының қолданылу ерекшеліктерін зерделеудің маңыздылығы айшықталады. Түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасындағы коммуникация құралдарын орынды қолдана білу мәдени шок болдырмауға жағдай жасайды. Қазақстанның көпұлтты қоғамдағы мәдениаралық қарым-қатынас жасаудың озық үлгісі екендігі нақтыланады. Мәдениаралық қақтығыстарды болдырмау үшін және оң шешім шығаруда, ең алдымен, басқа мәдениеттің символдарын дұрыс түсініп және этномәденилік сенімділікті жеңе білу қажеттігі жайында дәйекті ұсыныстар беріледі.

**Кілт сөздер:** мәдениаралық қарым-қатынас, көпұлтты қоғам, этикалық мәдениет, коммуникация құралдары, мәдени шок, толерантты мінез-құлық.

**Введение.** В современном периоде глобализации и необходимости межгосударственного и межэтнического взаимодействия появляются новые научные направления, среди которых особое место занимает МК. Разработка этого направления особо актуальна для полиэтнических и мультикультурных обществ. Почти во всех крупных вузах России открыты специальные кафедры, ведущие подготовку специалистов новой профессии - специалистов по МК общению.

Поиск путей сближения народов с разными культурами, их взаимопонимания и разумных компромиссов без утраты собственной социокультурной идентичности одна из актуальных проблем современности.

В общении люди используют три вида знаний, составляющих коммуникацию – когнитивные, лингвистические и культурологические. Когнитивные – это знания о реальном мире, которыми владеют все говорящие на этом языке, лингвистические – знания лингвистических средств и культурологические – элементы этнической культуры. [1, 15]

Рассмотрим подробно языковые и культурологические средства и способы коммуникации в разных культурах.

### **Языковые средства выражения межкультурных различий**

Прежде всего, следует отметить, что если два этноса используют в своей практике общения два разных языка, то этот факт препятствует коммуникации между ними. Преодолеть языковой барьер можно в том случае, если хотя бы один член одной общности изучит язык другой общности и станет тем самым двуязычным человеком (билингвом). Никакого другого способа установить межэтнический контакт – нет, только через билингвизм. Огромна роль языка как средства коммуникации и условием успешной коммуникации между представителями разных культур является знание билингвом всех

тонкостей языка партнера. Однако языковой барьер не единственное препятствие к взаимопониманию. Для эффективного общения необходимо преодолеть барьер культурный [2, 34]. Языки должны изучаться в неразрывном единстве с миром и культурой народов, говорящих на этих языках.

Главным аспектом исследования специалистов по МК является изучение специфики использования различных средств коммуникации при взаимодействии с представителями разных культур. Знание и использование адекватных способов и средств общения в разных культурах даст возможность успешной коммуникации и избежать культурных шоков.

Приведем примеры специфики использования языковых средств коммуникации представителями разных культурах.

На утреннее приветствие *nan megesso*, что означает – доброе утро, последовал ответ – нет, я еще не завтракал. Такое приветствие приемлемо в корейской культуре, но оно не типично для культуры советских корейцев, ассимилированных культурой окружающих народов.

В языке советских корейцев утрачены некоторые элементы категории вежливости: отсутствует местоимение *це/цэ*, унижающее статус говорящего, а есть только местоимение *нае/на*, не употребляется также почтительный аффикс –*ним* по отношению к детям собеседника (*тта-ним*, *адэ-ним*).

Под влиянием русской культуры в корейских семьях к родителям обращаются на «ты», также супруги между собой обращаются на «ты» и по имени, что не типично для корейской культуры.

Другой пример подобного рода случился также на конференции в русскоязычной аудитории, когда молодой докладчик из Кореи закончив свое выступление, сказал «извините за мой неинтересный и скучный доклад». Конечно же, он вызвал у слушателей смех. На самом деле он исходил из норм поведения своей культуры. Приуменьшив личные достижения и отрицательно охарактеризовав свое выступление, он продемонстрировал скромность и уважение к присутствующим. Он находится в полном соответствии с корейской системой вежливости, где унижая себя, говорящий возвышает собеседника и таким образом демонстрирует вежливость по отношению к нему.

В коммуникации выделяются языковой и поведенческий аспекты, а тип коммуникативного поведения народа предопределен культурой и закреплены его традицией. Знание этнических особенностей коммуникативной культуры способствует эффективному общению.

Трудности в межкультурной коммуникации возникают из-за того, что коммуниканты оценивают поведение друг друга, исходя из своих норм и традиций, а также находясь под влиянием своего коммуникативного сознания, т.е. пользуясь языком партнера, находятся в плену своего национального стиля коммуникации. Данное явление называется коммуникативной интерференцией. Она приводит к серьезным коммуникативным ошибкам и неудачам. Приведу пару примеров.

1) Приведем яркий пример проявления разности культур на кафедре корееведения в университете КазУМОиМЯ. После проведенного открытого урока по корейскому языку, согласно советской педагогической традиции, необходим был критический разбор всего урока, т.е. указать, что было хорошим, а что неудачным. Все выступающие должны были указать на положительные моменты и на недостатки с тем, чтобы учесть эти недостатки в своей практике. Вместо этого преподаватель из Кореи поблагодарил за замечательный урок и поаплодировал. Никакой критики не было. Это яркий пример разности традиций корейской и советской. Под словом «советский» я имею в виду бывший Советский Союз, где для всех проживавших в этой стране 150 национальностей была одна идеология –

советская, одна конституция, общие для всех нормы и правила поведения в обществе и русский язык, владение которым была обязательным и необходимым.

Кстати, в коммуникативной культуре казахов также отсутствует прямая критика, а несогласие выражается в виде пожелания. Нельзя критиковать кого-либо, можно пожелать ему того, чего у него нет, поэтому пожелание в коммуникативной культуре казахов имеет глубокий подтекст. С такими партнерами по общению, которые избегают прямой критики, нет агрессивного дискурса, и собеседник становится сдержанным в проявлении негативных эмоций. Подобные тактики в дискурсе необходимо принимать в перлокутивных целях [3, 48-49]. Знание и применение данных правил поведения отличает коммуникативные тактики не только самих казахов, но и представителей иных культур, кому свойственны подобные правила поведения. В этом плане коммуникативные культуры корейцев и казахов сходны.

В полиэтническом обществе культура уже не может быть моноэтнической. Попадая в полиэтническую среду, представитель любого этноса должен адаптироваться и осознанно формировать межкультурную толерантность. Потребность в адаптации к новым условиям существования при усилении влияния иноязычного языка и чужой культуры приводит к изменению социального поведения. Чужая культура становится частью своей культуры. Эти качества приобрели корейцы, адаптируясь в новом социуме к русской культуре, сначала в России после переселения в середине 19 века, а затем в Средней Азии - к тюркской культуре. Это уважение, проявляемое к культуре народов, с которыми ты живешь [4, с.46]. Так, советские корейцы, живя почти полтора века бок о бок с русскими, овладев русским языком и приобщившись к русской, а через нее и к европейской культуре, не испытывают в общении с представителями этих культур культурных шоков.

Немаловажным для успешной коммуникации является проявление толерантности коммуникантами. Приведем примеры толерантного поведения в межкультурном общении. Как приветствуют корейцы и японцы при встрече с незнакомыми людьми? Согласно восточной традиции приветствие осуществляется поклонами, а не пожатием руки, как по европейскому этикету. Тем не менее, при встрече с европейцами корейцы и японцы следуют европейской традиции.

Есть и другая проблема для диаспор, живущих в многонациональных обществах: как осваивая чужую культуру в межкультурном взаимодействии и проявляя толерантность, сохранить свою национальную идентичность

Главное - осознавать уникальность своей и чужой культуры. Естественно, что в процессе МК будет проявляться свой менталитет и национальный характер. Для разрешения и избежания межкультурных конфликтных ситуаций необходимо, прежде всего, преодолеть этнокультурную предубежденность и понимать символы другой культуры. Примеры:

Попытаемся на примере корейской диаспоры Казахстана и др. регионов СНГ показать, как удастся нам благополучно осуществлять МК, избежать межэтнические конфликты и жить гармонично в многонациональной обществе.

#### **Языковая и культурная идентичность корейцев Казахстана**

Казахстан - полиэтническое, поликультурное государство. В нем живут более 130 этнических групп и вопросы, касающиеся этнических процессов в них в современном динамично изменяющемся внешнем мире, очень актуальны.

Тенденции глобализации, охватывающие различные стороны жизни народов мира, оказывают двоякое воздействие на этнические процессы: с одной стороны, они способствуют расширению сотрудничества, взаимодействию и взаимопроникновению культур, а в определенной степени унификации национальных культур различных этносов, выработке общих ценностных ориентаций. С другой стороны, они актуализируют

ряд проблем, среди которых важное место занимает проблема сохранения и развития национальных культур – традиций, обычаев и всего того, что определяет культурную идентичность любого народа. Идентичность - это сущность твоего я: кто я? Обычно к факторам идентичности относят: национальность, язык, культуру, менталитет, религию, самоопределение, то, что отличает от других, антропологические данные и пр. Однако эти условия недостаточны для характеристики идентичности представителей диаспор. Она отличается от идентичности в метрополии. В иммиграции для социализации в новой среде наблюдается сознательная ассимиляция в новой культуре. Корейские ценности: трудолюбие, почитание старших, стремление родителей дать детям хорошее образование, и др. Эти качества дают возможность легко адаптироваться в любом социуме. Корейской диаспоре СНГ свойственна смешанная идентичность. Объясню данный феномен.

По общепринятому определению, этническая группа – это группа людей, имеющих некоторые особые этнические, т.е. культурные, языковые, религиозные или расовые черты, которых объединяет полное или частичное происхождение и которые сами осознают свою причастность к общей группе. Освоенные и воспринятые этнические различия – это язык, культура и религия, в то время как расовые черты передаются наследственно. Кроме понятия «этнический», есть понятие «национальный», причем первое распространено шире [5, 218]. Корейцы диаспоры СНГ четко осознают этническую идентичность, но в то же время они не менее четко осознают и свою причастность к другому обществу – гражданскому обществу того государства, где они проживают (Казахстан, Узбекистан, Россия). В них есть свои ценности, свои долг и обязанности как гражданина страны, которые они должны соблюдать и уважать, правила и нормы поведения, они прописаны в конституции. Это значит, что члену диаспоры, проживающему в мультикультурном полиэтническом обществе свойственна смешанная идентичность.

*В контексте изложенного представляется весьма интересным, как идентифицируют себя проживающие в Казахстане этносы.*

*Как развиваются этнические отношения в суверенном Казахстане? В науке известны три модели таких отношений:*

*1. Первая модель: полная ассимиляция, когда иммигранты отказываются от своих традиций и обычаев.*

*2. Вторая модель: разные этносы, проживая вместе, не теряют своих культурных и поведенческих особенностей, но в то же время эти особенности смешиваются, переплавляются и создают новый тип культуры. Эта модель характерна для этнической ситуации в США.*

*3. Третья модель – плюралистическая культура: общество развивается на основе многокультурного принципа, когда каждый этнос, с согласия других, сохраняет свою собственную культуру. В таком обществе существуют разные, но равноправные субкультуры. Казахстан придерживается третьей модели, когда существующие культуры обогащают общую культуру.*

*Что делает для этого государство?*

*В Казахстане созданы благоприятные условия для поддержания языковых и культурных традиций малых народов/диаспор. Для этого есть все необходимые предпосылки: действуют национальные культурные центры, ассоциации, 6 национальных театров (немецкий, уйгурский, русский, корейский и др.), 3 национальные телепрограммы, выпускаются газеты, в вузах работают уйгурское, турецкое, немецкое, корейское отделения. Отметим, что в Казахстане доминируют мажоритарные этносы: казахский и русский.*

*Корейская диаспора - одна из крупных этнических групп в Казахстане, насчитывающая более 100 тыс. человек. Корейцы Казахстана переселены, как известно,*

из Дальневосточного края России советской властью в 1937-38 годах во время обострения пограничных отношений СССР с Японией, в состав которой входила тогда Корея.

В период становления Казахстана как самостоятельного государства была создана Ассоциация корейцев Казахстана, это – социальная организация, регулирующая взаимную деятельность собственных членов. Названный руководящий орган функционирует с 1990 г. Одна из главных ее задач - передать молодому поколению ценностные традиции корейской культуры.

Особо отметим, что все национальные культурные центры и ассоциации имеют представительства в Ассамблее народов Казахстана (в Ассамблее 364 представителя диаспор). Через этот совещательный, консультативный неправительственный орган при Президенте РК все народы Казахстана через свои национальные культурные центры имеют возможность не только представлять свои интересы, но участвовать в обсуждении и принятии решений ряда важных государственных вопросов. Данная модель участия этнических групп в управлении государством признана уникальной и по своей структуре и по содержанию и находит все больше положительных оценок в мировом сообществе.

Казахстан, находясь на перекрестке Европы и Азии, концентрирует в своей культуре и образе жизни начала западное и восточное, тюркское и славянское. Именно поэтому здесь мирно сосуществуют и западная демократия и восточные традиции, христианство и мусульманство, буддизм и иудаизм. Казахстан можно считать уникальной лабораторией поиска и обретения не только способов сожителства, но и развития через взаимодействие.

Полиэтничность неизбежно сопровождается заимствованиями в быту и культуре. Проживая в иноэтнической среде, корейцы утратили в значительной степени национальные особенности своей материальной культуры, но взамен приобрели новые. Так, казахское гостеприимство, казахское традиционное застолье стали под влиянием казахской культуры частью корейской культуры. Под влиянием культур других этносов активно проходят процессы адаптации, заимствования, синтеза обычаев, особенно в городе.

Корейской культуре присущи открытость к усвоению иных культур и трансформация своей, что во многом обусловило сохранение своей культурной идентичности. Помимо обычаев, характеризующих культурную идентичность корейцев, сегодня можно встретить и элементы других культур. Такое смешение стало следствием так называемой транскультурации – процесса взаимного влияния. Процессы взаимодействия корейской с русской и казахской культурами не на этнической территории прослеживаются в развитии языка, в традициях. Это значит, что язык казахстанских корейцев имеет существенные отличия от языка Корейского полуострова. В условиях тесных контактов появился значительный слой русской и казахской лексики, обогатившей лексический состав корейского языка.

Вполне закономерно то, что, находясь в полиэтнической среде, этносы испытывают влияние контактирующих культур, что ведет к трансформации этнического сознания и самосознания. Показать фильм Сола Л.Д. В представленном фильме представители разных этносов прекрасно владеют корейским языком, языком корейской диаспоры СНГ.

В речь Коваленко Марии Николаевны, которая выросла в детдоме и замуж вышла за корейца и всю жизнь прожила в корейской семье, вклиниваются русские слова: *огород, первый раз, машина, уголь, вагон печка*. Но есть и словосочетания, где существительное - русское слово, а глагол – корейское слово: *загружай хагу* «загружать», *пенсия тхагу* «получать пенсию».

Процесс адаптация корейцев в Казахстане происходил без значительных потерь традиционно национальных культурных элементов вследствие общности многих компонентов корейской культуры с казахским и другими народами алтайской семьи. Так, велика роль в традиции казахского народа обычай «Жетіата» - «Семь колен родства». Согласно этому обычаю человек у казахов и корейцев должен знать своих предков до седьмого колена. У казахов как минимум до 7 колена нельзя вступать в брак.

*При этом от каждого члена общества у казахов требуется не просто перечисление своих предков, но и знание их дел, черт характера, физического облика и других подробностей. А в корейской культуре нужно знать обязательно имя рода (пони).*

*Для традиционной Кореи были характерны большие семьи, где вместе жили несколько поколений, и их члены до восьмого колена считались одной семьей. Корейцы придают большое значение сыновней почтительности к родителям и духу предков, супружеской верности и преданности друзьям, что относится к числу непререкаемых ценностей и казахского народа. Удивительно много совпадений в обычаях, традициях, культуре корейцев и казахов.*

В 2004 году в жизни диаспоры произошло важное событие – был построен Корейский дом – место общения и консолидации корейцев. Под его крышей находится руководящий орган Ассоциации корейцев Казахстана, редакция корейской газеты, студия ТВ, молодежное движение корейцев Казахстана, библиотека, танцевальная студия и Федерация малого и среднего бизнеса [6, 116].

*За время существования на казахской земле на сцене корейского театра были поставлены пьесы казахских драматургов-классиков: Г. Мусрепова, М.Ауэзова, О. Бодыкова, Г. Мухтарова, а также Погодина, Гоголя «Ревизор» и др.*

На постсоветском пространстве случались межэтнические конфликты. Но Казахстан смог избежать этого благодаря свойственному казахскому народу взвешенной мудрости и принятым правительством мерам.

**Одной из мер по совершенствованию МК является уникальная модель языковой политики «Трехъязычия»**

За прошедшие двадцать лет независимого развития Казахстана один из безусловных успехов страны - выработанная уникальная модель мирного сосуществования многочисленных проживающих в стране этносов и их культур. В настоящее время Казахстан развивает полиязычное образование - освоение казахстанцами казахского, русского и английского языков [7]. Эта модель рассматривается как один из приоритетов развития страны и как путь интеграции ее в мировое сообщество.

Для реализации намеченной языковой политики статус названных языков закреплён конституционно: казахский язык определен как государственный, русский - как язык межнационального общения, английский - как международный язык. Усилия правительства направлены на сохранение баланса между языками путем проводимых мер, с одной стороны, по укреплению государственного языка и, с другой, сохранению многоязычия. При этом Конституция предусматривает равноправное положение русского языка с казахским. Для полноценного функционирования государственного, русского и других языков в Казахстане созданы не только правовые основы, но и институциональные. В стране множество русскоязычных вузов, в том числе и филиалов российских, например, МГУ им. М.В. Ломоносова и др. Что касается школ - 50% являются казахскими, 47% русскими или смешанными и 3% - школы с преподаванием на других языках. Во многих казахстанских школах начато обучение английскому языку с первого класса с сентября 2013 г.

Для реализации доктрины трехъязычия составлен новый ГОСО (Государственный Общеобразовательный Стандарт Образования) коллективом КазУМОиМЯ (Казахским университетом международных отношений и мировых языков) [8]. Государство

регулирует языковую политику с приоритетным обеспечением развития государственного (казахского) языка.

#### **Закключение.**

В статье рассмотрены проблемы межкультурной коммуникации в полиэтническом обществе. В качестве примера приведен Казахстан.

Затронуты также и другая проблема, особенно для диаспор, живущих в многонациональных обществах: как осваивая чужую культуру в межкультурном взаимодействии и проявляя толерантность, сохранить свою национальную идентичность

Утверждается: главное - осознавать уникальность своей и чужой культуры. Естественно, что в процессе МК будет проявляться свой менталитет и национальный характер. Для разрешения и избежания межкультурных конфликтных ситуаций необходимо, прежде всего, преодолеть этнокультурную предубежденность и понимать символы другой культуры.

#### *Список использованной литературы*

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Минск, 2005. С.15.
2. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. М.: МГУ, 2004. С.34.
3. Шайбакова Д.Д. Жизнь языка в обществе, культуре, политике. Алматы, 2014. С.48-49.
4. Там же, с.46.
5. Эркин АСП. Введение в социологию. СПб. 1998, с.218.
6. Кан Г.В. Рассказы о родной истории. Алматы, 2006. С.116.
7. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Астана, 2010.
8. Закон об образовании Законом Республики Казахстан "Об образовании" и ГОСО РК 5.04.019-2008.

МРНТИ 16.21.45

*К.Қ.Пірманова<sup>1</sup>, А.Ә.Жаңабекова<sup>2</sup>, А.Акар<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.*

*<sup>2</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан,*

*<sup>3</sup>Мұғла Сытқы Кочман университеті, Мұғла, Түркия*

### **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫНДАҒЫ ЖАРТЫЛАЙ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН -ЛЫ/-ЛІ, -ША/-ШЕ, -ҒЫ/-ГІ ҚОСЫМШАЛАРЫ**

#### *Аңдатпа*

Бұл мақалада біз қазақ тілінің ұлттық корпусындағы сөзжасамдық белгіленім туралы айтып, сонымен қатар корпусстың пайдаланушыларына сөзжасамдық белгіленім арқылы қандай практикалық мүмкіндіктерді ұсына алатындығымызды айтқымыз келеді. Қазақ тілінің ұлттық корпусының сөзжасамдық белгіленімі – лингвистикалық бағдарланған корпусарды түсіндіруге арналған жобаның бір түрі болғандықтан, корпусстың сөзжасамдық белгіленімі қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастырудағы негізгі зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Сондықтан, біздің мақаламыздың басында, негізгі міндеттердің бірі белгілеуші мен әзірлеушінің алдында пайда болатын жалпы теориялық мәселелерді анықтау болды. Қазақ тіліндегі мәтіндерге сөзжасамдық белгіленімді автоматты түрде орната алатын тілдік корпуссты құру үшін сөзжасамдық талдаулардың нақты формалды жүйесін жүргізу қажет. Қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясының арасында даулы жағдайлар тудыратын кейбір құбылыстар бар. Сол себепті, мақалада функционалдық аффикстердің (-лы/-лі, -ша/-ше, -ғы/-гі) сөзжасам және

формажасам қызметтері берілген. Осылайша, корпуста сөзжасамдық және морфологиялық белгіленімдерді қою барысында нені ескеру керектігін анықтай аламыз. Қазақ тілінің ұлттық корпусының сөзжасамдық белгіленімінің әлі де кем тұстары бар және талдаудың жүз пайыз дәлдігін бермейді. Бағдарламаның нәтижелері мақалада сипатталған қағидаға сәйкес әзірленген.

**Түйін сөздер:** корпус, ұлттық корпус, қос функциялы аффикстер, белгіленім, сөзжасамдық белгіленім.

*К.К.Пирманова<sup>1</sup>, А.А.Жанабекова<sup>2</sup>, А.Акар<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.*

<sup>2</sup> *Институт Языкознания имени А.Байтурсынова, Алматы, Казахстан,*

<sup>3</sup> *Университет Мугла Сытки Кочман, Мугла, Турция*

## **ПОЛУСЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ФУНКЦИИ АФФИКСОВ -ЛЫ/-ЛІ, -ША/-ШЕ, -ҒЫ/-ҒІ В НАЦИОНАЛЬНОМ КОРПУСЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

### *Аннотация*

В этой статье мы хотим рассказать о словообразовательной разметке в национальном корпусе казахского языка, а также рассказать о том, какие практические возможности мы можем предложить пользователям корпуса через словообразовательную разметку. Так как словообразовательная разметка национального корпуса казахского языка – один из видов проекта для интерпретации лингвистически ориентированных корпусов, словообразовательная разметка корпуса является одной из основных исследовательских форм формирования национального корпуса казахского языка. Поэтому в начале нашей статьи одной из основных задач было выявление общих теоретических проблем, возникающих перед обозначителем и разработчиком. Для создания языкового корпуса, способного автоматически устанавливать словообразовательную разметку к текстам на казахском языке, необходимо провести четкую формальную систему словообразовательных анализов. Существуют некоторые явления, которые вызывают конфликтные ситуации между словообразованием и морфологией казахского языка. Поэтому в статье раскрыты словообразовательные и формообразовательные функции функциональных аффиксов (-лы/-лі, -ша/-ше, -ғы/-гі). Таким образом, в корпусе выделяется, что необходимо учитывать при получении словообразовательных и морфологических разметок. Словообразовательная разметка национального корпуса казахского языка имеет недостатки и не дает сто процентной точности анализа. Результаты программы разрабатываются по принципу, описанному в статье.

**Ключевые слова:** корпус, национальный корпус, двухфункциональные аффиксы, разметка, словообразовательная разметка.

*К.К.Pirmanova<sup>1</sup>, А.А.Zhanabekova<sup>2</sup>, А.Аkar<sup>3</sup>,*

<sup>1</sup> *Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan,*

<sup>2</sup> *A.Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan,*

<sup>3</sup> *University of Mugla Sitki Kochman, Mugla, Turkey*

## **POLYLOGARITHMES THE FUNCTIONS OF AFFIXES -ЛЫ/-ЛІ, -ША/-ШЕ, -ҒЫ/-ҒІ IN THE NATIONAL CORPUS OF KAZAKH LANGUAGE**

### *Abstract*



In this article we want to talk about word-formation markup in the national corpus of the Kazakh language, as well as to talk about what practical opportunities we can offer users of the corpus through word-formation markup. Since word-formation marking of the national corpus of the Kazakh language is one of the types of project for the interpretation of linguistically oriented corpora, word-formation marking of the corpus is one of the main research forms of formation of the national corpus of the Kazakh language. Therefore, at the beginning of our article, one of the main tasks was to identify common theoretical problems that arise before the designator and the developer. To create a language corpus capable of automatically establishing word-formation markup to texts in the Kazakh language, it is necessary to conduct a clear formal system of word-formation analyses. There are some phenomena that cause conflicts between word formation and morphology of the Kazakh language. Therefore, the article reveals the word-forming and form-forming functions of functional affixes (-лы/-лі, -ша/-ше, -ғы/-гі). Thus, the corpus highlights what needs to be taken into account when obtaining word-formation and morphological markings. Word-formation marking of the national corpus of the Kazakh language has shortcomings and does not give one hundred percent accuracy of the analysis. The results of the program are developed according to the principle described in the article.

**Key words:** corpus, national corpus, two-function affixes, markup, word-formation markup.

**Кіріспе.** Сөзжасам саласы тіл білімінің жеке саласы ретінде танылмай тұрғанда, іштей жұрнақ және жалғау деп бөлінетін қосымшалардың барлығы көмекші морфема ретінде сөздердің морфемалық құрамын анықтауды мақсат ететін морфологияның зерттеу нысаны болып, сөз таптары ыңғайында сөз болды. Сөз тудырушы қосымшалар да, форма тудырушы қосымшалар да бір деңгей бірлігі ретінде қарастырылды. Сөзжасамдық бірлік болып табылатын сөзтудырушы жұрнақтар мен сөзжасамдық емес бірлік болып табылатын форма тудырушы қосымшалардың бір деңгей құрамында қаралуы олардың мынадай ортақ сипаттарынан туындаған. Біріншіден, сөз тудырушы қосымшалар да, сөз тудырмайтын, яғни форма тудыратын қосымшалар да көмекші морфемаға жатады. Екіншіден, екеуі де лексикалық бірліктерсіз (түбір сөздерсіз) жеке дара қолданылмайды, яғни лексикалық мағынаны білдірмейді.

Сөзжасамның өң өнімді тәсілі болып табылатын синтетикалық сөзжасам, яғни қосымшалар жалғану арқылы туынды сөз тудыру мәселесі морфология құрамында қаралғандықтан, сөзжасам саласы дербес сала ретінде ұзақ уақыт бойы танылмай келді. Алайда сөзжасам үдерісінің тілдің сөздің құрамын байыту жолы болып табылатындығына, жаңа атау туғызудың түрлі амал-тәсілдері бар екендігіне және оның белгілі бір жүйелі құбылыс екендігіне дер кезінде мән беріліп, 90-жылдан бастап қазақ тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптасты.

Морфология – сөздің морфемалық құрамын, сөз таптары мен оның грамматикалық категорияларын зерттесе, сөзжасам туынды сөздердің жасалу табиғатын, сөзжасамдық тәсілдерді, жаңа аталымның пайда болу жолдарын зерттейді. Морфология сөзді түбір морфема ретінде және сөздердің жалпы грамматикалық мағынасына қарай бөлінетін сөз таптары тұрғысынан қарастырады, лексикология түбір және туынды сөздердің лексикалық мағыналарын нысан етеді. Ал сөзжасам туынды сөздердегі сөзжасамдық мағынаны негізге алады. Міне, тілдің негізгі бірлігі – сөзді тіл білімі салалары әр қырынан зерттеуді мақсат етеді, осы зерттеу мақсатының түрлілігіне қарай олар деңгей-деңгейге ажырайды, нақты зерттеу нысандарын белгілейді. Бұрын үнемі бір деңгейде қарастырылып келе жатқан морфология мен сөзжасам саласының да дербес зерттеу нысандары бар. Бірақ тіл білімінің басқа деңгейлеріне қарағанда морфология мен сөзжасам саласының бір-бірімен біте қайнасып, тоғысып жатқан күрделі, даулы мәселелері бар.

Тіліміздегі қосымшалардың көбісі дерлік не жаңа мағыналы сөз тудыру қасиетіне ие болып, сол сияқты сөз таптарының грамматикалық категорияларының құрамындағы форма тудырушы қосымшалар да жалғанған сөзіне грамматикалық мағына үстеп, сөзжасамдық немесе формажасамдық қызметтері айқын болып келеді. Олардың қызметін тілдегі қосымшаларды жіктеудің шарттары бойынша нақты ажыратып тануға болады. Ал кейбір қосымшалар жіктеу шарттарына бағынбай, екі жақты қызмет атқарып, аралық сипат танытады. Мысалы, қазақ тілінде мұндай қосымшалар «екі функциялы» (Қ. Шаяхметов), «қос функциялы» аффикстер», «функциялық қосымшалар» (С. Исаев) деген терминдермен аталып, арнайы зерттеу нысаны болды. Түркі тілдері бойынша татар ғалымы Насилов «аффиксы включения», «промежуточные аффиксы» деп атаса, мұндай қосымшалардың кейбірін татар ғалымдары М.З. Закиев, Ф. Ганиевтер септік категориясының парадигмасында береді. Балқар-қарашай тілінің зерттеушісі М.А. Хабичев оларды «сравнительная форма» (-дай/дей), «уподобительная форма» (-ша/ше), «обладательная форма» (-лы/лі), отрицательная форма (-сыз/сіз) т.б. атап, осындай форма тудырушы қызметтерін жеке тақырыпта береді. Сөзжасам мен морфологияның аражігінде тұрған мұндай қосымшалардың тілдік табиғатын анықтау күрделі әрі өзекті мәселе. Әдетте, аталған қосымшалар сын есімнің, үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары ретінде қаралады. Алайда бұл қосымшалардың сөзжасам және формажасаушы қосымшаларды ажыратудың шарттарына қайшы келетін тұстары өте жиі кездеседі. Солай бола тұра, сөзжасамда мұндай аралық қабаттағы функционалды қосымшалардың сөзжасамдық қызметі айқын көрінетін тұстары қамтылады, кейде таза грамматикалық мағына үстейтін мысалдар да беріліп кетеді. Ал олардың формажасамдық қызметтері морфология саласында мүлде айтылмайды. Өйткені олар морфология қарастыратын сөз таптарының ешбір грамматикалық категориясының құрамында қаралмайды. Кезінде «Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» атты монографиясында С. Исаев мұндай қосымшаларды контекстік, функционалды қосымшалар деп атап, қосымшалар жіктемесін берген кестеде сөзжасам қосымшаларының бір тармағы ретінде көрсеткен, ал осы қосымшалар жалғанып жасалған сөздерді «уақытша сөздер» деп атайды [1].

Осындай екі жақты қызмет атқаратын қосымшалар қазақ тіл білімінде диссертациялық жұмыстарда зерттеліп, бұл мәселе қайта-қайта айтылып жүргенмен, академиялық грамматикада да, жеке монографиялық оқулықтарда да назардан тыс қалып келеді.

**Эксперимент.** Тілде қолданыстағы барлық сөздер құрамы түбір сөздер мен оған жалғанатын грамматикалық формалардан тұрады. Сондықтан функционалды қосымшалардың сөзжасамдық және формажасамдық қызметтерін нақты айқындап, сөзжасамдық бірліктер тудыратын жағдайларын сөзжасам саласында қарастырып, сөйлеу актісінде әртүрлі грамматикалық мағына үстеуші жағдайларын морфология құрамында беру қажет деп санаймыз. Функционалды қосымшалардың осындай екі жақты қызметін теориялық тұрғыдан қазақ тіл білімінде өз кезегінде белгілі ғалым Ы. Маманов көтерген болатын [2].

Бұл тақырыпта алға қойылып отырған мәселені шешудің себептерін түсіндіріп, оны шешу жолдарын нақты айқындау үшін бұл қосымшалардың тілдік табиғаты туралы түркі тілдері мен қазақ тіліндегі ғылыми зерттеулерде айтылған ой-тұжырымдар мен пікір-көзқарастарды талдап, күні бүгінге дейін қазақ тілі оқулықтары мен грамматикаларында назардан тыс қалып отырған бұл даулы мәселенің бір шешімін табу қажеттігін негіздейміз. Мәселенің басын ашып алғаннан кейін функционалды қосымшалардың сөзжасамдық қызметтері жекелеген сөз таптарының сөзжасамына қатысты тарауларда қарастырылатын болады.

Сөзжасамдық та қызмет атқаратын аталмыш қосымшалар арқылы жасалған сөздер дербес лексикалық бірлік болғандықтан, түсіндірме сөздіктерде реестрлік қатарда беріледі.

Алайда бұл функционалды қосымшалардың сөз түрлендіруші, яғни форма тудырушы жұрнақтардан кейін жалғанып, әртүрлі грамматикалық реңк үстейтін де жағдайлары жиі кездеседі. Біз осы функционалды қосымшалардың қандай жағдайда сөзжасамдық қызмет атқаратындығын анықтау үшін олардың сөзжасамдық және формажасамдық қызметтерін нақты ажыратып алуымыз қажет.

-лы/лі тұлғасы -сыз/сіз қосымшасының антонимі және көпфункционалды қызмет атқаратын функционалды қосымша. -сыз/сіз қосымшасы ұйтқы сөзге болымсыздық, жоқтық грамматикалық мағына үстесе, -лы/лі қосымшасының ұйтқы сөзге жалғайтын мағынасы – иелік, барлық, тәуелділік мағыналар. Барлық грамматикаларда -лы/лі қосымшасының грамматикалық мағынасы жайлы пікірлер негізінен бірізді, даулы мәселе олардың сөзжасамдық және формажасамдық қызметінде. Қазақ тілі грамматикаларында бұл қосымша қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ болып танылады. Ал түркологиялық еңбектерде бұл қосымшаның сын есім тудырушы ғана емес, иелік мәнді үстеуші грамматикалық формант болып та қаралуы кездеседі.

-лы/лі қосымшасы татар тілінің грамматикасында (1969), түркімен тілінің грамматикасында (1970), әзербайжан тілінің грамматикасында (1973), қазақ тілінің грамматикасында (1967) т.б. сын есім тудырушы қосымша болып анықталады. Демек, түркологиялық еңбектерде ғалымдардың бір тобы -лы/лі қосымшасын біржақты сын есім тудырушы тұлға деп анықтаса, енді бірлері әрі сын есім тудырушы, әрі зат есім тудырушы формант деп екі сөз табының құрамында көрсетеді.

А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында -лы/лі қосымшасы сын есім тудырушы өнімді жұрнақ болып анықталып, оған мынадай мысалдар беріледі. Ғалым атақты, әсерлі, инабатты, пайдалы сөздері мен сиырлы, балалы, гүлді, ағашты сөздерін бір қатарда береді.

Н.А. Баскаков -лы/лі қосымшасын есімдердің атрибут-анықтауыш формасын тудыратын «иелік форма» деп анықтайды.

М.З. Закиев татар тілінің грамматикасында -лы/лі қосымшасын сөз түрлендіруші деп танып, септік жалғауларының қатарына қосады. Татар ғалымы Ф.А. Ганиев септіктер парадигмасын жүйелеуге арнап жазған мақаласында -лы/лі қосымшасын септіктердің синтетикалық тобында «иелік септігі» деген атаумен септіктер жүйесіне ендіреді [3, 77-79].

Түркологияда -лы/лі қосымшасын функционалды, яғни әрі сын есім тудырушы жұрнақ, әрі иелік мәнді форма тудырушы жұрнақ деп танитын да көзқарас бар. Мәселен, түркітанушы ғалым Е.И. Убрятова -лы/лі қосымшасының сөз жасаушы қызмет атқарып, есім тудырумен қатар, кейде грамматикалық қатынасты білдіріп, синтаксистік байланыс үшін де дәнекер болатындығын айтады. МА. Хабичев -лы/лі қосымшасының негізгі қызметі форма тудырушылық екенін көрсете отырып, оның сын есім тудырушы функциясын да жоққа шығармайды [4, 36]. Ф.А. Ганиев -лы/лі қосымшасын септік жалғауы және сын есім тудыратын «жартылай функционалды аффикс» деп атайды [5, 52].

Қазақ тіл білімінде Қ. Шаяхметов -лы/лі қосымшасының екі түрлі қызмет атқаратынын «Екі функциялы аффикстер» атты кандидаттық диссертациясында анықтап көрсетеді [6].

Шырай категориясы тек сапалық сын есімдерге тән түрлену жүйесі болып табылады. Жоғарыдағы әдепті, ақылды, инабатты сөздерін әдетте жасалу жолына қарап қатыстық сын есімдерге жатқызамыз. Бірақ бұл сөздер сапалық сын есімдер сияқты шырай категориясымен түрлене алады. Мысалы: инабатты-инабаттылау-

*инабаттырақ-өте инабатты; әдепті-әдептірек-әдептілеу-өте әдепті* т.б. Демек, бұл сөздер о баста *әдебі бар, инабаты бар* деген ұғымда қолданылып, біртіндеп сапалық сынды білдіру дәрежесіне жеткен [2, 138].

Бұл сөздерді мағыналық жағынан сапалық сынды білдіретін *жақсы, жаман, нашар, тәуір* сөздерімен ұқсас деп қарауға болады. Демек, бұл сөздер сапалық сын есімдер ретінде танылуы керек. Бұл ұқсастықты сапалық сын есімдерге тән критерийлер бойынша да дәйектеуге болады.

Сонымен, *-лы/лі* қосымшасы жекеше, атау тұлғалы зат есім түбірлері мен негіздеріне жалғанғанда да екі түрлі функция орындайды, біріншіден, жаңа сөздік бірліктер жасайды, екіншіден, сөйлеу формаларын тудырады, яғни *-лы/лі* тұлғасы – екі функциялы қосымша, оның бірінші қызметі – форма тудырушы, яғни ол зат есімнің иелік (барлық) формасын тудырады. Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы сөзжасамдық қызмет атқаруы – оның екінші функциясы болып табылады.

**-ша/ше жұрнағы** қазақ тілінде үстеу тудырушы өнімді қосымшалардың бірінен саналады. Бірақ оның сөзге жалғану өресінің кеңдігі сөзжасам қосымшаларының сөзге талғап жалғану шартына сәйкес келмейді. Соған орай басқа түркі тілдерінде оны *септік жалғауы* немесе форма тудырушы қосымша деп анықтаған. Ал қазақ тілі грамматикаларында ол *үстеу тудырушы жұрнақ* болып айқындалған. Дегенмен, оның әрқашан үстеу тудыра бермейтіні, яғни грамматикалық мағына ғана үстейтіні жайлы айтылып жүр. *Екі функциялы* деп те қаралуы бар.

Түркологиялық еңбектерде де, қазақ тілі грамматикаларында да оның үстеу құрамында қаралуы басымдық танытады. Қазақ тіл білімінде ғалымдардың басым көпшілігі *-ша/ше* қосымшасын үстеу тудырушы жұрнақ деп санайды. Оқулықтарда, академиялық грамматикаларда да ол үстеу тудырушы қосымша болып көрсетіледі.

Түркологияда *-ша/ше* қосымшасының септеулік шылау болып анықталуы да кездеседі. *-ша/ше* қосымшасы алғаш рет «Алтай тілі грамматикасында» септеулік шылау болып анықталады.

П.М. Мелиоранский *-дай/дей* аффиксін салыстырмалы септік жалғауы деп атайды да, осы септік мағынасын сирек те болса *-ша/ше* септеулігі атқара алады дейді. Түркологияда *-ша/ше* қосымшасын септік жалғауы деп анықтаушы көзқарас біршама орныққан деуге болады. Ең алғаш септік жалғауы деп қараушы жалпы түркологияда, оның ішінде қазақ тіл білімінде профессор Қ. Жұбанов болды. Ғалым *-ша/ше* қосымшасын *меңзес септік жалғауы* деп атайды. Оның кіріккен түрлеріне «неше, сонша, қанша, қазақша, меніңше» сөздерін мысалға келтіреді [7, 379]. А.М. Щербак ескі өзбек тілі грамматикасында *-ша/ше* қосымшасының шектік, өлшем мәндерін негізге алып, «предельный падеж» деген атаумен септіктер қатарында береді [8, 60]. А.И. Рассадин тоғалар тілінің грамматикасында септік қатарында көрсетеді. Бұл қосымшаның осы көлемдік жалғастырушы мәнін салыстыру, шектік мәндеріне қарағанда актив қолданылады деп көрсетеді [9, 47]. Татар ғалымы М.З. Закиев бұл қосымшаны септік жалғауларын жүйелеуге арнап жазған мақаласында «*уподобительный падеж*» деген атаумен септіктер парадигмасына ендіреді [10, 91]. В.Г. Гузев сөз түрлендіруші есім категорияларды сипаттауда *-ша/ше* қосымшасын «*экватив*» деген атаумен септіктер жүйесінде көрсетеді [11, 78].

**Түркологияда** *-ша/ше* қосымшасын форма тудырушы аффикс деп қарайтын көзқарас та кездеседі. Н.А. Баскаков «Қарақалпақ тілі» еңбегінде *-ша/ше* қосымшасын зат есімнің атрибут-пысықтауыш формасын тудырушы аффикс деп көрсетеді. Ол бұл қосымшаны үстеудің құрамында көрсетпеген. М.А. Хабичев куман тілдерінің грамматикасында *-ша/ше* қосымшасын *барлық сөз таптарына ортақ салыстыру формасын тудырушы* көрсеткіш деп таниды [4, 78].

Қазақ тіл білімінде Ы. Маманов *-ша/ше* қосымшасын *зат есімнің функциялық формасын тудыратын грамматикалық көрсеткіш* деп анықтайды. Ғалым мынадай мысалдар келтіреді. «*Жаумен Амангелдіше соғысыңдар. Жиналыста Бәйтеневише сөйлендер. Нәзкен біздің құдағиымызша шіренеді*». Автор осы сөйлемдегі «Бәйтеневише», «құдағиша», «Амангелдіше» сөздерін туынды сөзге жатқызуға болмайтындығын баса көрсетеді. «...*Ойша, қысқаша, түрліше, өзгеше* сөздері мен *Жақаевша, ағаларыңша, тойғандарыңша* тәрізді зат есімнің анықтауыш формасын бір рамкада туынды түбір үстеу деп қарау да дұрыс шешім болып табылмайды. Ал туынды үстеудің құрамына енген *өзгеше, түрліше* т.б. сөздерді *-ша/ше* қосымшасының сөз тудырушылық қызметінен пайда болған деп түсінуге болмайды. Оларды осы қосымшалар арқылы жасалған грамматикалық формалардан семантикалық тәсілмен біртіндеп лексикалық бүтін болып қалыптасқан деп тануымыз керек» деп жазады [2, 33].


**Түркологияда *-ша/ше* қосымшасын *екі функциялы деп тану үрдісі де бар.* *-ша/ше* қосымшасын тек қана үстеу тудырушы деп анықтаумен бірге, оның кейбір жағдайларда форма да тудыратын, яғни сөз тудырмайтыны жайлы өзбек тілінде С. Усманов та айтады.**

В.М. Насилов оны «*кірістіруші аффикстер*» деп, бөлек топ етіп көрсеткен қосымшаларының қатарында көрсетеді [12, 31-34]. Автор *-ша/ше* аффиксінің түбірге ешқандай тұлға салмай тікелей жалғануында сөз тудырушы функция орындайды деп санаған. Бұл топшылаулар да екі функциялық дегенге саяды.

Қазақ тіл білімінде Қ. Шаяхметов *-ша/ше* қосымшасын екі функциялы деп анықтайды. Оның пікірінше *-ша/ше* бірбеткей сөз жасаушы да емес, бірбеткей форма жасаушы да емес. *-ша/ше* аффиксі екі функциялы. *-ша/ше* аффиксі зат есімнің жекеше түрдегі атау тұлғалы қалпына қосылып, сөз жасаушылық қызмет атқарады. Соның нәтижесінде үстеу категориясына жататын жаңа сөздер шығарады. Мысалы: *ескі бише, ақынша, қазақша*. Қ. Шаяхметов: «*-ша/ше* аффиксінің бірінші қызметі – үстеу тудыру, яғни сөз жасаушылық болса, онымен қатарлас екінші қызметі – форма жасағыштығы да бар. Олай болса, *-ша/ше* аффиксі екі функциялы», – деп тұжырымдайды.

**Нәтиже мен талқы.** Біздің ойымызша, *-ша/ше* тұлғалы жаңа мағыналы сөздер де о баста сөз өзгертімдік қызметте қолданылған. Жоғарыда берілген *маңдайша, белдемше, кеудеше* т.б. сөздер түбір сөзге *-ша/ше* қосымшасының сөз тудырушылық қызметінен туындамаған. Олар *-ша/ше* қосымшасымен ұдайы жалғанып айтылу барысында жалпыланып, дербес сөзге ауысқан. Бұл құбылыс сөзжасамның синтетикалық тәсілінен емес, лексикалық тәсілінің қатысуымен жүзеге асқан.

Корпуста *-ша/ше* қосымшасы жалғанған сөздерді морфологиялық анализатор екі жақты талдайды. Түбір сөздер реестрінде берілген *осынша, қазақша, өзінше, қысқаша, басқаша* сияқты сөздерді үстеу деп таниды. Ал балаларша, сеніңше, жүргенінше сияқты сөздерді сөздерді ұқсату формасы (ҰФ) ретінде таниды.



1-сурет. Корпустағы -ша/ше тұлғалы сөздерді тану терезесі

Қатыстық сын есім тудырушы қосымшалардың ең өнімдісі болып саналатын -ғы/гі қосымшасы да қазақ тілі грамматикаларында, оқулықтарда сөз тудырушы жұрнақ болып анықталады. Бұл тұлға мезгіл мәнді түбір сөздерге жаппай жалғана алады. Сондай-ақ жатыс жалғаулы сөздерге талғаусыз қосылып, грамматикалық абстракция жасайды. Оқулықтарда *-ғы/гі* қосымшасы жатыс септік жалғауынан кейін жалғанып, сын есім тудырушы қызмет атқарады деген жаңсақ пікірлер кездеседі. Мысалы, А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде: «Мекендік ұғым білдіретін кейбір зат есімдерге, үстеулерге, сондай-ақ жатыс және шығыс (сирек) септік формаларындағы есімдерге қосылып, мағыналары солардың лексикалық мазмұндарына қатысты туынды қатыстық сын есім жасайды. Мысалы: *ауызғы, төргі, түпкі, ішкі т.б. баладағы, кітаптағы, сөйлегендегі, орталықтағы, заводтағы, цехтағы т.б.*» [13, 173]. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында (1967 -*ғы/гі* қосымшасы жалғанған сөздер туынды сөздер қатарында беріледі.

Түркологияда *-ғы/гі* қосымшасы жоғарыда аталған қосымшалар сияқты сөз тудырушы, форма тудырушы, екі функциялы аффикс деп үш бағытта қарастырылады.

Сын есім тудырушы аффикс деп қараушылар түркологияда да, қазақ тіл білімінде де молынан кездеседі.

А. Байтұрсынұлы *-дағы/дегі* формасына ғана анықтама береді де, *-ғы/гі* жайлы, оны үстеу сөздер (қысқы, жазғы) құрамында көрсеткені болмаса, еш мәлімет бермейді. Ғалым *-дағы/дегі* қосымшасы зат есімге жалғанып, нәрсенің сол затта екендігін көрсету үшін қолданылады деген анықтама береді [14, 217].

*-ғы/гі* қосымшасын форма тудырушы аффикс деп анықтаушылардың кейбірі оны септік жалғауы деп таниды да, енді бір тобы атрибут форма немесе грамматикалық форма тудырушы қосымша деп анықтайды.

Татар ғалымы М.З. Закиевтің анықтауынша, *-ғы/гі* қосымшасының түбірге тікелей жалғануындағы қызметі де, жатыс септігінен кейін жалғануындағы қызметі де сөзді

түрлендіруші функция болып көрсетіледі [10, 89]. Ғалым септіктер қатарында -*дағы/дегі* мен -*ғы/гі* формасын «местный падеж» деген атаумен жатыс септіктің екінші түрі етіп береді.

Н.А. Баскаков -*ғы/гі* қосымшасын функционалды-грамматикалық сөз тудырушы қосымшалар тобында есімдердің атрибут-анықтауыш формасын тудырушы қатыстық форма деп анықтайды. В.Г. Гузев -*ғы/гі* қосымшасының түбірге жалғануындағы қызметін де, ілік, жатыс септік формаларынан кейін жалғануындағы қызметін де сөз түрлендіруші функцияға (форма тудырушы) жатқызады [11, 105].

-*ғы/гі* қосымшасын екі функциялы деп анықтаушылар оның негіз формаға, яғни түбірге тікелей жалғануында сөз тудырушы функция орындайды, ал жатыс септік жалғануынан кейінгі жалғануда форма тудырушы болады деп екі жақты қарастырады.


М.А. Хабичевтің пікірінше, -*ғы/гі* қосымшасы түбір сөздерге жалғануда сөз тудырушы да, -*дағы/дегі* формасында форма тудырушы болады. Автор *оны барлық сөз таптарына ортақ қатыстық форма* деп атайды. Ғалымның -*ғы/гі* тұлғасының сөз тудырушы қызметін танытуға берген мысалдары: *бүгінгі, қысқы, күзгі, ертеңгі* т.б. сөздер [4, 181].

Қазақ тіл білімінде -*ғы/гі* қосымшасының екі түрлі қызмет атқаратыны жайлы айтқан пікірлер көп емес. Ы. Маманов -*ғы/гі* қосымшасының түбір сөздерге жалғануындағы қызметін жалғанған сөзінің мағынасын өзгертетін, ұйтқы сөздерге талғап жалғану мүмкіндіктері негізінде сөз тудырушы функция орындайды деп анықтайды. Мысалы: *кешегі, кешкі, төменгі* т.б. Ал жатыс септік жалғауынан кейін жалғануында сөз тудырмайды деп көрсетеді [2, 21-25].

Қ. Шаяхметовтің -*ғы/гі* қосымшасының қызметін анықтауы Ы. Маманов пікірімен үндес.

Сонымен, -*ғы/гі* қосымшасы грамматикалық формалардан кейін жалғануда форма тудырушы қызмет орындайды.

Корпуста морфологиялық анализатор жатыс септігінен кейін келген жағдайларында оны жоғарыда ғалымдар айтқан терминге сәйкес қатыстық форма ретінде таниды. Ал *қысқы, жазғы, жоғарғы, төменгі* сияқты түбірге тікелей жалғанғандағы жағдайларда сын есім ретінде белгілейді.



## 2-сурет. Корпустағы -ғы/гі тұлғалы сөздерді тану терезесі

**Қорытынды.** Қазақ тілінде мәтіндерге автоматты түрде сөзжасамдық белгіленім қоя алатын тілдік корпустарды жасау үшін тілдік жүйедегі сөзжасамдық талдауларды нақты формалдық жүйеге түсіру керек. Біз мақаламызда сөзжасамдық белгіленімнің түрін көрсетіп, олардың ерекшеліктерін сипаттадық. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер туралы мәселелерге шолу жасадық. Қазақ тілінде сөзжасам мен морфология жігінде астасып жатқан әржақты құбылыстар да орын алады. Әсіресе сөзжасамның синтетикалық тәсілінде омоним, омоформалық құбылыстар, функционалдылық, яғни қосымшалардың көпқызметтігі мәселелері сөзжасамдық қосымшаларды ажыратуда қиындық тудырады. Сол себепті біз зерттеу жұмысымызда сөзжасам мен морфологияның арасында жатқан астас құбылыстардың ара-жігін ажыратып алу үшін, тіл білімінде теориялық тұрғыдан негізінен сөзжасамдық қосымшалар ретінде танылып жүргендер қосымшаларды сөзжасам критерийлері бойынша сипаттадық, сөзжасам талаптарына толық сәйкес келе бермейтін функционалды қосымшалардың (-лы/лі, -ғы/гі) сөзжасамдық және формажасамдық қызметтерін ашып көрсеттік. Сөйтіп, олардың корпуста сөзжасамдық белгіленімдер мен морфологиялық белгіленімдерге алуда нені ескеру қажеттігін ажыратып алдық деп ойлаймыз.

### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. *Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 303 б.*
2. *Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1973. – 89 б.*
3. *Ганиев Ф.А. О синтетических и аналитических падежах в татарском языке. // Сб. Вопросы тюркологии. – Казань, 1970.*
4. *Хабичев М.А. Именное словообразование и формообразование куманских языках. – М.: Наука, 1989. – 217 с.*
5. *Ганиев Ф.А. Суффиксальное словообразования в современном татарском литературном языке. – Казань, 1974. – 231 с.*
6. *Шаяхметов Қ. Екі функциялы аффикстер. ҚД, Алматы, 1973.*
7. *Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.*
8. *Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (наречие, служебные части речи, изобразит. слова). – Л.: Наука, 1987. – 149 с.*
9. *Рассадин В.И. Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении. – М.: Наука, 1978. – 287 с.*
10. *Закиев М.З. Синтаксический строй татарского языка. – Казань: Изд-во Казанс. ун-та, 1964. – 464 с.*
11. *Гузев В.Г. Очерки по теории тюркского словоизменения. Имя. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1987. – 141 с.*
12. *Насилов В.М. Аффиксы включения// Сб. Вопросы языка и литературы стран востока. – М.: Изд-во ИМО, 1958. – 321 с.*
13. *Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 382 б.*
14. *Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.*

МРНТИ 16.21.51

*Д.Ж.Рысқұлбек<sup>1</sup>, А.А.Сатбекова<sup>1</sup>, Б.Н. Нұржанова<sup>1</sup>*



<sup>1</sup>Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

## АЙМАҚТЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ САН КАТЕГОРИЯСЫ

*Аңдатпа*

Мақалада шетелде өмір сүріп жатқан қазақтардың тілінде кездесетін сандық ұғымдағы тұрақты тіркестер мен сан есімдер арқылы жасалған фразеологизмдер туралы айтылады. Қытай, Қарақалпақстан, Түркіменстан, Ресей, Монғолия қазақтары тіліндегі аймақтық фразеологизмдер құрамындағы сан категориясына мысалдар келтірілген. Аймақтық сөздер қазақ әдеби тілінің варианты ретінде қарастырылады. Мақалада қазақ тіліндегі бірлік нумеративті фразеологизмдердің қолданысындағы ерекшеліктер қарастырылады. Қазақ тіліндегі сандық ұғымда қолданылатын сөздердің мағыналық қабаттары когнитивтік, жұмсалымдық сипатта анықталады. Әрбір тұрақты сөз тіркесінде сол халықтың ұлттық танымы мен менталитетінің, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпының сақталғандығы қозғалады. Шетелдерде өмір сүріп жатқан қазақтардың тілін, өмірін зерттеу қазақ тіл білімі үшін мәні зор екені дәлелденеді.

Кілт сөздер: диаспора, фразеологизм, сан, аймақтық лексика

*D.Zh.Ryskulbek<sup>1</sup>, A.A.Satbekova<sup>1</sup>, B.N.Nurzhanova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh National Woman pedagogical university, Almaty, Kazakstan*

## NUMBER CATEGORY IN REGIONAL PHASIOLOGY

*Abstract*

The article discusses the phraseological concepts of numerical constants and numerical names found in the language of Kazakhs living abroad. The article gives examples with numerical phraseological units. Regional words are considered as a variant of the Kazakh literary language. The article considers the peculiarities of the use of numerative phraseology in the kazakhs languages. The meaningful layers of the words used in the Kazakh language are determined by cognitive, operational characteristics. Idiom is a steady phrase that has its meaning in sentences only in established form. Studying the language and life of Kazakhs living abroad is important for Kazakh linguistics.

Key words: diaspora, phraseology, numerical, regional vocabulary

*Д.Ж.Рыскулбек<sup>1</sup>, А.А.Сатбекова<sup>1</sup>, Б.Н.Нұржанова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский Национальный женский педагогический университет  
Алматы, Казахстан*

## КАТЕГОРИЯ ЧИСЛА В РЕГИОНАЛЬНОЙ ФРАЗИОЛОГИИ

*Аннотация*

В статье рассматриваются фразеологические понятия числовых констант и числовых названий, встречающиеся на языке казахов проживающих за рубежом. В статье приводятся примеры с числовым фразеологизмов. Региональные слова рассматриваются как вариант казахского литературного языка. Изучение языка и жизни казахов проживающих за рубежом важно для казахского языкознания. В статье рассматриваются особенности использования числительной фразеологии в казахских языках. Так же говорится о прагматике, об единстве и целостностях идиом в лексике каждого народа.

Значимые слои слов используемых в казахском языке, определяются когнитивными, функциональными характеристиками.

Ключевые слова: диаспора, фразеологизм, число, региональная лексика

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың өміршеңдігінің бірегей белгісі. Қай ұлттың болмасын ұлттық қасиеті, ұлттық құндылықтарының қалыптасуы, өркендеп дамуы немесе басқа ұлтқа сіңісіп жоқ болып кетуі, яғни ұлт тағдыры тіл тағдырына сай шешеледі. Этникалық ортасынан тыс жерлерде өмір сүріп отырған қазақ ұлтының өкілдері қай мемлекетте болмасын өз ана тілінде сөйлеп, салт-дәстүрлерін сақтауға ерекше көңіл бөледі. Социолінгвист Б.Хасанұлы шетелдерде өмір сүріп жатқан қазақтардың тілін, өмірін зерттеу қазақ тіл білімі үшін ғана емес, дүниежүзі әлеуметтік лингвистикасы үшін мәні зор екенін атай келе: «Жер жаһанның 40 елінде қоныс тепкен қазақтың «қазақ» болып қалуының бірден-бір куәсі – оның сақталған тілі. Бұған дәлел сол – оның ана тілінің көптеген елдерде қазақ өмірінің төрт негізгі саласында, атап айтқанда, тұрмыста, қоғамдық өмір мен көркем шығармашылық, ауыз әдебиеті саласында тиянақты қолданылуы», – деп көрсетеді [1, 8].

Белгілі бір тарихи себептерге байланысты елден бөлініп, жырақтап қалған осы бір саны бүгінгі күнде миллионнан асқан қандастарымыздың тілі қандай дәрежеде, қандай сипатта екенін зерттеу, оны жалпы халықтық мемлекеттік қазақ тілі деңгейінің аясында қарастыру – тіл білімінің бүгінгі таңдағы басты мақсаттарының бірі екені даусыз.

Қазақстан территориясынан тыс аймақтардың ішінде Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан, Ресей, Моңғолия, Ауған, Иран қазақтарының тілі зерттеліп, монографиялық еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, У.Х.Шамкеновтың, А.Н.Коноваловтың, И.Қабышұлының, Ингвар Сванбергдің, К.С.Абдикадырова, Ғ.О.Басаров, А.Министің зерттеулері мен Б.Кәмилашұлының, Ғ.Мендикулованың, Б.Бәмішұлының кандидаттық диссертациялары қазақ диаспорасын зерттеудегі ғылыми жаңалықтарға қосатын үлес болып табылады. Ғалым Ш.Сарыбаев «Қазақстан жеріндегі сөйленістермен қатар, белгілі бір тілдік жағдайда өзге аймақтарда, өзге тілдік ортада өзіндік жазбаша және ауызша да әдеби нормаларын қалыптастырып, өз бетінше дамып келе жатқан қазақтардың тілінің мәртебесін тек сөйленіс, диалект дегеннен гөрі аймақтық тіл деп атауға тура келеді. Мұның мысалы ретінде өз жазу-сызуы, сөйлеу тілі негізінде нормаланған аймақтық әдеби тіл қалыптасқан Моңғолиядағы, Қытайдағы қазақтардың тілін келтіруге болады», [2] - деген тұжырым айтады.

Соңғы жылдары тіл білімінде жақын және алыс шетелдердегі қазақ диаспорасының аймақтық сөздерін зерттеу қажеттілігі туып отыр. Моңғолия қазақтарының тілін әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерттеген Б.Бәмішұлы шетелдегі қазақтардың тілін сөйленіс негізінде емес, қазақ әдеби тілінің варианты ретінде қарастыруды ұсынады [3]. Сонымен қатар шетелдік қазақтар тілінде аймақтық сипат алғанымен әдеби тіл құрамына ене қоймаған түрлі салаларда қолданылып жүрген сөздерді де кездестіруге болады. Сондай тілдік бірліктердің бір қатары – сандық ұғымдағы сөздер. Олар қазақ жұрты тараған басқа мемлекет территориясындағы бір аудан не бір облыс көлемінде ғана айтылатын, көпшілікке беймәлім, бірақ әдеби тіл терминологиясын байытуға қажетті сөздердің қатарын құрайды. Мұндай аймақтық сөз қолыныстарды жарыққа шығарып, әдеби тілге енгізу арқылы көпшілік қауымның игілігіне айналдыру – сөздік құрамды байытуда таптырмас тәсілі болары анық. Сондай тілдік бірліктердің бір қатарын – аймақтық сандық ұғымдағы тіркестер құрайды. Бұдан бөлек Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде сан есімдермен тіркесіп келіп қолданылатын фразеологизмдер де кездеседі.

Тіліміздегі тұрақты тіркестердің әуелгі уақытта еркін тіркес ретінде, кейін мағына жағынан дамып, этнофразеологизмге айналу үрдісінен қоғамның әсері бары аңғарылады. Сондай сандық мағынадағы тұрақты тіркестердің аймақтық қолданысынан сол ортаның

тілдік ерекшеліктерін байқауға болады. Мысалы Қытай қазақтары тіліндегі фразеологизмдердің бірқатары жергілікті халықтық лексикадан жасалған. Мысалы жекелік мазмұндағы ойды білдіруде, яғни «жалғыздық, жалғыз қалу» дегенді *айналаң тақыр болсын* деп, «көп емес, аз мөлшерде» дегенді *«бойыңнан асырма»* тіркесі түрінде қолданады. Ал көптік ұғымды «Андрейдің қазынасы» тіркесімен берген [4,28]. Зерттеуші С.Мұстафаұлы «Қытай қазақтары тілінің тұрақты тіркестеріндегі жергілікті ерекшеліктер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында қытайдағы қазақтар тілінде кездесетін тұрақты тіркестерге талдау жасай отырып, шетелдегі қазақтар тілінде жергілікті тілдің элементтерін кездестіруге болатынын атап өтеді. Жоғарыдағы мысалдар сол жергілікті оқиғалар мен қоғамдық өзгерістерден мәлімет береді [5].

Моңғолия қазақтары аз, жеткіліксіз ұғымдарын *«кембага болу»*, қарақалпақстандық қазақтар *«ағыра ғана»* (азырақ, аз ғана. Сөздің алғашқы төркіні араб сөзі харруба сиымдық өлшемі 1/16 қадақ немесе 0,129 л. тең. Осы сөз кейбір түркі тілдеріне ауысқанда, дыбыс заңдылықтарына қарай өзгеріске ұшыраған (Ә.Нұрм., Жерг. ерекш. төрк., 5) (16-б.) деп көрсетеді. Түрікменстан қазақтарының тілінде *«жуас-жуас»* қос сөзі мөлшерлік ұғымды білдіреді (ЖУАС-ЖУАС (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Қарақ.) аз-аздан. Жуас-жуастан жинап көбейттім (Түрікм., Ашх.) [4].

Кейбір фразеологизмдердің құрамындағы сан есімдер өзінің сандық ұғымынан алшақтап, тіпті өзінің тура мағынасынан айырылып, басқа ұғымға ауысады. Бұл деген – лексиканың жетіліп, дами түсуі, яғни халқымыздың өмірдің кез келген саласына немқұрайлы қарамағандығының айғағы.

Қытай қазақтары тілінде бір санымен келетін фразеологизмдер сандық мәнде емес, адамның жеке қасиеттерін, іс әрекетін білдіруде қолданылған. *Бір басқаны күкірт, бір басқаны тотыяйын* (бәлекор, жалақор адам), *бір таудың бұғысы* (ешкімге кіріптарлығы жоқ, өз еркі өзінде адам), *бір жаққа қайырылып қалу* (елеусіз қалу) [4].

Қазақтың аймақтық сөздігінде сан есіммен келетін фразеологизмдердің біршамасы мезгілдік мағынада қолданылады. *Екі жастың біріне келу* (орта жасқа келу –ҚХР), *бірдің айы* (қаңтар – МХР), *бір деп пісу* (сабадағы іркітті пісіп-пісіп дем алатын үзіліске дейінгі уақыт – МХР), *мыңда бір* (анда-санда, сирек – МХР), *бір базар* (бір апта, бір жұма – Қарақ.). Бұдан бөлек жыл мезгілдеріне де қатысты тіркестер айтылады. *Бес қонақ* (наурыздың 14-терінен 20-22-не дейін соғатын ыстық жел. Біз осында келгенде бесқонақ соға бастады (Түркіменстан), *бес ешкі* (сәуірдің сегізінен он үшінә дейінгі мерзім. Бес ешкіден соң бес қонақ келеді, содан соң күн жылиды (Ресей) т.б. [4].

Нумеративті сөз тіркестер халықтық салт-дәстүрлерде де кездесіп жатады. Мысалы Моңғолиядағы қазақтар тілінде жас бала қайтыс болғанда, өлген кісіге ас бергенде пісіретін шелпекті *қырық шелпек* деп атайды. Қарақалпақстандағы қазақтарда тойда отырған адамдардың әрқайсысына бір-бір табақтан ас әкеледі, дастарқан басында отырған бес не торт адам ол тамақтарды бір табаққа аударып салады. Осыған байланысты *«төрт табақ аудару»*, *«бес табақ аудару»* [4] тіркестік атаулар қалыптасқан. Ал Түркіменстандағы қазақ диаспорасында *«бес жақсы»* аталатын күн түрі кездеседі. Бұл деген белгі адамдар үшін төленетін бес жақсы – нар, кілем, ат, қылыш, киімдердің ең тәуірлері.

Қорыта келе, шетелдегі қазақ тілінде кездесетін аймақтық сандық фразеологизмдер мынадай белгілермен ерекшеленетіндігін байқадық.

- Құрамында этимологиялық жағынан терең талдауды қажет ететін сөздер кездеседі.
- Әдеби тілдегі тіркес емес сөздер бұл өлкеде белгілі бір себептерге байланысты бейнелі сипат алып, тұрақты тіркеске айналған.
- Кейбір ұғымдардың ауқымды бір бөлігі жергілікті жағдайлармен тікелей байланыста қалыптасқан.
- Дыбыстық өзгерістер байқалады.

Жалпы шетел қазақтарының тілін зерттеу – бүгінгі таңда ең өзекті мәселелердің бірі. Тіл – ұлттың жаны, рухани байлығы, тамыры, өркені дейтін болсақ, ұлттың ұлт болып алғаш қалыптасуы да, бірте-бірте өркендеп, әлемге әйгілі, кемелді болуы да, керісінше, заман ағымына ілесе алмай біртіндеп жойылып, өзге ұлтқа сіңісіп кетуі де ең алдымен тілге қатысты екені даусыз шындық. Демек тіл – тарихымыздың айнасы. Тілден айырылған ұлт тамырынан айырылады. Ендеше, шетелде тұратын қазақтардың тілін зерттеу, олардың ана тілін сақтап қалуына көмектесу – уақыт күттірмес мәселелердің бірі. Өйткені қазақ тілі – тек Қазақстанда мекендейтін қазақтардың ғана емес, дүниежүзіндегі қазақтардың ана тілі

Өзін, өзінің ұлтын, дәстүрлі мәдениетін құрметтейтін адам қаншама көп мәдениеттердің тоғысқан ортасында болғанымен өз ана тілін ұмытпай ұлтының тілін, салт-дәстүрін, мәдени-рухани болмысын сақтауға тиіс. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Ол шетел тілінде сөйлесе тіпті жақсы. Бірақ ол шетел тілінде орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса – ол кешірілмес күнә, Сол себепті де мемлекеттік тіл – біздің мемлекетімізді құлатпай ұстап тұратын мықты дiңгек екенін ұрпақтарымыз біліп өсуге тиіс» [6,19-20б.] деген сөзі осыны айғақтайды.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Хасанұлы Б. *Ана тілі – Атамұра.* –Алматы: 1992.
2. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. *Қазақ тілінің аймақтық лексика.* –Алматы: Ғылым, 1989.
3. Бәмішұлы Б. *Моңғолия қазағының тілі: әлеуметтік лингвистикалық қыры. Фил.ғыл.канд .....дисс.* –Алматы, 2006.
4. Сарыбаев Ш., т.б. *Қазақ тілінің аймақтық сөздігі.* – Алматы: Арыс, 2005.
5. Мұстафаұлы С. *Қытай қазақтары тілінің тұрақты тіркестеріндегі жергілікті ерекшеліктер. Фил.ғыл.канд. ... дисс.* -Алматы, 2002.
6. Н.Назарбаев. *2030 жылғы стратегиясы* –Алматы: 2001.-56б

МРНТИ 16.01.09

*М.Б.Сабыр<sup>1</sup>, Ж.А.Исина<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., Қазақстан*

<sup>2</sup>*Башиев университеті, Ақтөбе қ.,Қазақстан*

### **КӨНЕ ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

#### *Аңдатпа*

Мақалада көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің зерттелуі ғалымдар пікірі негізінде тұжырымдалды. Зерттеу негізінде көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің ауызекі сөйлеу тілінде және жазба түрде сақталғаны анықталды. Орта ғасыр жазба ескерткіштері аралас тілде жазылса да, қыпшақ тілінің көшбасшылық рөл атқарғаны жөнінде айтылған. Жазба ескерткіштер тілінде кездесетін тілдік элементтердің этномәдени сипаты тілдік деректер негізінде дәлелденді. Жазба мұрағаттар лексикасындағы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, оның ішінде қазақ тілімен ортақ, тұлғасы да, мағынасы да сайма-сай лексикалық параллельдер анықталды.

**Кілт сөздер:** Қыпшақтану, көне қыпшақ тілі, Алтын Орда дәуірі, аралас тіл, лексикалық ұқсастықтар, халықаралық тіл

*М.Б.Сабыр<sup>1</sup>, Ж.А.Исина<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Запдно Казахстанский инновационно-технологический университет  
г.Уральск, Казахстан

<sup>2</sup>Университет Баишева, г.Актобе, Казахстан

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ДРЕВНИХ КИПЧАКСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ

### Аннотация

В статье данные об исследовании памятников, написанных на древнекипчакском языке, были сформулированы на основе мнения ученых. На основе исследования установлено, что памятники древней кипчакской письменности сохранились в устной речи и в письменной форме. Несмотря на то что письменные памятники средневековья написаны на смешанном языке, речь идет о лидерской роли кипчакского языка. Этнокультурный характер языковых элементов, встречающихся в языке письменных памятников, доказан на основе языковых данных. В лексике письменных архивов были выявлены адекватные лексические параллели с современными языками кипчакской группы, в том числе с казахским языком, как в плане формы, так и в смысловом отношении.

**Ключевые слова:** Кипчаковедение, древний кипчакский язык, эпоха Золотой Орды, смешанный язык, лексические сходства, международный язык.

*M. B. Sabyr<sup>1</sup>, Zh.A.Issina<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>West Kazakhstan University of innovation and technology, Uralsk, Kazakhstan

<sup>2</sup>Baishev University, Aktobe, Kazakhstan

## ACTUAL PROBLEMS OF RESEARCH OF ANCIENT KIPCHAK WRITTEN MONUMENTS

### Abstract

In the article, the data on the study of monuments written in the ancient Kypchak language were formulated on the basis of the opinion of scientists. On the basis of the study, it was established that the monuments of ancient Kipchak writing were preserved in oral speech and in writing. Despite the fact that written monuments of the middle ages are written in a mixed language, we are talking about the leadership role of the Kipchak language. The ethno-cultural character of the linguistic elements found in the language of written monuments is proved on the basis of linguistic data. Adequate lexical Parallels with modern languages of the Kipchak group, including the Kazakh language, both in terms of form and meaning, were revealed in the vocabulary of written archives.

**Keywords:** Kipchak studies, ancient Kipchak language, Golden Horde era, mixed language, lexical similarities, international language

Еліміздің басты рухани дамуының көзі – қазақ тілінің тарихын зерделесек көне қыпшақ жазба ескерткіштеріне барып сүйенеміз. Тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» деді [1,10]. Халқымыз мекендеген ұлан-ғайыр аймақтағы руханияттың алты мың жылдық тарихи дамуын 12 кезеңге бөліп көрсетті. Осы кезеңдердің ішіндегі жетінші, сегізінші кезеңдердің мәні зор. Жетінші кезең – XI ғасырдан бастау алып, түркілердің тұңғыш сопысы Қожа Ахмет Яссауидің ілімімен өрнектеледі. Сегізінші кезең - XII-XIV ғасырлар. Бұл -тарихтағы қарахандықтар дәуірі,

Қыпшақ конфедерациясының қалыптасуы, Монғол шапқыншылығы, Алтын Орданың өркендеуі сияқты елеулі оқиғаларға толы кезең. Осы кезеңдерде телегей теңіз біртұтас түркі тілінен қазақ халық тілінің даралану үрдісі басталады. Тіл халықтың, ұлттың анасы дейміз. Қазақ тілінің, қазақ ұлтының бастауларын көне түркі заманынан бастау алып, орта түркі заманында дәуірлеген қыпшақтар қауымдастығынан іздейміз. Қыпшақтар қауымдастығы, олардың тарихы мен мәдениеті туралы соңғы кездерде жазылған тарихи, лингвистикалық еңбектер **қыпшақтану** саласының түркітанудан бөлініп шыға бастағанын көрсетеді. Қыпшақтану – түркітанудың құрамдас бөлігі болғанымен, өзіндік бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі бар сала. Қыпшақтану – далалық көшпелі өркениеттің қыпшақтық тарихын, ділін, тілін, этнографиясын, мәдениетін т.б. қырларын тұтас зерттеуді көздейді. Бүгінгі қыпшақ тектес этностардың арғы тегін, түп-тамырын бүгінгі қалпымен салыстырып, тарихи жалғастық сабақтастық ізін ашып көрсетуді мақсат етеді.

Араб ғалымдарының ғылыми еңбектеріне сүйенсек, қыпшақтар IX ғасырда белгілі болған. «Қыпшақ» сөзі ең алғаш Селенга өзенінің бойынан табылған Элетміш Күл Білге қағанының (747-757) басына қойылған құлпытаста кездеседі. Онда «түрк кыбчак еліг йыл ол дурмысын» (түрік қыпшақтар бізді елу жыл басқарғанда) деп жазылған [2]. XI ғасырларда қыпшақ тайпалары өсіп-өркендеп, оғыздарды ығыстырып, тарих сахнасына шықты. Гегемондық жағдайда қыпшақ қауымдастығына басқа тайпалар да қосылып, қыпшақтанып, қыпшақ тілінің шеңбері кеңейе түсті. IX-XIII ғасырлардағы Еуразиялық куман қыпшақтары мен Дешті-и-Қыпшақ мәдениетінің таралу өрісі ғылымда белгілі. XI-XIII ғасырларда Шығыс Дешті-и-Қыпшақ даласында қыпшақтардың негізгі этникалық кеңістігі қалыптасты. Бұл кеңістік қазіргі Қазақстан аймағын толығымен қамтыды. Кейін монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Алтын Орда және мәмлүктер билігі тұсындағы Мысыр мен Сирия жерлерінде негізгі қатынас тілі қыпшақ тілі болып, халықаралық тіл дәрежесіне көтерілді. Қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған **көне қыпшақ ауызекі тілі** және **көне қыпшақ әдеби тілі** осы тұста өркендеді. Орта ғасырларда қыпшақ тілінде көптеген грамматикалық еңбектер, сөздіктер, әдеби шығармалар жазылды. «Қыпшақтанудың» негізгі теориялық бағыттарын профессор Б.Көмеков былай белгілейді:

1. қыпшақтар және көшпенділік өркениет;
2. көшпенділік және отырықшылық өркениеттердің өзара байланысы және өзара әсерлесуі;
3. қазақ халқының этникалық, тарихи және мәдени қалыптасуы;
4. Еуразия және Жерорта теңізі аймақтарындағы қыпшақтардың көне және орта ғасырлардағы тарихы;
5. қыпшақтануға байланысты жазба дерекнамаларды толықтыра түсу;
6. Орта Азия және Шығыс Еуропа халықтарының қалыптасу ерекшеліктерін айқындау және т.б.[3].

Біздің бұған қосарымыз, орта ғасырларда көне қыпшақ әдеби тілінде жазылған шығармаларды лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу қажет. Олардың тілін бүгінгі жекелеген қыпшақ тілдерімен салыстыра зерделей отырып, көне қыпшақ әдеби тілінің бүгінгі мұрагері қай тіл екендігін анықтау. Орта ғасырлардағы «қыпшақ тілінің» тілдік заңдылықтары бүгінгі 10 шақты қыпшақ тілдерінің ішінен қазақ тіліне әлде қайда жақын, ұқсас келетініне дәлел көп. Мағжан ақын сөзімен айтсақ, «қыпшақтардың бір кезде дәуірлеп жасаған жазира даласының қара шаңырағының мұрагерлері де сол қазақтар». Яғни, қазіргі қазақ тілі - көне қыпшақ тілінің жаңа заманға сай өзгерген, дамыған, түрленген түрі. Қыпшақтану проблемасы ең әуелі тілге байланысты өріледі.

Көне қыпшақ тілі туралы ең алғаш мәлімет берген автор – М.Қашқари. «Диуан лұғат ит – түрік» атты еңбегінде қыпшақ тілінің кейбір грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін талдап көрсетеді. М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе XI ғасырда

жеке қолданылған “қыпшақ тілі” болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол “қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йаруқ тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі” деп жазады. Белгілі ғалым Н.Т.Сауранбаев осы деректерге сүйене келіп “бұл аталған тайпалар тілдері өзара бірігіп кетіп, бірегей тілге айналған да, ортасынан бір топтан қыпшақ тілін шығарған” дейді[4,18]. Шынында да XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының салмағы саяси аренада арта түсті. Қыпшақтардың мемлекеттік одағына әр алуан тайпалар бірікті. Қыпшақ тілі сондықтан аралас тіл болды. Бірақ басқа тайпалардың тілінен гөрі үстем тайпа қыпшақтардың тілі гегемондық роль атқарды.

М.Қашқари түркі тілдерінің лексикалық ұқсастықтарын айта отырып, олардың дыбысталу жүйесіндегі кейбір айырмашылықтарды ашып көрсетті. Қыпшақ тілінің мынадай басты фонетикалық ерекшеліктерін назарға ұсынды:

**й** дыбысының орнына **дж(ж)** дыбысын қолданады: *йанджу* емес *джанджу* (шуда).

**ш** дыбысының орнына **с** дыбысын айту: *талыс*, *қысыр*.

**д** дыбысының орнына **т** дыбысын қолдану: *дәуә* емес *тәуә* (түйе), *бүгде* емес *бүкте* (қанжар).

**д** дыбысының орнына **й** дыбысын қолдану: *қадық* емес *қайық*.

**ғ** дыбысының айтылмай түсіп қалуы: *чумғақ* емес *чумуқ* (шымшық торғай, кара торғай), *тамғақ* емес *тамақ*.

Демек, XI ғасырдың ортасында қолданылған қыпшақ тілінің фонетикалық негізгі көрсеткіші – *дж(ж)*, *с*, *т*, *й* дыбыстарының қолданылуы мен *з(г)* дыбысының айтылмай түсіп қалуы болып отыр.

Осы фонетикалық ерекшеліктер бүгінгі қазақ тілінің бойында сақталған.

Көне қыпшақ жазба ескерткіштерін жүйелеу де маңызды мәселе. Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер негізінен XI-XVII ғасырлар аралығын қамтиды. Оларды жазу үлгісіне қарай бес топқа бөлінеді:

- 1) Готикалық көне шрифтпен жазылған ескерткіштер (XIII – XIV ғасырлар).
- 2) Араб әрпімен жазылған мұралар (XI -- XIV ғасырлар).
- 3) Армян жазуымен берілген мұралар (XV – XVI ғасырлар).
- 4) Орыс әліпбиімен жазылып қалған деректер (XI—XIII).
- 5) Шығыс Еуропа аймағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілген сөздер (адам аттары мен жер-су аттары т.б.).

Сонымен қатар ескерткіштер белгілі бір саяси - әкімшілік орталықтарда туып, солардың талап-тілектеріне сай жазылып отырғандықтан, қазақ ғалымдары (Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М.) шартты түрде мынадай топтарға бөліп қарастырады: куман қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Орта Азия қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштер.

Біз осы айтылғандарды ескере отырып, ескерткіштерді XX ғасырда жеке –жеке болса да зерттеп, құнды пікірлер айтқан ғалымдардың тұжырымдарын басшылыққа алып, мынадай екі үлкен топқа бөліп қарастырамыз:

**1) Көне қыпшақ ауызекі сөйлеу тілінде жазылған ескерткіштер.**

**2) Көне қыпшақ жазба ескерткіштері.**

**Көне қыпшақ ауызекі тілінде жазылған ескерткіштері** тобына өз заманының ауызекі сөйлеу тілінің элементтерін бойына жинақтаған, қыпшақтардың тарих сахнасына шығып, гегемондық рөл атқарып тұрған кезінде XII – XIV ғасырларда жазылған «Кодекс Куманикус» (Кумандардың кітабы), «Терджуман турки уа араби» (Түрікше – арабша тәржіма ), «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» (Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме

кітап), «Китаб ат-туһба аз-закия фи луғат ат-туркийа» (Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық), «Китаб-бұлғат әл-муштақ фи-луғат ат-түрік вал-қыпшақ» (Түрік пен қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренушілер үшін жазылған кітап»), «Әл-каванин әл-күллия ли-дабт әл-луғат ат-түркия» (Түркі тілдерін үйрену үшін жазылған толық құрал), «Китаб ад-дурра ал-мудия фил-луғат ат-түркия алат-тамам вал-камал» (Түркі тілі туралы жан-жақты және толық аяқталған інжу-маржан кітабы), «Аш –Шудур ад-даһабия вал-қита ал-ахмадия фил-луғат ат-түркия» (Түркі тілдері туралы жазылған алтын тізбе»). т.б. жәдігерліктерді жатқызамыз.

**Көне қыпшақ жазба ескерткіштері қатарына** Алтын Орда дәуірінің құнды әдеби мұрасы, Низамидың парсы тілінде жазған осы аттас поэмасының еркін аудармасы, Құтып ақын жырлаған «**Хұсрау мен Шырын**» поэмасын жатқызуға болады. А. Зайончковский «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тілі қыпшақ диалектісінде жазылған деп тұжырымдаған. Ескерткіштің тілінде қыпшақ элементі өте айқын көрінеді деген пікірді А.М.Щербактан да кездестіреміз. Алтын Орда әдебиетінің ХІҮ ғасырдағы аса көрнекті өкілдерінің бірі Сайф Сарайидың «**Гүлстан бит-түрки**» поэмасы да осы топқа кіреді. Белгілі түріктанушы Э.Н.Наджиб ақын өз шығармаларын қыпшақ тілінде жазғанын айта келіп, әрі оның қазақ халқының негізін құраған ру тайпаларынан шыққанын ерекше атап көрсетеді. Алтын Орда дәуірінде ХІҮ ғасырда дүниеге келген құнды жәдігерліктің бірі Хорезмидің «**Мұхаббат наме**» поэмасы да осы қатарда. Аталмыш поэма қазақ тіл білімінде аз да болса зерттеліп көне түркі жазба ескірткіштерінің тіліне, жалпы тіл тарихына арналған кітаптарда біраз пікірлер жинақталды. Ал өзбек әдебиетінің тарихында өзбек әдебиетінің көркем туындыларының бірі ретінде қарастырылды. Ғылымда бұл поэманың тілі туралы сан түрлі пікірлер орын алған. Мәселен, Кюпрюлюзаде алтынордалық-шағатай тілі десе, А.Н.Самойлович Хорезм мен Алтын Ордадағы Жошы ұлысының әдеби тілі дейді. Ал Э.Н.Наджиб ұйғыр, оғыз тілдерінің әсеріне ұшыраған қыпшақ тілі десе, С.А.Аманжолов А.Яссауи тіліне жақын, қазіргі өзбек және қазақ тілінің аралығындағы тіл деп таныса, А.М.Щербак ескі өзбек әдеби тілінің бір түрі деп топшылайды. Біздің пікірімізше «Мұхаббат-Наме» тілінде қараханидтік жазба әдеби тілінің азын-аулақ ықпалы байқалғанмен, көне қыпшақ тілінде жазылған. Бұл мұрағаттың қазақ тіліне жақындығы мен басқа түркі тілдермен байланысын анықтауда лексикалық, морфологиялық, фонетикалық белгілерге ерекше көңіл бөлген жөн.

Аталмыш топқа енетін құнды жәдігерліктің бірі-Махмуд бин Али ас-Сарайдың «**Нахдж әл-Фарадис**» шығармасы. Біздің дәуірімізге бұл ескерткіштің бірнеше көшірмесі жеткен. Мұрағаттың лексикасы мен грамматикасында кейбір көне элементтердің, атап айтсақ тіс арасынан шығатын шуыл дыбыс *з* мен сөз соңындағы *г* дыбысы, көне жалғаулардың кездесуі өз дәуірінің заңдылығы. Шығарманың тілінің түсініктілігі оның басқа тілдерге қарағанда қыпшақ тіліне жақын екенін аңғартады.

Аталмыш ескерткіштердің тілін **көне қыпшақ тілі** деп тұтас алып қазіргі қазақ тілімен лексикалық деңгейде салыстыра зерттесек көптеген ортақтықтар мен сабақтастықтар айқын көрінеді. Негізінен Алтын Орда дәуірі тұсында жазылған әдеби шығармалардың дені аралас тілді болып келген. Б.Сағындықұлы жазба жәдігерліктер тіліндегі сөздерді үш топқа бөліп қарастырады: 1) оғыз тобындағы тілдерге тән сөздер; 2) қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерге тән сөздер; 3) қыпшақ тобындағы тілдерге тән сөздер.

Мысалы, Оғыз тобындағы тілдерге ғана тән сөздер: бағырсук (іш) Г, Мн; алын (маңдай) ХШ, НФ, Г; бул- (тал-) ХШ, НФ, Г, Мн; көлкә (көлеңке) ХШ, Г, Мн; кәндү (өз) ХШ; өртүклү (жасырын) ХШ, НФ, Г, Мн; соған (жуа) Г; утан- (ұял-) Г, Мн; чоғ (көп) ХШ, НФ, Г; қарынча (құмырсқа) ХШ, Г; курт (бөрі) Г; йарын (ертең) Г; йылдырым (найзағай) ХШ, НФ т.б.



Қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерге тән сөздер: асиғ (пайда) ХШ, НФ; андағ (сондай) ХШ; белгүр- (білім-) ХШ, НФ, Г, Мн; пуш- (өкпеле-) ХШ, НФ; ишан- (нан-) ХШ; билә (көмектес септігінің мағынасын береді) ХШ, Г, Мн; ояғ (қырағы) ХШ, НФ, Г; кеслән (кесіртке) ХШ; көсә- (тіле) ХШ; сүчуг (тәтті) ХШ; сүркә- (сүрт-) ХШ, НФ; тегүр- (жеткіз-) ХШ, Мн; телур (ақылдан адас-) ХШ, Мн; уча (арқа) ХШ; йорут- (жарық ет-) ХШ, Мн; т.б.

Қыпшақ тобындағы тілдерге тән сөздер: баклан (бағлан) ХШ; басын- (басын-) ХШ; бақыр (жез) ХШ; байағы (баяғы) Г; болмачы (болмашы) ХШ; ентик- (ентік-) ХШ; ем (ем) ХШ, НФ; ерик- (ерік-) ХШ; ен- (ен-) ХШ, НФ, Мн; еңра- (еңіре-) ХШ, Мн; иркил- (ірікіл-) ХШ, НФ; йимән- (имен-) ХШ; күң (күн) ХШ; кери (кері) ХШ, Г; сүнгү (сүңгі) ХШ, Г,НФ; чық (шық) ХШ; сал- (сал-) ХШ, Г, Мн, НФ; таңсұқ (таңсық) ХШ, Г; тый- (тый-) ХШ, Г; тәбрән- (тебірен-) ХШ, Г; талпы- (талпын-) ХШ, НФ; таңырқа- (таңырқа-) ХШ; тун (түн) ХШ, НФ; үрк- (үрік-) ХШ, Г; кавурт (қауырт) ХШ, т.б.

Бұл келтірілген деректерден байқағанымыздай ескерткіштердің тілінде оғыз, қарлұқ-ұйғыр, қыпшақ элементтері аралас келіп отырған. Бірақ қыпшақ элементтері басым, жиі кездеседі.

Қазіргі таңда түркі лексикологиясының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі жекелеген тілдерді синхрондық тұрғыдан да, диахрондық тұрғыдан да кешенді зерттеуге алу. Тарихи-салыстырмалы әдіске сүйенген зерттеу ғана бүгінгі тірі тілдің тарих қойнауында қалған жазба жәдігерлікке алыс-жақынын, туыс-жекжат екенін анықтай алады. Қандай да бір тілдің лексикасы басқа тілдік категориялардан қашанда бұрын сөйлейді, мол ақпарат бере алады. Көрнекті ғалым К.М.Мусаев “Когда говорят, что язык представляет собой кладовую истории народа – его носителя, прежде всего имеется в виду его лексика, которая непосредственно реагирует на все изменения в жизни народа” деп тұжырымдайды [5, 23]. Сондықтан да қазіргі қазақ тілінің байырғы сөздік қоры ұлт тарихымен, жалпы түркілік тарихпен сабақтаса қалыптасты. Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, одан әрі жалпы түркі тілдерімен толық не ішінара лексика ортақтығымен ерекшеленеді. Қазақ жұрты жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін түркі халықтарының ортақ арналарымен жүріп өтті. Қазақ лексикасы жалпы түркілік қабаттан өрістейді. Оның негізі, сөздік құрамы, фоно-морфологиялық құрылысы ежелгі түркі тілінен бастау алады.

Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы түркілік қабат түбір және тарихи сөздерден тұрады. Олардың ата түркі дәуіріндегі жалпытүркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байырғы қалпына келтіруге болады

Келесі қабат - қыпшақтық қабат. Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен толық не жартылай ортақтығымен, ұқсастығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар қазақ тілінің қыпшақтық лексикасының сілемдерін қыпшақ тіліне тікелей қатысты орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілінен де іздеген жөн. Жазба мұрағаттар лексикасын зерделей қарасақ қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, қала берді қазақ тілімен ортақ, тұлғасы да, мағынасы да сайма-сай лексикалық параллельдерді оңай анықтаймыз.

Пікіріміз мәйекті болу үшін ортақ сөздердің тізімін жасайық [6].

#### **Зат есім сөздердің қатары:**

*Адым* – адым. [НФ] Төрт миң адым йәргә араб мил теб айтур – Төрт мың адым жерді арабтар мил деп атайды.

*Азық* - азық. [НФ, ХШ] Пайғамбар Абубәкр бирлә ол ғарда үч күн турдылар соң чықыб Мәдинә тарафынға азм қылдылар азықлары түгәнды – Пайғамбар Абубәкірмен сол үңгірде үш күн тұрды, сосын одан шығып Мәдинаға қарай кетті, олардың азықтары таусылған еді.

*Ай* – ай. [ХШ, НФ, Мн, Г] Сафар айының йигирмә бешиндә - Сафар айының жиырма бесінде.

*Алма* – алма. [ХШ, НФ, Мн, Г] Қызыл алма дөңелму дур фәрән қызы - Қызыл алма дөңгелек пе, о сұлу.

*Алмас* – алмас. [ХШ] Алмаз от андын соң лалга урды алмас – бұдан соң лағылға алмас қосты.

*Ана* – ана. [ХШ, НФ, Г] Пайғамбар алты йашқа йетмиш әрди қин анасы Аминә вафат болды – Анасы Әмина қайтыс болған кезде пайғамбар алты жаста еді.

*Ант* – ант. [ХШ, НФ, Г] Фариштә қоймас айтур, антны сақла – Антыңа адал бол, дейді періште.

*Арық* - арық. [ХШ, НФ] Йа шайх бу арық сувларыдын нишә ичмәзсиз – О шейх, сіз бұл арықтың суын неге ішпейсіз.

*Арпа* – арпа. [НФ, ХШ, Г] Әй тоқ көзүңгә арпа әтмәги көрүнмәс хуш, ликин мәним алтымда иззәтли мукаррамдур - Әй тоқ адам саған арпа наны ұнайма, ал мен үшін (ол) құрметті де сүйікті.

*Арқа* – арқа [ХШ, НФ, Г]. Йигит ол вақт уйанды ким күнәш ыссысы арқасына отты – Күн ыстығы арқасын қыздыра бастағанда жігіт оянды.

*Ел* – ел. [ХШ, НФ, Мн, Г] Қылуар Йусуфни Мисир елиндә султан - Ол Жүсіпті Мысыр еліне сұлтан қылып бекітті.

*Балта* – балта. [ХШ, НФ]. Тақы мәбәрәк еликингә бир улуғ балта алды – және (пайғамбар) мүбәрәк қолына балта алды.

*Жан* – жан. [ХШ, НФ, Мн, Г]. Ким ош тән тәнгә жан жанқа улашты – міне тән тәнге, жан жанға қосылды.

*Көз* – көз. [ХШ, НФ, Мн, Г] Башындан көзүндән өпүб күчуб көп мал-у нимәт бериб азад қылды – Ол басынан, көзінен өбіп, көп байлық беріп және азат қылды.

*Орман* – орман. [НФ, Г] Карван түн қата йүрүб сахар вақтың келиб бир орман йанында қондылар – Керуен түн бойы жүріп, таң ата бір орманға келіп тоқтады.

Екі дәуір тіліне ортақ зат есімдер өте мол, ескерткіштер тілінде туынды, негізгі, деректі, дерексіз т.б. зат есімдер кең орын алған.

#### **Сын есім сөздердің қатары:**

*Ала* – ала. [ХШ, НФ] Бу түн күн ала ат-тек йүгрүр талмаз – бұл түн мен күн ала аттай талмай жүйткіді.

*Арық* - арық. [Г] Бир арық ақил адами айтты бир сәмиз аблаха, келиб қаршы негә болса тази от, бир тавилә әшәндән ол йахшы – Бірде бір арық дана семіз наданға айтты: арабтың пырақ аты арық болғанмен бір керуен есектен жақсы.

*Ақсақ* - ақсақ. [ХШ] Сабыр бирлә кечәр аз умр неткү, азақ ақсақ нетәк мәнзилә йәткү - Ұзақ өмірде үлкен сабыр керек, ақсақ адам үйіне жеткендей сабыр қажет.

*Сары* – сары. [ХШ, Г] Қарарсызлықта болмыш меңзи сары – Тыныштықтың жоқтығына жүзі сары болды.

*Кең* - кең. [ХШ, НФ] Умми-Муид пайғамбарны тарифләйүр әйәси кең турур көзи ашакқа үкүшрәк бақар йергә бақар – Умми-Муид пайғамбарды сипаттайды: оның алақаны кең, көзі көбіне төменге қарайды, ол жерге қарайды.

*Тар* – тар. [ХШ, НФ, Мн, Г] Қачан ким болса тар ағзың шақар бир, саба гүл ғунчаның ағзыны йыртар – Сенің тар (кішкене) аузың шекер төккенде, роза гүл шоғынан таңғы самал жел соғады.

*Қалың* - қалың. [ХШ, Мн] Қалың өврәккә кирмши тек лачын - қалың жабайы үйрек тобына кірген лашындай.

*Қара* - қара. [ХШ, НФ, Мн, Г] Йумақ билән кетәрми лавны қара көмүрдән – жуғанмен қара көмірдің түсі өзгерер ме.

*Қызыл* - қызыл. [XIII, НФ, Г] Йа хожа, йүк билән қызыл алтун алыб келүр, йа бахр ичиндә ғарқ болуб қын билән өлүр - Қожа не жүкпен бірге қызыл алтын алып келер, не теңіз түбіне батып азаппен өлер.

*Ұзақ* - ұзақ. [XIII, НФ] Аташ хафыдан тутты ұзақ йол – Атасынан қауіптеніп ұзақ жолға аттанды.

Бұдан басқа да негізгі немесе туынды сын есімдер көптеп кездеседі: астыңғы, аталық, бойлы, малсыз, ақ, бай, көк, сынық, тамашасыз т.б.

**Сан есім сөздер ескерткіштер тілінде көп қолданылады.** Дені ішінара дыбыстық өзгерістерге бой ұрған, ал тұлғасы да, мағынасы да қазақ тіліне дәл келетін төрт сан есім ғана бар. Олар:

*Төрт* – төрт. [XIII, НФ, Мн, Г] Бу китабны төрт баб үзә қылдық — Бұл кітапты төрт тараудан құрадық.

*Алты* — алты. [XIII, НФ, Мн, Г] Қачан ким алты йашқа йетти ол шах, қамуғ йөнләрни аңлаб болды агах – Шахқа алты жас толғанда, ол барлық жөн-жосықты түсініп, аңғарымпаз болды.

*Он* – он. [XIII] Йәтиб он йашқа кеш бағланды белгә - Он жасқа келіп беліне қорамсақ байланды.

*Тоқсан* –тоқсан. [НФ] Тақы пайғамбар аләйхи-с-сәлам тоқсан тевә нишан қылды – Пайғамбар алейхи-с-сәлам тоқсан түйені белгіледі.

#### **Етістік сөздер қатары:**

*Айыр-айыр*. [XIII, Г] Тутуб мискин кишиниң пәнжәсиңи, айырмық күч билән айны хатадур – Байғұс, кедей кісінің қолынан ұстап, күшпен айыру - үлкен әділетсіздік.

*Ал* – ал. [XIII, НФ, Г] Хидайат нұрыны көңлүмдин алма, йана мени қараңғулукқа салма – Жол көрсетуші нұрды көңілімнен алып, мені тағы қараңғылыққа тастама.

*Ем* – ем. [XIII] Сүт әммәзмән бар ағызымда отуз тиш – Сүт ембеспін, аузымда отыз тісім бар.

*Бар* – бар. [XIII, НФ, Мн, Г] Бир ким әрсә барды тақы Фатимақа хабар берди – Бір адам барып Фатимаға хабар берді.

*Басын* – басын. [XIII] Қонақмән теб басынмаңыз бизни - Қонақпын деп бізді басынбаңыз.

*Кет* – кет. [НФ, Мн, Г] Көңүлдин сабр көздин уйқу кетти – Жүректен сабыр, көзден ұйқы кетті.

*Көм* – көм. [XIII, НФ] Бардылар бир чукур қаздылар ол әтни анда көмдиләр – Барып бір шұңқыр қазып, етті соған көмді.

*Күл* – күл. [XIII, НФ, Мн, Г] Бұл латифа сұлтанға хуш келди дағы күлди – Бұл әңгіме сұлтанға ұнады, ол күлді.

*Ойна* – ойна. [XIII, НФ, Мн, Г] Кел әй сақи кетүргил, бада-и наб, күлә ойнайу ичсүнләр бу асхаб – О шарап құюшы, әкел мөлдір шарапты, мейлі достар күліп, ойнап ішсін.

*Орна* – орна. [XIII, НФ] Тамуғнуң хайбаты көңлүмдә орнады – Тамұқтың қорқынышы көңілімде орнады.

*Өл* - өл. [НФ, Г] Ирақдан тирак келгинчә йылан захмлы ер өләр – Ирактан дәрі келгенше, жылан уымен уланған ер өлер.

*Сайра* – сайра. [XIII, Мн, Г] Чечәксән банда сайрар бұлбұл үндур – Сен гүлсің, ал сенің үстіңде сайраған бұлбұл – сенің құлың.

*Табыл* – табыл. [Мн, Г] Табылғай мақсудум табқуңда – Сенің қызметіңде менің мақсатым табылғай.

*Қайна* - қайна. [XIII, НФ, Мн] Тақы от чибчуқ кувәч ичиндә қайнаса әт тақы харам турур – Егер сол шымшық қазан ішінде қайнаса, ол етті жеуге болмайды.

*Қана* - қана. [НФ] Тақы йүзи қанады – оның беті қанады.

Ескерткіштер тілінде қазақ тілімен толық лексикалық параллель бола алатын етістіктер өте көп. Олар негізгі және туынды, көмекші, салт, сабақты, болымды, болымсыз тұлғаларында ұшырасады.

**Үстеу сөздердің қатары:**

*Ең* - ең. [Г] Ең әксүк – Ең кедей.

*Аз* – аз. [ХШ, НФ, МН, Г] Жүмлә сахабалар қондылар ол йәрдә сув аз әрди – Барлық сахабалар қонды, ол жерде су аз еді.

*Былай* – былай. [ХШ] Сәңә хукм етиб аймазмән былай қыл – Саған бұйрық бере алмаймын, былай қыл.

*Көп* – көп. [ХШ, НФ, Мн, Г] Көңүл бахрында көп гәвхәрларинң бар – Сенің жүрегіңнің теңізінде көп гауһарлар бар.

*Тағы* – тағы. [Мн] Қылуур Ааййубны михнәт бәлә йар, тағы от ичрә Азар отдын асарар – Ол Айюбиді азаптың досы қылды, ол Азарды тағы оттан құтқарды.

*Қайра* - қайра. [ХШ, НФ] Тақы жумла қайра Мадинаға қайыттылар – Және бәрі қайра Мәдинаға қайтты.

Бұл мәліметтерден байқағандай ескерткіштер тілінде күшейткіш, мөлшер, сын-бейне үстеулері орын алған.

**Есімдіктер қатары:**

*Анда* – анда. [ХШ, НФ, Г] Үч күндин соң анда кәлгәйсән - Үш күннен соң анда келерсің.

*Мұнда* – мұнда. [ХШ, НФ, Мн, Г] Мухаббат-нама сөзин мұнда биттим – Мұхаббат-наме поэмасын мұнда бітірдім.

*Ол* – ол. [ХШ, НФ, Мн, Г] Ол йазуклы сөкти йарамас сөзләр сөзләди – Ол жазықты сөкті сұлтанды, жарамас сөздер сөйледі.

*Мен* – мен. [ХШ, НФ, Мн, Г] Мен асру бенава – Мен өте бақытсызбын.

*Сен* – сен. [ХШ, НФ, Мн, Г] Ичим күйди сениң чаксыз назыңдын – Сенің шексіз назыңнан ішім күйді.

*Қайсы* - қайсы. [Г] Бир залим хахим бир алим ергә сорды ким ибадатлардан фазилрәж қайсы турур – Бір залым хақім бір ғалымнан сұрады: құдайға құлшылық қылудың қайсы дұрыс.

Бұл деректерден байқағандай жәдігерліктер тілінде сілтеу, жіктеу, сұрау есімдіктері қолданылған.

**Көмекші есімдер қатары:**

*Ара* – ара. [ХШ, НФ, Г] Тикәнләр арасында гүл төрәтти – Тікендер арасында гүл жаратты.

*Арт* – арт. [ХШ, НФ, Г] Ол йигит бир карван артына түшүб кетти – Ол жігіт бір керуен артына түсіп кетті.

*Аст* – аст. [ХШ, НФ, Г] Сениң атақ ағыр таш астындан тәрбренгинчә кәрәк мәним атам жәннәткә кирмши болғай – Сенің әкең ауыр тастың астынан қозғалғанша, менің әкем жаннатқа кіріп болады.

*Маң* - маң. [ХШ] Йақын бу маңда бар бир йахшы бағым, бүтүн ол бағда тиккәйләр отағым – Осы жақын маңда менің жақсы бағым бар, шатырды сонда тігейік.

*Орта* – орта. [ХШ, НФ, Мн, Г] Тәкмә бир ай ортасында үч күн руза тутғыл - Әр айдың ортасында ораза тұт.

Мұндай ортақ сөздер қазақ халқының, оның тілінің пайда болуына негіз болған этногенетикалық, глоттогенетикалық құбылыстарының тамыры. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеудегі өзекті мәселе жекелеген сөздердің тарихын, этимологиясын қазіргі тілдік деректер негізінде зерделеу болмақ.

1. Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында.* - А., 1999. 324б.
2. Малов С.Е. *Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии.* - М.-Л., 1959., 269с.
3. Кумекоев Б.Е. *Некоторые итоги и проблемы кипчаковедения. Евразийское сообщество.* - А., 1997., 285с.
4. Сауранбаев Н.Т. *Қазақ тіл білімінің проблемалары.* –Алматы: Ғалым, 1991., 296б.
5. Мусаев К.М. *Лексика тюркских языков в сравнительном освещении.* –М.: Наука, 1975., 452с.
6. Сабыр М.Б., Исина Ж.А. *Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты (XIV ғ.)* - Орал: Азартушы, 2015., 215б.

МРНТИ 16.21.51

Г.С.Сулейменова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

### **«ОНОМАСТИКА ЖӘНЕ ЕЛТАНУ» ПӘНІ БОЙЫНША ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*Аңдатпа*

Білім беру жүйесінің даму деңгейі қоғамдық дамудың дәрежесі. Қазіргі уақытта қоғам дарынды, қабілетті тұлғаларды қажет етеді. Сондықтан студенттің өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, білімін жетілдіру үшін өзіндік жұмыстардың маңызының ерекше екенін көрсете келе, өзіндік жұмыстардың түрлері де беріледі. Ұтымды ұйымдастырылған өзіндік жұмыстары олардың саналы белсенділігін, жоғары оқу-кәсіби мотивациясын, оқу процесінің сапасын арттырады сөзсіз. Мақалада жоғары оқу орындарында студенттің пән бойынша орындайтын өзіндік жұмыстарының маңызы, нәтижелері мен ұйымдастыру жолдары нақты іс-тәжірибе негізінде қарастырылады.

**Кілт сөздер:** өзіндік жұмыс, құзыреттіліктер, әдістемелік нұсқау, білімін жетілдіру, оқу, ғылыми-зерттеу және шығармашылық.

Г.С.Сулейменова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Жетісуский государственный университет им. И.Жансугурова, г.Талдықорған, Казахстан

### **ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ОНОМАСТИКА И СТРАНОВЕДЕНИЕ»**

*Аннотация*

Уровень развития образования – уровень общественного развития. Современное обществу нуждается в талантливых, компетентных личностях. В этой связи в статье рассматривается важность самостоятельных работ в саморазвитии, самовоспитании, самосовершенствовании студентов. По мнению автора, оптимально организованная самостоятельная работа повышает сознательную активность, высокую учебно-профессиональную мотивацию обучающихся и качество образовательного процесса. В статье на основе реальной практики рассматриваются значение, результаты и методы организации самостоятельных работ, выполняемых студентами по предмету в высших учебных заведениях.

**Ключевые слова:**самостоятельная работа, компетенции,методические рекомендации, совершенствование знаний, учебная, научно-исследовательская и творческая деятельность.

*G.S.Suleimenova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Zhetysu State University I.Zhansugurova, Taldykorgan, Kazakhstan*

## **ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORK IN THE DISCIPLINE «ONOMASTIGS AND REGIONAL STUDIES»**

### *Abstract*

Values results and methods of organization of independent work performed by students on the subject in higher educational institutions are considered in the article based on real practice. The level of development of education is the level of social development. Modern society needs talented, competent individuals. In this regard, the article discusses the importance of independent work in self-development, self-education, and self-improvement of students. According to the author, optimally organized independent work increases conscious activity, high educational and professional motivation of students as an educational process.

**Keywords:** independent work, competences, methodical recommendations, improvement of knowledge, educational, research and creative activity.

**Кіріспе.** Қазақстанның жан-жақты дамуы бүгінгі білімгерлердің сапалы білімі мен болашақ мамандардың кәсіби даярлығы оқытушы ұйымдастыратын оқу іс-шараларына болып саналады тікелей байланысты екені анық. Сондықтан да нәтижелі білім беруді алдына мақсат етіп қоя білген, сол жолда өз жұмысын мақсатына икемдей білген, әлем дамуының жаңа ұстанымдарын студенттің бойына сіңіре білген ұстаздың ұтары мол. «Жоғары оқу орындарының оқытудың кредиттік жүйесіне көшуі белгілі бір мақсаттарды көздейді. Оның басты мақсатының бірі – кәсіби әрекетінде шығармашылықпен еңбектене алатын маман даярлау. Жоғары оқу орындары қабырғасында білім алушы студенттің шығармашылықпен қызмет атқарып, мамандығына қатысты кездескен кез-келген проблеманы өздігінен шеше алатын маман болып шығуы – оқу үрдісінде студенттің өзін-өзі ұйымдастыруы өздігінен іздену мен білім алуы іс-әрекеттерімен тығыз байланысты. Сондықтан да оқытудың кредиттік жүйесінде студенттердің өзіндік жұмысына ерекше мән берілген. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жоғары оқу орындарының негізгі нормативтік құжаттарына, жұмыс бағдарламасына, оқу материалдарына арналған пәннің бөліміне сәйкес іске асырылады» [1, 225]. Өзіндік жұмыс- студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуға арналған жұмыс түрі. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесі қазақстандық жоғары оқу орындарында кредиттік оқу жүйесінің енгізілуімен байланысты жандана түсті. Білімгерлердің өзіндік жұмысын жүйелі түрде жүргізу оқу үдерісінің бөлінбес маңызды бөлшегіне айналды.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі» болып саналады.

Өзіндік жұмыс- біліктілік пен іскерлік жиынтығы (И.Т.Протасов); Өзіндік жұмыс- студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы (Г.Н.Кулагина); Бұл жұмысты студент өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады (Г.Н.Дари ) [2, 36-37 ]. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер мен жас маманның кәсіби даярлығына қойылатын

талаптар студенттің өзіндік жұмысының маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін байқатты. Қазіргі заман - ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманы. Сондықтан заман ағымына ілесу үшін тәжірибеде білімді пайдалану мен бағалау жүйесі үнемі өзгеріп, түрленіп отырады. Білім бағдарламаларын игертуде пайдаланылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялармен қатар, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары да қалыптасып, дамып, тәжірибе жинақталуда. Студенттің өзіндік жұмысы- ізденіс нәтижесі. Студенттер берілген тақырып, тапсырма төңірегінде өз беттерімен ізденіп, мәселе жөнінде жарияланған еңбектермен танысады, талдайды, сараптайды, ой-пікірлерін жинақтайды, тұжырым жасайды. Өзіндік ғылыми тұжырымдарын түрлі тәсілдермен баяндайды. Өз бетінше ізденіс жұмыстарын жүргізуге бейімделген студент мол мағлұмат жинап қана қоймайды, шешімі табылмай отырған кейбір мәселелерді, түсініктерді тауып, оның себебін анықтауға тырысады. Яғни өзі жүргізген анализ бен синтез нәтижесінде тезис, сараптау-конспект жасаумен қатар, ғылыми мақала, этюгтар жазады. Ғылымға алғашқы қадамын жасауы да дұрыс жоспарланған өзіндік жұмыстан бастау алуы әбден мүмкін.

**Әдістеме.** Студенттің өзіндік жұмысын жоғары оқу орнының оқытушысы жоспарлайды, яғни өзіндік жұмысты ұйымдастыру, қадағалау және бақылау – оқытушының міндеті. Пән бойынша жүргізілетін өзіндік жұмысының нәтижесі біздің тәжірибемізде оқу мерзімінің төртінші, жетінші, он бірінші және он бесінші аптасында қабылданып, балдық жүйесімен бағаланады. Студенттің өзіндік жұмысының нәтижелілігі бақылауға тікелей қатысты. Бақылау аудиториядан тыс уақытта өткізіледі. Бақылау мен бағалауда жұмыстың өз мерзімінде өткізілуі, орындалу сапасы ескеріледі. «Студенттің өзіндік жұмысы үш бағытта жүргізіледі: оқу, ғылыми-зерттеу және шығармашылық. Оқу бағытындағы студенттің өзіндік жұмысына студенттің дәріс, лабораториялық, практикалық сабақтарға дайындығы, үй тапсырмасын орындауы, ағымдық бақылауға дайындығы жатады. Студенттің өзіндік жұмысының маңызды бағыты – ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыс. Бұл бағыт бойынша студент ғылыми мақала, аннотация, сараптау жұмыстарын орындайды. Нәтижесінде конкурс, олимпиада, конференцияға қатысады. Тақырып бойынша бастаған ғылыми-зерттеулерінің нәтижесін курстық, дипломдық жұмыстарын орындауда пайдаланады. Студенттің өзіндік жұмысы сипаты жағынан репродуктивті (конспектілеу, оқып танысу); танымдық – ізденіс (презентация, бақылау жұмысын орындау, курс жұмыстары); шығармашылық (арнайы шығармашылық тапсырма орындау, талдау, сараптау, сипаттау, диплом жұмысын орындау)» болып бөлінетіндігі зерттеу еңбектерінде айтылып жүр [3, 248]. Өзіндік жұмыстың орындалу сипаты жеңілден ауырға, оңайдан қиынға қарай бағытталғаны байқалады. Бұл оқытушы назарында болуға тиіс. Әр өзіндік жұмысы 3-5 тапсырмадан тұрады, әрқайсысын әзірлеуге, ізденуге, бір жүйеге келтіруге 2-3 апта мүмкіндік беріледі. Өзіндік жұмысының нәтижесі студенттің ынтасына, білім, білік дағдыларына және тақырып пен жұмыс түріне байланысты болмақ. Бұл орайда оқытушы оқытылатын пәннің қарастыратын мәселелерінен студенттердің қызығушылығын тудыратынын, шығармашылық белсенділікті қажет ететінін әрі дамытатынын таңдағаны жөн. Студенттің өзіндік жұмысы – теориялық білімді өздігінен игеріп, практикалық міндеттерді іске асырумен ұштасатын жұмыс. Оқу-әдістемелік әдебиетпен, әдістемелік нұсқаулармен, тапсырма шарттарын орындаудағы зерттеу әдістерімен «қаруланған» студенттің жұмысы өз нәтижесін берері анық. Өзіндік жұмысы - оқытушы мен студенттің тығыз әрекеттестігі жағдайында өтетін үдеріс. Оқытушы - біріншіден, ұйымдастырушы, таныстырушы. Екіншіден, бағыт-бағдар беруші. Үшіншіден, бақылаушы – түзетуші. Төртіншіден, сарапшы, бағалаушы. Осы орайда оқытушы:

- студенттің өзіндік жұмысын жоспарлайды;

- тапсырмаларын анықтайды;
- оқу – әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің жолдарын көрсетеді;
- орындалу барысын қадағалайды және бағалайды;

Ал студент:

- өз іс-әрекетін ұйымдастырады;
- тақырып, тапсырма бойынша ізденеді;
- өз іс-әрекетін басқарады;
- белгілі бір нәтижеге жетеді» [3, 248]. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс нәтижесінде:
  - Студенттің жеке басының қабілеті анықталады;
  - Ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу технологиясы мен әдістері меңгертіледі;
  - Ізденіс және шығармашылық біліктер мен дағдылар қалыптастырылады;
  - Тапсырманы орындауда, тақырыпты зерттеуде анализ- синтез жасау қабілеті ұшталады;*-Ізденіс нәтижесін басқаларға жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді әдіс-тәсілдерді меңгереді әрі пайдалана білетін болады.*

**Нәтижелер.** Қазақ ономастиологиясын оқыту үшін «Қазақ ономастикасы және елтану» таңдау курсы 5B011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының модульдік оқу бағдарламасына енгізіліп, үш кредит көлемінде 7семестрде жүргізіледі. Өз кезегінде дәріске -30 сағат; практикалық сабаққа-15 ; ОСӨЖге- 15; СӨЖге -75 сағат бөлінеді. « Жоғары мектепте ономастиологияны оқыту мәселелері»атты бұрынырақта жарияланған мақаламызда курстың мақсат –міндеттері, жоғары оқу орындарында оқытылу себептері мен нәтижелері, қалыптырыстылатын құзыреттіліктер жайлы сөз қозғалған еді.Ендігі кезекте пән бойынша ұйымдастырылып жүрген өзіндік жұмыстары және оның нәтижелерін тілге тиек етсек...

Аталмыш «курстың мақсаты: жалқы есімдер – қоғамдағы барлық өзгерістерден ақпарат береді, әрі тарихи реалийлердің көзі. Тілдің көне қалпын бойына сақтай білген атаулар. Олардың бойында жасырын «сыр» тұнып тұр. Сондықтан олар ел тарихын, тіл тарихын, салт-дәстүрлерінің сырын ашуға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктерді білімгерлер бойына сіңіру басты мақсат болмақ»-деп көрсеткен едік мақалада [4, 140]. Курстың мақсаты толыққанды орындалуы үшін дұрыс жоспарланған өзіндік жұмыстары болуы шарт.Себебі қазақ ономастикасы арқылы ел танытуға қатысты барлық материал дәріс және практикалық сабақ аясына сыймайды.Екіншіден, студенттің осы бағытта шығармашылықпен өздігінен ізденіс жұмыстарын жүргізуіне мүмкіндік берілуі керек. Біз жоспарлап, ұйымдастырып жүрген студенттің өзіндік жұмысының мазмұны төмендегідей:

**СӨЖ №1.Тақырыбы:**Қазақ топонимиясының тілдік қабаты.

Жоспары: 1.Қазақ топонимиясындағы кірме топонимдердің пайда болу себептері.

2. Халықтық, тоталитарлық топонимдер.

3. Саяси топонимдер және оның қазіргі таңдағы жағдайы.

4. Жетісудың жаңарған жер-су,елдімекен атауларын анықтап, себептерін түсіндіру.

**СӨЖ №2.Тақырыбы:** Қазақ антропонимдерінің тарихи-этномәдени қырлары.

Жоспары: 1.Қазақ ономастикасындағы антропонимдік жүйе.

2. Қазақ есімдері және оның берілу ерекшеліктері.

3. Қазақ есімдерінің жасалу жолдары.

4.Қазақ лақап есімдері және антропонимдердің, эпонимдердің, генетопонимдердің әлеуметтік мәні.

**СӨЖ №3.Тақырыбы:** Прагматонимдер - қала онимдерінің құрамдас бөлігі.

Жоспары: 1. Прагматонимдердің негізгі белгілері.

2.Талдықорған тұрғын үй кешендері атауларының типологиясы мен семантикасы.

3.Өлкедегі қалалардың (елді мекен) қалаішілік хоронимдерін анықтап, талдау.



**СӨЖ №4.Тақырыбы:** Онимдердің сөзжасамы.

- Жоспары: 1. Қазақ сөзжасамы және онимжасам.  
2. Зат пен нысан атауының байланысы.  
3. Онимжасам және этимология.  
4. Өңір топонимдерінің сөзжасамына талдау.

**Нәтижелер.** Оқу семестрінде қабылданатын СӨЖ-дің тақырыптық-күнтізбелік жоспарында бақылау түрі, сағат саны көрсетіледі. Ал силлабуста (оқу-әдістемелік кешенде) студентке СӨЖ-ді орындауда басшылыққа алатын әдістемелік нұсқау беріледі. Мысалы: «Қазақ топонимиясының тілдік қабаты» тақырыбына әдістемелік нұсқау. Бірінші кезекте тақырыпты толық ашу үшін студентке ақпарат көздерімен (оқулықтар, ғылыми әдебиеттер мен зерттеулер, интернет, т.б.) жұмыс жасау әрі оқулық және ғылыми еңбектермен жұмыс барысында олардан өзіне қажетті материалдарды тауып, танысу, шолып оқу және зерттей оқу тапсырылады, өз кезегінде студент өзіндік ізденіс арқылы теориялық білімін толықтырады. Оқытушы тақырыпқа қатысты нақты әдебиеттер тізімін ұсынуы керек:

- 1.Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы,2011ж.
- 2.Сағидолдақызы Г. Түркі(қазақ) және моңғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. Алматы, 2000 ж.
3. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Алматы,2006 ж.
- 4.Кеңесбаев С.,Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының лексикалық қабаттары. //Советская тюркология ,1976. №3. -С 78-88.
- 5.Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары.Алматы облысы. Алматы,2005 ж.
- 6.Керімбаев Е. А. Қазақстан оронимдерінің лексика-семантикалық типологиясы. Алматы, 1988 ж.
7. Мадиева Г. Теория и практика ономастики.Алматы, 2003 ж.
- 8.Керімбаев Д. Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты. Алматы, 200 4ж.
- 9.Жаңарған Жетісу атаулары (Топонимикалық анықтамалық).Алматы,2005ж.

Тапсырма орындаушыға «бірінші мәселе бойынша, яғни қазақ топонимиясындағы кірме (моңғол, араб, қалмақ, орыс тілді) топонимдердің пайда болу себептерін ақпарат көздерінен тауып, кесте түрінде көрсетіңіз;

Екінші, үшінші мәселе бойынша халықтық, тоталитарлық, саяси топонимдерді қалай ажыратуға болады, олардың пайда болу себептері қандай? Өз туған ауданыңыз, өлкеңіз бойынша ақпарат- сипаттама беріңіз;

Төртінші мәселе бойынша Жетісудың жаңарған,өзгертілген жер-су,елдімекен атауларын анықтаңыз; жер-су,елдімекен атауларының өзгертілуі, тарихи атауларының қайтарылуы дұрыс па, ойыңызды білдіріңіз» деген жетекші тапсырмалар, нұсқаулар арқылы студентті өздігінен жұмыс істеуге бейімдейміз.

Талқылау. Тапсырмаларды орындау барысында білімгер ономастиология ғылымының ел тарихы, тіл тарихымен, өткені бүгінгі күнмен тығыз байланыста екендігін түсінеді, теориялық білімін толықтыра отырып, СӨЖ үшін берілген әр тақырып тапсырмасын нақты көрсеткен жағдайда, туған өлкесін, өскен жерін тануға мүмкіндік алары сөзсіз. Байқап отырғанымыздай, әр өзіндік жұмыстың соңғы тапсырмасын практикалық бағытта беруді көздедік.Студент белгілі бір тақырып бойынша материал жинап, талдап, өз көзқарасын, пікірін білдіреді. Презентация, ассоциогарма ( ақыл -ой картасы) жасауға дағдыланады. Презентацияда мәтіннен гөрі кесте, диаграмма, видео, сурет, т.б. жағы басым болатындығы белгілі, сондықтан білімгер ойын қысқа, нұсқа жеткізуге, анализ және синтез жасау қабілетін нығайтуға, жалқы есімдерге қатысты материалдарды талдаудың, әдістерін игеруге бейімделеді деп білеміз.

Қорытынды. Жоспарда көрсетілген тақырыптардың әрқайсысына орындау нұсқауы берілуі тиіс. Ол өзіндік жұмыстың нәтижелі болуының кепілі болмақ. Аталған пәнге қатысты орындалатын өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытумен қоса, туған жер, өскен ортасының географиялық, тарихи, әлеуметтік сипатын білуіне игі әсері болмақ.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. *Кредитная система обучения: Опыт внедрения, проблемы и перспективы. //Под общей редакцией Мырзалиева Б.А. – Астана: Ғарыш-Ш, 2005, – 225 стр.*
2. *Исмаилова Р. Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. «Бастауыш мектеп» журналы. –Алматы, 2012, . – №5,6. – 36-37б.*
3. *Сарбасова Қ., Садуақасова С. Өздік жұмысы– білім беру құрылымының маңызды бөлігі Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. –Талдықорған, 2017, – 248б.*
4. *Сүлейменова Г., Килевая Л. Жоғары мектепте ономазиологияны оқыту мәселелері. «Қазақстан ғылымы мен өмірі» журналы.–Астана, 2018, –№5(65). –140б.*

**МРНТИ 11.25.41**

*А.О.Тымболова<sup>1</sup>, Г.Ә.Тұрмахан<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**ҰЛТТЫҚ КОД – ҰРПАҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты бағдарламалық мақаласында атап өткен “Ұлттық бірегейлікті сақтау” тарауы негізіндегі мәселелердің көріністері талданып жазылған. Рухани жаңғыру дегеніміз – қазақ халқының байырғы заманнан қалыптасып келе жатқан салт – дәстүр, әдет – ғұрып, мәдениетін сақтай отырып, жаңа заманғы өркениеттер және адамзаттық құндылықтармен байыту болып саналады. Елбасымыздың “Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, ана тіліміз бен фольклорымыз, әдебиетіміз, жөн - жоралғыларымыз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс”, - дегені мәңгілік ел болудың кілті болса керек.

Ал, жаңғырудың басты талабы – халықтық ұлттық кодты сақтау. Мақалада сол ұлттық кодтың кілті тілде екені айтылады. Тіліміздің өміршең болуы – ұрпақ тәрбиесіне тікелей қатысты екені түсіндіріледі. Ұлттық кодымыз сақталған жерде – ертеңіміз бар, жарқын болашақ бар.

**Кілт сөздер:** ұлттық код, тіл, салт – дәстүр, мәдениет, ұрпақ тәрбиесі, ұлтжандылық, құндылық, “Мәңгілік Ел”.

*А.О.Tymbolova<sup>1</sup>, G.A.Turmakhan<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> Kazakh National Women Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

**NATIONAL CODE – VALUE OF THE GENERATION**

### Abstract

This article analyzes the issues of the section “Preservation of National Identity”, which was discussed in the program article of the First President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev “Orientation to the future: spiritual modernization”. Spiritual modernization is the enrichment with modern civilizations and human values, customs and traditions of ancient times. The key to eternity is the fact that the leader of our nation «National tradition - our traditions, our native language and folklore, literature, traditions, national spirit must remain forever.» And the main requirement of modernization is to preserve the national code. The article identifies the key of national code is in the language. The fact that our language is viable is directly related to the upbringing of generation. Where our national code is stored - we have a bright future tomorrow.

**Keywords:** national code, tongue, tradition, culture, upbringing of the generation, patriotism, value, «Mangi El».

*А.Тымболова<sup>1</sup>, Г.Турмахан<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан*

## НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОД-ЦЕННОСТЬ ПОКОЛЕНИЯ

### Аннотация

В данной статье анализируются вопросы раздела “Сохранение национальной идентичности”, о котором говорилось в программной статье Первого Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева “Ориентация на будущее: духовная модернизация”. Духовная модернизация - это обогащение Казахстанцев современными цивилизациями и общечеловеческими ценностями, сохранение традиций, обычаев и традиций древних времен. Ключом к вечности является тот факт, чтокак сказал лидер нашей нации “национальная традиция, обычаи, наш родной язык и фольклор, литература, традиции, национальный дух должны оставаться навсегда”. И главное требование модернизации - сохранить национальный национальный кодекс. В статье говорится, что ключ к этому национальному кодексу находится на языке. То, что наш язык жизнеспособен - напрямую связано с воспитанием потомства. Если в будущем сохранится наш национальный код – то у нас светлое будущее.

**Ключевые слова:** национальный код, язык, традиция, культура, воспитание поколения, патриотизм, ценность, “Вечная страна”.

**Кіріспе.** Елбасы Н.Ә.Назарбаев “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мақаласында қазіргі қазақ қоғамының алдына үлкен, айрықша маңызды мәселелерді қойған.Елбасымыздың мақаласы қоғамдық сананы жаңғырту мен ұлттық идеологиялық бірлестікті жетілдіру бағытын қамтиды. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Мұнда біз ұлттық код сақталмаған жағдайда рухани жаңғырудың жаңғырыққа айналуын, рухани жаңғырудың - ұлттық мәдениетіміз бен ұлттық кодымыз сақталмаса жүзеге аса алмайтынын байқаймыз. Ұлттың мұраты – мемлекетіміздің басшысы осыған дейінгі ширек ғасырлық сындарлы саясатындағы “бір халық, бір ел, бір тағдыр” деген ұстанымындағыдай біртұтас ұлт болу.Сонымен қатар, бәсекелік қабілетті арттыру, мәдени және сана ашықтығына ұмтылу, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеген ізгі қасиеттерді қайта түлету, қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік сияқты болмыс-бітімге қол жеткізу – ұлт мұраты [1., 1]. Әсіресе, ұлттық біртектілікті сақтау, ұлттық кодты жойып алмау деген өзекті мәселелердің өзін зерделеп, айшықтап жеткізіп, көрсетіп беруі Елбасының мақаласының

салмағын арттыра түсіреді. Елбасы мұндағы мақаласында жастарымыздың көкірегі ояу, көзі ашық болуын діттейді. Болашақ – жастардың қолында, еліміздің тізгінін ұстар осы жастар деп сана – сезімін оятуда мейлінше көп қайрат – жігерін жұмсайды.

**Әдістеме.** Қазіргі таңда өзін - өзі тану құбылысы бүкіл әлемде маңызды рөл атқарады. Біздің қазақ жұртымыз да өзін - өзітану үшін Елбасымыз Н.Назарбаев аталып отырған бағдарламалық мақаласын жариялады. Байқағанымыздай, мақалада “ұлттық кодты табу мәселесі” ерекше аталып өткен. Осындағы ұлттық кодты табу дегеніміз - түп негізінді табу десек қателеспеспіз. Қазақтың түп негізі – ғасырлар бойы өзі жасаған руханиятында, тілімізде, салт-дәстүріміз, мәдениетіміз бен фольклорымызда екені белгілі. Осындағы тіл мәселесі бүгінгі таңда қолға алынуы керек мәселе. Тілді үйренудің талаптарын атап өтер болсақ...“Тіл үйрену – тың игеруден де қиын іс”,- демекші Қонысбай Әбіл, тілді үйрену - ынта мен уақыт талап етеді. Ғалымдардың пікірінше, тіл үйрену адам баласына оңтайлы болуы үшін үйреніп отырған тілінде кемінде 300-400 сөз білу керек екен. Бұл зерттеу бойынша түйеріміз, сөзді жаттау – тиімді тәсіл, сол арқылы тіл үйрену процесі оңтайлы болмақ.

Жастарға ана тілімізді үйретуде төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданар едім:Мемлекеттік тілімізді оқытуда біз деңгейлеп оқыту теориясын пайдалансақ, қоғамда қазақ тілінің қолданыс шеңбері кеңейтіле түсіп, сауатты сөйлеу қарқынды дамиды, әрі қысқа мерзімде үйреніп шығуға да кепіл.

Мемлекеттік тілді үйренушіге диагностикалық тест бойынша көрсеткіш 3 деңгей негізінде жүзеге асады.Олар: жалпы қазақ тілі (A2), академиялық қазақ тілі (B1), іскерлік қазақ тілі (B2);

Бірінші “Жалпы қазақ тілі” бөлімінде лексикалық және грамматикалық материалдар ,әрі түрлі дағдылар : оқылым, тыңдалым, сөйлеу дағдылары мен жазу дағдылары деңгейін ұштау жүйесі жүзеге асырылады;

Екінші “Академиялық қазақ тілі” B1 деңгейіне сөйлемнің күрделі құрылымдары, ғылыми публицистикалық стилі мен жазбалары, ғылыми терминология тән. Мұнда да 4 дағдыны сөйлеу әрекеті бойынша жетілдіреді.

Үшінші “Іскерлік қазақ тілі” бөлімі атап тұрғандай, іскерлік қарым – қатынасқа қажетті іскери кездесулерге дайындық, оны өткізу барысындағы мемлекеттік тілде презентация жасау, іскери хат алмасу, келісімшартқа отыру сынды құзіреттілікті дамытады.

Бұл деңгейлі курстан өту арқылы мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері дағдыларды мемлекеттік тілде меңгере алады [2., 13-15]. Және де, біз ана тілін дамытуды мекеме қызметкерлерінен бастасақ тиімді, себебі, қызметкер қай тілде іс жүргізсе, клиент те сол тілде қарым – қатынас жүргізетіні мәлім. Осылайша біз мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын кеңейте түсіп, жойылып кетпеуіне қарсы тұра аламыз.

**Нәтижелер және талқылау.** Елбасымыз сұхбатында: “Қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеу. Үйде де, түзде де. Баласымен де, немересімен де. Досымен де, туысымен де. Бажасымен де, құдасымен де. Тек осыны жасаған адамның өзі ана тілін өркендетуге өзінің титтей де болса үлесін қоса алады... Осы 17 жылдың ішінде орыс тілді қазақтар өзінің ана тілін үйренуге міндетті еді. Бұл талап ешқандай да адам құқығына қол сұғу ретінде қаралмауға тиіс. Бұл – парыз. Перзенттік парыз. Адамдық парыз” [1., 5],-деп әрбір қазақ азаматына ұлттың алдындағы азаматтық парызын айқындап берген. Орыс тілділеніп кеткен кейбір қазақ азаматтарының санасына бұл сөздерден артық сөз жоқ деп білем. Күнделікті өмірде де, әлеуметтік желілерде де қазақ азаматтары орыс тілділерді ана тілінде сөйлеуге тәрбиелеп келеді. Бірақ, бұл мәселеге ой толғап, мән беріп жүргендер бірең – сараң. Одан ары Елбасымыз: “Менің елбасшы ретінде де, қазақ ретінде де парызым – қазақ тілін өсіріп - өркендету... Қазақ елі барда, қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді. Мен “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” деген сөзімді тағы қайталағым келеді. Қазақ тіліне қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те

парызым”, - деген болатын. Бұл – Елбасымыздың жүрекжарды сөзі, мәңгілік ұстанымы, азаматтық көзқарасы [3., 45].

Абай Құнанбаев өзінің әлемге әйгілі “Ғақылия сөздері” арқылы қазақ халқын XX ғасырға дайындаса, Нұрсұлтан Назарбаев ел-жұртын XXI ғасырға даярлаудың жолын нұсқап көрсеткен. Біз ұлттық код-тілде деп отырмыз ғой, иә ол солай. Орыстілді, орыстанып кету деп отырғанымыз – өз тілімізді құрметтемей, бір ауыз сөзін білмейтін қазақ азаматтарына қатысты. Орыс тілін білу – қазіргі заманның талабы. Ғылым-білімді үйрену үшін орыс тілмен қатар ағылшын тілін де білгеніміз абзал. Осыған орай Абай атамиздың айтқаны бар: “Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін, не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысшаокукерек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәріорыстатұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі, олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек – көзің ашылады”, - деп айтқан Абай. Тағы бір сөзінде “Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі дейді. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек”, - дейді Абай [4., 5]. Бұл сөздерді ұлы ақын жұртына жауығып айтқан жоқ, жаны ашып айтты. Кеменгер сол заманның болмысын айта отырып, қазіргі заманның ұрпағына тәрбие болатын көсем сөздерді айтып кеткен. Мұнда біз ұлы ойшыл Абайдың бір ғасырлық даму кезеңін ерте бағдарлап бергенін жоққа шығара алмаймыз. Елбасымыз да халқына солай жол сілтеп, бағыт – бағдар беріп отыр. Ол да Абай сияқты келешектің келбетін елдің бәрінен бұрын байқап отыр. “Табысты болудың іргелі, басты факторы білім екенін әр адам тереңінен түсінуі керек, Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында оқу – білім әр уақытта бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен де биік қоятын ұлт қана табысқа жете алады” [1., 2], - деуінде астарлы ақиқат, үлкен мағына жатыр. Мұнда ұлы ойшыл Абай атамиз бен ұлы саясаткеріміз Елбасы Н.Назарбеуының ойы бір төңіректен шығып отырғанын байқауға болады.

Қазіргі таңда заманның ағысына қарай жастарымыздың шетелге еліктесе есін шығаратындай еліктеп, тіпті мекенін сонда ауыстырып, тұрғылықты тұрғынына айналғысы келетіндер қаншама! Әрбір ұлттың өз болмысы болады, ал Елбасымыздың айтайын дегені басқаға емес, өзімізге ұқсау. Үлкен-кіші де осыны ұғынып, осы идеологиямен өмір сүруі тиіс. Біздің идеологиямыз – салт-дәстүріміз бен салт-санамыз болып табылады. Ұлттық код – біздің тегіміз, дәстүріміз, әдебіміз, ғұрпымыз, сонымен қатар тарихымыз бен ана тіліміз.

Яғни, ұлттық код - ұлттық сана мен ұлттық рухтың кемелденуіне, ана тіліміз бен мәдениетімізді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды көзіміздің қарашығындай сақтап, бағалауға, бағалай отырып, жаңғырта дамытуға үндеп отырған іргелі бағдарламалық бағыттағы құжат болып саналады.

Осындағы Елбасының мақаласындағы кездесетін «ұлттық код» туралы пікірімен бөлісем. Қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының тумасынан табиғатын, рухани бітімін, жаратылыс негізі мен өмір салтын айқындайтын факторлар деп айтқанымыз жөн болар. Ұлттық код тіл мен әдебиеттің, ұлттық мәдениет пен тарихтың бойында сақталары хақ. Ең әуелі, рухани кодымыздың басты тіні, ұлттың күллі қастерлі ұғымдары мен қасиеттерінің өзегі болып тұрған – ұлттық ана тіліміз деп ойлаймын. Яғни, тіл – ұлттық кодтың күретамыры. Қазіргі таңда заманның ағысына қарай жастарымыздың шетелге еліктесе есін шығаратындай еліктеп, тіпті мекенін сонда ауыстырып, тұрғылықты тұрғынына айналғысы келетіндер қаншама! Әлбетте, біз жастар, шетелде білімімізді шындайық, күн сайын дамып отырған елдердің жаңа технологияларын меңгерейік,

мәдениетін үйренейік, бірақ, біз басты мәселені ұмытпауымыз керек! Ол – ана тілімізді, тарихымызды, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді білу, құрметтеу. Келешек ұрпақтың бойына осы құндылықтарды сіңірту біздің мойынымызда екенін жадымыздан шығармау.

“Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте”, - демеуші ма еді атам – қазақ?! Осы орайда айтарым, қазақ тілі – қазір керек болмай қалды, болашағы жоқ тіл дегенді еститін болдық. Неге? Біздің өз тілімізге неге жанымыз ашымайды? Тіл деген модамен жүретін дүние емес, “анам тілі- бабам тілі”,-дегендей, ата-бабамыздың тілін өшірсек, қаншама қайраткерлеріміздің, батырларымыздың, ақын-жазушыларымыздың еңбегін жоққа шығарумен тең емес пе? Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы “Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады”,- деп бекер айтпаған ғой. Ата - бабаларымыз бізге көркем, керемет бай, шұрайлы тіл тастап кетті ғой. Тіл – біздің елдігіміз, дүниетанымымыз, өзіндік бет-бейнеміз. Тіліміз өшпесін десек, өзге ұлт өкілдерімен өзге тілде емес, оларды қазақ тілінде сөйлеуге үйретіп, халқымызға қатал талап қойғанымыз жөн. Ана тіліміз жоғалып кетпес үшін, қадір-қасиетін жоғалтпас үшін Абай атамыз: “Еждаһатсыз, миһнатсыз, табылмас ғылым сарасы”,- демекші тіліміздің қоғамда қолданыста тыс қалмай, жойылып кетпеуі зор еңбекті талап етеді. Орыстың ұлы ағартушысы Н.Г.Чернышевский айтқандай “Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа опа бермейді”. Ана тіліміз, салт-дәстүр, мәдениетіміз, әдет-ғұрыпымыз бен тарихымызды біліп, құрмет тұтып, сүйген адам еліміздің көркейіп, дамуына өз үлесін қосуымен тең. Сонда ғана, жастарымыздың алдыменен сана-сезімі әбден жетіліп, отанына деген, туған жерге деген сүйіспеншілігі оянғанда ғана әлемді таныту артық болмас еді.

Егерде ұлт болып ұйып, әдет - ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді сақтаймыз десек, жастарымызға, келешек ұрпақтарымызға туған тілімізде тәрбие беруіміз қажет. Туған тілге деген құрмет, мәдениетімізге, ел іргесінің тұтастай болуына әсері зор. Жоғарыда атап өткенімдей, ұлттық код әуелі тілде, сонан соң, мәдениетімізде, салтымыз бен дәстүрімізді, мінезімізді айқындайтын ділде. Қазақтың ұрпағының тағылым мол тарихында рухани әрі мәдени болмысы ізгілік – мейірімділіпен әдіптеліп, қайырымдылықпен шыңдалып, ақыл-парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда адамгершілік, мәдениеттілік, адалдық, инабаттылық, тәрбиелілік, ақыл-парасаттылық, ізгілікпен қатар этикет құндылықтары кеңінен өрістеп, молынан қамтылған. Ұлттық кодта сонымен қатар А.Йассауи, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Баласағұни, А.Байтұрсынұды, Ә.Бөкейханов, М.Қашғари еңбектерінде әділдік пен парыз астары мен арқауы орасан зор оралымды сөз өрнектерімен халыққа ұғынықты тілмен өрілген. Осында байқадыңыз ба, «тіл-мемлекет-ұлт» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты.Бұл – өзге жаңадан егемендік алып жатқан елдердің саяси – философиясының іргетасы ос ұғым екенін жақсы білгеніміз жөн. Бұл қосарланған ұғымдардың негізінде тіл арқылы мемлекеттің ұлтжандылығының қаншалықты екенін тануға болады.

Үш жүз жылға жуық уақытта біз, қазақ халқы Ресейдің отары болдық. Сол уақыттағы империяның біздің ата-бабадан жалғасып келген ұлттық құндылықтарымыздың қалыптасып, дамуына тигізген зардабы әлі күнге дейін қазақ қоғамына кесірін тигізіп келуде. Мысалы, сол империяның тілінің әсері мен қуаты қоғамымызда әлі күнге дейін сақталуда.

1. Қазақ халқының 40%- ы орыс тілінде сөйлейді;
2. Қазақстан Республикасы халқының 26 %-ы орыстар;
3. Қазақстандағы басқа ұлтардың диаспоралары орыс тілінде сөйлейді;
4. Орыс тілі біз үшін ғылым мен техника тілі.

Бұлардың бәрі де – қоғамның қажеттілігі. Бұл статистиканың өзі қазақ ұлты өз жерінде, өз елінде, өзінің тәуелсіз мемлекетінде өгей баланың күйін кешіп отырғанының белгісі емес пе [5., 20].

Соның бір себебі тәуелсіз қазақ ұлты емес, “қазақстандықтар” болып отырғаны да

рас дүние. Одан бөлек Конституция бойынша мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тіліміздің соңғы он жылдықтағы халінің мүшкіл болып отырғаны да көп нәрсені аңғартады. Тәуелсіздік алғанымызға мінекей 28 жыл болады. Жас мемлекет болсақ та, әлем бойынша жер көлемімізбен 9 – орында тұрмыз, ана сүтінен дарыған ана тіліміз бар, мемлекеттік нышандарымыз туымыз, әнұранымыз, елтаңбамыз, ата – заңдарымыз, мемлекеттік басқару органдарымыз бар. Осылайша жеке дара, тәуелсіз мемлекет болып отырсақ та, қасіретіміздің өте күлкілі дүние. Бұл – тіл, тіліміздің қадірсіздігін еліміздің БАҚ атаулыларының небәрі 15 пайызының ғана қазақ тілінде екені тайға таңба басқандай айқындап тұр [7., 6]. Бұл еліміздегі ең үлкен қасірет. Жоғарыда айтқанымыздай, тілімізді дамыту жастар қолында дедік. Жастар БАҚ және әлеуметтік желілерде орыс тілінде жазылып тұрған материалдарды қазақша оқымайды ғой, әрине! Ал, жастар мен жұмыс жасау кезінде мекеме қызметкерлері қандай тілде сөйлейді?

**Қорытынды.** Жоғарыда ұсынылған тілді дамытуға байланысты берілген курс қолға алынса, тілдің болашағы жарқын болар еді. Бұл курс аясында тілдік сауаттылық пен қатар мәдениетіміз де қалыптасады. Ана тілін білетін өскелең ұрпақ тіл мәселесін қоғамда бірінші кезекке қоя отырып, дамитын болады.

Ұлтжандылық қайта сайран салатын дәуір келді. Әлемдік өркениеттің ұлы ойшылы, философ, лингвист Әбу Насыр Әл-Фарабидің: “Баланы тәрбиелей отырып, білім беру керек”, - дегеніндей, баланы ұлтжанды етіп тәрбиелеу керекпіз. Сонан соң, жастарымыз білім алып, білім жетілдіріп, еліне талмай қызмет ететін нағыз ұлтжанды ұрпақ тәрбиелей аламыз. Сонда ғана бұл ұлтжанды ұрпақ – ұлт зиялылары болмақ. Ұлт зиялысы болу себебі – ұлт зиялысы болуға тұрарлық өркендеріміз ұлтын жанындай сүйетін, ұлттың барлық асыл құндылықтарын бойына сіңірген, білімді де, білікті, текті, қасиетті, қазақ ұлтына тән қарапайым, қажырлы әрі қайратты тұлға. “Тұлпардың – тұяғы, асылдың – сынығы” , - дегендей тұла бойы мейірімге толы, тілге, дінге де берік, қайсар мінезді, рухы да, жаны да таза, ұлты үшін жанын беруге даяр нағыз тұлға болып қалыптасқан. Осындай ұлтжанды, саналы ұрпақтарымыз көп болса, еліміздің ана тілінің ұмытылып, жойылып кету қауіпі жайлы қайғырмас едік. Ойлан, оян қазақ! Ендігі мақсат - өзіміздің өткен тарихымызға үңіле отырып, бүгінгі таңдағы өмірдің талабына сай өзгерген ұлттық кодымызды қайта қалпына келтіру болып табылады. Бұл үшін әрбір адамзаттың үлкен талабы мен қажыр-қайраты керек екенін қай-қайсымыз болса да ұғынамыз.

Байқайсыз ба?! Біз ұлттық код дедік, ұлттық кодтың дінгегі – біздің ана тіліміз, салт – дәстүріміз, әдет – ғұрыпымыз, мәдениетіміз, тарихымыз, әдебиетіміз бен фольклорымыз дедік. Ал, біздің ата - бабаларымыздың мұраты, асыл арманы – Мәңгілік ел болу еді. Осы мәңгілік ел болудың дінгегі – ұлттық кодты сақтау болып табылады ғой. Рухани жаңғыру арқылы ұлттық кодымызды қалпына келтіре алсақ, сонда ғана Мәңгілік Ел болуға мүмкіндік туатыны сөзсіз [5., 20].

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Омаров Д. Қазақтың ұлттық кодының қалыптасу тарихы /Дін мен дәстүр/. Дәстүр.- 2018.-#4, шілде, 45-бет. -журналда жарық көрген мақалалар
2. Ұлттық код-Абайдың даналығы. Айқын 2017.-13 маусым #86.-5б - газет мақалалары
3. Жаңғыру ұлттық кодты сақтаудан басталады. Егемен Қазақстан 2017.-5мамыр #86. – 6б . – газет мақалалары
4. Назарбаев Н.Ә. “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру”, «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газеті, #70 (29051)12 сәуір. 2017 жыл.) 1б. Жалпыұлттық республикалық газетте жарық көрген Елбасы мақаласы
5. Сартқожаұлы Қ. Таста қаланған тағдылым. –Алматы: “Қазақ тілі” баспасы, 2017. – 376 бет. - 20-бет. – Кітап тараушысы

6. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы “Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына Жолдауы. [www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/)- интернет дереккөздері
7. Л.Есбосынова, М.Дәрменова, М.Бақытқызы. // “Мемлекеттік тілді үйрету: әдіс, тәжірибе, инновация” республикалық семинарының материалдары. Астана, 2017. 13-15б.- семинар материалдары

МРНТИ 16.01.09

*А.О.Тымболова<sup>1</sup>, М.Н.Хамитова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

## **ПАССИОНАРЛЫҚ – ФИЛОЛОГ МАМАННЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ БЕЙНЕСІ**

*Аңдатпа*

Мақалада жаһандану үдерісінің білім беру жүйесімен қатар оқытушы тұлғасына да жаңа талап қойғандығы туралы баяндалады. Бүгінгі қоғам жаңа формациядағы мұғалімді талап етеді. ХХІ ғасырда, яғни қатаң бәсеке кезеңінде оқытушының тек білім мен идея иесі болуы жеткіліксіз, оны жүзеге асыра білетін тұлғаны қалыптастыру маңызды екендігіне баса назар аударылды. «Пассионарлық» ұғымының мағынасы, түрлері ашыла отырып, педагогикалық пассионарлықтың білім беру үдерісіндегі мәні мен маңызы қарастырылды. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан осындай идеяшыл, білімді, жасампаз, келешегін бағдарлай алатын жан-жақты дамыған жас жеткіншектерді тәрбиелеуден басталып, өз елінің жарқын болашағы үшін өз білімі мен білігін сарп ететін әрекетшіл пассионар тұлғаларды қалыптастыру қажеттігі сөз етіледі.

**Кілт сөздер:** пассионарлық, пассионар тұлға, педагогикалық пассионарлық, оқытушы тұлғасы, жаңа формация мұғалімі, тұлға қалыптастыру, пассионарлықтың құрылымы.

*А.О.Тымболова<sup>1</sup>, М.Н.Хамитова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

## **ПАССИОНАРНОСТЬ – КАК ПРОФЕССИОНАЛЬНО ЗНАЧИМЫЙ ОБРАЗ ФИЛОЛОГА СПЕЦИАЛИСТА**

*Аннотация*

В статье раскрываются вопросы качественного образования в глобальном образовательном пространстве, в котором необходимо сформировать пассионарную личность преподавателя. Рассматриваются значение и виды понятия «пассионарность», уделяется внимание педагогической пассионарности в системе образования. Казахстан, стоя на пороге глобализации должен воспитывать высокоинтеллектуальную активную молодежь.

**Ключевые слова:** пассионарность, пассионарная личность, личность преподавателя, креативный учитель, педагогическая пассионарность, формирование личности, структура пассионарности.

*А.О.Тымболова<sup>1</sup>, М.Н.Хамитова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*



## PASSIONALITY AS A PROFESSIONALLY SIGNIFICANT IMAGE OF A PHILOLOGIST SPECIALIST

### Abstract

This article is about demands which were appeared in the works of teachers and educational system due to globalization. Society exacts a creative teachers. The main item of this article is about that this century exacts the teacher who is able to do an action, not the teacher who just thinks and says his or her new ideas. This article explains the meaning of “Passionarity” and its role, also importance in educational system. The article says about that a new world and our country need to qualify clever and intelligent youth who cares about the future of their country and work hard for its future.

**Key words:** passionarity, passion person, teacher, creative teacher, pedagogical passionarity, to qualify a person, the structure of passionarity.

**Кіріспе.** Еліміз әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы үшін қашанда білімді әрі өзін-өзі жүзеге асыра алатын азаматтарға мұқтаж екені белгілі. Қазіргі білім беру жүйесінің міндеті – өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті, белсенді, бастамашыл тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің жолдары мен құралдарын іздеу. Соңғы жылдары жас жеткіншектердің де, ересек адамдардың бойында, енжарлық, ұялшақтық, тұйықтық, немқұрайдылық, жалқаулық, компьютерге тәуелділік, т.б. салдарынан депрессияға ұшырау жағдайлары жиі кездеседі. «Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», -деген тұжырым жасады. Бұл ғасыр – енжарлық пен селқостықты көтермейтін, кешірмейтін уақыт. Замана көшіне ілесіп қана қоймай, алдын ала болжай білетін, жасампаз, тапқыр, өзінің жарқын идеясына берік, әрекетшіл тұлғаны қалыптастыру қазіргі білім үдерісінің талабы болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда ЖОО оқытушысының пассионарлық тұлға болып қалыптасуы және оны әлеуметтік мәні бар іс-әрекетке бағыттау осы талап үдесінен шығады деп білеміз.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауында «білімі мен білігі жағынан шетелдегі замандастарымен бәсекеде жеңілмейтін, рухы кемел қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері хақ. Жаңа формация мұғалімі дегеніміз –рухани-шығармашылық тұрғыдан дамыған, кәсіптік біліктілігімен, педагогикалық дарындылығымен және жаңалыққа ұмтылысымен танылатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары тұлға» деп айқындап берді.

**Әдістеме.** Л.Н. Гумилев тұжырымдамасы бойынша пассионарлық - адамның белсенді өмірлік ұстанымын қамтамасыз ететін тұлғаның қасиеттер жиынтығы. «Пассионарлық» термині латынның «пассио» сөзінен шыққан, ол қайғы-қасірет, сондай-ақ құмарлық, жан толқынысы деген мағынаны білдіреді[1]. Ол пассионар адамдарға жігерлі, белсенді, эмоционалды тұлғаларды жатқызады. Аталған ұғымды Л.Н. Гумилев этникалық топтардың дамуын бақылау үшін қолданған. Этникалық топта қаншалықты пассионар адамдар пайда болса, соғұрлым ол өміршең болатындығын бағамдаған.

Пассионарлық – биологиялық құбылыс қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық құбылыс, сондықтан жеке тұлғаны арнайы орта және тәрбие-білім беру жағдайларын жасау арқылы дамытуға болады;пассионарлық қасиетті дамыту адамның әлеуетін ескере отырып, адамның тұлғалық белсенділігін қолдау арқылы қалыптастыруға мүмкін болады;педагогика саласындағы осындай бағыттағы зерттеулер адамның пассионарлық қасиетін дамыту жолдары мен тәсілдерін анықтауға, адамның әлеуетін

ашуға, белсенділікті қоғамға да, жеке адамға да, әлеуметтік маңызды қызметке де бағытталған іс-шараларға бағыттауға көмектеседі.

Этнографиялық пассионарлық – адамның мақсатқа ұмтылысында (көбінесе иллюзиямен) және осы мақсатқа жету үшін ауыртпалық пен құрбандықты қабылдау қабілетінде көрінетін белсенділік. Пассионарлар [1] - сыртқы және қоршаған ортадан өзін-өзі сақтау үшін қажет энергиядан асыра көп энергияны сіңіре алатын, сондай-ақ сол энергияны қоршаған ортаға бағытталған мақсатты жұмыс түрінде бере алатын, энергияға бай типті адамдар. Оны әлеуметтік арнаға бағыттау, педагогиканың міндеті болса керек. Л.Н. Гумилев пен оның ізбасарлары этникалық топтардың даму үдерісі ( демек, адамзаттың даму үдерісі) пассионарлықтың құлдырауы мен өркендеуіне негізделген. Пассионарлық шиеленістің өсу кезеңінде, жоғары дәрежелі пассионар адамдар көбейген кезде, олардың ұстанымдары мен идеялары қатайып, этностар өзгеріске ұшырайды, тарихтың маңызды кезеңдері жасалады және қоғам дамуының жаңа кезеңі басталады. Қоғамда пассионар адамдардың саны төмендеген кезде, үйлесімді және субстанционалды адамдар басым болады да, этностар оған енгізілген өзгерістерді ары қарай тек қана дамытып отырады. Этностың тұтастығы үшін ең қауіпті сәт – пассионарлықтың тым төмендеуі, осы кезде қоғам оларға қарсы әрекет етіп, өзінің инертті күшімен басады. Бұл кезеңде этникалық топтардың толығымен жойылу қаупі де болады.

Л.Н. Гумилев этностардың барлық мүшелерін пассионарлықтың көрініс табуына байланысты үш деңгейге бөледі: пассионар, үйлесімді және субпассионар.

**Нәтиже.** Айқын пассионарлық жеке тұлғаның құрылымында шығармашылық, идея мен идеалдар үшін құрбан етуге және қосымша күш-жігер жұмсауға дайын болуды, әлемді, әсіресе қоршаған ортаны өзгерту қажеттілігі мен қабілетін айқындайды.

Пассионарлықты кемдеу тұлғалар (үйлесімділік) өзін қоршаған ортамен тепе-теңдікте ұстайды. Үйлесімді адамдар қоршаған ортаға тез бейімделеді, пассионарлықтың жігерін көрсетпейді. Мұндай адамдарда этникалық топта маңызды қызметті орындайды және олар оның басым бөлігін құрайды. Олар тұрақтылықты сақтайды, материалдық құндылықтарды жинақтайды, оларды бұрыннан бар үлгілерге сәйкес қайта жаңғыртып шығарады. Олар сыртқы қауіпті сезінбейінше, пассионарлыққа мұқтаж емес. Негізінде, бұл интеллектуалдық және моральдық тұрғыдан толыққанды бейімделген қарапайым адамдар. Үйлесімді адамдардың ерекшеліктерінің ішінде адамгершілікті, адамның әлсіздіктеріне деген шыдамдылықты, төзімділікті атап өтуге болады. Патриотизмді ұлттық өткеннің салт-дәстүріне деген махаббат ретінде, құмарлықтар көрсеткен жанқиярлықпен «үйлесімді адамдар» - табиғатты сүюмен алмастырады.

Субпассионарлық жалқаулықты, енжарлықты, сатқындықты, идеалдар мен саналы конструктивті ұмтылыстардың жоқтығын білдіреді. Пассионар және пассионар емес адамдардың жағдайын сипаттау К.Г. Юнгта да кездеседі: «Қалыпты» болу, жалпы талаптар деңгейіне көтеріле алмаған жолы болмайтын адам үшін ыңғайлы. Бірақ қабілеттері орташа деңгейден әлдеқайда жоғары, күнделікті жұмысын жасап, жетістікке оңай қолжеткізетін адамдар үшін үйде құр жату зерігу, тығырыққа тірелу дегенді білдіреді. Мұндай адамдар нәтижесінде қалыпты болғаны үшін жүйкесі «жұқарады», ал басқалары керісінше солар сияқты қалыпты болғысы келеді.

Әлеуметтік пассионарлық – бұл өмір сүру жағдайларын өзгертуге, ескі стереотиптер мен дәстүрлерді бұзуға, қоғам мүшелеріне жаңа, дамып келе жатқан, қолайлы өмір сүруге жағдай жасауға бағытталған әлеуметтік субъектілердің (қоғамдар, таптар, топтар, жеке тұлғалар) позитивті әлеуметтік белсенділігінің жарқын көрінісі. Әлеуметтік пассионарлық – бұл жеке де, ұжымдық да құбылыс. Әлеуметтік пассионарлықтың дамуымен жеке тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру үдерісінде келесі мәселелерді шешуге болады: жеке тұлғаны көшбасшылыққа тәрбиелеу, пассионарлықты топ ішіндегі тұлғаларға тарту арқылы пассионар ұжымды тәрбиелеу,

пассионарлылықтың субстанционалды тұлғаға әсері (пассионарлылыққа еліктеу, эмпатия, көмек және т.б.), пассионарлылықты (комплементарлық, бейімділік, белсенділік және т.б.) дамыту арқылы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуін жетілдіру.

Психологиялық пассионарлық – бұл энергетикалық негізге ие мінез белгілерінің дамыған жиынтығы: белсенділік, қызығушылық, құмарлық (эмоционалды да, танымдық та, іскерлік те), сонымен бірге бұл мақсаттылық, табандылық, қайсарлық және т.б. көрініс табатын қайшылық, жағымсыз агрессивтілік. Пассионарлылыққа деген қызығушылық психологиялық әртүрлі зерттеулерде көрініс табады.

М.И.Коваленко пассионарлылықты темперамент пен тұлғаның мотивациясымен байланыста зерттеді [2]. Л.Н.Гумилевтің тұлғалық типологиясы мен Леонхард бойынша мінез-құлық акцентуациясының психологиялық типологиясымен салыстырды.

Биологиялық пассионарлық – биологиялық тұрғыдан алғанда, құмарлық биологиялық инстинкт ретінде көрінуі мүмкін: іс-әрекет инстинкті, билік инстинкті, жыныстық инстинкт [3]; қоршаған орта энергиясын сіңіру және пайдалану мүмкіндігі [1]; пассионарлық қасиеттің мутациялық рецессивті белгісі ретінде [4].

Педагогикалық пассионарлық – бұл білім беру жағдайларын (тәрбиелеу, оқыту) жасауға бағытталған білім беру үдерісінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ете алатын, мұғалімнің педагогикалық құзіреттілігін өзін-өзі жетілдіру және өз белсенділігіне негізінде білім беру әрекетінің барлық субъектілерінің тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруға септігін тигізетін педагогикалық белсенділіктің айқын көрінісі.

Педагогикалық пассионарлық педагог пен оқушы арасындағы белсенді конструктивті өзара әрекеттестіктен көрінеді, тұлғаның конструктивті агрессивтілік, жетілген эмоционалдылық мақсаткерлік, кедергілер мен шектен тыс шиеленісті жеңе алатын, бейімделе алатын, ішкі түйсігі дамыған әлеуметтік мәнді қасиеттерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

**Талқылау.** Пассионарлықтың құрылымы, көрсеткіші туралы ғалымдар әртүрлі көзқарасты қолдайды. Мәселен, Л.Д. Рассказов этногенетикалық әдісті тоқыраудың табиғаты мен тоқырау құбылыстарын зерттеу үшін қолданады (пассионарлық шиеленіске қатысты). С.Д. Бородин пассионарлықты әлеуметтік және тарихи динамиканы және кәсіби мәдениет жағдайларын талдау үшін қолданатын бірден-бір термин ретінде қарастырады. Н.И. Гульнева-Луговская этногенездің пассионарлық тұжырымдамасын ұлттық-мәдени сәйкестікті құрудың негізі деп түсіндіреді. М.П. Карпенко тұлғалық пассионарлықты инновацияны ендіру мен дамытуда қажетті құрамдас бөлігі деп қарастырады. Сондай-ақ кейбір ғалымдар (В. А. Петровский) пассионарлықты белгілі бір жағдай үстіндегі белсенділікпен теңестіреді. Н.В. Сапрыгина оларды сәйкестендіруді жөн көрмейді, пассионарлық тек қана шамадан тыс белсенділік пен тәуекелділікке бейім болу ғана емес, бұл жерде тұлғалық және қоғамдық мәні бар идеяның болуы, сол үшін тәуекелге бару деген сөз деп пайымдайды.

Аталған ғалымдардың пікірлерін топшылай келе, біз И.Н.Стребкованың ұсынған көзқарасын басшылыққа аламыз. Пассионарлықтың өлшемдері ретінде жоғары идеялылық, идеяның субъективті маңыздылығы мен бірегейлігі, идеяны жүзеге асырудың құралдары мен әдістерін, жолын таба білу қабілеттілігі, әрекетке дайындығы, агрессияны қабылдауға дайын болу, қарым-қатынасқа түсе білу, ерік-күшінің болуы, табандылық, тұтастық пен сенімділік, синергиялық, пассионарлық индуктивтілікті (білім алушыларды шабыттандыра алу) қарастырады. Бұлардың көрсеткіштеріне идеяны нақты құрастыра білу, кездейсоқтыққа дайын болу қабілеті, табандылық, жеке құндылықтардың тәуелсіздігі, идеяны жеткізе білу қабілетін жатқызады [5, 476.].

Пассионар ағартушылар ретінде саналатын қазақтың бірнеше тұлғаларына тоқталайық. Қазақтың біртуар тұлғасы А.Байтұрсыновтың оқу-ағарту саласындағы ерен еңбегі оны қазақ жазуының реформаторы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану саласының

термин жасаушысы деген атқа ие қылды. XX ғасырдың басындағы қиын-қыстау заманға карамастан, өзінің халқына лайықты білім беріп, оны қайтсем де білім мен мәдениеттің көгінен көрсем деген ұлы, жоғары идея оны әрекетке итермеледі. Себебі ол осы салада қаншама қудалау мен ауыр жазаға тартылып отырды, бірақ бұл жайттар оны тоқтата алмады. Ақыр соңы өлім жазасымен аяқталғаны көпшілікке мәлім. Егер ол өзінің идеясына берік болмаса, өзінің жеке идеясы қоғамдық мүддеге ұласпаса, ол бірінші қиындықтан кейін-ақ өз мақсат-мұратынан бас тартар еді. Олай болмады. Себебі оның бойында жоғарыда айтылған пассионар тұлғада кездесетін барлық қасиет болды деп білеміз.

Б. Кенжебаев – қазақ әдебиеті тарихын ілкі замандардан бастау алатынын дәлелдеген ғалым. Әйтпесе қазақ әдебиеті сол тұстағы идеологияның шырмауында қалып, «жазу-сызуы жоқ халық» ретінде қарастырылып, әдебиет тарихы ХҮІІІ ғасырлардан, Бұхардан бастау алады деген көзқарасты өз заманында көптеген зерттеуші ғалымдар қолдаған болатын. Б.Кенжебаев аталған пікірге қарсы шығып, тіпті олармен үнемі полемикаға түсіп, өзінің ойын ашық әрі анық жеткізе білген. Осы жолда қаншама қиындық көрсе де, өзінің соңынан ізбасарларды (А.Қыраубаева, Р.Нұрғалиев, М.Мағауин, М. Жолдасбеков, Қ.Сыдиықұлы, Қ.Ергөбек) дайындап, оларға ежелгі әдебиеттің кезеңдерінен тақырып беріп, еңбек жазуға ынталандырдыосы жолда тынымсыз еңбек етті. Бүгінде қазақ әдебиетінің тарихы Б.Кенжебаевтың ұсынған тұжырымдамасын басшылыққа алады.

Р.Сыздық – қазақтың көрнекті ғалымы. Ол да А.Байтұрсынов ұстанған жолды жалғастырушы ретінде қазақ жазуының мән-жайының үнемі басы-қасында жүр. Бүгінгі таңдағы латын әліпбиіне көшу, емле сауаттылығы мәселесі ғалымның үнемі басты назарында.

**Қорытынды.** Мақаланың өн бойында айтылған пассионарлық, оның көрсеткіштерін айқындау, оны филолог оқытушылардың бойында қалыптастыру – рухани жаңғыру тұсында өзекті мәселелердің қатарына жатады. Пассионарлықтың түрлері көп болса да, педагогикалық пассионарлық білім беру үдерісіндегі жаңашылдыққа өз үлесін қоса алатын, оны жүзеге асыру жолында еңбегін сарп ететін тұлғалар. Өзінің мүддесінен қоғамдық мүддені жоғары қоятын идеясы бар, кәсіби білімді, табанды филолог мамандар саф алтындай тілімізді көркейту жолында бар күш-жігерін жұмсайтыны сөзсіз.

Оқытушылардың, оның ішінде филолог мамандардың пассионарлық тұлғасын қалыптастырудың қаншалықты маңызды екенін мақала аясында көрсетуге тырыстық. Себебі жаһандану үдерісі өзімен бірге түрлі өзгерістерді алып келгені сөзсіз. Қоғамның ашықтығы түрлі үдерістердің тигізетін салдарынан қорғана алу не төтеп беру сияқты қабілеттерді қалыптастыруды талап етеді. Осы ретте болашақ ұрпақты тәрбиелеп қалыптастыратындар – оқытушылар. Әсіресе, тілімізді сақтап қалу, оны керісінше дамытып, қолдану аясын кеңейту жас ұрпақтың еншісінде. Ұрпақты тәрбиелеуде осындай жаңа формацияның ұстаздары қажет.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Гумилев Л.Н. *Этногенез и биосфера Земли*. Л.: Изд-во ЛГУ, 1989. - 496 с.
2. Коваленко М.И. *Пассионарность как психологический феномен //Сборник научных трудов "Психологические проблемы самореализации личности". Вып. 2 / Под ред. А. А. Реана, Л. А. Коростылевой. Изд. СПб Ун-та, 1999 г.*
3. Александрова Л. А. *Субъективная витальность как личностный ресурс [Текст] / Л. А. Александрова // Психологические исследования. – 2011. – № 3(17). – С. 5-10.*
4. Абрамова Г. С. *Практическая психология [Текст] / Г. С. Абрамова. – 6-е изд., перераб. и дополн. – М. : Академический проект, 2003. – 496 с.*

5Стребкова. И.Н. Педагогические условия развития конструктивной пассионарности будущего преподавателя вуза: дис... канд.пед.наук. – Воронеж, 2017.– 242с.

МРНТИ 16.01.09

Ғ.Б.Шойбекова<sup>1</sup>, Ғ.Қ. Абдирасилова<sup>1</sup>, С.А. Асанбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Алматы қ.,Қазақстан

## «ИНЕ» ХРЕМАТОНИМИНІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

### Аңдатпа

Мақалада күнделікті өмірде қолданылатын инелердің түрлері, атаулары, мағыналары қарастырылады. Адамзат дамуының тарихи кезеңдерінде гасырлар бойы ұрпақ санасында сақталып, қатталып келе жатқан теңдесі жоқ тарихи, рухани құндылықтарымызды жаңғырту, қазіргі және келер ұрпаққа қалыбын бұзбай, қаймағын сақтап жеткізу саналы қоғам өкілдері алдындағы міндет. Осының негізінде, қазақ әдеби тілдік қорының қайнар көзі, бастау бұлағы әдеби шығармалардан салыстырмалы түрде берілген сипаттамалардан, сөздіктердегі анықтамалардан, ғалымдардың еңбектері арқылы ине хремотонимінің лексикалық таным түсінігін айқындау қажеттігі туындайды.

**Кілт сөздер:** көне түркі ескерткіштері, сөз этимологиясы, лексикалық мағынасы, ине, хремотоним.

G.B. Shoibekova<sup>1</sup>, G.K. Abdirasilova<sup>1</sup>, A.S. Asanbaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## ETHYMOLOGICAL CHARACTERISTIC OF CHREMATONIME “NEEDLE”

### Abstract

The meaning of the word needle in the article, using everyday needs, are the names of their various types. Relative to the dictionary definitions of the characteristics of the works of scientists.

The duty of the conscious community is to preserve the historical and spiritual values that have been preserved for centuries at the historical stages of human development, preserving present and future generations. Based on this, it was necessary to define the concept of lexical knowledge of needle chronology using the works of scientists, the source of the Kazakh literary language fund, the source of comparative characteristics of literary works, and definitions in dictionaries.

**Keywords:** ancient Turkic monuments, etymology of the word, lexical meaning, needle, chrematonym.

Ғ.Б. Шойбекова<sup>1</sup>, Ғ.Қ. Абдирасилова<sup>1</sup>, С.А. Асанбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

## ЭТИМОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ХРЕМАТОНИМА «ИГЛА»

### Аннотация

В статье рассматриваются виды, названия, значение игл, используемых в повседневной жизни. Долг сознательного сообщества - сохранять исторические и духовные ценности, которые веками сохранялись на исторических этапах развития

человека, сохраняя нынешнее и будущие поколения. Исходя из этого, необходимо было определить понятие лексического знания игольной хронологии с помощью трудов ученых, источника казахского литературного языкового фонда, источника сравнительных характеристик литературных произведений, определений в словарях.

**Ключевые слова:** древнетюркские памятники, этимология слова, лексическое значение, иголка, хрематоним.

Қазіргі лингвистикадағы маңызды мәселелерінің бірі тарихи мұраларымызда кездесетін, ата-бабамыздың өз ұрпағына қалдырған шығармаларға талдау, сақтау, кейінгі ұрпаққа қалдыру болып табылады. Осыдай өзекті мәселелердің бірі – тарихи хрематонимдерді зерттеу. Тарихи хрематонимдерге ғылымның назар аударуы, хрематонимдерді зерттеу нысаны ретінде алған еңбектер санының артуы – заңды құбылыс.

Қазақ тілі – көне түркі ескерткіштерінен бастау алатын, тарихы терең тіл. Қазақ сөздерінің шығу тегі мен жасалуы, дамуы, мағыналары мен қолданылуы белгілі бір заңдылықтарға сүйенеді.

Тілдің негізін оның грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры жасайды. Қазақ тілі өз тарихын көне жәдігерлерден, Орхон-Енисей, «Күлтегін», «Тоныкөк», көнеұйғыр жазба ескерткіштерінен, бастау алады. Ең алғаш қазақ (түркі) сөздерінің сандық, сапалық сипатын көрсететін сөздік жасау ісі орта ғасырдың өзінде қолға алына бастаған. Бұған М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегін атасақ болады. «Диуани лұғат ит-түрік» түркі халықтары және тілдері, сонымен қатар 1000 жыл бұрынғы түркілер жайында құнды мағлұматтар беретін өте таптырмас дерек көзі болып табылады. Одан кейінгі кезеңдегі түркі тілдерінің сөздерін жинақтаған. Ұлттық тілдің лексикасын жинақтап, сөздік жасау ХІХ ғасырдың 20-30 жылдарында қолға алына бастады. Атап айтатын болсақ, Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» еңбегінің бір бөлімі сөздіктен тұрған. Ал 10000-ға жуық сөз қамтылған В.В.Катаринскийдің «Киргизско-русский словарь» атты еңбегі – көлемді сөздіктердің бірі.

Қазақ тілінің шартты түрде толық қамтыған деп санауға болатын сөздік – «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» – сөздердің мәнін ұғындыратын лұғаттық, анықтамалық құрал. Тіліміздің лексика-грамматикалық, мағыналық, стильдік үлгілерін көрсетеді. Сөздік үш рет жарық көрген: 1) екі томдық түсіндірме сөздік (1959 – 61, жалпы редакциясын басқарған – академик [І. Кеңесбаев](#)); 2) он томдық академиялық сөздік (1974 – 86, жалпы редакциясын басқарған – [А. Ысқақов](#)); 3) Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша жасалған 15 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (авторлары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары).

Бұл сөздіктерден біз зерттеу нысаны етіп қарастырып отырған ине сөзін іздедік. Бірақ Үш сөздіктегі мағынасы бірдей. Еш өзгеріссіз. Бұл сөздіктерде әлі де болса, мағыналық дамуға түскен кей сөздердің түсіндірмелері толық берілмегендігін көреміз. Біздің қыр-сыры мол тіліміздің байлығын толық игеріп, қолданысқа енгізе алмай келе жатқанымызды этнографтар, этнолингвистер, лингвомәдениеттанушылар өздерінің жекелеген мақалалары мен зерттеулерінде айтып келе жатыр.

Мәселен, этнограф Жағда Бабалықұлы Қасымхан Бегмановқа берген сұхбаттарында ұлттық тіліміздің көп мүмкіндіктерін пайдалана алмай келе жатқанымызды, түбір сөздерді жинақтауды, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер құрамындағы түсініксіз сөздердің мәнін ашып, тілдік айналымға, қолданысқа енгізу қажеттігін айтқан болатын. Сондай-ақ сөздерді ел аузынан жинау әдісін ұсынып, іске асыру қажеттігін сөз еткен. Міне, осы мәселелер шешілгенде ғана бүгінгі ұлттық

тіліміздің қын түбінде жатқан алтындай сөздерімізді әр кәсіп түрлерін меңгерген, игерген адамдардан жинақтап, оларды қажетті жеріне жұмсау да тілші қауымның міндетіне енеді.

Осы міндетті негізге ала отырып, тіліміздегі ине түрлері мен атауларын, қызметтеріне байланысты қолданылатын тілдік бірліктердің жинау мақсатында осы тақырыпты зерттеуді қолға алып отырмыз.

Заттық атаулардан бұрын, олардың өздері, яғни заттар, құралдар пайда болғаны белгілі. Кейін келе-келе сол заттың қызметіне, санына, сынына, сапасына, атқаратын қызметіне, тұратын орнына қарай атаулары пайда болған. Заттардың неліктен олай аталғандығын, шығу төркінін, этимологиясын біз заттық-мәдени лексикада қарастырамыз.

Хрематоним – адам өмірінің прагматикалық сферамен байланысты материалдық мәдениет түрлерінің (зергерлік бұйымдар, музыкалық аспаптар, қару-жарақтар т.б.) атаулар.

Қазақ тіл білімінде қазақтың көптеген жекелеген сөздері, сөз тіркестері, белгілі бір кәсіп, тұрмыс сөздері лексикология саласында жан-жақты зерттеліп, қарастырылған. Ол зерттеулерде қазақ тілінің біраз сөздері зерттелген. Зерттермегендері де қаншама. Біздің зерттеу нысаны ретінде қарастырғалы отырған тақырыбымыз бүгінгі күнге дейін зерттелмеген. Ине, жіп, тігін, тігіс атаулары біздің тарапымыздан алғаш рет қарастырылғалы отыр.

Қазір қоғамда кез келген адам түрлі сәнді киім кию, оларды мақтан ету үрдісі бар. Қоғамның коммуникацияға көп түсетін жері – әлеуметтік желілерде қыздардың, қалаберді ер азаматтарымыздың да сыртқы сәндерін паш ету мақсатында жиі суреттерін салады. Өзіміз де жақсы киініп, әдемі болып жүруді қалаймыз. Сол үстіміздегі сәнді, әдемі, заманауи үлгіге сай киімдердің қандай матадан екенін білсек те, қандай инемен, қандай жіппен, қандай тігіспен тігілетінін біле бермейміз. Мәселен, 1-, 2-, 3- нөмірлер көйлек матасын, 4-, 5-, 6- нөмірлер костюм матасын, 7-, 8-, 9-, 10- нөмірлер пальто матасын тігуге қолданылатын қол инелерін арнайы мамандар мен киім тігумен әуестенетін жандар білмесе, қарапайым жұрт оны біле бермейді (ҚҰЭ) [1, 280-286 ].

Біздің үстіміздегі, иыққа ілер киімдердің барлығы дерлік жіптік тәсіл арқылы жасалып, ұсынылады. Жіптік тәсіл дегеніміз – киім бөлшектерін біріктіру, яғни екі немесе бірнеше қабат материалдардың бір, екі немесе одан көп жіптерден құралатын инешаншымдар арқылы бекітілуі. Ал инешаншым (стежок) дегеніміз – материалдың ине мен екі шаншымы арасындағы құрылым элементі [2, 4 ].


Киімдердің тігілуі тігістерден тұрса, тігіс тігіндер арқылы екі немесе бірнеше қабаттарының біріктірілуі барысында пайда болады. Тігісті жүзеге асыратын бірден-бір негізгі құрал ине мен жіп. Ине, бәрімізге тарихтан белгілі тас дәуірі адамдарының қажеттілігінен пайда болған киім тігу құралы. Алғашқы адамдар инені үшкір сүйектен жасаған [3]. Дәл осы ине талай ғасырлар өтсе де, адам өмірінен өз маңызын жойған жоқ.

Ең алғаш ине пайда болмағаны белгілі. Иненің түп негізі – түрлі тастан қашалып жасалған үшкір зат. Атап айтар болсақ, аң аулау үшін, қорғану үшін қолданылған найза, сүңгі, пышақ т.б. болуы мүмкін. Алғашқы адамдар үшін инеден де бұрын тамақ үшін, өздерін асырап, күн көру үшін жан-жануарлар аулау қажет болды. Осының негізінде пайда болған құралдар келе-келе иненің қажеттілігін тудырып, заттың пайда болуына алып келді.

Түркі тілдерінің бірқатарында ине атауы бірыңғай фонетикалық тізбекке ие. Мысалы, қазақ тілінде – ине, өзбек тілінде – игна, қырым татар тілінде – ине, қырғыз тілінде – ийне, түрік тілінде – игне, татар тілінде – инә, энә, башқұрт тілінде – энә бар

*әр түрлі тоқыма, мақта-мата бұйымдарын,  
киім-кешектерді тігу үшін қолданылатын жіп*





Иненің құрылысы 5 бөліктен тұрады: үшкір жағы - ұшы; ұшына қарсы жуан жағы - дүмі; осы дүмінің доғал басы – шүйде; шүйде мен ұштың ортасы, яғни ұзына бойы - тұрқы; дүміндегі жіп өткізетін тесігі - көзі немесе жасуы.

Дәл осы сөз болып отырған ине туралы ХХ ғасырдың көрнекті өкілі Сәбит Мұқанов өзінің «Қазақ қауымы» деген еңбегінде мынадай анықтама беріп, иненің қасиеті мен өмірдегі маңызын да атап көрсеткен: «Пішкен киімді тігетін негізгі құрал – ине. Қазақтар инені қай заманнан бастап пайдаланғаны белгісіз. Қашан болса да, ол қолдан жасалмаған, өндірістік бұйымдармен бірге келген сияқты. Иненің үлкені – тебен немесе жуалдыз аталады. Онымен киіз сияқты қалың нәрсені ғана тігеді.

... Инені қолданардан бұрын отқа қыздырып жасытады. Сонда иненің сыртында жұқа қабыршақ пайда болады. Оның аты «жасу»...» [4, 132]. С.Мұқановтың айтып отырған «жасуы» К.Қайыржанның «Сөз – сандығындағы» жасуға берілген анықтаманың екіншісіне сай келеді: «Жасу – (1) иненің көзі; (2) иені отқа салып жасытқанда иненің сыртында пайда болатын қабыршақ» [9, 152].

Осы анықтамадан бізге түсініксіз бір жағдай бар. Ол К. Қайыржанның «Сөз – сандық» иені отқа салып жасытқанда иненің сыртында пайда болатын қабыршақ» деген түсіндірменің жұмбақтығы. Біздің түсінігімізде жасу деген сөзі – иненің жасуындай деген

Махмұт Қашқари «Диуани лұғат-ит-түрік» («Түрік тілінің сөздігі») еңбегінде ине туралы: «JIGNE – ИИГНЕ: ине. Тебен инені «temen jigne: Темен иигне – Тебен ине» [5, 50], «URT – ҰРТ: иненің көзі, иненің тесігі» деп тоқталып кеткен [6, 71].

М.Бұралқыұлы өзінің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде «Ине - металдан жасалған жіңішке сым, бір шеті ұшталған үшкір, екінші жағында жіп өткізілетін жасуы бар тігу сайманы» [7, 233] деген анықтама берген.

Жалпы инелер қол ине және мәшине ине деп екі түрге бөлінгенімен, олардың өз ішінде түрлері көп. Қол ине – қолмен ұстап жіп өткізіп алып киім тігуге арналған, болаттан жасалған, ұшы үшкір жіңішке құрал. Мәшине ине – іс тігетін мәшинелердің жартылай автоматты және т.б. түрлерінде қолданылатын, ұшындағы көзінен жіп өткізілетін бір бөлшегі. Мәшине инесі иілген және түзу болып ажыратылады. Түзу ине сырып тігетін жартылай автоматты мәшинеді, иілген ине жиекті торлау мәшинесінде қолданылады (ҚҰЭ). Мәшине инелері ұшына және қайралу пішіне байланысты 29 түрге бөлінеді (ҚҰЭ) [1, 280-286].

Иненің бірнеше түрі бар. Оның негізгі түрлері жуан-жіңішкелігіне қарай ажыратылады. Қолөнерде, үй тұрмысында қолданылатын инелер жуан-жіңішкелігіне қарай үш топқа бөлінеді: жуан ине, бәсең ине, жіңішке ине (Р.Шойбеков, Қаз. зергер.



лексикасы). Үй тұрмысында қолданылатын қалың матадан жасалған заттар мен тері бұйымдарын т.б. өңдеуге арналған қалың ине түрін жуан ине дейміз. Жуан иненің жәнжеделі ине, жөндем ине деген де атаулары бар. Орташа инені бәсең ине деп айтамыз. Сондай-ақ орташа инені көземел ине деп те адайты [1, 280-286]. Көземел – гипотеза (ғылыми болжам); иненің бір түрі. Көземел инені көзсіз сабақтауға болады [9, 206]. Ал киім тігетін ең кішкентай инені бақа ине дейді (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. лексикасы) [1, 280-286]. Осыған қарағанда бақа инелер муслин, бәтес, жұқа жайма сияқты материалдарды тігуде пайдаланылады.

Тебен ине – кәдімгі инеден жуан, үлкен ине; жуалдыз. Былайынша айтқанда жуалдыз бен тебен екі атау, бір зат, яғни синонимдес сөздер. Жуалдыз – үлкен қанар, бағар және қаптың аузын тігетін темірден, ағаштан не сүйектен жасалған жуан ине, тебен. Жуалдызбен түйенің жабуы, қалың сырмақ, былғары, тоқым сияқты заттарды сыриды (С.Қасиманов, Қаз. колөнері) [8, 521]. Жуалдыз – тебен (қанардың, қаптың аузын тігу үшін сүйектен, ағаштан жасайды) [9, 167].

Сытық ине – көзі сынған не жарылып кеткен ине. Иненің бұдан басқа түтік ине, мәймөңке, сөзаң, сида жуалдыз, т.б. түрлері бар [9, 364].

Ине тек қолөнерде, үй тұрмысында ғана қолданылмайды, сонымен қатар ине медицина саласында да кеңінен қолданыларды. Мәселен, түтік ине – шприцтің не басқа бір аспаптардың көмегімен адам не мал денесіне дәрі ерітінділерін енгізуге, сұйықтықтарын сорып, сыртқа шығаруға арналған құрал. Медицинада қолданылатын иненің тағы бір түрі хирургиялық инелер. Хирургиялық инелер – операция жасаған кезде адам не мал тіндерін тігуге арналған құрал болып табылады [1, 280-286].

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Онбес томдық. 7- том/ Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйерқұлова, А.Фазылжанова және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007 жыл, - Ж – К. – 752 бет. Кітап тараушасы
2. Асанова А., Тастанбекова Г. Киімді конструкциялау және тігу технологиясы: Оқулық. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет. Оқулық тараушасы
3. Т.Тұрлығұл, Ә.Төлеубаев, Қ.Құнапина. «Ежелгі Қазақстан тарихы», Орта мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2002 жыл. Оқулық тараушасы
4. Мұқанов С. Қазақ қауымы: (Тарихтық және этнографиялық шолу). – Алматы: Ана тілі, 1995. -304 бет. Кітап тараушасы
5. Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): III томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ., 600- бет. сөздікте
6. Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): III томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 376 бет. сөздікте
7. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 680 бет. сөздікте
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Онбес томдық. 6- том/ Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007 жыл, - Ж – Ж. – 752 бет.
9. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 бет. Кітап тараушасы

## ӘДЕБИЕТТАНУ

## ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ LITERATURE

МРНТИ 003.07:325.2:82-4(574)

*А.М. Абасилов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
Қызылорда қ., Қазақстан*

### ҚАЗАҚ ЭМИГРАНТТАРЫ ЕСТЕЛІКТЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ СТИЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада естелік жанрының табиғаты, өзіндік стилдік ерекшелігі сипаттала келе, оны әдеби жанр, тарихи жанр, публицистикалық жанр деп те қарастыруға болатыны айтылады. Естелікті кез-келген адам жазатын болғандықтан, оны мақсаты мен міндеті, адресаты мен адресанты, әдеби және тарихи маңызы және өзіндік стилі назарға алына отырып, оның жанр жасаушы белгілері (автор образы, естелік айтушылар саны, естелік нысаны, диктумды мазмұнның түрі және адресат образы) арнайы қарастырылады. Осылардың ішінде автор образына қарай бұл жанрдың екі типі анықталып (өзінің жеке естелігі және басқа біреудің естелігі), олар қазақ эмигранттары (Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай, Әлім Алмат) естеліктері негізінде талданады. Естелік мәтіннен диктумды мазмұнның үш негізгі түрі (адамның, жергілікті жердің және дәстүрлі өмір салт сипаттамасы) сараланып, талданып көрсетілді.

**Кілт сөздер:** естелік, жанр, өзінің жеке естелігі, басқа біреудің естелігі, эмигрант.

*А.М. Абасилов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қызылординский государственный университет имени Коркыта ата  
г.Кызылорда, Казахстан*

### ЖАНРОВЫЕ И СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВОСПОМИНАНИЙ КАЗАХСКИХ ЭМИГРАНТОВ

*Аннотация*

В статье, характеризуя особенности своеобразного стиля и природы жанра воспоминания, говорится о том, что его можно рассматривать как литературный, исторический и публицистический жанры. В связи с тем, что воспоминания могут быть написаны любым человеком, учитывая их цели и задачи, автора и адресата, историческую и литературную значимость, а также их стиль, рассматриваются жанровые отличия (образ автора, количество лиц, делящихся воспоминаниями, предмет воспоминаний, вид содержания диктума и образ адресата). В связи с этим в зависимости от образа автора различают два вида этого жанра (собственные воспоминания и воспоминания других лиц), которые анализируются на основе воспоминаний казахских эмигрантов (Мустафы Шокая, Марии Шокай, Алима Алмата). В тексте воспоминаний можно отметить анализ трех видов содержания диктума (характеристика человека, местности, традиционного образа жизни).

**Ключевые слова:** воспоминания, жанр, свои собственные воспоминания, воспоминания других лиц, эмигрант.

*А.М.Аbasilov<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Korkyt Ata Kyzylorda state University, Kyzylorda, Kazakhstan

## GENRE AND STYLISTIC FEATURES MEMORIES OF KAZAKH IMMIGRANTS

### Abstract

The article, characterizing the peculiarities of the peculiar style and nature of the genre of remembrance, states that it can be considered as literary, historical and journalistic genres. Due to the fact that memories can be written by any person, taking into account their goals and objectives, the author and addressee, historical and literary significance, as well as their style, genre differences are considered (the author's image, the number of people sharing memories, the subject of memories, type of the content of the dictum and the image of the addressee). In this regard, there are two types of this genre depending on the image of the author (personal memories and the memories of others), which are analyzed on the basis of the memories of Kazakh emigrants (Mustafa Shokai, Maria Shokai, Alim Almat). It is possible to note analyzes of three types of dictum content in the text of the memoirs (character of a person, locality, traditional way of life).

**Keywords:** memoirs, genre, own memories, memoirs of other persons, emigrant.

**Кіріспе.** Естелік – әдеби шығарма, мемуар жанрының бір түрі. Естелік — өмірде шынайы болған ірі тұлғалар мен ел тарихында өткен елеулі оқиғалар жайында көзбен көріп, куәгер болған адамдардың сол өткенді еске түсіріп, өз атынан баяндап беруі. Алайда естелікте деректер тарихи еңбектегідей нақтылы берілуі міндетті емес. Естелік автордың өз танымы тұрғысынан баяндалады. Автор естелікте ақиқаттан алшақ кетпей, оны көркемдеп, бейнелеп жеткізуге құқылы. Естелік жанрлық табиғаты жағынан мемуардың күнделік, жолжазба, т.б. түрлеріне жақын [1].

Естелік бірнеше формада жазылуы мүмкін. Бір естелік көргені мен білгені қорытыла отырып жазылса, екіншісі ауызша айтылып, жазылып алынуы мүмкін. Тағы бірі естелікті екінші адамға арнайы дайындалған сұрақтар қою арқылы сұқбат сияқты жазылады. Осындай ерекшеліктеріне қарай қазақ эмигранттарының естеліктерін естелік-эссе, естелік-очерк, естелік-дастан және естелік-сұқбат деп бөліп қарастырылып жүр [2., 56]. Естелікте әдеби көркемдіктің болуы міндетті емес. Өйткені ол көркем туынды емес. Сондықтан оны жазушының жазуы да міндетті емес. Осыған қарағанда естелікті әдеби жанр, тарихи жанр, публицистикалық жанр деп те қарастыруға болатын сияқты. Демек, естелікті кез келген адам жазатын болғандықтан, оны мақсаты мен міндетіне, адресаты мен адресантына, әдеби және тарихи маңызына, жанрлық және стилистикалық баяндалу мен берілуіне т.б. қарай жан-жақты қарастыру керек.

**Әдістеме.** Естеліктің жанрлық ерекшелігін білу үшін алдымен оның *жанржасасаушы белгілері* негізінде ішкі типологиясын анықтап алу қажет. Біздіңше оларға мыналар жатады: *автор образы, естелік айтушылар саны, естелік нысаны, диктумды мазмұнның түрі және адресат образы*. Осылардың ішінде ең бастысы *автор образы* болып табылады. Т.А.Демешкина әңгіме-естелік жанрындағы автор образы оның болған жайтқа (оқиғаға) тікелей не жанама қатысу тұрғысынан сипатталуы мүмкін екенін айтады [3., 27]. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері естелік авторының образын оның әңгімелеушінің өзімен қатынасы тұрғысынан қарастыру дұрысырақ болып табылатынын көрсетеді. Осы белгілерге сәйкес екі жағдайды айтуға болады: *1) естелік авторы – әңгімелеуші* және *2) естелік авторы - басқа адам (әңгімелеуші емес)*. Сонда қарастырып отырған жанрдың екі типі бар деп айтуға болады: *1) өзінің жеке естелігі* және *2) басқа біреудің естелігі*.

**Нәтиже.** Енді осы айтылғандарды қазақ эмигранттарының (Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай және Әлім Алмат) естеліктері негізінде талдап көрейік.

**1.Өзінің жеке естелігі.** Естелік авторы әңгімелеушінің өзі болған жағдайда «*мен істедім / мен айттым / мен көрдім*» модустік қолданысты пайдаланады. Бұл типтегі естеліктің өзіндік ерекшелігіне өз жадын қайта қарап, көбіне «*есімде*» етістігінің жеке түрінің бірінші жағын қолдану жатады. Біздің жүргізген талдауларымыз жанржасаушы белгілердің тағы бір түрін – *естелік нысанын* анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Авторы әңгімелеушінің өзі болған жағдайда әңгіме-естеліктің *екі типтегі нысаны* болуы мүмкін: **1)әңгімелеушінің өзі және 2)үшінші жақ** – әңгімелеуші жақсы танитын, оның өткен өмірінің куәгері болып табылатын адам (адамдар). Осыған сәйкес өзінің жеке естелігінің мынадай типшілік түрі шығады: **а) өзі туралы естелік және ә) өзгелер туралы естелік.**

**Өзі туралы естелік,** әдетте, әңгімелеушінің күллі өмірін кезең-кезеңімен және нақты сипаттамайды. Бұл тек оның өмірінің жекелеген бөліктерін (моменттерін) ғана (балалық кезіндегі оқиғалар, жұмыс, отбасылық тарих т.б.) еске алу болып табылады. Мысалы, Мұстафа Шоқай «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты естелігінен жұмыс істеген орны, студенттік шағы және туып-өскен жері жөнінде ғана өте қысқа мәлімет қана аламыз [4., 257, 258, 262].

**Өзгелер туралы естелікті** өзі туралы естеліктің тақырыптық толықтырылуы деп қарауға болады. Мұнда әңгімелеуші, айталық, балалық шақтың оқиғаларын еске алғанда оған қатысы бар адамдардың сол кезеңдегі өмірін сипаттауы мүмкін. Бұл жағдайда ондай нысан ретінде ақпарат берушінің жақын туыстары, ата-анасы, бауырлары, сондай-ақ достары не ауылдастары болады. Мысалы, Мұстафа Шоқайдың жары Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естелігі осының дәлелі бола алады. Осы естелікте Мұстафа Шоқай туралы құнды мәліметтер беріліп, ол жан-жағынан толықтай танылады.

Жоғарыда айтылған **өзінің жеке естелігі** үшін маңызды (релеванты) деп санауымыздағы тағы бір жанржасаушы белгі – бұл **әңгімелеушілер саны**. Осы белгіге қатысты екі типті ажыратуға болады: **1) жеке дара естелік және 2) ұжымдық естелік.**

**Жеке дара естелік** деп бір ғана адамның әңгімелеуші болуын айтамыз. Ал естелікті айтуға бірнеше адам қатысқанда оны **ұжымдық естелік** дейміз. Ұжымдық естелікке қатысушылар бір жағынан тыңдаушы бола отырып, екінші жағынан белгілі бір қысқа уақытта өздеріне таныс адамдар мен куә болған оқиғалар туралы естелік айту үдерісіне қатысып отырады. Біз зерттеу нысанымыздан ауытқымас үшін және мақаланың көлемдік мүмкіндігіне қарай естеліктің бұл ішкі типтік түріне арнайы тоқталып, талдау жасамаймыз. Оны өз алдына зерттеу нысаны боларлық мәселе ретінде қараймыз.

**2.Басқа біреудің естелігі.** Әңгімелеуші естеліктің «бірінші дереккөзі» емес болған жағдайда «*мазан айтқан / әңгімелеген*» деген модустық рамкіге ие болады. Мұндай типтегі естеліктің формалді сөзсаптауларына «*анам айтты / мұны әкем айтып берген / атам айтқан*» т.б. қолданыстар жатады. Бұл жағдайда естелік айтушы сипаттап отырған оқиғаларға қатысы жоқ екенін, куәгер еместігін «*олардың қалай танысқанын мен білмеймін / әжем айтқан жоқ / анам айтқан / мен ұмыттым*» т.б. сияқты сөз қолданыстарымен білдіреді. Солай бола тұрғанмен естелік айтушы өз әңгімесінің барынша шынай болуы үшін көбіне төл сөздерді қолданады. Өзгенің сөзін төл сөз ретінде беруде естелік айтушы сол төл сөз авторының сөз қолданудағы жекелік, даралық ерекшелігін сақтауға тырысады. Естеліктің бұл түріне біз Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естелігі толық жауап бере алатынын байқадық. Сондықтан осы айтылғандарды Мария Шоқай естелігінен үзінділер келтіре отырып талдаймыз. Естеліктің «Мұстафа Шоқайдың шежіресі», «Мұстафа мектепте», «Мұстафа Ташкентте» және «Мұстафа қоғамдық-әлеуметтік өмірде» деген бөлімдері көбінесе 3-жақта баяндалып, «*Мұстафаның айтуыниша*», «*Оның айтуыниша*» деген қыстырмаларды пайдалана отырып, Мұстафадан естігендерін әңгімелейді. Ал кейбір тұстары Мұстафаның өз атынан 1-жақта да баяндалады. Енді бірде баяндалып келе жтқан хронология бұзылып, бергі кезеңге өтеді де өзінің куә болғандарын сабақтастыра дәлелдеп жазады. Мысалы,

Мұстафаның туған жылы мен күні, туған жері, әке-шешесі, туған-туыстары, тұрмыс-тіршіліктері Мұстафадан естігендерін еске ала отырып 3-жақта жазса, Мұстафаның Ақмешітке мектепке жазыруға апарғанда әкесімен бірге болған әңгімелері, Ақмешітке көргендері, алғаш татар, орыс балаларымен сөйлесуі, мұғаліммен танысып сөйлесуі, ауылына қайтып келгендегісі, мектепке барар алдындағы жазды ауыл балаларымен қалай өткізгені, ауырып қалып, Ақмешітке бармай станциядағы темір жол мектебінде оқитыны Мұстафаның атынан әңгімеленеді. Автор осы жерде хронологиялық жалғастықты үзеді де 25 жылға алға кетіп, Мұстафаның 1923 жылы жазаған автобиографиялық хатын тұтастай беріледі [5., 396-399].

Естеліктің өзіне тән ерекшеліктерінің біріне болған оқиғаны диалог арқылы беру жатады. Дәл осындай тәсілді автор «Мұстафа – қоғамдық-әлеуметтік өмірде» бөлімінде де пайдаланады. Бұл жердегі ерекшелік көркем әдебиеттегідей автор өз кейіпкерін диалогке түсіру арқылы, сол кездегі оқиғаны оқырманға қаз-қалпында ұсынудан көрінеді [5., 400].

Мария Шоқай естелігінде Мұстафаның балалық шағы туралы айтқандарын есіне түсіре отырып, оны естелік кейіпкерінің баяндауымен береді. Мысалы, «*Ақмешітке келіп, зәулім сарайға түстік. Қала маған аса үлкен әрі шулы көрінді. Адасып кететін шығармын деп қорықтым. Әкемнің қолынан ұстап айрылмадым. Өмірімде бірінші рет орысша сөйлегенді есіттім. Мен ешқашан бұлай сөйлесе алмайтын шығармын, орысша үйрене алмайтын шығармын деп ойладым. Бастарына шапка, фуражка киген адамдарды көрдім. Маңдайшасына жазулы тақтайшалар ілінген үйлерге кірдік...*» [5., 393]. Осы мәтінде, біріншіден, Ақмешіт қаласының бала көзімен қарағандағы көрінісі сипатталады. Сондай-ақ сол тұста Ақмешіт тұрғындарының көпшілігі орыстар немесе орыстілділер болғаны байқалады. Екіншіден, естеліктің бірнеше тұсында автор естелік айтып отырған адамның өз сөзін келтіреді. Мұны *естелік ішіндегі естелік* деп айтамыз. Айталық мұндай естелік ішіндегі естелік «Мұстафа - мектепте» бөлімінде 392-396 бетерінде, яғни 5 бет көлемінде берілсе, одан әрі 396-399 бет аралығында Мұстафаның хаты тұтасымен пайдаланылған. Бұл да сол естелік ішіндегі естелікке жатады. Өйткені хатта Мұстафа өзінің туған ағасы, анасы, әкесінің інісі Оспан, оның өмірі туралы, жеңгесі жайында естелік жазылған.

**Талқылау.** Белігі ғалым Л.Г.Гынгазова естелік-мәтіннің мазмұны күрделі полипропозиттік диктуммен беріледі, бұл осы жанрдың типтік ерекшелігі болып табылады деп көрсетеді [6., 167-174]. Әңгіме-естелік мәтінін талдау барысында біз *диктумды мазмұнның* (сөйлеудің объективті мазмұнының) үш негізгі түрін анықтадық: *адамның сипаты (портреті), жергілікті жердің сипаттамасы, дәстүрлі өмір салт сипаттамасы.*

**1.Адамның сипаты (портреті).** Естеліктегі адамның сипаты көбіне оның әрекеті арқылы көрінеді. Естелік өмірде болған оқиғалар мен нақты адамдар жайында мәлімет беретін деректі жанр болып табылады. Сондықтан онда оқиға кейіпкерлерінің автор көзқарасы тұрғысынан портреттері суреттелуі заңды. Айталық, Мұстафа Шоқай «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты естелігінде бірнеше күрескер тұлғалардың: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұхамеджан Тынышбаев, Ералы Қасымұлы, Хұсан Ибраһим мен Серәлі Лапиндердің жағымды бейнесі мен ел үшін жасаған еңбегінің бағасын бере отырып таныстырады. Мұнда оларды *ғұлама ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, дарынды жазушы, қуатты қалам иесі, Ресейдегі мұсылмандардың бірінші әкімі, түркістандық инженер, тілмаштар арасындағы абзал азамат* т.б. эпитеттік қолданыстармен өзіндік бейнелерін береді. Естелікте сондай-ақ автордың сөзімен айтқанда «*түркістандықтардың есінде қайғылы оқиғалармен ғана қалған*» генарал Доховский, генарал Иванов, генарал Самсонов, генарал Мартенс және генарал-губернатор Куропаткиндердің қатігез де залымдық іс-әрекеттері баяндалып, жағымсыз іс-әрекеттері мен болмыс-бейнесін аямай сынға алады.

**2. Жергілікті жердің сипаттамасы.** Естелікте баяндалатын елеулі оқиғалар мен оның қатысушылары, куәгерлері белігілі бір аумақтық кеңістікте, әлеуметтік ортада өмір сүреді. Сондықтан онда жергілікті жердің, халықтың, этностың, жеке адамның аты, тұрмыс-тіршілігіне, мәдени, әлеуметтік ортасына қатысты атаулары молынан ұшырасып отырады. Айталық, Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естелігінде барлығы – 176 атау қолданылған. Оның 40-ы үлкенді-кішілі қалалардың аты. 17 елдің (мемлекеттің) аты, 6 аймақ, өлке, уәлаят атауы, 5 әртүрлі теңіз, арал, бұғаз, көл, өзен атауы, облыс, форт, аудан, ауыл, жер, аурухана, музей атын білдіретін 22 атау қолданылған, 4 атау тау, орман атын білдіреді, естелікте 18 этноним, 21 әртүрлі лауазым атаулары және 43 антропоним қолданылған.

Бір қызығы Мария Шоқай қазақ жерінде көп болмаған, сондықтан ол бірсыпыра атауларды сол кездегі қолданған қалпында берсе, енді біреулерін естігені бойынша береді. Мысалы, естеліктің басында Мұстафаның ата-қонысы туралы мынадай дерек береді: *«Шоқай би отыздан аса туыстарымен бір ауылда тұрған. Олар 1917 жылғы төңкеріске дейін Ташкент темір жолы бойындағы Саршығанақ маңында, одан 5 киллометр қашық жерде тұрған».* Осындағы «Саршығанақ» атауын кітап редакторлары «Сұлутөбе» бекеті деп көрсетеді [5., 390]. *«Бірақ та мен ертерек Үйшікке жол жүруім керек еді. Ол жерден Мұстафаның көрсетуіне шаанамен Каспий мұзының үстімен Кетікке (форт Александрова) жетуім керек болатын».* Редаторлар мұны Қазіргі **Форт Шевченко** деп көрсетеді. *«Ақыры күткен сағат та келіп жетті. Үйшікпен телефон арқылы байланыс жасалды».* Редакторлар оны Гурьев, қазіргі **Атырау** деп көрсетеді [5., 419].

**3. Дәстүрлі өмір салт сипаттамасы.** Мария Шоқай естелігінде қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы деректер молынан беріліп отырады. Мысалы: *«Қазақ әйелдері бет-жүзін жауып жүрмейді, үнемі ашық ұстайды. Қазақтар әйелді өте құрмет тұтады. Еркектер өз араларында әйелдер туралы әңгіме айтпайды. Бір-бірімен жолығысқанда атын, тазысын сұрайды, әйелдері туралы әңгіме айтпайды»* [5., 422]. Бұл жерде қазақ «қыз – қонақ» деп оны үнемі төрге шығаратыны, әйелді үйдің от-анасы деп құрмет тұтатыны, сондай-ақ ер адамның «әйелдің ісі – үйде, еркектің ісі- түзде» деген қағидамен үй шаруасына араласпайтыны жақсы айтылған.

Естелікте автордың лирикалық көңіл-күйі де беріледі, ол кәдімгі көркем шығарма жазып отырғандай әсер қалдырады. Мысалы: *«...Түндегі дала ауасының хош иісін тіпті де айтып тауса алмаймын, оны сірә ештеңемен салыстыруға болмайды. Көкжиекке көз салсаң, дәл мұхит пен аспанның астасқаны сияқты, бұл жерде жер мен көктің тоғысқанына куә боласыз. Құстар сайрап, жәндіктер шұрқырасады. Осы жарасымды әсемдік арқылы тыныштық пен бейбітшіліктің жаратушы иесіне алғыс сезімін білдіріп жатқандай* [5., 423].

Мария Шоқай естелігінде дәстүрлі өмір салт сипаттамаларын беруде тағы бір ерекшелік бар. Мысалы: *«Дүниеден қайтқан адамды еске алғанда оның өткен өмірі, істеген әрекеттері көз алдыға елестеп, жанды бейнеге айналатыны сондай, жазылғандарды оқи отырып оның өмірінің кейбір тұстарының ұмыт қалғандығын көресің. Көресің де толықтыра түскің келеді, ойың сан-саққа жүгіреді* [5., 389]. Бұл қандай да бір ұлтқа не бір этносқа ғана тән емес, ол - адами ойлау. Ол кез келген адамның туысы, жақыны, қимас досы т.б. туралы ойлағанда, еске алғанда адам миында жүретін табиғи жағымды процесс.

Ал енді бірде Мария Шоқайдың қазақтың өмір сүру салтымен жете таныс еместігінен, қазақша ойлауға келмейтін, өзге жат жұрттық ойлаудан пайда болған сөйлем де ұшырасады. *«Шоқай би отыздан аса туыстарымен бір ауылда тұрған. Ата-бабалары көшпелі, ал Мұстафаның өз әкесі Шоқай отырықшы болған. Егіншілікпен айналысқан, жұртшылық оны би деп атаған»* [5., 390]. Соңғы сөйлемде автор қазақ халқының өмір сүру жолын өзі сипаттап отырған кезеңге дейін **көшпелі, отырықшы, егіншілік, би** деген

4 сөзді қатыстыра отырып береді. Автор қазақтардың байлықты малмен өлшейтінін айта келіп, «бай» және «жарлы» ұғымдарын беруде «көшпелі» және «отырқшы» сөздерін антоним ретінде қолданған. «Шоқай аулы кедей саналатын. Жалпы қазақтарда байлық малмен өлшенетін. Қой, түйе, жылқы мен сиырдың өрісі үшін кең жайылым қажет. Сондықтан да көшпелілер байлық иесі де, ал отырқшы халық жарлы болып есептелген» [5., 390]. Бұл көрсетілген тізімде естелік жанры мәтінінің диктумды мазұнының тек негізгі нұсқалары ғана көрсетілді.

«Басқа біреудің естелігі» деп аталатын бұл типті қарастыру барысындағы мәтіндерден біз естелік айтушының шындығында естеліктегі авторды мүлдем танымайтынын, оны үшінші адам арқылы берілетінін жағдайды да кездестірдік. Мұндай естелік нысанына, әдетте, үшінші адам жатады. Басқаша айтқанда, олар - сырттай ғана танитын, бірақ көзімен көрмеген немесе танитын, көзімен көрген, бірақ ол кезде жас болуына байланысты оның өміріндегі оқиғаларға куә болмаған адамдар. Мұндай естелік түріне қазақ эмигранттары ішінен Әлім Алматтың сұхбат-естеліктері дәлел бола алады [7., 64].

**Қорытынды.** Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, зерттеліп отырған жанрдың (өзінің жеке естелігі және басқа біреудің естелігі) ішкі типтік айырмашылықтары ондағы модус категориясымен анықталалады. *Модус* дегеніміз - айтушының тыңдаушыға қатысты субъективті ойы. Ал диктум категориясына келер болсақ (*диктум* – бұл сөйлеудің объективті мазмұны), ол біз ажыратып көрсеткен естелік жанрының барлық типтері үшін ортақ белгі ретінде қарастырылады. Мұнан мынадай ой түюге болады: қазақ эмигранттарының естеліктері - бұл бірнеше нұсқада ұсынылатын, түпкі негізі оқиғаны баяндайтын, адамды, жерлікті жерді, дәстүрлі өмір салтын, сондай-ақ түрлі әрекеттерді сипаттайтын, өзіндік стилдік сөзқолданыстары бар күрделі көпмәнділік диктумге ие кешенді жанр.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Уикипедия -ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет.  
<https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Жолмаханова А.Б. Қазақ эмигранттарының естеліктері және мемуарлық шығармаларды оқыту. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Қызылорда, 2019. -164 бет.
2. Демешкина Т.А. Теория диалектного высказывания. Аспекты семантики. – Томск: Изд-во Том. Ун-та, 2000. - 190 с.
3. Шоқай М. Таңдамалы. –Алматы: Қайнар, 1999. Т.2. -520 бет.
4. Шоқай Мария. Менің Мұстафам // Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Екінші том. - Алматы: Қайнар, 1999.
5. Гынгазова Л.Г. О речевом жанре воспоминания (на материале языка личности // Актуальные направления функциональной лингвистики. Материалы Всероссийской научной конференции «Языковая ситуация в России конца XX века». – Томск: Изд-во Томского ун-та, 2001. - С. 167-174.
7. Жолмаханова А.Б. Қазақ эмигранттық әдебиеті: оқу-әдістемелік құрал. – Қызылорда: Ақмешіт баспа үйі, 2019. 150 бет.

МРНТИ 17.82.31

Қ. Е.Абиыр<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## Ж. ТҰРЛЫБАЙҰЛЫНЫҢ «РАЙЫМБЕК БАТЫР» РОМАН-ДИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

### *Аңдатпа*

Мақалада Ж.Тұрлыбайұлының«Райымбек батыр» роман-дилогиясын әйгілі тарихи тұлғаның тегіне, өмірбаянына, ерлік істеріне қатысты ел аузында сақталған деректерді толық қамтуға талпыныс жасалған. Мұндағы аңыздық мәліметтерге көркемдік сипат дарытып тұрған–жазушылық фантазия. Көркем туындыда, әсіресе тарихи шығармада біз өзімізге жеткен құжаттар жиынтығы бойынша заман келбетіне жан бітіре суреттеген автор қиялына тап боламыз. Демек тарихи деректер тізбегінкөркем игеретін басты құрал автор қиялы болып табылады. Осы ретте деректіліктің негізгі функциясықаһарманның тағдыр жолын тарихи фондағы қоғамдық-мәдени, жеке тіршілікпен байланыстыра отырып, көркем баяндау болмақ.

**Түйін сөздер:** проза, шығарма, тұлға, қолжазба, өмірбаян, батыр, қаһарман, сұлтан, хан, шындық, шешім, дерек.

*Қ. Е.Абиыр<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

## ИСТОРИЧЕСКАЯ РЕАЛЬНОСТЬ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ РЕШЕНИЕ В РОМАНЕ-ДИЛОГИИ Ж. ТУРЛЫБАЙУЛЫ «РАЙЫМБЕК БАТЫР»

### *Аннотация*

В статье сделана попытка полно охватить роман-дилогию Ж. Турлыбайулы «Райымбек батыр» достоверными фактами, сохранившимися в устах народа, касающимися происхождения, биографии, героических поступков знаменитой исторической личности. Здесь мифические сведения носят художественный характер-писательской фантазии. В художественном произведении, особенно в историческом произведении, мы находимся в воображении автора. Таким образом, главным инструментом, художественно осваивающим цепочку исторических данных, является авторская фантазия. В этой связи основной функцией источниковедения будет художественное изложение, связывая судьбоносный путь героя с общественно-культурной, частной жизнью на историческом фоне.

**Ключевые слова:** проза, композиция, личность, рукопись, автобиография, герой, герой, султан, хан, реальность, решение, факт.

*К.Е.Абиыр<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## HISTORICAL REALITY AND ARTISTIC DECISION IN the NOVEL of ZH. TURABAJULY "RAIYMBEK BATYR»

### *Abstract*

The article makes an attempt to fully cover the novel-dilogy of J. Turlybayuly “Raimbek Batyr” with reliable facts preserved in the mouth of the people regarding the origin, biography, heroic deeds of the famous historical person. Here, mythical information is artistic in nature, a literary fantasy. In a work of art, especially in a historical work, we are in the imagination of the author. Thus, the author’s fantasy is the main tool artistically mastering the chain of historical



data. In this regard, the main function of source study will be an artistic presentation, linking the fateful path of the hero with social, cultural, private life against a historical background.

**Key words:** prose, composition, personality, manuscript, autobiography, hero, hero, sultan, khan, reality, decision, fact

**Кіріспе.** Жалпы тарихи көркем прозаның басты ерекшеліктері ретінде дерекнамалық пен оқиғалардың қоюлығын атауға болады. Осыған орай тарихилық және деректілік категорияларының жанр мәселесіне келгенде қатар жүруі заңды. Себебі тарихишығармаларға арқау болған көркем ой оқырманның ол туралы жеке өзіндікбілім-білігін қажетсінеді. Әсіресе тарихи кейіпкерлерге келгенде рецептивтік тұрғыда автордың қолданысындағы деректік материал оқырманның ол жайында зияткерлік дайындығының болуын талап етеді.

Қазақ әдебиетіндегі Райымбек батыр тақырыбына жазылған прозалық-поэзиялық шығармаларды саралай келе, ғалым Р. Бердібаевтың келесі ой-тұжырымының дәлдігіне көз жеткізе түсеміз: «...Сонымен тарихилық, аяқталып біткен кезең және документтілік тарихи жанрдың басты белгілері» [1,8]. Атап айтқанда, Ж.Тұрлыбайұлының «Райымбек батыр» дилогиясының осы жанрлық критерийлердің үдесінен шыққанын аңғару қиын емес. Қазақ даласының қаһарман перзенттерінің бірі Райымбек Түкеұлының ел мен жерді қорғау жолындағы даңқты тағдырын бейнелейтін роман тұтас бір тарихи кезенді суреттейді.

«Райымбек» атауымен «Жазушы» баспасына ұсынылған романның алғашқы кітабы 5 жылға жуық жарық көрмей жатып қалуының себебі кеңес дәуіріндегі батыр тұлғасына қатысты көзқарастар қайшылығынан туындайды. Тарих қойнауында қалған естеліктердің кейінгі заманға жеткені көп жағдайда Райымбек Түкеұлының әулиелік сипатына ойысатындықтан, ол уақытта мұндай шығарманың жарық көруі идеологияға үйлеспеді. Романның алғашқы кітабының «Тамыз таңы» деген атпен баспа бетін көріп, оқырманмен қауышуына осы кездегі Баспасөз комитетінің төрағасы Халит Зікіриянов, баспа директоры Сайын Мұратбеков, баспа редакторы Мұхтар Мағауин сынды ұлтжанды азаматтар септігін тигізеді.

**Талқылау.** Қ.Жұмаділов, К.Нұрпейісов, К.Уәлиев сынды танымал тұлғалардың баспа процесінде роман қолжазбасына берген рецензиялық пікірлері жазушыны жаңа ізденіс жолына салады. Басылып шыққан романның көркемдік жүйесі мен тарихилық сипаты жайындағы зерттеу, әдеби-сын, қаламдас пікірі түріндегі мақалалар легі кейін «Жұлдыз», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жетісу», «Алматы ақшамы», «Өркен» сияқты республикалық баспасөз беттерінде жарияланды. Сөйтіп Райымбектің Бадам батормен жекпе-жекте жеңіске жетіп, батыр атануымен тәмамдалған шығарманың жалғасы «Райымбек батыр» атауымен 1992 жылы жарық көрді.

Ұлт тарихында «Ақтабан шұбырынды» деген атпен қалған қасіретті жылдардың – тұтас бір ғасырдың келбеті роман-дилогияда бір кейіпкердің өсу жолымен көркем өрім табады. Роман ең алдымен Райымбек батырды жаугершілік дәуірдің қаһармандары қатарында тарихи панорамалық ірі планда бейнелеуімен құнды. Бұл – қазақ көркем әдебиетіндегі кең құлашты эпикалық жанрдағы Райымбек тақырыбында жазылған жалғыз туынды. Автор белгілі бір дәрежеде Райымбек батырдың ерлігі мен тарихи істеріне баға беру сынды ұлттық-рухани, тарихи-мәдени міндетті орындауға талпыныс жасаған.

Орыс әдебиеттанушысы Ю.Андреев тарихи романға қойылатын талаптар жайлы: «Шығармада документтік негіз, ақиқат тарихи оқиғалар мен адамдар болуы да шарт» [2, 8 ], – дейді. Роман-дилогияның кейіпкерлер жүйесі негізінен тарихи адамдардан тұрады. Шығарманың бас кейіпкері Райымбектің төңірегіне топталған әкесі (атасы) Қангелді мен анасы (әжесі) Сұлукө, ата-әжесі Биеке (өмірде нағашы атасы Орақ батыр делінеді) мен Қалиқа, Төле бе, Қойайдар би, Қабай жырау, Өмен би, Есжан, Қанымжан, Күнші, Еңлік,

Берден, Есенбек, Олжабай (аңыз-әңгімелерде шын есімі Аманжол делінеді), Малай, Ақбала, Ақберді, Сатай, Ырыскелді, Аралбай, т.б. тұлғалардың тіршілік арнасы тарихи оқиғалар аясында тартысты сюжеттер негізінде суреттеледі. Бұдан бөлек тарихи кейіпкерлер қатарында эпизодтық деңгейде Болат, Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайыр, Қазыбек, Әйтеке, Абылай, Қабанбай, Наурызбай, т.б. хандар мен сұлтандардың, билер мен батырлар бар. Сондай-ақ романның оқиғалық желісіне белсене араласатын кейіпкерлер тізбегінде қалмақтың Ғалдан-Серен, Секер, Қорын, Ағанас, Шамал, Сары-Манжа сынды хан-қонтайшалары мен Шонай, Қаскелең, Бадам, Боролдай батырлары да кездеседі. «Райымбек батыр» роман-дилогиясындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім сипаты жайлы Қ.Алпысбаев былай дейді: «Әбілқайырдың, Абылайдың немесе өзге де хан-сұлтандардың бейнесін сомдағанда жазушы олар жайлы жазылып қалған тарихи деректердің, халық жадында жатталып қалған мәлімет сорабын мүмкіндігінше сақтауға тырысқан. Алайда, тарихи деректі, құжаттық мәліметті сол қалпында көшіріп бере салған деген ұғым тумаса керек. Абылай жайында дерек те, мәлімет те, ауыздан ауызға көшкен, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, есте қалған әңгіме де көп. Автор соның бәрін жинақтап, ой елегінен өткізе, қиял әлемінде қорыта жан бітіріп, Сабалақтан Абылайға ұласқан тарихи тұлға бейнесін... нанымды жасай білген» [3,427-428].

Сюжетикасына келер болсақ, шығарманың фабулалық желісі негізінен тарихта белгілі ірі оқиғаларды қамтиды. Ал құжаттық негіздің болуы сынды талаптың үдесінен шығу үшін қаламгер әу баста өзіндік шығармашылық стратегия құрғанын байқаймыз. Осылайша, автор көп жағдайда ел аузында сақталған аңыздық деректерге сүйене отырып, қаһармандық эпос стилінде прозалық туындыны дүниеге әкелуді көздеген. Сыртқы тұр-тұрпаты жағынан ұлттық фольклорлық мұрадағы батырлармен қоса, еуропалық қаһармандарды да (Робин Гуд, Ролланд, т.б.) еске түсіретін роман кейіпкерін сомдауда жазушы схематизмге ұрынғаны аңғарылады. Дегенмен халықтық жадта сақталып қалған Райымбек батыр бейнесін жазба әдебиет аясында қайта жаңғыртуы Ж.Тұрлыбайұлының ұлттық әдебиетке қосқан өзіндік үлесі есебінде бағалануы тиіс.

Райымбек батырға байланысты туындылардың тарихи түп-негізін саралау қиынға соғады. Себебі батырдың өмірбаяны жөнінде нақты тарихи деректер мен құжаттар көп емес. Осы ретте тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы ғалымдар тілге тиек қыларсанаулы ғана тарихи дереккөз бар. Олар: Ресей архивіндегі патшайым Анна Иоановнаға жазылған үйсін тайпасының хаты (1733 жыл, қол қоюшылар қатарында Райымбек батырдың атасы – Қангелді батыр бар) [4], ҚР Орталық мемлекеттік архиві қорында сақталған тарихи құжаттар (ф.7374, 1616-іс.), Ұлы жүз, Албан руының шежірелік тарихы [5], және «Райымбек батыр шайқастары» атты қолжазбалар [6]. Сонымен қатар Райымбек батырдың өмір сүрген ортасына, әкесі Қангелді мен ұлы Қожагелдінің қызметіне қатысты тарихи құжат-материалдар «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв.» [7] атты архив деректері жинағында кездеседі. Мұның соңғысы тағы халық арасында сақталған тарихи естелік әңгімелер екенін ескеру қажет. Осыған орай тарихи райымбектану саласында ойсырап жатқан ақтаңдақ беттердің көп екенін мойындауымыз қажет. Қалай болғанда да, Райымбек батырдың өмірде болған, реалды тарихи тұлға екендігі дау тудырмайды. Райымбек Түкеұлының батырлығы мен әулиелігі жайлы аңыз-әңгімелердің халық жадында ғасырлар бойы өшпей күні бүгінге дейін ел аузында жүруі де [8, 9] тарихи тұлғаның ірілігі мен ұлттық мән-маңызын, ерлік істерінің ұрпаққа үлгі болған жасампаздығын паш етеді.

«Райымбек батыр» роман-дилогиясына тән негізгі ерекшелік – көркемдік сипаты басым бола тұрса да, аңыздық негізге көбірек назар аудару, тарихи аңыздық деректерді көркем игеру арқылы өмір шындығына қол жеткізуге ұмтылу. Автор халық жадында жатталып қалған эпостық мұралар мен аңыз-әңгімелер негізінде батырдың өмір жолын

ойша пайымдайды; ауыздан ауызға көшіп жүріп гиперболизацияға ұшыраған деректердің логикалық қисынын табуға тырысады.

**Нәтиже.** Құрғақдеректіліктен көркем шығарма шықпайтыны сөзсіз. Оның үстіне фольклорлық мұрадағы дайын сюжеттік желіні қайта баяндау еш шығармашылық табыс әкелмесі де анық. Сондықтан тарихи тұлғаны басты кейіпкерге айналдыра отырып, оның қаһармандық тағдырын суреттеуде шығармашылық қиялдың атқарар ролі де ерекше.

«...Кез келген дерек шығармаға арқау бола алмайды. Маңызды өмір құбылысын, адам мінезінің елеулі ерекшелігін танытатын жайлар, деректер ғана жазушы назарын өзіне аудара алады» [10, 127]. Осыған байланысты Ж. Тұрлыбайұлы романында Райымбек батырдың айналасында орын алған тарихи оқиғалар екшеліп, оған тікелей қатысы бар аңыздық деректер қайта қорытылған. Жазушы ел өміріндегі шешуші тарихи оқиғалардың ортасында көрінетін Райымбектің жанды бейнесін сомдауда тарихилық принципті өзінше зерделейді. Мысалы, Райымбекті Түкенің ұлы емес, атасы Ханкелдінің баласы ретінде суреттелуі тарихи оқиғалардың хронологиялық рет-тәртібіне нұқсан келтірген тұстары бар. Ханкелдінің өзі Төле би, Жолбарыс хан, Абылай хан, Қойайдар би, Қабай жырау сынды ірі саяси қайраткерлермен тұстас, үзеңгілес батыр, дипломат ретінде салмақты мәртебесінің болуы жазушының басты назарында болса керек. Сол арқылы Райымбек бейнесін мейлінше ірілендіруге, оның өскен, өмір сүрген ортасын бедерлеуге, көркемдік жинақтауға талпыныс жасалған болуы ықтимал. Тарихи туындыдағы деректілік туралы Т. Бекниязов былай дейді: «...Онда өмірде болған оқиғалар, жай-жағдайлар қаншама мол қамтылғанымен ойдан шығаруға, жинақтап-типтендіруге көп орын берілетіндіктен, деректілік негізгі творчестволық принцип етіп ұсталмайды, шығармадағы көркемдік шындықтың нақтылық сипатын арттыру үшін ғана қызмет етеді» [11, 127]. Шынайы тіршілік құбылыстарын, оның аясындағышексіз қайшылықтарды ой-қиял таразысына салып, терең зерделемейінше, сапалы көркем туынды жазылмайды. Өйткені әдеби шығарманың алтын арқауы – тарихи шындық. Өмір ақиқатын басты назарға ұстағанда ғана үздік көркем шығарма жазылары хақ.

«Тарихи тақырып, қалай дегенмен де, көзжұмбайлықтан аулақ, ұшқыр қиялды керексінгенмен, қиялды тұжырымдардан ада болуы шарт. Яғни автордан белгілі бір нақтылық талап етіледі» [12]. Демек, тарихи жанрдың басты талабы да қиялға ерік бергенмен, тарихи шындықтың қазығынан алыстамау дегенге саяды. Тарихи тақырыпқа қалам сілтеу үшін жазушылық талант аздық етеді, онымен қоса аса бай білім қоры мен ғұмырлық тәжірибенің болуы шарт.

**Қорытынды.** «Райымбек батыр» шығармасының тарихи-деректілік сипаты жайлы Д.Мәсімханұлы мынадай пікір айтады: «Тарихи тақырыпқа жазылған бір шығармада жазылған нақты шындық та, екіншісі – жазушының шындыққа ұстаған позициясы. Осы екі жақтылы фактордың қайсысын қалай ұғындыруды мақсат тұтқан жазушы ең әуелі бейнелемек болған дәуірін бес саусақтай білуі керек. Әсіресе Райымбек батыр секілді халық ұғымында барған сайын әулиелік қасиеті басым орынға көтеріліп бара жатқан тарихи тұлға жөнінен тіпті де солай. Өйткені батырлық пен әулиеліктің ара-жігін ашып беру үшін нақты дерек пен шынайы болмысты ғана жаза салудың көп адамды нандыра бермейтіндігі рас» [13]. Романда Райымбек бейнесі батырлығымен қоса, сұңғыла әулиелік сипатымен де көрініс тауып отырады. Олай болуы заңды. Себебі халықтық ауыз әдебиеті мұрасында сақталған аңыз-әңгімелердің дені Райымбектің жастайынан айрықша сәби болып туылуы, бала кезінен өжеттігімен көзге түсуі, тапқырлығы, көріпкелдігі сынды қасиеттерінен сыр шертеді. Ж.Тұрлыбайұлының шығармасында сол қатардағы аңыз эпизодтары мейлінше нанымды, реалистік арнада өрнек тапқан.

Жазушының өзі роман жазарда Ә.Ибрагимов, Қ.Ұлтарқов, М.Әлдербаев, С.Есбергенов сынды қариялардың Райымбек батыр туралы әңгімелерін басшылыққа алғанын айтады. Бұдан бөлек романға арқау болған аңыздардың айтушылары қатарында

батырдан тұқымынан тараған, оның Әбутәліп Нұрбекұлы, Иманғожа Мұстапаев, Шәкен Манабаев, Арысбек Әлғожаұлы, Досжан Әқбиұлы сынды қариялар бар. Ал осы Райымбектің ата-тегі, батырлық жорықтары, әулиелігі жайлы әңгімелерді жинап, жариялаушылар қатарында Қ.Сауранбаев пен Т.Қауынбайұлының ролі ерекше. Осы айтылғандардың ішінде «Райымбек батырдың шайқастары» [14] атты қолжазбаның дереккөз ретінде «Райымбек батыр» романына негіз болғанын аңғарамыз. Қ.Сауранбаевтың 92 беттік қолжазбасынан қалмақ қоңтайшылары мен батырлары туралы деректерді пайдаланғанын роман авторы да жоққа шығармайды [15]. Осы орайда Б.Нұржекеұлы Қ.Сауранбаев қолжазбасына: «Райымбек жайында дерек жинаған Қабылбек Сауранбаевтың «Райымбек батырдың шайқастары» атты қолжазбасы – кейбір кемшіліктеріне қарамастан, Райымбектану ілімінің негізі саналуға татитын еңбек», – деген баға береді [16].

Райымбектанудағы шешімін таппай келе жатқан тағы бір мәселе – Райымбек Түкеұлының өмір сүрген жылдарына байланысты. Кейбір энциклопедиялық басылымдарда оның туған жылы 1705 деп көрсетілсе (қайтыс болған жылы белгісіз) [17, 426], тағы бір дереккөздерде 1730-1814 жылдар деген дерек те кездеседі [18, 508 б.]. Баспасөз бетінде осыған қатысты көптеген қарама-қайшылықты пікірлер легі жарық көргені белгілі. Журналист зерттеуші Р.Сәрсенбайұлы көптеген дереккөздерді салғастырып талдай келе, Райымбек Түкеұлының 1705 жылы дүниеге келгеніне мейлінше иландыратын деректер келтіреді. Солардың қатарында Р.Қилыбаев, М.Мақатаев, З.Сәнік, Б.Қыдырбекұлы тарапынан айтылған тарихи дәйекті деректердің салмағы бар.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1979. – 240 б.
2. Алпысбаев Қ. Райымбек батыр // Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. Т.6. – Астана: Фолиант, 2005. – Б.426-430.
3. Әлдибекұлы Б. Албан ата балалары. Алжан-Шажса шежіресі. – Алматы: Үш Қиян, 2004. – 304 б.
4. Сауранбайұлы Қ. Райымбек батырдың шайқастары. Қолжазба. //Қит.: Қауынбайұлы Т. (2005). Ұран баба Райымбек: эсселер, очерктер, дастандар, баяндар. – Алматы: Толағай Т. – Б.: 123-186.
5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. – Алматы, 1964.
6. Райымбек батыр // Бабалар сөзі. 100 томдық. Т. 59. Эпос. – Астана: Фолиант, 2008.
7. Бабалар сөзі. 100 томдық. Т. 87. Аңыздар. – Астана: Фолиант, 2008.
8. Бекниязов Т. Деректі жанр // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
9. Бейсенов Д. Тарихи роман хақында // Семей таңы. – 1972, маусым - 20.
10. Мәсімханұлы Д. Райымбек батыр – тарихи тұлға // Егемен Қазақстан. – 1995, ақпан – 23.
11. СауранбаевҚ. Райымбек батырдың шайқастары // Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. – Б. 73-139.
12. Тұрлыбайұлы Ж. Райымбек батыр жайындағы тарихи деректер романға қалай арқау болды? // Дала мен қала. – 2005. - №31.
13. Нұржекеұлы Б. Райымбек батырдың серіктері [http://www.aikyn.kz/index.php?option=com\\_content&task=view&id=9288&Itemid=2](http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=9288&Itemid=2)
14. Қазақ совет энциклопедиясы. Т.9. – Алматы, 1976ж.
15. Жетісу. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004ж.
16. Нұржекеұлы Б. Райымбек батырдың серіктері
17. Қазақ совет энциклопедиясы. Т.9. – Алматы, 1976ж.
18. Жетісу. Энциклопедия – Алматы: Арыс, 2004ж.

МРНТИ 17.07.29

М.К.Айтимов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТАРИХИЛЫҚ – КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ДАМУЫНЫҢ ДӘНЕКЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихының кеңістігіндегі шығармалардың реалистік сипатына негіз болған ерекшелік – деректілік туралы сөз болады. Деректілік – өнер туындыларының барлығын да адамдардың қабылдау дүниетанымын танытатын өмір шындығының көрсеткіші. Деректер жиынындағы материалдар аясында қаламгерлердің қиялынан туындаған тұжырымдары да тиянақты дәйектелгендіктен сенімді, нанымды беріледі. Қазақ әдебиетіндегі деректі романдардың жазылуында да осындай ұстаным сақталғаны қарастырылады. Қазақ әдебиетінде классикалық үрдістер деңгейіндегі жетістіктері - ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік ойлау дүниетанымы сабақтастығының көрінісі. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі деректі романдар да тарихилық негізділікті мол қамтитындығымен бағаланады. Бұл романдарда ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихының материалдық және рухани мәдениет салаларындағы даму оқиғалары, кеңестік кезеңнің жетістіктері мен кемшіліктері, көрнекті тарихи қайраткерлердің әрқайсысына тән даралық сипаттары, қоғамның, мемлекеттің, әртүрлі шығармашылық, шаруашылық ортаның қарым - қатынастарындағы қайшылықтар мен қақтығыстар – бәрі де нақтылы өмірлік деректер бойынша баяндалады. Қазақ прозасындағы роман жанрының әлем әдебиетіндегі үлгілермен тектесе дамуына ықпал еткен ХХ ғасырдың басындағы әдеби үдеріс, жеке қаламгерлер туралы байыптаулар жасалды және деректі романдардың қалыптасу, даму сабақтастығы теориялық-методологиялық сабақтастығымен жүйеленді.

**Кілт сөздер.** Тарихилық, рухани, дәуір, ғасыр, форма, эпика, өркениет, кеңістік, философия, әлеуметтану.

М.К. Aitimov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

## HISTORICAL AND ARTISTIC WORD IN THE MODERN KAZAKH PROSE - DEVELOPMENT OF KNOWLEDGE OF KAZAKH LITERATURE

*Abstract*

The article has specificity, which is the basis of the realistic nature of the works in the history of Kazakh literature. Definition is an indicator of the reality of life, which reflects the worldview of people, as well as all works of art.

It emphasizes the continuity of generations for the long-term self-development of people, as well as the fact that the data system was not influenced by epic spaces in the literature. The conclusions made as a result of creating creations in the materials of the data set are also convincingly conveyed, since they are sufficiently consistent.

The same can be said about writing documentary novels in Kazakh literature: the success of classical movements in Kazakh literature is a manifestation of the continuity of national and universal artistic thought. Documentary novels in modern Kazakh literature are also evaluated

with high historical accuracy. In these novels, events in the material and spiritual culture of the history of Kazakhstan in the second half of the 20th century, achievements and shortcomings of the Soviet period, personality traits characteristic of each of the prominent historians, contradictions and conflicts in the relations of society, the state, various creativity, economic environment - submitted data. The literary process of the early twentieth century, which contributed to the development of the novel genre in the Kazakh proverb in world literature, gave new clues about individual writers and was systematized with the theoretical and methodological continuity of the continuity of documentary novels.

**Keywords:** historicism, spiritual, epoch, age, form, epic civilization, space, philosophy, sociology

*М. К. Айтимов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан*

## РАЗВИТИЕ ИСТОРИКО-ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

### *Аннотация*

В статье есть специфика, которая является основой реалистического характера произведений в истории казахской литературы. Документальность - это показатель реальности жизни, который отражает мировоззрение людей, а также все произведения искусства. Выводы, сделанные автором достаточно убедительны и последовательны. Оценивается высокая историческая достоверность - документальных романов в современной казахской литературе. В этих романах, описываются события о материальной и духовной культуре истории Казахстана во второй половине 20-го века, достижения и недостатки советского периода, черты личности, характерные для каждого из выдающихся личности, противоречия и конфликты в отношениях в обществе, государстве, в творчестве, экономической среде. Литературный процесс начала XX века, который способствовал развитию жанра романа в казахской прозе в мировой литературе, дал новые сведения об отдельных писателях и был систематизирован с теоретико-методологической преемственностью документальных романов.

**Ключевые слова.** Исторический, духовность, возраст, формальность, эпика, цивилизация, космос, философия, социология.

**Кіріспе.** Тарихилық – элем халықтарының сөз өнері мұраларының жазылуына, адамдардың рухани жан әлемінен берік орын алуына негіз болған шынайылық негізі. Адамзаттың әуелгі пайда болуынан қазіргі заманға дейінгі қалыптасуы мен дамуы кезеңдері, ондағы тарихи тұлғалар, оқиғалар, құбылыстар, т.б. – бәрі де тарихта болғандығымен айқындалады. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірдегі және кейінгі ғасырлардағы мұралардың мазмұны мен пішінін құрайтын тарихи тұлғалар, оқиғалар – уақыт шындығының жемістері болып бағаланады. Қазақ тарихының ежелгі өнері мұраларының сақ («Алып ер Тоңға», «Шу» дастандары), ғұн («Оғыз қаған», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандары) – бәрі де тарихилық негізіндегі эпикалық шығармалар.

Қазақ жазба әдебиетінің қазіргі заманғы эпикалық түрлерінің (поэма, роман) тарихилықпен жазылуына осы аталған шығармалардың көркемдік негіз-үлгі болғандығы ақиқат. Осы арада белгілі әдебиеттанушы-ғалым Н. Келімбетовтің сақ, ғұн дәуірі тарихи дастандарының поэтикасы хақындағы пікірі эпикалық жанр шығармалары табиғатының қалыптасу даму эволюциясын түсінуге бағдарлайды:

«Сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген жоқтау, мақтау түріндегі өлең үлгілері, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, бертін келе Түрік қағанаты тұсында жазылған ерлік жырларының шынайы көркем шығарма ретінде қалыптасуына үлгі – өнеге, модель – форма болды.

Сақтар мен ғұндардың ерлік дастандарында белгілі бір батырды мадақтау немесе оны жоқтау түрінде айтылатын үлгілері, бертін келе Түрік қағанаты тұсында жаңа қоғамдық-әлеуметтік жағдайға сәйкес өзінің мазмұны мен экспрессивтік-эмоциялық бояуларын өзгертті. Енді қаһарманды мадақтау немесе жоқтау мүлдем жаңа қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынаға ие болды. Ерлік жырларында батырды мадақтау, яки жоқтау өлеңдерін бұрынғыдай жеке адамға ғана емес, бүкіл түркі еліне қарата айту көркемдік дәстүрге айналды. Жоқтау өлеңдерінің жаңа мағыналық қырларын күшейтіп, оның эмоциялық әсерін арттыратын бейнелеу тәсілдері жетіле түсті» [1., 11]

**Әдістеме.** Бұл – қазақ әдебиетіндегі кейінгі көп жанрлы жазбаша дәстүрдің дамуына негіз болған үрдіс үлгісі. Оның ішінде эпикалық дастандардың тарихилық негізділігі де жеке тұлғалар мен олар өсіп-қалыптасқан әлеуметтік-қоғамдық ортаны, табиғат құбылыстарын, мекендерін кең қамтып жырлауды қалыптастыруымен ерекшеленеді.

Қазақ әдебиеті тарихының байырғы сақ, ғұн дәуірлеріндегі эпикалық шығармаларының құрылысында халықтың қанатты сөздерінің, мақал-мәтелдерінің, тұрмыс-салт өлеңдерінің, шешендік толғаныстарының – бәрінің тұтаса құралуы қалыптасқан көркемдік үрдіс тағылымын дамытты. Жазбаша әдебиет кемелдене дами келе көрнекті романдардағы кейіпкерлерді даралау, мінездеу, оқиғалардың деректілік шындығы мен ойдан қосу тұтастығын үйлестіру – бәрі де тарихилықтың негізділік заңдылығы жүйесін құрады.

Қазақ әдебиеті мұраларындағы тарихилықтың көрнекті үлгілері – байырғы түркі өркениеті дәуіріндегі жазбаша ескерткіштер. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2001 жылғы 18 мамырда Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінде Күлтегін ескерткішінің тұсаукесеріндегі сөйлеген сөзінде мұралардағы тарихилықтың ұлттық және жалпыадамзаттық ортақ мұраттарды игерудегі маңызын айрықша атап көрсетті:

«Тарихты әділет тұрғысынан объективті таразылау, әрдайым осы қағидаттан айнымау – ғылыми үдерімнің биік мұраты болуға тиіс. Бүгінге дейін халқымыздың басынан кешірген тарихи шындықты ғылыми ақиқат биігінен саралап беруге түрлі объективтік және субъективтік себептердің салдарынан мүмкіндік болмағаны да рас.

Қазіргі ғаламдану үрдісі, халықаралық қарым-қатынастар өрісінің ашылуы, соның ішінде ғылыми-ақпараттық кеңістіктің кеңеюі – көптеген көкейтесті күрделі проблемаларды бірлесіп шешуді талап ететіні мәлім.

Бұл ретте түркі өркениетінің текті де терең тамырлы тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терең таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңірудің, олардың бойына ешкімнен кем түспейтін тарихының барына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отаншылдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше» [2.,12].

Демек, тарихилық – адамдардың ұлттық-отаншылдық көзқарастарының, өткен мен бүгінді және болашақты жалғастыратын сенімінің дәнекері.

**Нәтижелер.** Қазіргі қазақ романы – әлем әдебиетінің классикалық үрдіс деңгейінде дамып келе жатқан жанр. Дәстүрлік және көркемдік негіздері – қазақтың фольклоры мен әдебиеті мұралары. Әлем әдебиеттері классикалық үлгілерімен әртүрлі сипаттағы ықпалдастықтар, байланыстар жағдайында жетілген, дамыған ұлттық сөз өнері туындыларын қазіргі әдебиеттану қисындарымен саралау, байыптау арқылы біз әлем өркениеті кеңістіктеріндегі өзіндік деңгейімізді анықтаймыз. Қазақ романының жалпы

поэтикалық мәселелерін қарастыруда Ахмет Байтұрсыновтың, Сәбит Мұқановтың, Мұхтар Әуезовтің, Қажым Жұмалиевтің, Зейнолла Қабдоловтың, Серік Қирабаевтың, Тұрсынбек Кәкішевтің, Хасен Әдібаевтің, Рахманкүл Бердібаевтың, Рымғали Нұрғалиевтің және т.б. аға буын ғалымдарымыздың тұжырымдары басшылыққа алынды.

Қазақ прозасындағы роман жанрындағы шығармаларды арнайы қарастырып жүрген және әдебиеттің тарихына, теориясына, сынына арнап іргелі зерттеулер жазған көрнекті қазіргі әдебиеттанушы ғалымдарымыздың (М.Атымов, Ш.Елеуқенов, Т.Сыдықов, Т.Рахымжанов, Т.Есембеков, Ж. Дәдебаев, Д. Ысқақұлы, М. Хамзин, Б. Майтанов, Қ. Әбдәзүл, Б.Әбдіғазизұлы, Қ.Алпысбаев, З.Бисенғали, Қ.Ергөбек, Б.Ыбырайым, Р.Тұрысбек, А. Ісімақова, Г. Пірәлиева, т.б.) еңбектері [3.,163] жаңа бағыттағы зерттеулер үшін тың бастамашыл тұжырымдарымен маңызды.

Зерттеушілеріміздің тұжырымдарын жалғастыра зерделеу – уақытымыздың өзекті мәселесі.

Тарихилық – адамзат өркениетінің мыңжылдықтар белестерінен өткен жолының күретамыры. Адамзат ұрпақтарының ғасырлар бойы қалыптасқан, дамыған дамуының үзілмеген жолы, дәстүрлері, көркемдік ойлау жемістері осы тарихилық желісімен сабақтасып келеді. Материалдық және рухани мәдениет қазыналарының барлығы белгілі кезеңдерде, дәуірлерде негізі қаланып, уақыт пен кеңістіктегі өзіндік орындарымен ұрпақтардың санасына сіңді.

**Талқылау.** Қазіргі қазақ романдары – сөз арқауындағы тарихилық негіздерінің жемістері. Уақыт пен кеңістіктегі тарихи оқиғалар, тұлғалар тарихи шындық жинақтауларымен, қаламгерлердің көркемдік шешімдерімен халықтық қабылдауға ұсынылуда. Эпикалық шығармалардағы қоғамдық - әлеуметтік құбылыстардың қайшылықтары тіршілік заңдылықтарымен үйлестіріле қамтылады. Халықтың өткені мен қазіргі хал-ахуалын тарихи оқиға желісімен сабақтастыра өрбіте отырып, адамдардың келешекке деген кемел серпілісін бейнелеген туындылар көп ғасырлық тарихи мәдениеті бар халықтың классикалық әдебиетінің әлем өркениетіндегі лайықты маңызды орнын белгілейді.

Қазіргі қазақ романдарындағы өмір шындығы бейнеленуінің негіздері халық әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Қазақтың халық әдебиетінде ғасырлар бойы қалыптасқан еңбек, шаруашылық кәсіп түрлері, тұрмыс-салт, әдет - ғұрып дәстүрлері, қоғамдық-әлеуметтік, қарым-қатынастар жүйесі, т.б. сан алуан мәселелер қамтылады. Қазақ сөз өнеріндегі кәсіби жазбаша әдебиеттің көркемдік негізгі болған халықтық сөз өнері мұралары да өмір шындығы құбылыстарын қамтуымен ұрпақтардың көркемдік ойлау дүниетанымын қалыптастырды.

Өмір шындығы – фольклор мен әдебиет мұраларына негіз болған тіршілік әлемінің көрсеткіші. Адамдар мен оларды қоршаған тіршілік қозғалыстары жүйесінің шынайы болмысын сөз өнері туындыларында бейнелеу арқылы өзара сабақтас үндес немесе бір-біріне қарама-қайшылықты әрекеттер, құбылыстар әлемі айқындалады. Өнер туындыларына арқау болатын өмір шындығы болмысын елестеу үшін Әбу Нәсір әл - Фарабидің «Мәселелер мәні» философиялық еңбегіндегі пікіріне назар аударуға болады:

«Қозғалыс пен тыныштықтың басталуы, ол сыртқы қысым немесе өмір, болмаса, табиғат деп аталады. Қозғалыстың кей түрлері еріксіз болады, мұндайда олардың басталуын өсімдік жаны дейді немесе ерікті болуы ықтимал. Бұл жағдайда оның бірқалыпты немесе тұрлаусыз болуына қарамастан, олардың басталуын хайуан жаны және сфера жаны дейді. Уақыт осы қозғалыспен байланысты. Уақыттың шегі сәт деп аталады. Қозғалыста уақыттың басы да, аяғы да болуы мүмкін емес. Осылайша, бір жағынан, қозғалатын әлдене болуы тиіс, екінші жағынан, қозғаушы болуы керек» [4.,55].

Демек, өмір шындығы – қозғалыс пен тыныштықтың өзара сабақтас құбылыстарынан құралатын тіршілік келбеті. Көркем шығармалардағы өмір шындығы



дамылсыз сапырылысқан үндес әрі қарама-қайшылықты қозғалыстар жүйесін бейнелейді. Ал, тыныштық ұғымының өзі де өмір шындығы қозғалыстарының аясында айқындалады. Тарихи кезеңдердегі оқиғалардың өрістеуі мен белгілі бір нәтижелер арқылы аяқталуы да қозғалыс пен тыныштық сабақтастығы тағылымын аңғартады.

Көркем әдебиеттегі эпикалық көлеммен өмір шындығын мол қамтып жазуда халықтың тарихындағы оқиғалардың, тұлғалардың, әлеуметтік ортаның сырлары, қайшылықтары жинақталады. Нақтылы тарихи деректерді мол жинаған қаламгердің туындының композициясындағы құрылымдық желіні сабақтастырудағы өзіндік қорытулары, идеялық желілі ойларын ұштастыруы, кейіпкерлердің монологтары, диалогтары, әр түрлі әлеуметтік топтардың қарым-қатынастары арқылы мағыналық мақсаттарды орындауы – бәрі де шығармашылық зертханасы психологиясы табиғатын құрайды.

Жазушының шығармашылық психологиясы арқылы өмір шындығы мен тарихи шындық ерекшеліктері тұтаса қорытылады. Қаламгердің тарихи деректерді жинақтау барысында туындаған көркемдік ойлау әлемі, туындыгерлік дүниетанымы эпикалық шығарманың мазмұны мен пішіні жүйесін құрайды. Қаламгер өмір шындығы деректерін көркемдік ойлауға тән жинақтаулармен, қиял жемістерін қосумен байыта дамытады. Қаламгер тарих жолындағы табиғи құбылыстар сабақтастығын толық негізге алады. Фольклор, этнография, этнология, тарихнама, философия, география, өнертану, экономика және т.б. сан алуан салалардың мұралары, ғылыми-зерттеу нәтижелері – бәрі де талантты қаламгердің шығармашылық психологиясын құрайды.

Қазақ романы жанрының қалыптасуы мен дамуы жолында біз қазақ прозасындағы осындай саналуан мәселелерді қамтыған қаламгерлердің шығармашылық психологиясының әлемдік әдеби үдеріске сай екендігін аңғарамыз. Әбу Нәсір әл-Фарабидің «Бақытқа жету жайында», «Қайырымды қала» т.б. философиялық трактаттарынан бастап, Қорқыттың «Қорқыт Ата кітабы», Захир ад-дин Бабырдың «Бабырнамасы», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиі», Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы», одан берідегі Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері, Шоқан Уәлихановтың ғылыми очерктері, хакім Абайдың «Онегин–Татьяна» романы, қара сөздері – бәрі де қазіргі қазақ романдарына тән тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасының негізін құраған прозалық мұралар болып саналады.

Көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылығына орай, қазіргі қазақ прозасындағы романдардың тарихилық негіздері төл әдебиетіміздің алғашқы жазбаша туындыларынан бастау алады. Бұл – әлем өркениеті дамуындағы қазақ сөз өнері шығармашылығы жолының табиғи өсу тағылымын танытатын маңызды көрсеткіш.

Эпикалық шығармашылық үрдіс әдебиетіміздің Қазақ хандығы (XV-XVIII ғғ.) және XIX ғасырлар кезеңдеріндегі авторлы шежірелік шығармалар Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ шежіресі», Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі», т.б. қисса-дастандар, тарихи жырлар жанрлары арқылы да жалғасты.

Қазақ романистикасының қалыптасуы, даму тарихында XX ғасырдың бас кезіндегі эпикалық шығармалар айрықша орын алады. Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ–Мария» романдары да қазақ тұрмысының тарихи шындықпен және қаламгерлік - көркемдік шешіммен қамтып бейнеленуімен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармаларда өмір шындығының тарихи шындықпен бейнеленуінде әдеби үдеріс желісіндегі Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», Б.Майлинның «Азамат Азаматыч», І.Жансүгіровтің «Жолдастар», Ж.Тілепбергеновтің, М.Жұмабаевтың, С.Сәдуақасовтың, М.Әуезовтің көркем прозалық шығармаларының да әрқайсысы да өзіндік орындарымен бағаланады.

Шәкәрімнің «Әділ–Мария» романы 1925 жылы жазылған. Романның сюжеттік-композициялық желісінде ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ ауылдарына ортақ өмір шындығы оқиғалары арқау етіп алынған. Көлемді прозалық шығарманың мазмұны мен пішіні жүйесінде классикалық әдеби шығармаларға тән әртүрлі көркемдік әдістер тұтастығымен жазылғандығы байқалады.

Романның идеялық-композициялық желісін құрайтын мынадай мәселелер айқын қамтылған: біріншісі – ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығы шамасындағы қазақ ауылының көшпелі тұрмыс жағдайының (қыстау мен жайлау арасындағы көшу-қону, малды жаю, т.б.) көріністері; екіншісі – қазақтың ұлттық-этнографиялық, ата-бабалық салт-дәстүрінің негізгі оқиға нысаны болғандығы. Басты кейіпкерлер Әділдің әкесі Жақсыбай мен Марияның әкесі Бақтыбайдың әуелі құда болып келіскені сюжеттік байланыс ретінде көрінеді.

Роман сюжетінің дамуы – бұрын атастырылған Әділ мен Марияның ержетіп, күйеу мен қалыңдық болып қосылғаны. Оқиғаның шиеленісі – Төребай болыстың баласы Еркінбектің бұрынғы қалыңдығынан бас тартып, енді Марияға (алып қашу әрекетін де жасап) үйленгісі келіп, зорлықпен киліккені. Сюжет оқиғасының шарықтау шегінде ұрлық істейтіні туралы жала жабылып – Әділ абақтыға жазықсыз қамалады. Мария қайғыдан ауырып қалады.

Түрмеден қашып қайта оралған Әділ Марияға қосылғанымен, озбыр болыс Төребектің баласы Еркінбектің қолынан екеуі де өледі. Сюжеттік шешім – мөлдір махаббат сезімінің мәңгілік сақталу беріктігін дәлелдеу.

1925 жылы жазылған қолжазба нұсқасының алғаш рет 1988 жылы жариялануына берілген «Түсініктерде»: «... автор бұл шығармасын «Қайғылы роман» деп атаған [5.,556], – деп көрсетілген.

Шәкәрімнің прозалық шығармалары қазақ және әлем халықтары әдебиетінде ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басында кеңінен өрістеген жаңа жазба романтикалық-реалистік шығармашылық бағыт өрістеуі арнасында танылады. Әлемдік әдеби дамудың желісіндегі ХҮІІ–ХІХ ғғ. белестерінде өзара жалғаса, тұтаса, тоғыса сабақтасқан сентиментализм, романтизм, реализм көркемдік бағыттар, әдістер қолданыстары да Шәкәрім мен онымен кезеңдес қаламгерлер туындыларында шығармашылық ізденістер жағдайында байқалды.

Бұл орайда, академик З. Ахметовтің «Шәкәрім Құдайбердіұлы» атты жаңа зерттеуіндегі ғылыми тұжырымын теориялық негізге ала аламыз:

«Шәкәрімнің қара сөз түріндегі шығармаларына келсек, ол қазақ әдебиетінде реалистік психологиялық прозаны қалыптастырып, дамытуға аянбай күш жұмсағанын атап айтуымыз қажет.

Мұны «Әділ–Мария» атты автор өзі «Қайғылы роман» деп сипаттаған шығармасынан, сондағы сан түрлі адамдардың іс-әрекеттерін, көңіл-күйін, мінезін бейнелеуінен, сондай-ақ табиғатты, мысалы, Шыңғыстауды кейіптеу тәсілімен жан бітіргендей етіп суреттерінен анық байқаймыз. Шыңғыстау бауырында, маңайында болып жатқан жай-жағдай, оқиғаларды біліп, сезіне алатындай әсер туады да, сөйтіп шығармаға тән психологизм, лирикалық сарын күшейе түседі» [б., 225].

Бұл – Абайға және оның дәстүрімен әлем өркениетіндегі классикалық әдебиет деңгейімен дами бастаған қазақ сөз өнеріне тән ортақ ерекшелік. Шәкәрім прозасында, оның ішінде «Әділ–Мария» романына тән өмірлік шындықты лирикалық-психологиялық сарынмен, көркемдік жинақтаудың озық тәсілімен бейнелеу қазақ романдарының кейінгі даму үрдісіне көркемдік даму негізі болып қалыптасты.

Мысалы, «Әділ–Мария» романы композициясының басталуынан бастап, авторлық лирикалық қаһарман атынан Шыңғыстаумен тілдесуі – қазақ ділінің өзіндік болмысын даралап танытатын лирикалық сыршылдықты аңғартатын ерекшелік. Таумен, аспанмен, Аймен, Күнмен, жұлдыздармен, желмен, т.б. саналуан табиғат мүшелерімен,

құбылыстармен сырласып өсетін, есейетін, ержететін, өмірден өткенше табиғатпен іштей сұхбаттасатын қазақ ділінің көркемдік ойлау әлемінің көрінісі бұл! Табиғат және адам іс-әрекеттерін, мінез-құлық құбылыстарын тұтастандыра кейде егіздей бейнелеу – әдеби шығарманың эстетикалық әсерлілігін күшейте түсетін ерекшелік.

Шәкәрімнің «Әділ–Мария» романындағы Шыңғыстауды кейіптеу тәсілі сипатымен бейнелеген жерлері қазіргі қазақ романдарына көркемдік негіз болғаны айқын байқалады. Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында, С. Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясынан, Ғ. Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал», С. Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық» және т.б. туындылардан табиғат пен адам болмысын егіздеу, кейіптеу тәсілдерімен бейнелеудің авторлық көркемдік шешіммен орындалғанын аңғарамыз. Мысалы, С.Елубайдың «Ақбоз үй» романындағы түнгі табиғат және ғашықтар қауышуы да классикалық үрдіс жалғастығының көрінісіндей сезіледі:

«Ай жылжып шекеге келді. Әлден уақытта үлкен ақ боз үйдің есігі болар-болмас қозғалып, ысырылып бір көлеңке бөлінді. Көлеңке сексеуіл арасына қарай жылжыды... Бұлыш сексеуіл тасасынан шықты. Балқия Ай сәулесі түсіп тұрған ақшаңқан қарлы алаңмен келеді Аспан таза. Толық Айдың ақшаңқан сәулесі қарлы төңіректі сүт жарық етіп тұр. Аяқ басқан сайын қар сықырлайды. Аттам жер сайын ербиген сексеуіл. Шашын төгіп, ақ білектерін Айға созған түн сұлуларындай. Немесе бұралып үнсіз билеген ақ балтыр қыздардай. Сексеуіл арасында үп еткен леп жоқ. Ықтасын. Бұта түптерінде ұйыған қалың көлеңке. Ай сәулесі үнсіз құйылған шағын алаңдай» [7.,44].

Қазақ прозасындағы алғашқы лирикалық-психологиялық роман үлгілерінің бірі Шәкәрімнің «Әділ–Мария» туындысындағы Айдың нұры мен адамдар, басқа да тіршілік иелері тоғысуынан туындайтын жан-жүйе тебіреністері қазіргі қазақ романдарында тотемдік ұғымдармен де сабақтасатын секілді. Пейзаждық суреттеулер мен тіршілік иелері сезім шалқуларының Ай нұрының әсерінен туындайтынына поэтикалық мағыналар ауқымы сыйғызылғандай сезіледі. Мысалы, Шәкәрім туындыларындағы түнгі табиғат құбылыстары мен Ай нұры аясындағы адамдар тебіреністерінің берілуі мен қазіргі қазақ романдарындағы тектес сарындылық анық байқалады. Мысалы, Ғ. Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» романының «Бөрібауыр дүние» атты бөлігіндегі осындай егіздеулік-кейіптеулік бейнелеулердің көркемдік шешімі оқырманды еріксіз ойлантады:

«Бір кезде жұлдыз жамыраған аспанда Ай туды. Қарауытқан құба жондардың иір-иір сұлбасы айшықтанып, түнгі дала аппақ нұрға шомылған, туған айдың толықсыған буы ма, шалқыған лебі ме, шөптің басын толқынлатып қырдың қоңыр самалы есті.

Ата бөрі Айға қарап ұлыды. Топ-толық, дөңгелек Айға бұл да көзін тіккен. Адымын ұзартпай алқымдаған әлсіздігі аяқ астынан ғайып болған. Тынысы кеңейіп, көкірегі ашылып, әлдебір мұң, зардан ада мадақ, қанды қыздырып, қайсар рухты оятатын тектің ұраны көмейін бүлкілдетті.

Ата бөрінің ұлыған үні күндізгіден өзгеше еді. Аспандағы Айдың нұры мен қырдағы бөрінің көзі шағылысып, шамырқанған атой жырынан түнгі тымық ауа шыңылдап тербеліске түсті» [8.,6].

Қазақ романдарындағы, жалпы қазақ әдебиетіндегі Ай нұры мен табиғат мүшелерін, адамдарды, басқа да тіршілік иелерін біртұтас ықпалдастық жағдайында бейнелеу – түркілік ата-бабалық наным-сенімдер тұтастығы негізінде бейнеленетіні ақиқат.

Шәкәрімнің «Әділ–Мария» романындағы ұлттық-этнографиялық ерекшеліктердің суреттелуі де эпикалық шығармадағы тарихилық шынайылығын аңғартады.

Роман композициясындағы қыстаудан жайлауға көшкен ауылдар-қозғалысы («Қыстаудан жаңа көшкен елдің жүгі орныкпай аударылып, бірі түйесін бақыртып қайта артып, бірі жүк артқан сиырын ауһаулап қуалап, ауған жүгін басып, ерлі-қатынды, бала-шағасымен шулап жүр» [9.,493] да қазақ тұрмысының тарихи шындық суретті айқын бояуларымен бейнеленген.

Қазақ ауылдарының қыстаудан жайлауға немесе әртүрлі аласапыран оқиғалар кезіндегі үдере көшуі қазақ романдарындағы өзіндік желілі тақырып болып табылады. Мысалы, сөз арқауындағы Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында да, С. Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясында да және т.б. қазіргі қазақ романдарында осы тақырып желісі тұрақты сақталады.

Әдебиеттанушы-ғалым Бақытжан Майтановтың «Әділ–Мария» романына байланысты айтқан пікірі де осы шығарманың ұлттық және әлемдік әдеби үдеріс сабақтастығына негізделген жаңашылдығын дәйектейді:

«Көркемдік баяндау құрылымы жағынан «Әділ–Марияның» екі түрлі өзгешелігі айдай анық. Бірі – композициялық жүйедегі пейзаж қызметінің ауқымы, екінші – диалог формасын пьеса үлгісіндей алу. Диалогта оқиға дамыту рәсімінен, кейбір мінездер сырынан мол хабар болса, табиғат дидары жазушының көкейкесті эмоционалдық әсері мен жан толғаныстарын қоса ашатын психологиялық бейнелеу тәсіліне айналады. Сонымен қатар, төңірек (ландшафт) кескіні шығармадағы мекен-жай (хронотоп) ұғымының басты қызметін атқаруға тиіс екенін түсінеміз» [10.,3-4].

Жинақтап айтқанда, Шәкәрімнің «Әділ–Мариясы» мен қазіргі қазақ романдары поэтикасындағы сабақтастық ұлттық әдебиетіміздің көркемдік үрдістері жетістіктерін дәлелдейді. Классикалық үздік жетістіктері сабақтасқан қазақ әдебиеті әлем өркениетіндегі жемісті жолымен дами береді.

Қазіргі қазақ романдары – көпғасырлық ұлттың сөз өнері дамуы тарихындағы аталған шығармашылық жол нәтижелерінің заңды жалғасы. XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы жаңа кезеңде қаламгерлер қазақ және әлем халықтары әдебиеттеріндегі қаламгерлердің шығармашылық өнер психологиясына тән озық үрдістер сабақтастығын жалғастыруда.

Қазіргі қазақ романы – ұлттық сөз өнері тарихындағы алдыңғы толқын суреткерлер қалыптастырған көркемдік үрдістің жалғасқан көрсеткіші. Әрине, қазақ сөз өнері алыптары да әлем әдебиеттеріндегі суреткерлер тағылымынан өнеге алды. Бұл орайда, қазақтың рухани мәдениеті тарихына қатысты жақтары жиі айтылатын А.С.Пушкин шығармашылығына назар аударуға болады. А.С.Пушкиннің прозалық шығармалары мен қазіргі қазақ романдарына ортақ тарихи шындық поэтикасының көркемдік үндестігі мәселесіне тоқталуға болады.

Әдебиеттану қисыны бойынша: "Тарихи шындық өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар, ойдан шығарылған жайлар аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып жүреді.

... Әрине, тарихи шығармада айтылмақ уақиғаның өзегі негізінен өмірде болған уақиғалардың аясында алынбақ. Сондықтан, жазушы маңызды тарихи жағдайларды, көптеген нақтылы деректерді анық білу қажет. Ол қанша көркем суреттеулерге барса да тарихи шындықты аттап өтіп, бұрмалауға хақысы жоқ.

Өткен дәуір қалай суреттелмесін, бәрібір сол кездің өз болмысын білдіруі керек. Шындыққа сай нанымды шығуы тиіс. Бұл үшін тарихи дерек көздеріне сүйену шарт» [6.,240].

Тарихи тақырыптағы прозалық шығармаларды жазуда қаламгерлер кезең шындығын дәйектейтін деректердің мол болуына мән береді. А.С.Пушкиннің «Капитан қызы», «Пугачевтің тарихы», «Ұлы Петрдің арабы» прозалық туындыларындағы тарихи деректер шығармалардың жазылуындағы реалистік сипатқа негіз болған. Мысалы, "Пугачевтің тарихы" атты прозалық шығармасында үкімет жариялаған материалдарды, шетел жазушылары шығармаларындағы детальдарды, кейбір қолжазбаларды, аңыздарды, көзі тірілердің куәлігін пайдаланғанын айта келіп, А.С.Пушкин былай дейді:

«Осы күнге дейін Пугачев жөніндегі ашылмаған іс бір кездері мемлекеттік құпия болып, бүгінде тарихи материалға айналған басқа маңызды қағаздармен бірге мемлекеттік Санкт-Петербург архивінде сақталып келген. Өзі таққа отырысымен император тақсыр бұларды тәртіпке келтіру туралы әмір еткен еді. Сөйтіп, бұл қазыналар подвалда талай рет су тасқынына ұшырап, апаттан әрең аман қалған жерінен шығарып алынған болатын».

Әлемдік классикалық мұралардың осындай тарихи деректер мен қаламгерлік қиял тоғысымен жазылатын шығармашылық үрдісі қазақ прозасының қалыптасуы мен дамуына да ықпалын тигізеді.

XX ғасырдың басынан аяғына дейінгі қазақ әдебиеті дамуының сипатындағы тарихи шындықпен жазу үрдісі шығармашылықпен дамытылды, әрбір қаламгердің өзіндік мәнері, стилі арқылы толыса, кемелдене түсті.

Тарих сахнасында тәуелсіз Қазақстан Республикасы атты жаңа мемлекеттің пайда болуы, қалыптасуы ұлттық сөз өнері шығармаларына да жаңа бетбұрыс, бағдар әкелді. Қазақ халқының көп ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық және рухани мәдениет қазыналарына жаңаша өркениеттік көзқарастар бойынша баға беру сөз өнері шығармалары мен тарихи зерттеулер үшін зор міндеттерді орындауды жүктеп отыр.

Қазіргі қазақ романдарындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелерін ғылыми-теориялық тұрғыда қарастырудың өзектілігі сөз арқауындағы әлемдік классикалық үрдістер ықпалдастығы, сабақтастығы жүйесімен байланысты бағаланады.

Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи шындық поэтикасы бағдарымен жазылған І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», З.Шүкіровтің «Сыр бойы», Қ.Шабданұлының «Қылмыс», Д.Досжановтың «Ақ орда», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», М.Мағауиннің «Мен», Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», «1986 жыл», С.Елубаевтің «Ақ боз үй» және т.б. романдар ұлттық әдебиетіміздің әлемдік тәжірибедегі үлгілермен үндестігін айқын аңғартады. Аталған романдардағы ұлттық тарихымыздағы қайраткерлер тұлғаларының, оқиғаларының барлығы да шындықты көркемдік шешіммен өрнектеудегі қаламгерлер шеберліктерін, өзіндік мәнер-машықтарын танытады.

Бұл орайда, белгілі әдебиеттанушы ғалым, профессор Т.Н.Рахымжановтың пікірі эпикалық шығармалардың мазмұны мен пішіні жүйесіндегі өмір шындығы бейнеленуінде авторлық ұстанымдар табиғатын түсінуге бағдар береді: «Қазіргі романның көркем бейнеленген объектісі – қоғамдағы элеуметтік-психологиялық құбылыстар, адамның жан қозғалысы, орталық және қосалқы кейіпкердің ішкі «менінің» өсу, кемелдену эволюциясы болып табылады. Жазушы қаһарманның сана өрісіне барлау жасап қоймай, соның негізінде элеуметтік өмірдің мәнді мәселелерін де көтереді.

Сонымен бірге қазіргі романдағы баяндау мәні мен құрылысы жағынан автормен тонның ішкі бауындай жалғасып жатады. Өйткені автордың өмір шындығына жақындап келуі, әртүрлі құбылыстарға деген позициясы мен дүниетанымдық көзқарасы да баяндаудан байқалады. Демек, шығарманың көркемдік жүйесіндегі баяндаудан автордың белсенділігі байқалады». Бұл пікір қазіргі қазақ романдарындағы тарихилықтың, деректерді мол қамтып жеткізетін эпикалық авторлық баяндаулар болмысын дәйектей түседі.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, қазақ сөз өнері дамуының көп ғасырлар бойы жалғасқан даму жолында тарихилық үнемі ықпалды орын алуымен ерекшеленеді. Ежелгі дүние мұраларынан бастап, қазақ прозасының қалыптасу, даму кезеңдерінің барлығында да тарихилық шығармалардың халықтық негізділігін сақтау, таныту негізі болу қызметін атқарады. Қазақ прозасындағы қазіргі роман жанры қалыптасуы кезеңіне дейінгі мұралардың барлығында да эпикалық шығармалар поэтикасының сабақтастығы үнемі жалғасумен келеді.

XX ғасырдағы қазақ романдарының жазылу тәжірибесі шыңдалу үлгі – мектебі болды. Романдардың прозалық, поэзиялық сипаттармен жазылуы да қаламгерлердің классикалық дәстүрлерді игеру қадамдарын жаңа ізденістерге жетеледі.

Қазіргі қазақ сөз өнеріндегі деректі романдар жазу үрдісі де ұлттық және әлемдік әдеби дәстүрлер тәжірибесін жалғастыру жолын танытады. Қазақстанның XX ғасырдағы тарихына арналып жазылған деректі романдар әдебиетіміздің халық тарихының шындығын ұрпаққа көркем шындықпен, азаматтық-отаншылдық көзқараспен жеткізудің құралы қызметін атқарады. Қазақстан Республикасының XX ғасырдағы және XXI ғасырдағы жаңа тарихының көрнекті тұлғаларын, елеулі тарихи оқиғаларды деректі романдар арқылы жазу – ұлттың өзін-өзі дұрыс тануына, рухани дамуына әсер етіп маңызды шығармашылық үрдіс.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 480 б.
2. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана қаласы, 2001 жылы 18–19 мамыр. – Алматы: «Ғылым» ҒЗО, 2001. – 584 б.
3. Егеубай А. Құлабыз. – Алматы: Жазушы, 2001. – 216 б.
4. Әл-Фараби Әбунәсір. Мәселелер мәні. Ғылымдардың шығуы туралы // Есім Ғ. Фалсафа тарихы: Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Раритет, 2004. - 50-66 бб.
5. Қабдолов З. Сөз өнері: әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1983. – 368 б.
6. Ахметов З. Асыл сөз арнасы. – Алматы: Арда, 2008. – 400 б.
7. Смағұл Елубай. Ақ боз үй. Трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005. – 528 б.
8. Құлахмет Ғабиден. Үйірі жоқ көкжал. Роман. – Алматы: Өнер, 2001. – 240 б.
9. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
10. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 2-т. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б. – «Атамекен» сериясы.

МРНТИ 17.82.31

*М.К.Айтимов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан*

### **АҚИҚАТ-АДАМДАРДЫҢ ШЫНАЙЫ КЕЛБЕТІНІҢ АЙҒАҒЫ (Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» деректі роман негізінде)**

#### *Аңдатпа*

Мақалада деректі романдар – қазақ сөз өнері шығармаларының халық тұрмысы шындығына негізделген табиғи болмысын танытатын реалистік мұралары екендігі сөз болады. Қазақ сөз өнері дамуының көп ғасырлар бойы жалғасқан даму жолында тарихилық үнемі ықпалды орын алуымен ерекшеленеді. Ежелгі дүние мұраларынан бастап, қазақ прозасының қалыптасу, даму кезеңдерінің барлығында да тарихилық шығармалардың халықтық негізділігін сақтау, таныту негізі болу қызметін атқарады. Қазақ прозасындағы қазіргі роман жанры қалыптасуы кезеңіне дейінгі мұралардың барлығында да эпикалық шығармалар поэтикасының сабақтастығы үнемі жалғасумен келеді. Романдардың прозалық, поэзиялық сипаттармен жазылуы да қаламгерлердің

Қаламгер философиялық түйін, қоғамдық-әлеуметтік тартысты бейнелеудегі көркемдік шешім, өз дәуірінің шындығын дәл бере білу үлгісін көрсеткен. Адамның ішкі жан әлемі, рухани дүниесі, көзқарасы, ойымен автор ойының үндесуі шеберлікпен суреттелген. Тарихи романда өмір турасындағы толғаныс, ұрпақ жалғастығы сынды көкейкесті мәселелер шебер философиялық толғаммен, қаламгердің талғамымен шебер үндесіп кетеді. Әр түрлі мінездегі кейіпкер бейнесін қарама-қайшы шендестіре отырып тұлғалайды. Олардың ойы, сезімі, адамгершілік қасиеттері әр басқа. Содан келіп туындайтын әрекеттері де қайшылықты. Бұл мінез өзгешелігінен туындайтын қарама-қарсылықты көрсетуді тарихи романшылар басты назарда ұстанған. Шығармада қаламгер сүйсіну мен жиіркенішті сезімді қатарластыра психологиялық параллелизм түрінде қарастырған.

Автордың ананың баласына деген абзал қасиеті сынды тым нәзік, құпиясы көп, сыры мол құбылысқа өз көзқарасы, ой қорытындысы, ұлттық жаратылысымызға сәйкес психологиялық суреттеудің айқын деректі сипаттамасын зерделейді.

Ұрпақ алдында ұлы жауапкершілікті сезінуден, ұрпақ мүддесі үшін жан-тәнімен қызмет еуден, қажет жағдайда өзіңді де құрбандыққа шалудан артық абырой жоқ дегенді білдіре отырып, романшылар өзіме болмаған ұрпағыма болса екен, өзім шықпаған биікке ұрпағым шықса екен деген ата-ананың арманды тілегін көрсеткен.

Қаламгер бейнелі сөздердегі тұрақты тіркестерді ұтымды қолданған. Тұрақты тіркестер автордың ойын білдіріп, мазмұнды тереңдетіп, оны ашық, айқын танытуға әсер еткен. Ойды аз сөзбен жеткізуде мақал-мәтелдерді шебер пайдаланған. Қыз сұлулығын, сипатын табиғаттың әсем дүниелеріне теңеу, балау, әсірелеу арқылы, көркемдік-эстетикалық тәсілдерін жетілдіріп, дамыта пайдаланған.

І. Есенберлиннің әйелдер бейнесін сомдауы оның суреткерлік идеалын және эстетикалық талғамын, көзқарасын, сондай-ақ қазақ әйелінің ішкі жан дүниесін зерттеуге ұмтылысын аңғартады.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Жұмалиев Қ. *Стиль – өнер ерекшелігі.* – Алматы: 1966. – 384 б.
2. Нұрғали Р. *Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму.* – Алматы: Жазушы, 1986. – 384 б.
3. Жұмағали З. *Уақыт және әдебиет.* – Қарағанды: Қарағанды университеті, 1999. – 336 б.
4. Мүсірепов Ғ. *Тұтқын қыз. Повестер мен ой-толғамдар.* – Алматы: Балауса, 1993. – 512 б.
5. Есенберлин І. *Он томдық шығармалар жинағы. Көшпенділер: Тарихи трилогия. Т.7.* – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
6. Алтысбаев Қ. *Тарихи шығарма: таным мен көркемдік.* – Алматы: 1999. – 271 б.
7. *Қазақ романы: өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография.* – Алматы: 2009. – 679 б.

*Ш.Құттыбаев<sup>1</sup>, Ж.Саметова<sup>1</sup>, Е.Абдимомынов<sup>1</sup>*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

### **Ш.АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

#### **Андатпа**

Мақала авторы ол кезде КСРО құрамында болған Қазақ КСР Семей облысының аумағында орналасқан ядролық сынақ полигоны және Байқоңыр ғарыш айлағы қазір бүкіл әлемді біледі деп жазады. Олар жергілікті тұрғындарға зұлымдық қана егіп, адамдар мен табиғатқа қатты қайғы әкелді. Өңірдің экологиялық жағдайы күрт нашарлады, халық арасында бұрын белгісіз аурулар пайда болды, мүмкіндігі шектеулі балалар, мутанттар дүниеге келді. Біздің жеріміз осы азаптардан зардап шегіп, жоқтап жатты, бірақ атом бомбасын сынау одан әрі жалғасты. Мұның бәрі біздің ғаламшар халқының ғылыми жаңалықтарының нәтижелерін жалған пайдалану болды. Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы бұл идея тайға таңба басқандай ашылып жазылған. Мақала авторы Ш.Айтматов планета халқын жер бетіндегі бейбітшілік пен табиғат пен қоршаған ортаның тепе-теңдігі үшін күреске бірігуге шақырады және осы туындылардың көркемдік ерекшеліктерін ғылыми түрде талдайды.

**Түйін сөздер:** роман, туындылар, планета, табиғат, космодром, ядролық полигон, апат, шетелдіктер, өркениет.

*Ш. Құттыбаев<sup>1</sup>, Ж. Саметова<sup>1</sup>, Е. Абдимомынов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

### **ГЛОБАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Ш. АЙТМАТОВА**

#### *Аннотация*

Автор статьи пишет, что атомный испытательный полигон, находившийся в то время на территории Семипалатинской области КазССР, входившей в состав СССР, и космодром Байконур сейчас знает весь мир. Они сеяли местным жителям только зло, причинило огромную боль народу и природе. Резко ухудшалось экологическое состояние региона, появились раньше неизвестные болезни среди населения, рождались дети – инвалиды, мутанты. Наша земля стонала, страдала от этих болей, но испытания атомных бомб продолжались. Всё это – результат безумных использований результатов научных открытий людей нашей планеты. Эта мысль в произведениях Чингиза Айтматова проходит красной нитью. Автор статьи отмечает, что Ч. Айтматов призывает людей планеты объединиться в борьбе за сохранения мира на земле и равновесия природы и окружающей среды и научно анализирует художественные особенности названных произведений.

**Ключевые слова:** роман, произведения, планета, природа, космодром, атомный полигон, катастрофа, иноземцы, цивилизация.

*Sh. Kutybaev<sup>1</sup>, Zh. Sametova<sup>1</sup>, E. Abdimomynov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

### **GLOBAL PROBLEMS IN the WORKS Of Sh.AITMATOV**

#### *Abstract*

The author of the article writes that the nuclear test site, which was at that time on the territory of the Semipalatinsk region of the Kazakh SSR, which was part of the USSR, and the Baikonur cosmodrome now knows the whole world. They sowed to locals only the evil, caused huge pain to people and the nature. The ecological condition of the region has deteriorated, a previously unknown disease has appeared among the population, children with disabilities and mutants were born. Our land groaned, suffered from these pains, but the tests of atomic bombs continued. All this is the result of the insane use of the results of scientific discoveries of the people of our planet. This idea is red thread in Chingiz Aitmatov works. The author of the article notes that C. Aitmatov calls on the people of the planet to unite in the struggle to preserve peace on earth and balance in nature and the environment, and scientifically analyzes the artistic features of these works.

**Keywords:** novel, works, planet, nature, cosmodrome, nuclear test site, disaster, foreigners, civilization.

**Кіріспе.** Жер бетінде тіршілік пайда болып, ХХ ғасырға дейін сан ұрпақ ауысқанымен, соңғы 100 жылға жетер-жетпес уақыттағыдай қарыштап дамып, зор жетістікке қол жеткен емес. Жедел өркендеген ғылым мен білімнің арқасында кезінде ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсарин арман етіп: «Өнер-білім бар жұрттар тастан сарай салғызған, айшылық алыс жерлерден, көзінді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызған» деп жырлаған армандар бүгінде бәріміздің күнделікті тіршілігімізде қолданар затымызға айналды. Мұның бәрі сайып келгенде, ғылыми-техникалық прогрестің шексіз, көз ілеспес жылдамдықпен дамуының арқасында мүмкін болып отыр. Ғылымның қарқындап дамуы нәтижесінде бұрын естімеген, елеусіз болған елдер әп сәтте-ақ бір-біріне жақындап, олардың мәдениеттерімен, салт-дәстүрлерімен етене танысып, сол елдердің ғалымдары қашықта отырып-ақ алыс-беріс ынтымағын жарастыруға қол жеткізді. Ғылыми прогрестің мұндай бағыттағы өрісі, әрине, біз үшін өте қолайлы да ұтымды. Бірақ, технология дамып, адамдар ғылым мен білімнің көкжиегіне құлаш ұрып, оны бағындырған сайын бірінен-бірі алшақтап, мейірімділік пен жанашырлық қасиеттерінен айырыла бастаған секілді. Олай дейтініміз, ғылым неғұрлым дамып, ел соғұрлым жаңарған сайын әлемдік деңгейде мемлекеттер арасындағы қақтығыстардың да жаңа түрі пайда болуда. Біз бүгінгі ХХІ ғасырда мемлекеттер арасындағы түрлі соғыстар мен діни алауыздық, жастарымыздың есірткіге әуестігі секілді ғасыр тажалымен бетпе-бет келіп отырмыз. Бұл мәселелердің қай-қайсысын алып қарасақ та, болашаққа ұмтылу мен мемлекеттің гүлденіп дамуына емес, қайта оның күйреп, жер бетінен бір жола жойылуына жұмыс жасап жатқан әрекеттер сияқты болып көрінеді. Қазіргі таңда сыртқы күштердің ықпалына бой алдырған жастарымыз өзі өмір сүрген орта мен ата-аналарын сыйлаудан қалып, бірі есірткіге бой алдырып жатса, енді біреулері түрлі діни ағымның шырмауына оралып, өзі бұрын танып білмеген жат жерге қолына қару алып соғысқа аттанып жатқаны жасырын емес. Міне, бұл қазіргі таңдағы бүкіл әлем елдерін алаңдатып отырған үлкен өзекті мәселе. Сонымен қатар ғылым мен техникалық прогрестің дамуын кейбір жекелеген елдер әлемге үстемдігін орнату үшін және басқыншылық әрекеттерін жүзеге асыру жолында пайдалануда. Адамзат баласына зиянын тигізер мұндай озық «жаңалықтар» жекелеген жандардың пайдасына да қызмет жасап жатыр. Өйткені, қазіргі өркениеттің дамыған тұсында мемлекеттердің өзара келіспеушілігі мен бір-біріне күш көрсетуі жылдан-жылға өршіп келеді. Бұл болып жатқан құбылыстар мен оқиғалар тек саяси басқосуларда ғана емес, сондай-ақ көркем әдебиетте де өзекті тақырыптардың арқауына айналды. Бұл жағдаяттар әлем әдебиеттерінде көптеген тың туындыларды дүниеге әкеліп, көркем әдебиеттің жаңаша арнада дамуына ықпалын тигізуде.

**Талқылау.** Заманының біртуар перзенті, әлем әдебиетінде өзіндік орны бар, қырғыз халқының шоқтығы биік жазушысы Шыңғыс Айтматов та өз шығармашылығында

аталған мәселелерге арнайы қалам тербеген. Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет», «Жанпида» романдары бүкіл әлемде орын алып жатқан, бүгінде ғасыр індетіне айналған мәселелер төңірегінде ой өрбітіп, асқақ үн қатуымен құнды. Мәселен, «Боранды бекет» романында автор жер планетасында орын алып жатқан оқиғалар мен өз қиялындағы өзге әлемдегі бейбітшілік туралы баяндай келіп, қазіргі ғылыми жетістіктердің қай бағытқа бет алғаны жөнінде ой қозғайды. Мәселе көтереді. Әлемдегі өзгерістер мен адамдар арасындағы зұлымдық, ғылыми жетістіктердің табиғат пен адамзат өркениетіне зияны жайында шығармада көркем әрі шынайы суреттелген. Автордың жер шарындағы тіршіліктің өзгеруі мен белгісіз планетадағы тіршілік көздерін қалай сақтау туралы ойлары терең де ордалы. Жазушы беймәлім әлемдегі тіршілік иелерінің қандай нәрсе болса да бірге жабылып, соның шешімін табуға ұмтылуын жердегі оқиғалармен салыстыра суреттеу арқылы адамзатқа ой салады. «...Орман Төстің осы бір тұсында көлемі Сахарадай шөл дала жылдан жылға жылжи түсіп, көгілдір шаштылардың тіршілік етіп отырған кеңістігіне қауіп төндіріп отырған көрінеді. Осы бір құрсақ құрғауы деген алапатпен айқас үшін планетаның ең таңдаулы күштері аса зор ғылыми және материалдық күш-қуат жұмсап жатыр. Ондай зұлмат заман келе қалса, Жер жарықтықтың халі қалай болмақ? Жер бетіндегі адам баласы бір-бірімен мәңгі-бақи түсінісе алмай, кіржіндесіп жүріп, ақыл-парасаттың өсу жолында көп нәрседен құр қалып қалғанын пенделер ойлар ма екен?» [2] – деп толғануы кешегі ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қырғиқабақ соғыс, КСРО мен АҚШ-тың өзара бақталастығы жайында болып отырғаны сөзсіз. Өйткені екі алпауыт держава арасындағы тайталастық пен бақталастық шағын мемлекеттерді де айналып өтпеді. Келмеске кеткен КСРО-ның әлемге қатер төндірген атом бомбасын жетілдіру жолындағы ізденісі мен оны қайта-қайта сынақтан өткізуі халықтар арасындағы тыныштықты бұзды, әрі полигон аймағында тұратын халықты ауру-сырқауға, айықпас дертке, қасіретке ұшыратты. Шын мәнінде алып империялар бұл қаруды өздерінің әлеуетін көрсету, айналасындағыларға сес көрсету үшін жасап отыр. Бірақ бұл жетістіктің, яғни ядролық жойқын қаруларды сынаудың тұтас әлемге залалы қаншама екенін қарапайым халықтар да біледі. Сол уақыттағы КСРО-ның құрамында болған бүгінгі Қазақстан Республикасының Семей өңірі, Байқоңыр ғарыш айлағы сынақ жүргізетін ашық алаң болды. Кеңес Одағы өзінің әскери қуатын арттырғанымен, қоршаған ортаны ойрандап, жергілікті бодан халықты қаншама қайғы-қасіретке ұрындырғанын жасырып, мойындағысы да келмеді. Ядролық сынақтың зардабынан экологиялық ахуал нашарлап, халықтар арасында түрлі аурулар тарап, жер бетін мекендеген тіршілік иелері мен перзентханада туылған сәбилер құбыжық кейіпке, мүгедек кемтарларға айналды. Міне, бұл да заманның ғылыми жетістігінің бір парасы екені рас. Ш.Айтматов «Құз басындағы аңшының зары» еңбегінде: «Ғалымдардың пікірінше, жер бетіндегі тіршілік бізден бұрын төрт мәрте пайда болып, төрт мәрте жойылған екен. Біріншісі, жер сілкінісі, екіншісі, қанды қырғын болса, үшіншісі, ғаламат қарудың әсерінен және соңғысы топан су басуынан мүлдем жойылып кетіп отырған». Ойлап қарасақ осы аталған қасіреттердің барлығы адамдардың менмендігі мен озбырлығынан орын алған жайттар екеніне көзің жетеді. Ш.Айтматовтың: «Адамдар табиғатқа шабуыл жасап болды, ендігі шабуылды табиғаттан күтеді» [3] деген ғұлама-ғалым Циолковскийдің сөзінің жаны бар-ау деген ойлар осындайда санамызды еріксіз билейді», дегені оның табиғат пен адамзат арасындағы байланыстың бұзылуына алаңдаушылығының тағы да бір айғағы. Автор бұл құбылыстарға жай ғана алаңдап қоймай, табиғат апатының алдын алу туралы әлемдік ой қозғайды.

Белгілі ғалым, сыншы Дандай Ысқақұлы Ш.Айтматов шығармашылығы хақында:

«Романда адамзат қоғамы үшін аса маңызды үлкен мәселе көтерілген. Ол – ғылымның жалпы қоғамға, халыққа қызмет етіп, дұрыс жолда дамуы. Өкінішке қарай, ғылым мен техниканың жетістіктерін түрлі айла-амалдармен халықты бағынышты ұстау,

керек десеңіз, күш қолданып, қырып-жою құралына айналдыруы да өмір шындығына айналып отыр. Тіпті ғылымның осылайша жекелеген мүдделерге орай теріс бағытта дамуы жер бетіндегі тіршілік атаулыға қауіп төндіре бастады» [4] – дейді. Міне, осы сияқты жалпы әлемдік қауырт проблемаларды дер кезінде көп болып біріге шешуге Шыңғыс Айтматов өткен ғасырдың өзінде-ақ шақырған болатын.

Өркениеттер дамыған сайын адам баласы мейірімділіктің, адамгершіліктің ауылынан алыстап, жеке-жеке бас пайдасының қамын күйттеп кетті. Мемлекеттердің менмендігі, ашкөздік пен тойымсыздығы, адамдардың табиғатқа аяусыз шабуылы тіршілік иелерінің жойылуына әкеліп соқтыруда. Бұл да жоғары парасат иелерінің қолымен жасалып жатқан жауыздықтардың бір парасы. Себебі, кешегі КСРО-да пайда болған «бәрі де біздікі, не істесек те еркіміз» деген жалған ұран экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына алып келді. Ш.Айтматов «Жанпида» романында адамдардың табиғатты мекендеген тіршілік иелеріне жасаған зобалаңын анық та қанық суреттеген. Мұнда Кеңес Одағының бес жылдық жоспарын орындау барысындағы адамдардың түрлі жауыздық әрекеттері сөз болады. Орталыққа ет өткізудің жоспарын кешеуілдеткен жергілікті колхоз басшылары жоспарлы ет орнын толтыру үшін дала тағыларын пайдаланады. Романда ұлы даланы еркін жайлаған киіктерді автоматпен атқылау ең майданда қарусыз жандарды жиып қойып атып-қырумен бірдей болғаны баяндалады.

Автордың: «... Мына вертолеттер киіктерді қақпайлап, осы арнаға әкеліп тықты ғой. Үсті ашық вездоход машиналарға мінген атқыштар автоматтарын кезеніп, қалың киікке көздеместен, кәдімгі пішен орғандай, оқ бүркіп, орып-орып жібергені-ай» [5], деп суреттеуі табиғат пен жаратылысқа адамдар тарапынан жасалып жатқан қастандықтардың ең сорақысы.

Кемеңгер жазушы Ш.Айтматов өз шығармашылығында адамзат пен табиғат арасындағы байланыстың үзіліп, қоршаған ортаға бүгінгі таңда жасалып жатқан зиянды әрекеттердің шектен тыс өршуін көркем шығармада шынайы бейнелейді. Бұл туралы жазушы Тахауи Ахтанов: «Айтматовтың қай дүниесін алсаң да, ар жағында айтылмаған еш нәрсе қалмаған сияқты. Әрбір өмір құбылысын, драмалық қайшылықтарды түбіне дейін үңгіп, әбден ширатып, ширқтырып береді. Оның кейіпкерлері екіұдайылықты білмейтін, дүдәмалдан аулақ кесек, сом тұлғалар да, суреттейтіні үлкен жан күйзелісі, ірі отты сезімдердің қақтығысы. Үлкен әлеуметтік проблема, азаматтық тақырыбы Айтматов шығармаларында бәсеңсіп көрген емес» [6], – деп жазады. Осы пікірде де терең шындық жатқаны белгілі.

Жер бетіндегі тірі жан иелері тіршілік үшін күресіп, бәрі де артында ұрпақ қалдыру, өз тұқымын көбейту үшін арпалысады. Жазушы дала тағылары – қасқырлардың өмірін суреттегенде бұл жыртқыштардың да өз ұрпағын өсіру мен тіршілік ету күресінде талай соқпақтардан өтуі сөз болады. Ал адамның жер бетін түгелдей игеріп, қыбырлаған жәндікке дейін өз кәдесіне жаратуы даланы еркін жайлаған жыртқыштардың жүріп-тұруына, ұрпақ өсіруіне кедергі жасайды. Романда еліктер қырылған қанды қырғында өлімнен әрең құтылған қасқырлардың туған жерін тәрк етіп, бұрын өзі баспаған бейтаныс жерге ауып кетуінің өзі шындық тұрғысында суреттеледі.

«Сөйтіп, сормандай Акбара мен Тасшайнар тағы да басқа жаққа ауып кетті. Енді олардың жолы тау жаққа қарай тартты. Ендігі жерде олар жан сақтайтын жалғыз мекен тек тау екенін түйсікпен сезді. Ақтұз асуынан асып түсіп, қасқырлар Ыстықкөл ойпаңына тап болды. Енді ары қарай барар жер жоқ: алдыда телегей теңіз жатты.

Бұл қасқырлардың ұрпақ қалдыру үшін соңғы рет жанталаса жасаған әрекеті еді» [5], – деген жолдардан аң екең аңдардың өзі өмір сүру үшін жанталасса, ал адамдар олардың тұқымын құрту жолында күрес жүргізетіні айқын көрініс табады.

Шыңғыс Айтматов қасқырлар өмірі арқылы сол жерді мекендеген адамдардың катал тағдырын астарлап суреттейді. Өйткені кешегі қылышынан қан тамған коммунистік

идеология КСРО-ның құрамындағы майда халықтарды туған жерінен күштеп жер аудару, қолындағысының бәрін тартып алып, өздерін ашаршылыққа ұшырату саясаты арқылы аз ұлттарды өздігінен жойылуға алып келді. Әйгілі қаламгер «Жанпида» романында ұсақ халықтардың аянышты тағдырын қасқырлар өмірімен астарлап жеткізсе, «Боранды бекет» романында автор бұрынғы жаугершілік замандағы халықтардың қолына түскен адамдарға қолданылатын «мәңгүрттік» әдістің осы заманғы заманауи үлгісін баяндап, қызыл империяға деген қарсылығын көркем шығармада шынайы бере алған. Ш.Айтматов кейіпкері Едіге екі заманның арасын жалғаған бұрынғы салт-дәстүрді сақтаушы тұлға болып бейнеленсе, Сәбитжан қанша білімді болса да өз ұлты, туған тілі, рухани құндылығынан мақұрым, жеңілтек жан болып суреттеледі. Бұл кешегі КСРО-ның құрамындағы аз ұлттарға жасалған ұлтсыздандыру саясатының салқыны болса, ол қазіргі жаһандану заманында да күрделі мәселе күйінде қалып отыр. Осы арада жазушы өз туындылары арқылы жер бетіндегі ұлттарды өзінің ұлттық болмысын сақтап қалып, әлемде бейбітшілік орнатып, ұрпақтар жалғастығын баянды ету үшін тұтас жаһан болып күресуге үндейді.

Ұлы суреткердің «Жанпида» романы – бұл бүкіл жаһандық өзекті проблемаларды көтеріп, адамзатты ізгілікке шақыруымен құнды. Романдағы Шу өңіріндегі қарасораның зардабын жан айқайымен суреттеуі қазіргі таңда ғаламдық деңгейде күн тәртібінен түспей тұрған нашақорлық індетіне қарсылығының айғағындай. Қарасорадан есірткілік заттар алу үшін сонау Ленинградтан бері қаншама адамның пойызбен немесе жүк составтарымен келіп, таңсәріден тыржалаңаш шешініп тастап қарасораның арасымен жүгіруі, ақыры жалаңаш денелеріндегі тозаңды қолдарымен уқалап алып, есірткі жинауы адамзаттың есірткі үшін азғындықтың жолына қалай түскенін көрсетеді. Олар жай кетпей, бір-біріне қастандық жасаудан да тартынбайды. Жер бетіндегі парасат иесін ақыл-естен айыратын мұндай тажал бүгінде ұрпақтың өсуіне емес, керісінше, көктей солып өшуіне ықпал етуде. Қарасора жинаушылардың әрекеті адам баласының өзіне және болашаққа жасаған қастығы, жер бетіндегі зұлымдықтың шарықтау шегі деуге болады. Шыңғыс Айтматов туындысының өміршеңдігі мен құндылығы романға арқау болған оқиғалардың шегі ХХ ғасырмен ғана шектелмей, ХХІ ғасырдың да табалдырығынан бері аттап, адамзат өміріне қауіп төндіруін ескертуінде және оған автордың қарсылығында жатыр.

Бүгінде, ғаламдық өркениеттің көкжиегі көрінген тұста бұл індеттердің қалыспай келуі адамдық парасаттың әлсіреуінен орын алып жатыр. Әлемнің екінші ұстазы атанған ғұлама ғалым, ұлы ойшыл Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы мен жаманды айыруына көмектесетін күш» [1], – деп адам бойындағы ақыл-парасаттың бәрінен биіктігін дәріптесе, бүгінде сол «биік парасат иелерінің» есірткіні бизнестің ошағына айналдырып отырғаны да жасырын емес. Біздің қоғамдағы өрімдей қыз-жігіттердің суицидке баруы, өзіне-өзі қол жұмсауы осы есірткінің зардабынан орын алып жатқан дүниелер. «Күн мен түндей жақсылық пен жамандық қатар жүрер» деп дана халқымыз айтқандай, адамның тек құлқынның құлы болып, көкірегіндегі адамгершілік сезім мен рухының сөнуі, жарқ еткен жарық сәулесін өз қолымен өшіруі бүкілхалықтық қасірет деуге болады. Романда сонау шалғай жер шетінен Шу өңіріне бет алғандардың арасында әлі бұғанасы қатпаған Ленканың да болуы, өмірге енді қадам басқан жас бүлдіршіннің өмірлік дұрыс жолды дұрыс таңдай алмауы, оны тура жолдан айнытқан үлкендердің қатігездігі жайында баяндалса, бұл да әлгі халық қасіретінің бір көрінісі. Жазушы мұнда жастарды ертеңгі мемлекет тірегі, адамзатты жалғастырушы ретінде суреттей келіп, нашақорлық індетке бүкіл әлемнің назарын аударып, жалпы адамзат баласын оған қарсы тұруға шақырады. Кеменгер жазушының бұл үндеуін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымында жасаған «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесі де қостағандай. Елбасы мұнда: «ХХІ ғасырға аяқ басқан адам баласы қиялдың өзін

таңғалдыратын ғылыми жаңалықтар ашып, жаңа буын технологияларын жасап жатыр. Адамзат өз дамуының сапалы жаңа сатысына өтуде. Әлем Төртінші өнеркәсіп төңкерісінің табалдырығында тұр. Көптеген қорқынышты аурулардың тамырына балта шабылуда. Бірақ соғыс вирусы халықаралық жағдайды ушықтыруын жалғастыруда. Ол бірқатар мемлекеттерде экономиканың өлім ұрығын себетін ең қуатты саласына айналып, әскери-өнеркәсіптік кешеннің әлеуетін арттырып отыр» [7], – деп, жаһан халқын әлемдегі тұрақтылықты сақтауға, адамзат өсуінің жолы мен жарқын болашағы үшін бейбітшілікті нығайтуға шақырғаны белгілі. Қарап тұрсаңыз жазушы мен қайраткердің ойлары бір арнада тоғысып, бүкіл дүние жүзін ойландырғаны анық.

«Біреудің жақсы ісін көрсең, оны ардақтай біл, күнәліні кешіре біл, өзіңе де, өзгеге де жақсылық тіле» [1] деп Ахмет Югнаки айтқандай, дүниеде орын алып отырған проблемаларды тек өз ұлтының айналасында ғана қарамай, оған әлемдік деңгейде мән беруі Шыңғыс Айтматовтың нағыз гуманистігінің айғағы. Оның шығармашылығының әлемдік классика деңгейінен орын алуының сыры да осында. Ол қашанда әлем халқының бейбітшілікте өмір сүріп, ұрпақ өсіруі үшін, ең алдымен, адамзатты қоршаған ортаға деген жанашырлыққа шақырумен дараланып тұр. Бұл турасында жазушының өзі 1976 жылы «Неделя» апталығына берген сұхбатында былай деген болатын:

**Қорытынды.** «– Меніңше, осы тұрғыда руханияттың миссиясы өте маңызды. Шын сүю мен азап шегуді үйрену керек. Бұл табиғатқа да қатысты. Табиғатты шексіз сүю, бағалау, одан ләззат алу... Осы жерден өмір мәні мен ғажайыбын көре білуіміз керек. Алайда, нан табу үшін түрлі әрекеттерге баруға тура келетінін түсінемін. Әйтсе де барлық іс табиғатқа залал келмейтін жолмен жасалса екен. Біз, адамдар, табиғатқа деген құрметімізді лайлап алмау үшін не істеуіміз керек? Мені толғандыратын сұрақ осы» [8]. Бұл жолдардан автордың әр адам табиғат ананы туған анасындай құрметтеп, қадіріне жете білсе екен деген арман-тілегін байқаймыз. Академик Абдылдажан Ахматалиев «Жанпида» романы туралы: «...Бұл роман жалаң трагедия емес. Ол – біздің болашағымыз үшін сабақ болатын кесек туынды. Шыңғыс Айтматовтың бұл романы оқырмандарды ертеңгі күннен тек жақсылық, бейбітшілік күтуге және сол үшін бір-бірімен тіл табысып, тас түйін күресуге шақырады» [9], – десе, ақын М.Шаханов: «Ш.Айтматов шығармалары әлемнің жүз тоқсан бір тіліне аударылып, таратылған. Бүкіл әлемде осындай көп тілге аударылған ақын немесе жазушы кемде-кем» [10], – деген пікірімен жазушының тұлғасын нақтылайды.

Жалпы, Шыңғыс Айтматов туындыларының негізгі идеясы, оқиғалар желісі жер бетіндегі мемлекетаралық тайталастар мен тартыстар ешқандай елді жеңіске жеткізбей, керісінше апатқа апаратыны туралы ойларға жетелейді. Әлем халқының бейбіт өмірі мен тұтастығын армандаған Шыңғыс ағамызға «Адамзаттың Айтматовы» деген атақ та жайдан-жай берілмегенін осыдан-ақ байқауымызға болады.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Ш. Айтматов. Шығармалары. – Астана: «Аударма», 2005ж. – 499 б.
2. Ш.Айтматов, М.Шаханов. Құз басындағы аңшының зары. – Алматы: «Рауан», 1997ж. – 350б.
3. Д.Ысқақұлы. Адам қайткенде де адам болып қалады. «Егемен Қазақстан», 2018 ж. №218.
4. Ш.Айтматов. Жанпида. – Алматы: «Атамұра», 2005ж. 319б.
5. Т.Аханов. Көкейкесті, – Алматы, 1980ж.
6. Н.Ә.Назарбаев «Әлем. XXI ғасыр» манифесі. ҚР Президентінің ресми сайты. 2016 ж.
7. Қ.Жарықбаев. Ақылдың кені. – Алматы: 1991ж. – 256 б.
8. Ш.Айтматов. Шын сүю мен азап шегуді үйрену керек. «Қазақ әдебиеті». 2018ж. №43. – 12-13 б.



9. А. Салықжанова. «Манас» пен Әуезовті әспеттеген Ш.Айтматов әдебиеттегі алып тұлға. «Түркістан». 2018 ж. №46. – 10-11б.
10. А.Ахматалиев. Плаха. «Новый мир» № 6, 8, 9, 1986 г.

МРНТИ 14.25.09

С.О. Муминов<sup>1</sup>, А.С. Сексенбай<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан

## ПРОБЛЕМА ТИПОЛОГИИ ПРИЕМОВ ЛИТЕРАТУРНОГО КОМИЧЕСКОГО

### Аннотация

Цель статьи – выбор приемлемой для глубокого анализа литературных сатирических произведений классификации приемов комического. Для успешного литературного развития студентов и учащихся следует выбрать определенную типологию средств создания комического эффекта. Исходя из этой цели, в статье были рассмотрены различные классификации приемов литературного комического. Анализ различных подходов к типологии приемов комического позволит разработать теоретическую основу методики изучения данной эстетической категории. В статье содержится вывод, что классификация приемов комического, автором которой является В.Я. Пропп, может быть привлечена для анализа литературных произведений с ярко выраженным сатирическим началом, для развития представлений о данной эстетической категории. Классификация приемов комического В.Я. Проппа отражает различные уровни комического в литературном произведении, поэтому она рассматривается авторами статьи как основа для разработки методики изучения средств смешного.

**Ключевые слова:** комическое, приемы комического, сатира, юмор, методика, анализ комического.

S.O. Muminov<sup>1</sup>, A.S. Seksenbay<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## THE PROBLEM OF TYPOLOGY OF LITERARY COMIC TECHNIQUES

### Abstract

The purpose of the article is to select a classification of comic techniques acceptable for a deep analysis of literary satirical works. For the successful literary development of students and students should choose a certain typology of means of creating a comic effect. Based on this goal, the article examined various classifications of literary comic techniques. An analysis of various approaches to the typology of comic methods will allow us to develop a theoretical basis for the methodology for studying this aesthetic category. The article concludes that the classification of comic methods, the author of which is V.Ya. Propp can be involved in the analysis of literary works with a pronounced satirical beginning, for the development of ideas about this aesthetic category. Classification of comic V.Ya. Propp reflects the different levels of the comic in a literary work, which is why it is considered by the authors of the article as the basis for the development of a methodology for studying funny means.

**Keywords:** comic, comic techniques, satire, humor, method, analysis of the comic.

С.О. Муминов<sup>1</sup>, А.С. Сексенбай<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ӘДЕБИ КОМИКСТІК ӘДІСТЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақаланың мақсаты – әдеби сатиралық шығармаларды терең талдауға қолайлы комика техникасының классификациясын таңдау. Студенттер мен студенттердің ойдағыдай дамуы үшін комикстік эффект құрудың белгілі бір типологиясын таңдау керек. Осы мақсатқа негізделген мақалада әдеби комикс техникасының әр түрлі классификациясы қарастырылды. Комикстік техниканың типологиясына әр түрлі көзқарастарды талдау осы эстетикалық категорияны зерттеу әдістемесінің теориялық негізін жасауға мүмкіндік береді. Мақалада комикстердің классификациясы, оның авторы В.Я. Пропп осы эстетикалық категория туралы идеяларды дамыту үшін белгілі сатиралық бастамасы бар әдеби шығармаларды талдауға қатыса алады. В.Я. Пропптың комикс классификациясы әдеби шығармадағы комикстің әртүрлі деңгейлерін бейнелейді, сондықтан оны мақаланың авторлары комикс құралдарды зерттеудің әдіснамасын жасауға негіз ретінде қарастырады.

**Кілт сөздер:** комикстік, комикстік техникалар, сатира, әзіл, әдіс, комикстерді талдау.

**Введение.** Одним из существенных аспектов изучения русской литературы является формирование у учащихся понятия о комическом. Комическое является универсальным общечеловеческим явлением. Без смеховой культуры нет на земле ни одного народа. Смех способствует установлению взаимопонимания между народами. Очевидна объединяющая роль смеха, что очень важно для нашей многонациональной республики.

Изучение приемов и средств комического в русской литературе в значительной мере способствует также формированию этнокультурной идентичности личности, так как комическое последовательно утверждает и поддерживает духовные ценности.

Изучение комического на уроках русской литературы способствует усвоению учащимися общечеловеческих ценностей, что содействует воспитанию поликультурной личности, ориентированной не только на свою культуру, но и на усвоение других культур.

Работа над комическим началом на уроках русской литературы необходима также для целей эстетического развития учащихся. Сатирическая поэтика изучаемых в школе произведений Д.И.Фонвизина и А.С.Грибоедова оказала плодотворное влияние на творческие поиски Н.В. Гоголя, Ф.М. Достоевского, М.Е. Салтыкова-Щедрина, Н.С. Лескова, А.П. Чехова, М.М. Зощенко, М.А. Булгакова. Следовательно, необходимо формировать у учащихся представления о комическом на начальном этапе систематического курса литературы.

**Методика.** Анализ этических и эстетических возможностей комического, все еще недостаточная разработанность проблемы формирования понятия о комическом, отсутствие у учителей целостной педагогической технологии работы над смешным, что приводит к эстетическому невежеству учащихся, подтверждает актуальность темы данной статьи.

Необходимо, чтобы на уроках изучения литературных произведений с ярко выраженным смеховым аспектом имел место анализ приемов комического. Вот почему учащиеся должны научиться видеть в произведении конкретные приемы выражения комического эффекта и понимать их функции.

Методика изучения комического должна основываться на анализе его приемов выражения в литературных произведениях. Без четкого знания конкретных приемов

комического учащимся затруднительно будет понять природу этой эстетической категории.

Проблема классификации конкретных источников создания комического эффекта для целей школьного анализа литературных произведений с доминирующей линией смешного – серьезная методическая проблема. Поэтому необходимо выявить, как подходили авторы ключевых трудов о комическом к классификации его отдельных приемов.

Ниже сначала рассмотрим труды, где классификация частных источников комического осуществляется с опорой на широкий круг данных, относящихся к различным видам искусства, а затем анализируются классификационные подходы, в которых преобладает внимание к материалу художественной литературы.

**Результаты.** М.С. Каганом высказаны ряд ценных мыслей о природе комического. Комическое в жизни и комическое в искусстве – две родственные, но одновременно и разные формы проявления данной универсальной категории. Ученый различает комическое в реальной жизни и комическое в искусстве.

Комическое - структурированное эстетическое явление, поэтому исследователь направляет свое внимание на рассмотрение морфологии комического. В его работе весьма обстоятельно анализируются специфические структурные формы комического: юмор, сатира, гротеск, фарс.

Научное построение классификации конкретных средств смешного основывается на данных разных областей искусства. М.С.Каган разрабатывает типологию элементов комического, опираясь на максимально широкий художественный материал различных видов искусств: кино, театра, живописи, литературы [1].

Подобную масштабную классификацию конкретных источников комического эффекта трудно применять в процессе школьного анализа средств смешного. Думается, что в рамках нашего исследования в первую очередь надо сосредоточиться на подробной классификации частных проявлений комического в рамках литературных произведений.

В книге Б. Дземидока [2] содержится обширный информационный материал о комическом. Автор глубоко и обстоятельно охарактеризовал различные концепции смешного в философии, эстетике и литературоведении европейских стран. Исследователь рассматривает основные формы комического. Он определяет сущность комического с опорой на анализ разнообразных видов и форм его проявления. Продолжая развивать структурную разработку комического, исследователь углубляет, детализирует понятие о смешном. Каким образом смешное реализуется, как осуществляется в искусстве, в каких формах и компонентах оно бытийствует в произведении – вот в каком направлении движется классификаторская мысль этого ученого.

Очевидно, такой подход демонстрирует четкое структурное представление ученого о природе комического, что очень важно для понимания данной эстетической категории, поскольку изучение ее составных способствует расширению и углублению знаний об этом явлении.

Как видим, Б. Дземидок осуществляет исследование комического с двух позиций. Он изучает эту категорию с учетом достижений насыщенной европейской традиции, тем самым его собственные размышления о смешном разворачиваются на широком фоне предыдущих традиций. Подобный «горизонтальный» взгляд на категорию комического удачно дополняется детализированными, тщательно продуманными классификаторскими решениями. Но использовать классификационный материал о комическом, содержащийся в книге Б. Дземидока, для проведения школьного анализа, на наш взгляд, нецелесообразно, так как терминологический аппарат его книги сложен.

Книга Ю.В. Борева о комическом – обстоятельный и интересный труд [3]. Рассмотрим основные представления автора о морфологии комического. Ю.В. Боров дает

«крупным» планом проблему комического и его разделения на разные сферы. Так, сначала приводится анализ эстетической природы комического. Автор усматривает в эстетической природе комического разные аспекты. Комическое как реальность, комическое как особая эстетическая форма критики, комическое как активность мысли - вот далеко не полный перечень основных примет комического.

Далее классифицируется эстетическое богатство комического. Ю.Б.Борев строит свою градацию оттенков смеха, анализируя функциональную направленность сатиры, юмора, иронии, сарказма, комического намека, шутки, насмешки.

Затем внимание ученого направлено на более частный уровень комического. В его книге дан детализированный анализ ряда комедийных художественных средств, наиболее распространенных в искусстве. Комедийный характер, обстоятельства, деталь, сатирическое преувеличение, пародирование, окарикатуривание, гротеск, овеществление, оживотнивание, языковые средства и др. – такова, по мнению исследователя, типология основных источников создания комического эффекта.

Данные подходы, безусловно, интересны и продуктивны. Тем не менее, упомянутая классификация трудна для учебно-методического воплощения, поскольку школьные реалии требуют иных, более «компактных», ориентированных на анализ конкретных литературных произведений знаний учащихся о приемах комического.

М.М. Бахтин внес выдающийся вклад в изучение комизма [4]. Здесь демонстрируется сочетание двух подходов: культурологического и историко-литературного. Исследователь прослеживает фольклорные истоки комизматворчества Рабле. В книге содержится большое количество исторических, историко-литературных, а также теоретических сведений о комическом.

Обстоятельно описана ученым морфология комического. Известно, что фольклорная комика имеет свою специфику. Ее эффект основан на употреблении особого, сочного, насмешливого слова. Кроме того, фольклорный комизм трудно представить без наглядных приемов и средств создания эффекта смешного. М.М. Бахтин тщательно и глубоко исследует комические ресурсы площадного слова, народно-праздничных образов (карнавальная король, ябедники, карнавальная шуты), пиршественных сцен и гротескного образа тела в творчестве Рабле.

М.М. Бахтину принадлежат также ценные выводы о комическом в произведениях Н.В. Гоголя. Слово, образ и ситуация – таковы, как показал М.М. Бахтин, три основных источника смеха в творчестве Н.В. Гоголя.

**Обсуждение.** Тем не менее, использовать в качестве основы для школьного разбора комических приемов всю книгу М.М. Бахтина не представляется возможным. В ней классификация средств комического охватывает преимущественно систему образов героев. Школьный же анализ комического требует внимания не только к персонажной комике, но и к другим формам ее проявления.

Особенную важность для решения проблемы изучения комического имеет книга выдающегося филолога В.Я. Проппа «Проблемы комизма и смеха» [5]. И хотя книга не была завершена автором, она может быть максимально, насколько это возможно, использована для целей школьного анализа комических средств. В.Я. Пропп называет свою книгу литературоведческой, а метод – индуктивным, основывающимся на анализе множества литературных фактов.

В данной монографии выдвигается такая исходная методологическая позиция анализа комического: «... в каждом отдельном случае надо определить специфику комического, надо проверять в какой степени и при каких условиях, всегда или не всегда одно и то же явление обладает комизмом» [5, 15].

Данная методологическая установка приемлема для анализа комического аспекта конкретных литературных произведений, так как их идею и проблематику можно постичь

лишь после осознания функций ряда частных случаев смешного: читательское восприятие движется от частного к общему. В книге В.Я. Проппа мы как раз и наблюдаем первичную устремленность сознания исследователя к частным источникам создания комического эффекта.

Как было отмечено выше, В.Я. Пропп утверждал необходимость проверять, в какой степени и при каких условиях одно и то же явление обладает или не обладает комизмом. Последняя установка очень важна для методики преподавания литературы, так как любая, даже самая продуманная, обоснованная и проверенная, казалось бы, на множестве конкретных фактов теоретическая схема все же не всегда адекватно отражает содержание художественного образа, а то и упрощает, даже огрубляет его логику.

Начиная анализ комического, В.Я. Пропп предупреждает, что будет в первую очередь рассматривать так называемый насмешливый смех. Автор полагает, что именно этот вид смеха чаще встречается в искусстве и жизни.

Выделив главнейший, с его точки зрения, вид смеха, В.Я.Пропп указывает на необходимость дальнейшего, более подробного изучения этого вида и выдвигает такой принцип классификации: «Материал показывает, что наиболее целесообразный прием - расположение по причинам, вызывающим смех. Проще говоря, необходимо установить, над чем люди, собственно, смеются, что именно представляется им смешным. Короче, материал можно систематизировать по объектам насмешки» [5, 16].

Верный выбранному им индуктивному методу, В.Я. Пропп выделяет следующие формы проявления комического: физическое существо человека, комизм сходства, комизм отличий, человек в обличье животного, сравнение человека с вещью, осмеяние профессий, комическое преувеличение, посрамление воли, одурачивание, алогизмы, ложь, языковые средства комизма, комические характеры, один в роли другого, много шума из ничего.

Эта классификация демонстрирует многообразие подвидов комического в художественной литературе и искусстве. Однако для школьного анализа литературных сатирических произведений все же представляется целесообразным уточнить и конкретизировать типологию подвидов комического, предлагаемую В.Я. Проппом.

В трудах литературоведов, исследовавших творчество Д.И. Фонвизина, А.С. Грибоедова и Н.В. Гоголя, мы не нашли развернутой классификации комических средств, отражающих наиболее типичные для творчества названных писателей аспекты смешного. Именно это обстоятельство побудило нас на основе типологии В.Я.Проппа развернуть классификацию, отражающую основные сюжетные уровни проявления комического в творчестве данных писателей-сатириков.

**Заключение.** Правда, В.Я.Пропп, напомним, систематизирует комические приемы по объектам насмешки. А для целей школьного анализа необходим, думается, несколько иной подход. Поскольку смешное на уроках будет преимущественно изучаться в рамках литературного произведения, целесообразно разграничивать комические приемы, направленные на создание характеров действующих лиц, от средств комического, привлеченных для интерьерных, шире – неперсонажных описаний. Предлагаем использовать в качестве рабочего термин, отражающий это обстоятельство: персонажная комика.

Персонажная комика распространяется на те комические средства, которые создают эффект комизма характеров высмеиваемых персонажей. Составляющими компонентами персонажной комики являются:

–речевая комика (этот термин предлагается нами, так как, изучая комедию, нужно помнить о том, что в ней речь героев является главным источником информации об их внутреннем мире);

–комизм имени и фамилии;

–комизм внешности.

В свою очередь, эти основные группы комических средств, создающих комизм характеров действующих лиц, можно подразделить на более частные элементы.

Речевая комика – явление многогранное. Средства достижения комического эффекта на уровне речи смешных персонажей многочисленны. Функция речевой комики заключается в снижении образа высмеиваемых персонажей. Комизм речи достигается присутствием в ней каламбуров, иронии, алогизмов, канцеляритов, вульгаризмов, чрезмерного количества междометий. Злоупотребление книжной лексикой и архаизмами в речи персонажей способно также вызвать комический эффект.

В.Я.Пропш выделяет алогизм в качестве самостоятельного подвида комического. С этим трудно согласиться, так как алогизм есть, как правило, факт речевой комики. Алогизм – свидетельство умственной и речевой беспомощности литературных персонажей.

Эффект комизма речи достигается также злоупотреблением книжной лексикой. В данных явлениях речевой комики отчетливо присутствует негативная оценка писателем персонажей, практикующих подобное речевое уродство. Речевая нелепость, речевое уродство, причудливая затейливость речи многое говорят о тех, кто продуцирует речевые искажения.

Речевая комика может также подпитываться комизмом не только лексических средств, но и предложений. Так, речь ограниченного и невежественного персонажа может состоять из коротких примитивных предложений, свидетельствующих о его речевой беспомощности. Бессодержательность речи – это также один из источников создания комизма речи. Канцелярский синтаксис, вернее, пародия на него - излюбленный прием писателей-сатириков, к которому они прибегают, создавая комизм речи своих персонажей.

Комизм имени и фамилии – это еще один источник создания персонажной комики. Развернутая классификация комизма имени и фамилии, данная в книге В.Я. Проппа, находит свое подтверждение в произведениях Д.И.Фонвизина, А.С.Грибоедова, Н.В. Гоголя и других авторов. Поэтому считаем нужным использовать ее для целей школьного анализа.

Писатели-сатирики нередко наделяют своих отрицательных персонажей смешной внешностью. Комизм внешности персонажей органично дополняет их внутренний мир или акцентирует его какие-то существенные стороны. Смешное сходство или смешное различие персонажей, комизм их одежды и жестов, комика их лиц или несуразность фигуры осмеиваемого героя, сравнение его с животным или даже с предметом - все это может придавать внешности действующего лица ярко выраженный комизм.

Но необходимо подвести учащихся к пониманию того, что не сам по себе недостаток внешности человека вызывает улыбку, а только такой элемент художественного портрета, который подчеркивает отрицательные качества литературного персонажа. Примеров нарочитого сходства отрицательных персонажей, сочетающегося одновременно с несходством, в художественной литературе достаточно. Хрестоматийный пример - Бобчинский и Добчинский.

Теперь определим терминологический аппарат интерпретации комического. Уточнение данной терминологии крайне необходимо для ее корректного использования на уроках литературы. Рассмотрим содержание основных терминов «комическое» и «смешное». Большинство ученых не проводят этого отличия. В их работах термин «комическое» выступает как синоним слова «смешное». В нашей статье необходимо опираться на одну из точек зрения в общей эстетике. Хотя бывают и такие художественные явления, в которых комическое вызывает не только смех, но и негодование, грусть. Но в целом термины «комическое» и «смешное» не надо

разграничивать, их следует рассматривать как синонимы, а также аналогичные им – «смеховой мир», «комика» и др.

Использование предложенной нами типологии приемов комического на уроках изучения сатирических произведений будет полезным для успешного формирования у учащихся и студентов представлений о категории комического. Эти представления необходимы для нравственного и эстетического развития учащихся средствами комического [6], что соответствует требованиям к литературному развитию обучающихся [7].

#### *Список использованной литературы*

1. Каган М.С. Эстетика как философская наука. – СПб.: ТОО ТК «Петрополис», 1997. – 544 с.
2. Дземидок Б. О комическом. – М.: Прогресс, 1974. – 224 с.
3. Боров Ю. Комическое. – М.: Искусство, 1970. – 270 с.
4. Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса. – М.: Художественная литература, 1990. – 543 с.
5. Пропп В.Я. Проблемы комизма и смеха. – М.: Искусство, 1976. – 183 с.
6. Муминов С.О. Изучение литературной комикки Д.И.Фонвизина, А.С.Грибоедова и Н.В.Гоголя в школе: учебное пособие. – Москва: Флинта, Наука, 2018. – 112 с.
7. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году. – Астана, 2016. – 227 с.

МРНТИ 17.71.07

*А.Ж.Мұхан<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан*

## **ЖАҢА ЗАМАНҒЫ ҮЙЛЕНУ ҒҰРПЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада фольклортану ғылымында кешенді жүйе ретінде қарастырылатын отбасылық ғұрып фольклорының аса маңызды саласы үйлену ғұрпының өткені мен бүгіні ғылыми тұрғыдан зерделеніп, ұлттық фольклордағы зерттелу деңгейі көрсетіледі.

Үйлену ғұрпының даму тарихын зерделеу нәтижесінде көне заманғы ғұрыптың көпқырлы функция атқаратындығы, ондағы нақтылы бір ситуацияда әрбір мәтіннің оның ажырамас бір бөлігі болып табылатын ерекшелігі айқындалады. Зерттеу нысаны ретінде той, қыз ұзату салтындағы сыңсу, жар-жар, келін түсіру салтындағы беташар жанры негізге алынды. Үйлену салты фольклорының бүгінгі заманғы сипатын саралай келе дәстүрлі салттың белгілі дәрежеде сақталуымен қатар салтқа қатыссыз фольклордың да қатар (мысалы, әзіл әндер, түрлі ойындар, жаңа рәсімдер, кәсіби әншілердің өнер көрсетуі т.б.) көрініс табуы арқылы үйлену ғұрпының құрылымдық – функциялық өзгерісі айқындалады.

Қазіргі заманғы үйлену ғұрпының тағлымдық-тәрбиелік мәніне қатысты ой-пікірлер тұжырымдалып, ұлттық сана мен салтты жаңғыртудың өзекті мәселелері түйінделеді.

**Түйін сөздер:** фольклор, ғұрып, экзогамия, фратрия, рәсім, сыңсу, синкреттілік, синтез, ұлттық калорит.

*А.Ж.Мұхан<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова.  
г.Актобе, Казахстан*

## **ФОЛЬКЛОРНЫЕ ОСНОВЫ СОВРЕМЕННОЙ СВАДЬБЫ**

*Аннотация*

В статье с научной точки зрения будет проанализирована самая важная сфера семейно-бытового обрядового фольклора, рассматриваемого в качестве комплексной системы фольклористики, прошлое и настоящее свадебных обрядов, будет продемонстрирован уровень их исследования в национальном фольклоре. В результате анализа истории развития свадебных обрядов будет выяснено, что древние обряды выполняют многоаспектную функцию, что в конкретной ситуации каждый текст в них имеют особенность являться его неотъемлемой частью. В качестве объекта исследования взяты за основу такие жанры, как свадьба, сыңсу (прощальная песня-плач невесты) во время торжественного пира в доме родителей невесты, исполнение песни-напутствия «Жар-жар», песни, сопровождающей обряд снятия покрывала с лица невесты (беташар). Дифференцируя современную характеристику фольклора свадебных обрядов, наряду с сохранением традиционных обычаев в определенной степени, через параллельное проявление фольклора, не имеющего отношения к обычаям (например, шуточные песни, различные игры, новые церемонии, выступления профессиональных певцов и т.д.) выявляется структурно-функциональная трансформация свадебных обрядов.

Подытожены суждения касательно познавательно-воспитательного значения современных свадебных обрядов, обобщены актуальные вопросы модернизации национального самосознания и традиций.

**Ключевые слова:** фольклор, традиция, экзогамия, фратрия, церемония, прощальная песня невесты, синкретический, синтез, национальный калорит.

*A. G. Muhan<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Aktobe regional state University named after Zhubanova K., Aktobe, Kazakhstan*

## **FOLKLORE FOUNDATIONS OF A NEW WEDDING CEREMONY**

*Abstract*

The article examines the past and the present of the wedding tradition which is the most important branch of family folklore considered as a complex system of folklore science; it depicts the extent to which the tradition is studied within the national folklore. As a result of studying the history of the development of the wedding tradition, it becomes clear that the ancient tradition has a multifaceted function and that each text is its integral part in every specific situation. The subject of the study is the “Singsu” genre at the bride’s farewell ceremony, as well as the “Betashar” genre at the wedding ceremony. The analysis of the character of modern wedding ritual folklore revealed that the traditional rituals are preserved in a certain way, while there are folklore not related to the rituals (for example, humorous songs, various games, new rituals, performance of professional singers etc.), thereby the structural and functional change in the wedding tradition is determined.

Ideas about the educational value of modern wedding traditions are concluded and the actual issues of the modernization of national consciousness and traditions are summarized.

**Keywords:** folklore, ritual, exogamy, phratry, ceremony, Singsu, syncretism, synthesis, national spirit



**Кіріспе. Қазақтың үйлену ғұрпы отбасылық ғұрып фольклорының кешенді жүйесінің маңызды бір саласы болып табылады.** Онда тұтас бір халықтың дүние таным тарихы ғана емес, поэтикалық, музыкалық болмысы, отбасылық құндылықтарының мәні, ұлттық психологиясының мол мұрасы жинақталған. Сондықтан оны ғылыми тұрғыдан зерделеу – сан түрлі тұрғыдан саралауды қажет ететін күрделі мәселе.

Ер мен әйелдің бас қосуының көне заманғы мақсаты (топтық некеден эндогамиялық, экзогамиялық неке түрлерінің пайда болуы) адам баласының даму жолындағы мәдениетке қарай ойысуының, ұрпақ жалғастырудағы жауапкершілікті айқындап, қалыңдықты таңдаудың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін орнықтырды. Үйлену ғұрпының кешенді жүйесі біртіндеп, ғасырлар бойы қалыптасты. Оның құрылымы (композициясы), спецификасы, ғұрып пен оған қатысты фольклордың жанрлық көптүрлілігі, образдық-көркемдік жүйесі құралды. Бастапқы үйлену салтын атқарушылардың әрқайсының қызметіне ерекше мән беріліп, ол ғұрыптың өзегінде ғана білгілі бір семантика иеленді.

**Әдістеме.** Түрлі үйлену ғұрыптарының өзара әсері жағдайындағы типологиялық ұқсастық ғұрыптың міндетінен, яғни – жаңа отбасын құрып, ұрпақ жалғастыру міндетінен туындайтындығын көптеген зерттеушілер тұжырымдаған. Бұл бастама жігіт жағынан басталып, қалыңдық жағының соңғы сөзімен бекітіліп, әрі қарай жалғасады. Үйлену сюжетінің әрекеті бір бағытта: қалыңдыққа құда түсу мен оны жаңа мәртебеге ауыстыруға (жас келіншекке айналдыру, оның күйінің үйіндегі жаңа міндеттерін бекітуге) байланысты дамып, аяқталады. Үйлену ғұрпы жүйесінің басталуы алдындағы іс-шаралар негізінен дәстүрлі сипатын сақтаған. Үйлену ғұрпының барлық рәсімдеріне халық аса үлкен ыждаһаттылықпен мән берген. Себебі: «Адам баласының ержетіп, қоғамның белді мүшесі болуының басты белгісі – оның өз алдына шаңырақ көтеріп, отау тігуі...» [1., 27]; Үйлену ғұрпында атқарылатын іс-әрекеттер мен сөз бен саз, ырым-қаде, киім, тиымдарымен өзінше бір кешенді жүйе құрайды. Үйлену ғұрып фольклорының жанрлық ерекшелігінің бірі: олардың белгілі сарынмен, яғни, әнмен орындалатындығы зерттеушілер тарапынан зерттеліп, анықталған мәселе (сыңсудың белгілі бір сарынының болуы, той бастар, жар-жардың домбыра сүйемелімен, белгілі бір әуен-сазбен айтылуы т.б.).

Үйлену салтының қыз ұзату салтындағы орындалатын ғұрыптық мәні терең өлеңдердің тағы бірі – *жар-жар* түркі халықтарының көпшілігінің фольклорында молынан ұшырасады. Негізгі мағынасы: ұзатылатын қызды жұбаттып, жаңа өмірге бағыттау. Әуелде екі топқа бөлініп, айтыс сипатты дамығанымен, соңында бір мақсатқа, бір мағынаға қарай үндес ойлар айтылады. Қыз баланың орны жат жұртқа кету, жар болу міндет екенін қайта-қайта шегелеп айтатын «жар-жардың»жұбату сарыны көп жағдайда ерлер жағының, кейде қыздың жеңгелері арқылы айтылады. Жырдағы көне сипаттың бірі ондағы үнемі қайталанып келетін қайырмаалардың, сөздер мен сөз тіркестердің тұрақты болатындығын А.Н.Веселовский атап көрсеткен [2., 76]; Бұрын жар-жарды қыз ұзатылған ауылда екі хор диалог түрінде айтылатынды. Біздің заманымызда жар-жарды жігіт жағы жасайтын той үстінде жиналған топ бір хор болып айтады [3., 27];

Қыз ұзату салтындағы жар-жар мен сыңсуға тән мұң-зардың табиғаты тек әлеуметтік теңсіздіктен ғана туындамаған. Оның түп –төркінінде жатқан өлім мен өмірдің теңдігі түсінілген мифтік сана сілемі жатқандығы ғылыми айқындалған мәселе.

Түрлі атаумен аталғанымен, сыңсу мағынасындағы өлеңді жеке жанр ретінде М.Әуезов «Қоштасу-танысу» деп атаса, [4., 51-52]; С.Сейфуллин «Сыңсыма» дейді [5., 98] Ал Б.Уахатов та осы терминді қолданып, зерттеу жүргізіп сыңсу мен танысудың мәніне терең тоқталған [ 6., 197].

Қазіргі ұзатылу тойының ақырғы рәсімдік бөлігінде орындалатын сыңсулардан оның дәстүрлі сыңсудың айырмасы: ұзатылатын қыз туған-туыс ауыл-аймағымен қасына

құрбыларын, жеңгелерін ертіп жүріп танысу рәсімі арқылы өз зар-мұңын, ішкі сезімін ашып айта алатын болған. А.Левшиннің айтуынша, сыңсудан әр өңірдің өз ерекшелігі көрінеді [7., 252]. Қалыңдық жанындағы қыздармен қосылып жаттанды жырларды ғана айтып қоймай, өз жанынан да қосып, жаңа шумақтар арқылы өз сезімін өрген.

Үйлену ғұрыптары әлденеше сатыдан тұратын, әр сатысы өзінше ғұрыптық салттармен рәсімделген, бірнеше айға (жаушы жіберу, құда түсу, ұрын бару, қыз ұзату, келін түсіру, т.т. дегендей), тіпті, жылдарға (құда болу салтынан бастап есептегенде) созылатын кешенді ұзақ процесс. Құда түсіп қыз алысудағы бүкіл қазақ қауымына ортақ тәртіптің бірі – туыстық жақындығы жеті атаға толмай, қыз алыспау.

**Нәтижелер.** Қазақтың үйлену ғұрпының өзгерісінің тәуелсіздіктен кейінгі қайта жаңғыруы да біркелкі болған жоқ. Кей жерлерде көне дәстүрге өте жақын болса, кей жерлерде мүлде жаңарып, жаңғырды, бірде бұрынғы «советтік» сипатта, кейде «европаланған» түрде көрінеді. Дәстүрдің ізі көбіне көмескі, кейбір атрибуттары, жалпы сілемі ғана сақталады. Дәстүрлі үйлену салтындағы әрбір өлеңнің белгілі бір орны болды. Белгілі дәрежеде бұл өлеңдер осы сезімдерді бейнелей отырып, айтушының өтіп жатқан оқиғаға өз эмоциясын яғни орындаушының көңіл-күйі мен эстетикалық мұраттарын танытты. Өйткені үйлену салтында айтылатын ән психологиялық, эстетикалық, ойындық, ғұрыптық, белгілік (знаковую), түсіндірмелік (пояснительную) және жетектемелік (сопроводительную) функцияны бір сәтте атқарды. Қазіргі үйлену салттарында орындалатын әндер ғұрыпты түсіндірмейді, кейбір тұста ғана оның негізгі мақсатын орындайды (егер тойға қатысты орындалса ғана).

Сыңсудың басты қызметі қыздың елімен, жерімен қоштасуы болғанмен, қыз осы тұста өзінің балалық бал дәуренімен де қоштасады. Бұл – қыздың тақиясымен қоштасуы (тақияның орнына сәукеле, кимешек киіп немесе жаулық жабылады), төрімен, ақ босағасымен, маңдайшасымен қоштасудан көрінеді. Тақия – қыз дәуреннің символы болса, төр мен босаға – туған үйдің символы.

Қыздың бас киімін алмастыру ғұрпы әр халықтың ұлттық ерекшелігіне сай әркелкі болғанымен, жалпы мағынасы ұқсас. қыздың бас киімінің сипаты әр түрлі. Мәселен, қазақтар қыз аттанарда басынан тақиясы шешіліп, сәукеле кигізеді. «Мұндағы тақия, бөрік – қыз дәуреннің символы [8., 40-43].

Демек қыздың тақияны қимай жылауының өзіндік бір мәні бар. Себебі бас киім әйел адамның әлеуметтік деңгейін (мәселен, тақия, бөрік – қыз, сәукеле – қалыңдық, шәлі, жаулық, кимешек – келін, ана болу кезеңдерін) көрсеткен.

Яғни сыңсу – қыздың өз ауылынан аттанар қарсаңында туған әке-шешесімен, туысқандарымен, балалық шақпен, ел, жерімен қоштасу кезінде айтылатын үйлену ғұрып жырларының бірі. Осы туған үйдің шаңырағы, төрі, босағасы, оң жағы, есіктің алды-ұғымдарының киелілік мәні сыңсуларға сарын боп енген. Қыздың өз үйіндегі өмірі уақытша, өтпелі. Туған үйінің әрбір бөлігімен қимай қоштасуындағы қыздың қимастық сезімдері көне түсініктермен қатар өріледі.

«Орынбор қазақтарының сөзіне сүйенсек, қыздардың өз туған үйіне қимастығының тереңдігі соншалық сүйеніп тұрған босағасын жұлып кеткен жағдайлары болған» [9., 76-81];

Алтын да менің босағам,

Күміс те менің босағам.

Қазіргі көп рәсімдер тұсындағы сөз де саз да жоғалғандығын айтатын тұста көптеген ғалымдардың пікірлері бір арнаға тоғысады.

Барлық салт-дәстүрімен ұзатылған қызды күйеу жақ алдынан шашу шашып қарсы алып, алдынан «ел келіні», «жұрт келіні», «халықтың келіні» деген таңдаулы келін шығып оң қолтығынан ұстап, қара қазанның басына апарып, жеті түйір майды оттың шоғына салғызып, әруақтарға сиынып «мен сияқты ел келіні болғай» деп босағаға оң аяғымен

аттатқызып, үйге кіргізеді» [9., 152 ].

Осыдан соң орындалатын беташар рәсімінің де түпкі мәні көне түсініктермен тамырлас. [10., 75 ] – дейді.

Жаңа түскен келіннің бетін ашу ғұрпы түркі халықтарының бәрінің дәстүрінде бар екедігіне зерттеу барсында көз жеткізілді.

Сондай-ақ, беташар рәсінде қатаң сақталатын тәртіптердің бірі – келіннің желегі рәсім аяқталғанша ашылмауы тиіс. Және де ол желектің өзін жалаңаш қолмен ашпайтын болған. Бет ашушы жігіт келіннің бетіне жабылған желекті үкілеген қамшымен, ақ немесе қызыл шүберек байланған таяқпен, кейінгі кезде домбыраның басымен ашқан. Мұның мәнісі жайында отбасылық ғұрып фольклорын жете зерттеген фольклортанушы ғалым К.Матыжанов жас келінді кие (сақральды) тұтудан туындаған салт екендігін келіннің бетіне ақ жабу, шымылдық құру рәсімдеріне қатысты тұжырымдаған. Яғни бұл ғұрыптық ерекшеліктің астарында жас келінді «төменгі әлемнен» «ортаңғы әлемге» енгізу рәсімі елес береді. Жалпы рәсімнің өткерілу барысында сақтандыру (жас келінді тіл-көзден, жаман ниеттен), таныстыру, тағлым-тәрбие беру, т.б. функциялар қатар атқарылады.

Ал бүгін осындай терең мән-мағынасы бар рәсімде түбегейлі өзгеріс байқалады. Бүгінгі заман беташары ғұрыппен қабыспайды. Орындалу мәнері де ерекше. Оның уақыт талабына да сай қызметі де ықшамдалған.

Үйлену ғұрпындағы қазіргі мәні өзгермеген рәсімнің бірі – «Өлі-тірі» рәсімі. түседі. мән-мақсаты жөнінде этнограф ғалымдар жан-жақты пікірлер тұжырымдаған [11.,18 ].

#### **Талқылау.Қазіргі заманғы үйлену ғұрпы жаңғыру, жаңару үстінде.**

Зерттеу барысында қазіргі үйлену салтындағы біртұтастық құрылымы бұзылғандығына көз жеткізілді. Орындалған сақталған салттың өзінің мағынасы атқарылу орны, уақыты, мағынасы жағынан тарылған. Информанттар арасында тойдың атқарылу барысынан, тағлымдық мәнінен гөрі орындалатын әндерге, ойналатын ойындарға мән беретіндері де біршама. Сондай-ақ, салт әндерінің тойда дұрыс орындалуындағы өзіндік мән-мағынасы мен бояуын жоғалтпай орындалуы жастардың болашақ өмірі үшін маңызды деп санайтын, ал дәстүрдің барлық шарттарын сақтамау ырымға жаман дейтін пікірдегі информанттар басым.Қазіргі үйлену тойларында адам өмірінің тек қызық, қуанышты көңіл-күйінің мәні басым. Жеке отбасының, жалпы жұрттың ортақ қуанышы ретінде түсінілу заңдылығы сақталған. Көпшілік тойлар дәстүрге бейімделіп, жастардың ұлттық киімі киюі, қонақ қабылдау, құда күту мен ойын-сауықта негізінен дәстүрлі этиканы сақтауға баса мән беруге тырысу байқалады. Жалпы ғұрыптық жанрлардың заман талабына сай қысқару, ықшамдалу, заңдылықтары байқалады. Бұрынғы міндеттілік және киелілік семантикасынан айрылып, көп жағдайда «дәстүрді» бұзбау этикасы үшін ғана орындалады.Қазақтың үйлену ғұрпының атқарылуы бірізді жүйелі емес.

Қазіргі түрлі мәдениеттер тоғысындағы отбасылық құндылықтарды сақтау – қай қоғамда да аса маңызды мәселе. Жалпы той жеке бір отбасының мәселесі болғандығына қарамастан, үйлену, үй болу қоғамның иесі болатын өскелең ұрпақтың өмірге келуінің алғышарты болғандықтан тойдың тағлымдық-тәрбиелік мәні басты орынға шығуы тиіс.

Қазіргі кезеңде отбасылық құндылықтар жайлы ұғыммен әйел мен ердің әлеуметтік, қоғамдық жауапкершілігінің өзгеруі де әсер етіп, бірқатар міндетті рәсімдер қысқарды. Соның есесіне қазіргі тойдағы құттықтау тілектері мен түрлі ойындар, жеке орындаушылардың өнер көрсетуі сияқты сипаттар көбейіп, бұрынғы драмалық сипаты да жаңаша (орындалатын ән-күйдің, ойындардың мән-мағынасы өзгерген) жаңғырды.

Жаңа заманғы үйлену ғұрпының рәсімдерінде кеңес үкіметі кезеңінде қалыптасқан жағдайлармен қатар батыстың ғұрыптарынан ауысу әсері бар. Мәселен, қалыңдықты шығарып салу барысында ақ мата төсеп, раушан гүлінің жапырақтарын төсеу, қалыңдықтың күйеуге шықпаған құрбыларына гүл лақтыруы, торт кесіп ата-анасына

күйеуіне дәм татыру, келіншекке жұртты аралатып шілдеханаға ақша сұрату, т.б. Қазіргі кездегі кез-келген рәсім салтты атқаруда асыра ысырапшылдық, бәсекелестік басым көрінеді.

Көп жағдайда тойдың тағлымдық-тәрбиелік, сауықтық мәнінен гөрі шоулық сипаты басымдық алады.

**Қорытынды.** Жинақтай айтқанда, ХХІ ғасырдағы Қазақстан түрлі мәдениеттер тоғысында өмір сүру жағдайын басынан кешіріп отыр. Бұған дейінгі түрлі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер кезеңінде де негізгі мәнін жоғалтпаған дәстүрлі құндылықтарымыз жаһандану процесіне жұтылмау үшін, әсіресе отбасылық құндылықтарға аса мұқият болуымыз қажет. Өйткені ғасырлар бойына ата-бабаларымыз өз даналығы мен ұрпағына айтар аманатын сол дәстүр-салты арқылы өрнектеп отырған. Өмірге бейімдеп, ілесе алмайтынын жаңғыртып орнымен түрлендіріп отырған. Олай болса ең алдымен қазақтың отбасылық ғұрпының, соның ішінде үйлену ғұрпының тағлымдық-тәрбиелік тұстарын қайта жандандырып, тынысын ашу кезек күттірмейтін маңызды мәселе.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Матыжанов К.І. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры. Монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332б.
2. Веселовский, А.Н. Историческая поэтика / А.Н. Веселовский ; ред., вступ. ст. и примеч. В.М. Жирмунского. - Л. : Художеств. лит., 1940. - 648 с.,
3. Қасқабасов С. Нарық және мәдениет // Ой-сана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. –185 б.
4. Әуезов. М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4-том. Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924-1930. – Алматы, 2001. – Б. – Б. 5-236.
5. Сейфуллин С. Шығармалар: 6 томдық. Т.6. – Алматы, 1964. – 258 б
6. Уақатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, – 1974. – 285 б
7. Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд, и степей. СПб., 1832. Ч III.–304 с.
8. Султангареева Р.С. Об особенностях жанра сенляу // Башкирский фольклор: Исследования последних лет / Под редакцией Барага Л.Г. и Зарипова Н.Т. – Уфа, 1986. – 241с.
9. Жақан Д.Орынбор қазақтарының фольклоры/ Шетелдегі қазақ фольклоры. –Алматы: 2014.– 452 б.
10. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1994. –288 б.
11. Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. – Алматы: Санат, 1994. – 240 б.

МРНТИ 17.71.07

*Г.С.Обаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан*

### **ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР ЖАЗУШЫНЫҢ ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ**

#### *Аңдатпа*

Мақалада фольклор мен әдебиет байланысының әдеби-эстетикалық концепциядағы маңызы қарастырылған. Фольклорлық сюжеттерге шығарма жазу дәстүрін немесе көркем туындыларында фольклорлық дәстүрлерді молынан жазушылар творчествосының осы қырын, яғни фольклорлық айшығын айқындау – бүгінгі әдебиеттану мен фольклортану

ғылымының ең өзекті мәселесінің бірі боп отыр. Осы проблема аясында бүгінгі әдебиеттану ғылымында соңғы кезде жүйелі зерттеулер жасалуда, сөйтіп өз алдына бір дербес ғылым тармағының өзекті мәселесі ретінде күн тәртібінен маңыздылығы бір де бәсеңдемейтін зерттеу объектісі боп қалыптасуда. Жалпы, фольклор мен әдебиеттің арасындағы байланыс, ең алдымен, олардың біртұтас даму заңдылықтарымен айқындалады. Ол заңдылық – дәстүр мен жалғастықтың сабақтасуымен тығыз байланысты.

**Кілт сөздер.** Фольклор, фольклор мен әдебиет байланысы, фольклорлық мотив, сюжет, интеграция, фольклорлық элементтер, ертегі, аңыз.

*Г.С.Обаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова  
г.Актобе, Казахстан*

## **ФОЛЬКЛОРНЫЕ МОТИВЫ КАК ЭЛЕМЕНТ ЛИТЕРАТУРНО-ЭСТЕТИЧЕСКИХ КОНЦЕПЦИЙ ПИСАТЕЛЯ**

*Аннотация*

В статье рассматривается роль фольклора и литературы в литературно-эстетической концепции. Определение особенностей использования фольклорных мотивов, традиции в художественных произведениях является одним из наиболее актуальных проблем современной литературоведения. Связь между фольклором и литературой определяется в первую очередь законами двудольного развития. Это тесно связано с верховенством традиции и преемственности.

**Ключевые слова.** Фольклор, фольклорно-литературные связи, фольклорные мотивы, сюжет, интеграция, фольклорные элементы, сказки, легенды.

*G.S.Obayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>K.ZhubanovAktobe regional state university, Aktobe, Kazakhstan*

## **FOLKLORE MOTIVES AS AN ELEMENT OF LITERARY AND AESTHETIC CONCEPTS OF THE WRITER**

*Abstract*

The article considers the role of folklore and literature in the literary aesthetic concept. Determining the features of the use of folklore motives, traditions in works of art is one of the most pressing problems of modern literary introduction. The relationship between folklore and literature is determined primarily by the laws of bipartite development. This is closely related to the supremacy of tradition and continuity.

**Keywords.** Folklore, folklore and literary connections, folk motives, plot, integration, folklore elements, tales, legends<sup>7</sup>

### **Кіріспе.**

Фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы мәселесі көпқырлы. Жалпы, фольклор халықты біріктіретін мәдени-интегралды жүйе ғана емес, этностық, тұтас халықтың дүниетаным ерекшеліктерін айқындайтын философиялық-адами феномен. Әрбір есейген, кемеліне келген жазба әдебиеттің өткен тарихы оның ауыз әдебиеті дәстүрінен тыс емес. “Адамзаттың көркемдік дамуында фольклор мен әдебиеттің алатын орны үлкен. Өзара күрделі ұқсастықтары да бар бұл құбылыстардың мәні мен өзгешелігін нақтылы біліп

отыру – рухани жолдарын түсіну үшін де аса қажет. Фольклор мен әдебиеттің жалпы заңдылықтары мен шарттылықтарын саралап ажырату – ауыз әдебиеті қоры мен дәстүрі күшті халықтар үшін өте-мөте керек” [1., 5]. Әлем әдебиетінде де осы мәселенің теориялық негізін айқындауда түрлі ғылыми пікірлер қалыптасқан. Мысалы, В.Г.Базанов фольклорды әдебиетте қолданудың ерекше формасы ретінде интерпретацияны атайды [2., 7]. Мексикалық филолог Франк Алаторе екі әдебиеттің байланысын фольклорды әдебиетке қабылдау құбылысы, соның ішінде фразеологизмдерді тікелей цитаталау, фольклорлық стильді шығармашылықпен қайта игеру құбылысы ретінде қарастырады. В.В.Митрофанова “әдеби шығармаларды ауызша әңгімелеу” дәстүрі бар екенін айта отырып, бұл құбылыстың да фольклорлық дәстүрге ұласатынын айтады [3., 15]. “Современные исследования доказывают, что литературно-фольклорные взаимодействия не определяются какими-либо родовыми, видовыми, жанровыми или тематическими границами. Творческое “общение” двух систем обусловлено спецификой эстетических взглядов писателей, их опытом в художественной словесности” [4., 25].

Түптеп келгенде, барлық пікірлердің жаны бар, барлығы да зерттеулермен негізделген. Бәрінің келіп тоғысатын арнасы фольклор мен әдебиетті бір-бірінен ешқашан алшақтатпай, оларды ортақтастыратын нәрсе – сөз өнері екендігі. Фольклор мен әдебиеттің сөз өнерінің екі саласы ретіндегі өзара байланысы поэтика саласының құзырында, өйткені В.М.Жирмунскийдің анықтамасы бойынша “поэтика дегеніміз поэзияны өнер ретінде зерттейтін ғылым” [5., 77]. Ендеше, әр жазушы өзінің поэтикасын құра отырып, әдебиет пен фольклордың жалпы негізіне сүйенеді, олардан өзіне керекті көркемдік құралдарды пайдаланады, нәтижесінде жазушының өзіне тән көркемдік жүйесі қалыптасады.

Мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов шығармаларының көркемдік әлемінде фольклор мен әдебиет байланысының поэтикасы, фольклорлық дәстүрлер өте табиғи, органикалықпен өрілгенін байқаймыз. Фольклорға деген қызығушылық халық өмірінің, халық тілінің құнарлы қайнарын, терең сырын игеруге деген қызу тілектен де туындап жатады. Ғ.Мүсірепов шығармашылығына талдау жасау барысында аса стилист жазушының шеберлік жібiмен өрiлген туындыларының өзінен фольклорлық сарындардың құнарлы ағысын анық аңғаруға болады. Шығармаларының сол қасиеті жазушының сарқылмас халық қазынасының тұнығына қанып, тамырына терең бойлатқанында болса керек. Сарабал сырлы суреткер Ғ.Мүсіреповтің өзгеге ұқсамайтын даралығының, өзгеше сөз саптау шеберлігінің, дара стилінің қалыптасуының сыры да алдымен халық мұрасынан бастау алатын рухани бай жан-дүниесінің мазмұнына қатысты.

**Әдістеме.** Фольклорлық сарындар кеңес әдебиеті тұсынан бүгінгі күнге шейін таңдаулы шығармаларымызға негіз болып келді және әлде де болады. Классикалық эпостарды драмаға айналдырудағы нәзік шеберлік қазақ әдебиетінің алтын қорына “Еңлік-Кебек”, “Қара қыпшақ Қобыланды”, “Айман-Шолпан”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Қыз Жібек” т.б драмаларды қосты. Сондай-ақ, “Сұлушаш”, “Көкшетау”, “Күйші”, “Құлагер”, “Құралай сұлу”, “Ақбөпе”, “Абыл”, “Ақсақ құлан” сияқты дастандар да ел есінде ғасырлар бойы сақталған аңыз сарындарына сүйелініп жасалған туындылар еді. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның әдебиеттану ғылымында фольклорлық сарындардың әдебиетке барған сайын молырақ араласып, көркемдік дамуымызға жаңа өрнек, жаңа сапа қосып келе жатқанын зерттеу өз алдына бір тенденция болып қалыптасты деуге болады. Әдебиеттің көрнекті қайраткерлерінің шығармашылығына фольклордың ықпалы мәселесі тәуелсіздік алған жылдардан кейін кең қамтыла бастады. Қазақәдебиеттану ғылымында фольклор мен жазба әдебиеттің байланысы мәселесі жүйелі зерттеліп келеді. Көркем сөз шеберлерінің шығармаларындағы фольклорлық дәстүр мәселесін Ә.Дербісәлин, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ә.Молдаханов, Б.Байтанаев, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Б.Қанарбаева, Г.Пірәлиева т.б. ғалымдар жан-жақты, сан-салалы қырынан қарастырды.

Қазіргі заман әдебиетінде фольклорлық элементтер рөлі шығарманың көркемдік идеялық концепциясының мазмұнын байытып қана қоймайды, халықты адамгершілік рухта тәрбиелеуде де үлкен маңызға ие. Көркем әдебиеттің фольклормен байланысын тек этно-генетикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи-әлеуметтік тұрғыдан да біртұтас қарастырған дұрыс. Сонда ғана оның көркем әдебиетпен біте араласып кеткен қасиеттерін, оның көркемдік ерекшеліктерін тереңірек ұғамыз. Сондай-ақ фольклор мен қазіргі әдебиеттің бірінен-бірі туындап, дамып жататын жанрлық принциптерін де ескерген дұрыс. Бұл туралы Б.Н.Путилов: “Разумеется, нет оснований к тому, чтобы вообще отрывать поэтику фольклора от поэтики литературы. Контакт между ними, взаимодействие, если угодно союз, будут плодотворными и необходимыми, но лишь при том условии, что фольклор и его поэтика станут рассматриваться в их генетической и исторической самобытности, эстетической самооценности как особый художественный (и не только художественный) мир, понять который можно изнутри, раскрыв присущие именно ему закономерности” деген пікірі ойымызды тұғырлай түседі [6., 7].

Ең алғаш XIX ғасырда қазақ даласына орыс ориенталистерінің келуі арқылы қазақ халқының фольклорлық мұраларын жинап, бастырып, бағалау істері қолға алынғаны белгілі. Талай ықылым замандарды басынан кешіріп, рухани байлығын ішіне бүгіп жатқан дархан қазақ даласына патшалық Ресей алдымен осы жағынан қызығушылық туғызды. Қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуы осы алғашқы жинап-бастыру істерінен басталғаны мәлім. Ал орыс әдебиетінде ұлттық әдебиеттің қалыптасуындағы фольклордың рөлін бағамдау қадамдары XVIII ғасырдың өзінде-ақ көріне бастады. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында фольклоризм «халықтық» деген түсінік аясында қарастырылды. Ал жазушы шығармашылығы мен халық ауыз әдебиетінің арасындағы байланысты зерттеу нақты XIX ғасырдың аяғында байқалды. Ал Ұлы Қазан төңкерісінің оқиғаларынан кейін әдебиет пен фольклордың байланысы мәселесі Н.П.Андреевтің, Г.С.Виноградовтың, А.М.Астаховтың ғылыми еңбектерінде нақты зерттелді. Яғни көркем шығармалардың өзегінде жекелеген фольклорлық элементтердің пайдаланылу дәрежесі қарастырылды. Орыс әдебиетіндегі бұл мәселе аясындағы алғашқы қадамдар “миф-фольклор-әдебиет” триадасының аумағында қарастырылды. XIX ғасырдың өзінде-ақ Ф.И.Буслаевтың, А.Н.Веселовскийдің, А.Н.Афанасьевтің және т.б.ғалымдардың мифологиялықмектептерінде осы мәселе жан-жақты талданады.

**Нәтижелер.** Белгілі бір ұлттық ортада өскен, өз халқының өмірін, тарихын, фольклорын жақсы білетін, туған табиғатын сүйетін әр суреткер халық творчествосының бай поэтикалық ауқымынан бөліне алмайды. Көркем сөздің тамаша зергері Ғабит Мүсірепов туралы да дәл осылай айта аламыз. Өз халқының рухани тағдыры туралы ойлардан бір сәт те ажырамайтын жазушының артына қалдырған әдеби мұрасы, ой-толғамдары, публицистикасы бұған дәлел. Суреткер өз шығармаларында фольклорлық амал-құралдарды, фольклорлық сюжеттер мен сарындарды, фольклорлық кейіпкерлерді аса шеберлікпен пайдаланған. Бұл әдіс әрбір дамыған әдебиетке тән құбылыс. Белгілі фольклоршы ғалым У.Б.Далгаттың: “ ... Имеют место индивидуально-творческой обработки, переработки, переложения фольклорных образцов, стилизация под народно-поэтические формы, когда писатель или поэт решает от себя заговорить на языке фольклора, создавая свои произведения в духе фольклорной традиции. При всем этом доминирующей формой системных отношении остается идейно-эстетическое, сюжетно-композиционное, эмоционально-семантическая трансформация фольклорных средств и явлений” деп жалғасатын жазушы фольклоризміне берген анықтамасында олардың фольклорға саналы түрде баруының әдеби-эстетикалық маңызы түсіндіріледі [7., 81]. Ақын-жазушылар творчествосында фольклорлық мұралардың маңызды орын алуы, әдетте, олардың тәрбиеленген ортасына байланысты. Халықтың асыл мұраларының бастау көзінен сусындаған әр суреткер еріктен тыс фольклорға сүйенетіні әбден белгілі.

Міне, Ғ.Мүсірепов фольклоризмі де, оның өмірбаяндық әңгімесінде баяндалатын, бала кезден құмар болған қисса, ертегі, жырлардан бастау алып жатыр. Жазушы фольклорға сюжет құруда, образдар жасауда, жанрлар мен көркемдік құралдарды қолдану аясында иек артты. Сюжет – күрделі ұғым. Ол көркем шығарманың жанды өзегі, бүтіндігінің негізі десек, сол жазба әдебиеттің арқауы болған фольклорлық сюжет өмірлік шындықты көрсетудің бірден-бір көркемдік тәсілі. Халық прозасының аңыздық, ертегілік, мифтік, батырлық сюжеттері, жекелеген фольклорлық сарындар Ғ.Мүсіреповтің көлемді прозасында сан салалы қолданыс тапқан. Қазіргі кезеңде прозаның өн бойында желі тартып жататын фольклорлық сюжеттер мен кейіпкерлердің қолданылуы оның проблематикасын ғана емес, көркем суреттеу мүмкіндігін де байытатын өміршең тәсіл болып отыр. Халық әдебиетінің сол мүмкіндігін терең түсінген жазушы прозасында бұл тәсіл бірде көзге анық байқалса, кейде шығарманың поэтикалық жігімен астасып бірден аңғарылмай да жатады. Бұл әрине, өзіндік стилі қалыптасқан қаламгердің шеберлігіне байланысты болса керек.

Қазақ әдебиеті – ұлттық мәдениеттің теңдесі жоқ қоймасы. Ол өз ішінде небір түрлі байлық көзін, соның ішінде халық ауыз әдебиетінің талай қымбат қазынасын сақтаушы терең сандық десе де болғандай. Солардың арасында ертегі жанрының маңызы ерекше. Егер ертегі бұрын қарапайым халықтың арасында туып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралса, XX ғасырдан бастап ол әлдеқайда білімді ортаның жетістігіне айналып, жазба әдебиеттің құрамында «әдеби ертегі» деген атпен жаңа өмірін бастады. Қарапайым халықтың қолымен туындаған дейтініміз, қазақ ертегілерінің қай-қайсысында да кедей мен бай, әлді мен әлсіз, жомарт пен сараң т.б. қарама-қарсы күштің қақтығысы сюжеттік желі құрады да ақырында қара халықтың өкілі жеңіске ие болады. Кейінгі жазба әдебиеттің құрамында пайда болған әдеби ертегілердің де басты позициясы да - әділдік, жақсылық. Әдеби ертегілер қазақ әдебиетінен бұрын орыс әдебиетінде ерте пайда болды. Мұндай фольклормен “талас” орыс әдебиетінде XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында қалыптасты. А.С.Пушкин, В.И.Даль, В.Ф.Одоевский, М.Е.Салтыков-Щедрин, Л.Н.Толстой, В.Г.Короленко, А.М.Горький, И.А.Бунин т.б. орыс жазушылар легі ғасырдан ғасырға осы дәстүрді жалғастырды. Ертегі – сөз өнерінің ең көне түрлерінің бірі. Оның түп-тамыры өте тереңде жатыр. Тіпті таптық бөлінуге дейінгі дәуірлерден бастау алады. Ертегінің өте жоғары поэтикалық ерекшелігін ондағы ғасырлар бойы жинақталған халықтың ойы мен сезімінің бейнеленуімен түсіндіруге болады. “Ертегілер ерте замандарда пайда болып, адамзат тарихының әр кезеңінде өзгеріске түсіп отырған, сөйтіп біздің дәуірге классикалық көркем фольклор түрінде жетіп отыр” [8., 17]. Халық ертегісіне маңызды назар аударған батыс еуропа ғалымдары болды. Олар ертегілік сюжеттің түп-тамырын ежелгі мифтерге апарып тірейді. Осылайша Батыс Еуропада ағайынды Гриммдер негізін салған атақты мифологиялық мектеп қалыптасты. Халық ертегілерін жинап, бастырып зерттеу ісіне алғаш жол салған, сөйтіп салыстыру әдісінің тиімділігін негіздеген де солар еді. Гриммдер мектебінің әсері орыс ғылымына да әсерін тигізбей қойған жоқ. Ал орыс әдебиеттану ғылымы арқылы XIX ғасырдан бастап, қазақ фольклорын жинастыру ісі қолға алынып, ең алғашқылардың бірі болып ертегілер жиналды. Академик А.Н.Веселовский “Тарихи поэтика” еңбегіндегі ертегілік эпосқа арналған мақалаларында оны меңгерудің түрлі әдістерін синтездеуге тырысады.

### **Талқылау.**

1.1 Фольклор қазынасын Мүсіреповтің пайдалануы түрліше сипатта көрінеді. Кейде түрлендіріп, жаңғыртып, фольклор ұғымының мәнін тереңдете, кеңейте алса, кейде бастапқы мағынасының аясында шектеледі. Бұл ретте мына пікір ойымызды тұғырлай түседі: “Фольклорлық элемент қашан да болсын ақынның шығармашылық мақсатына лайық алынады. Егер автор фольклорлық материалды, фольклорлық форманы шығармашылық електен өткізіп, жаңа шығармасының бойына біте қайнастырып



пайдаланбаса, шығарма биік, идеялық көркемдік дәрежеге жете алмайды” [9., 11]. Расымен де, фольклорлық элементтер ақын-жазушылар шығармасымен біте қайнасып, бір жүйеден табылып жатпаса, оның көркемдігі кемшін болар еді.

Ең алғашқы “Тулаған толқында” атты ұзақ әңгімесінің фабуласына шолу жасайық: ескі ауылдың Оспан, Итемген-сынды азулы байларының шеңгелінен босауға талпынған Шәйза мен Біржанның түрлі қиындықтардан кейін бас бостандығына ие болып, қосылуы, әрі қарай жаңа өмірге аяқ баса отырып күрес жолына шыққаны баяндалады. Әңгіменің қысқаша мазмұны ертегідегі “түрлі кедергілерден соң бай болып, барша мұратына жететін” тұрақты формуланы еске түсіреді. Жаңа заман шындығын беруде қаламгер халықтық сарынды пайдаланған. Сүйген жастардың бір-бірімен қосылуы, әңгіменің жазылу кезеңінде жаппай етек ала қоймағаны анық. Сол ескінің шеңгелін өз қолдарымен үзіп, бүгінгі заманның бақытты құрылысшыларына айналған екі жас әрекетін суреттеуде фольклорлық сюжеттің дайын формасын қолданған. Осы орайда А.Н.Веселовскийдің мына пікірі ойымызды тұғырлай түседі: “...старые образы, отголоски образов, вдруг возникают, когда на них явится народно-поэтический спрос, требование времени. Так повторяются народные легенды, так объясняется в литературе обновление некоторых сюжетов, тогда как другие видимо забыты” [10., 99].

Елдің жадында ескіре бастаған, көмескі тарта бастаған оқиғалар мен фактілер қажеттілік туғанда жаңаша реңмен халықтың жадында қайта жаңғырады, Сол жаңғыртулар, әсіресе, көркем әдебиетте көбірек жүзеге асатыны белгілі. Сол елдің жадындағы еміс-еміс нәрселер көркем шығарманың қазанында қайнап, халықтың жадын жаңғыртатыны өтірік емес. Әдебиетте тұрақты мотивтер мен қалыпты сюжеттер көп қолданылады.

Ертегілік сюжеттер иен мотивтер Мүсірепов прозасында түрлі дәрежеде қолданыс тапқан. Кейде мазмұндық құрылымы арқылы, кейде белгілі бір ертегілік сарынды кейіпкерлер сөзі арқылы еске түсіру немесе авторлық баяндаудағы көркемдік құралдар құрамында көрінеді. Мысалы: “...Қалиша Шәйзаны өлді деп жүрді. Шашын жайып жоқтап жылап жүр. ...Ботасы өлген інгендей боздайды. Екі көзі парлап, ыстық жасты ағызада да тұрады” [11., 80]. Қалишаның жай-күйін беру үшін жазушы халыққа ертегіден етене таныс, ботасынан айрылған бозінгеннің зары туралы сюжетті еске салады. Бір қарағанда байқала қоймағанмен, халық ортасында “Бозінген”ертегісінің терең орын алғанын білетін жазушы теңеу арқылы кейіпкерінің жан күйзелісін дөп суреттейді. “Ананың зары”, “Бозінгеннің зары” деген екі ұғым халық жадында бір-бірімен астасып жатыр. Ал жазушының кесек туындысы “Оянған өлке” романында мынадай сурет беріледі: “Қаз-қатар шөктірілген Игіліктің түйелері ұзақ бір ертегіні бастап кетіп, аяқтай алмай жатқандай, ауыздарын кере-кере күйсеп, екі ауылдың арасында жатыр” немесе “Қырық мыңға жаңа толған халқы бар омбы қаласы ең әрісі жиырма үйден отыратын қыр қазақтарына ертегіде айтылатын Бағдат шаһарындай ұшы-қиыры жоқ үлкен көрінеді”, “Ел ішінде ертегідей тарап кеткен бір әңгіме – қысқы үйі біткеннен кейін, Игіліктің балашағасы далаға шықпайды екен деген бір қауесет еді” [11., 81]. Ертегіден бастау алған көркем тарихымызға көз жіберсек, қазақтың ертегі айту дәстүрі үлкен бір өз алдына мектеп болғанына куә боламыз. Жоғарыдағы сурет сондай жанға жайлы, сондай таныс бейнедей көңіліңді жылы күйге бөлеп кеткендей риясыз езу тартқызады. Сондағы деталь – «ұзақ ертегіні бастап кетіп, аяқтай алмай жатқандай» болған кербез түйелердің әрекеті. Кішкене деталь үлкен ойға бастайды. Ертегі айту дәстүрі бар қазақтың ұлттық болмысын да жазушы бірге танытады. Осы дәстүрдің көрінісі жазушының “Автобиографиялық әңгімесінде” берілген: “Асау тай, тентек жиын, қызыл жон қырғын, батырлық, ерлік жайларын шалдар ғана ертегі ретінде айтып отырушы еді” [11., 80]. Осылайша суреткер ертегі сюжетін емес, соған қатысты орныққан орындаушылық дәстүрдің халық өміріндегі орнын да таныта кетеді. Бұл әдісті де біз жазушының фольклорлық дәстүрді игерудегі

бір ерекшелігі демекпіз. Ал “Ананың анасы” әңгімесіндегі мына үзіндіге назар аударайық: “Іркіт сабасындай іркілдеген молда мен саудагер Рамазанға соқыр Әйтiлес ескi күндердiң әңгiмесiн шертiп отыр. Тот басқан әңгiменi жанып-жанып жаңартып, жалт-жұлт еткiзедi. Көзден айырылған соң барлық жарықты көңiлi мен құлағына жинаған қарт, ескi күндердi тымақтай бұлғап, төңкерiп-төңкерiп алады” деп жалғасатын шығармада әңгiмешi қарт Әйтiлестiң бейнесi, оның есiнде қалған, өзi куәгер болған адамнан естiген әңгiмесi баяндалады. Әңгiме iшiндегi әңгiме оқырманды ерiксiз баурап алады. Бұл шығармада кездесетiн қазақтың сонау жаугершiлiк заманда талайларының басынан өткен жағдаяттар баяндалады, оның сюжетiнен оқырманға көп жайттардың барысы түсiнiктi болады. Әңгiмеде, билер дәстүрi, барымталау, қыз алып қашу, жалшылық, атастыру салты, қала бердi жазушының баяндау стилiндегi сол заманға лайық шешендiк сөз орамдары т.б. фольклорлық сарындарды байқай аламыз. Дегенмен де бұл жерде көңiл бөлгiмiз келiп отырғаны- әңгiме айту дәстүрi. Әңгiмешiл қарттар – қазақтың қазыналы қарттары. Қарттардың әңгiме қоржынынан небiр тарихтың беттерi, небiр халық өмiрiнiң рухани қазыналары ақтарылған. Қазақ үшiн көптi көрген көнекөз қариялардың жөнi бөлек. Мiнекей, осынау қадыр-қасиеттiң иесi Әйтiлес қарт та айналасына үйiрiп алып тамаша ертегiге бергiсiз әңгiме айтады. Және өз хикаясының соңында сонау жылдары естiген осы әңгiменiң әсерiнен әлi де арылмағандай, тыңдарманын тәттi бiр күйге түсiреiп, ойға салады. Ал “Ашынған ана” әңгiмесiнде баласы үшiн тозақтың да отына көнгендей, тұрмыстың теперiшiн көрiп, түрмеден келе жатқан ананың хикаясы баяндалады. Әңгiменiң соңы “Әйел түнi бойы өмiрiнiң қараңғы түкпiрлерiн қазып, көп әңгiме айтты...”деп аяқталады [12., 81]. Мұнда да әйелдiң түнi бойы айтқан әңгiмесi үй iшiндегi кiшкентай балаларға дейiн елiктiрiп әкеткенi айтылады. Бiрақ мұндағы әңгiме әйелдiң өзiнiң басынан кешкен оқиғасы. Осы сияқты бiр қараған сәтте байқала бермейтiн, нәзiк шеберлiкпен астасқан фольклорлық сарындарды жазушы туындыларының қай-қайсысынан табылады. “Жалпы, әңгiменiң өзi – әңгiмешiнiң шеберлiгi мен айтылу жағдайына қарай өзгерiп отыратын, әрi көркем творчество мен тұрмыстық сөйлеу дағдысының шегiнде тұратын фольклорлық жанр” [13., 21]. Ол баяндаудың ерекше түрiне жатады, бастапқы шығарушысы ұмыт болған, өзiндiк ерекше сөз мәнерi бар адамның әңгiмесi ретiнде құрылады. Әңгiме – белгiлi бiр оқиға немесе өмiрден алынған шын факты жөнiнде баяндайтыны мәлiм. Әдетте, әңгiменi сол оқиғаға қатысушы, не оқиғаны көзiмен көрген адам айтып бередi және оны одан әрi таратады. Бұрынғы әңгiмелерде өмiрдiң ащы шындығы бейнеленедi. Халықтың мұң-мұқтажын, арманын, байларға деген ашу-ызасы мен күресiн бейнелейтiн әңгiмелер өмiр сүруiн тоқтатпай, дамып отырды. Халық оларды тыңдап, ұзақ уақыт бойы есте сақтап, ауыздан-ауызға таратып отырды. Әңгiмелерден сол кездегi уақыт ағымын, халықтың дүниетанымын сезуге болады. Мүсiрепов шығармаларындағы ауызша әңгiмелердi саналы түрде фольклорлық дәстүр негiзiнде қолданғанын байқаймыз. Себебi жазушының өзi 1988 жылы “Жұлдыз” журналында жариялаған мақаласында қазақ фольклорында әңгiме жанрының бар екендiгi туралы айта келiп: “Ауызша әңгiменi әдебиетiмiздiң бұрын назар аударылмаған жанры деп атауға тұрарлық. Оны ауызша әңгiме жанры десе де болады. Мұндай жанр бiздiң фольклорлық әдебиетiмiзде бұрын болған” деп ойын сабақтай келе, фольклорлық әңгiменiң жанрлық мән-мағынасын айқындауға тырысады. Ауызша әңгiме фольклор сипатында болғандықтан естелiктен өзгеше екенiн де атайды. Және мұндай әңгiменiң сапасы мен өмiршендiгi әңгiмешiнiң шеберлiгiне байланысты болатынын баса айтады. Осылайша Мүсiрепов фольклорлық әңгiменiң өзiндiк орнын айқындап кетедi. Жазушы новеллаларында негiзiнен арна құрайтын осы бiр ерекшелiк те сол фольклорға иек артқан шеберлiгiмен байланысты көрiнедi. Аталған екi әңгiменiң кейiпкерлерiнiң есте ұзақ сақталуы да фольклорлық қаһармандардың сипатын бойына дарытқандығымен байланысты. Фольклорлық проза жанрында, әсiресе, аңыздардың орны ерекше. Қазiргi қазақ

әдебиетінде аңыздық сарындар жекелеген суреткерлердің шығармашылықтары арқылы еніп, прозада өзгеше өрнек жасады. Кеңестік дәуірде тоталитарлық жүйенің қатаң бақылауынан еркін кәсіле алмаған жазушылар өздерінің айтқысы келген ойын символикалық бейнелер арқылы беріп, аңыздың астарлы метафоралық әдістерімен жеткізді. Шағын әңгімеге сыналап басқа бір қосалқы сюжетті енгізу суреткерденүлкен шеберлікті талап етті. Сондықтан да қазақ әдебиетінде 60-жылдарға дейінгі кезеңдерде миф-аңыздарды қолданғандар өте аз кездеседі. Сол аздардың қатарында Ғ.Мүсірепов бар.

1.2 Жазушы шығармашылығында тікелей де, жанама да қолданылу арқылы арнасын бір үзбейтін желі – аңыздық сюжеттер мен сарындар жеке тоқталуды қажет етеді. Мәселен, “Ер Қаптағай” әңгімесі тұтасымен аңызға құрылған. Бұған дейін “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қыз Жібек”-сынды ғашықтық жырлардың негізінде драма жазып, фольклорлық мұраларға деген сүйіспеншілігін анық көрсеткен жазушы бұл әңгімеде халқымыздың батырлық, мәрттік мінездерін паш етеді. Әңгімедегі қазақ батыры Қаптағайдың аңғал да дойыр мінезі Әзірет Әлі бейнесі арқылы ашылады. Талай жаугершілікті көрген халқымыздың ерлік қасиеттері күші теңбе-тең, мықты жаулары арқасында аса көп көрініс тауып жатады. Яғни батыр елдің жаулары да осал емес. Әңгімедегі Әзірет Әлі де сондай бейне. Әзірет Әлі – Мұхаммед пайғамбардың дін жолындағы сенімді серігі әрі күйеу баласы, мұсылмандардың аты аңызға айналған батыры, ислам дініндегі әділ халифалардың төртіншісі. Алайда тарихи тұлға болған Әлі 661 жылы қаза болғаннан кейін, исламда оның бейнесі аңыз-әпсанаға айнала бастады. Шығыс бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі қасиетін көрсететін белгілері - басының сыртын коршаған жалынмен, қолындағы Мұхаммед пайғамбардан мұраға қалған ұшы айыр қылыш - Зұлпықармен, жауынгерлік аты - Дүлдүлімен бейнеленеді. Аңызға айналған ерліктеріне байланысты мұсылман мифологиясының мифтік кейіпкеріне айналған Әзірет Әлі қазақтардың ислам дінін қабылдауымен қазақ ортасында батырлардың қолдаушы киелі піріне айналған. Қазақ батырлары жорықта, соғыста, шайқас алдындағы жекпе-жекке шыққанда басқа пірлерімен бірге Әзірет Әлінің де есімін атап, сыйынып қолдау сұрайтын болған. Әзірет Әлінің қылышы- Зұлпықар қазақтарда асыл қылыштың бейнесіне, эпитетіне айналды. Оның жауынгерлік аты - Дүлдүл батырдың тұлпарының эпитеті ретінде қолданылады. Әзірет Әлі қазақтың халық ауыз әдебиетінде Алланың Шері, Арыстан, Шер Әлі, Әлі Шер деген бірнеше лақап аттарымен де аталады. Әзірет Әлі туралы аңыз-әпсаналар Шығыс Қазақстан өңірінде көп кездеседі. Сол аңыздағыдай астында дүлдүл аты, қолында Зұлпықар қылышын асынған Әзірет Әлі туралы сюжет тұтастай әңгімеге арқау болған. Әңгіменің ақырындағы автордың “Тек ірілік қана аңыз бола алады. Мен аңыз қалғанына қуандым Сол жартас Сарқанд ауданында әлі бар, оны тұрғын ел “Дүлдүлтас” дейді” [12., 52] деген эпилогы аңыз бен шындықтың арақатысын жақсы білетін жазушының ірілік туралы аңыздың кісілік жағын тұғырлатудағы өзіндік шешімі іспеттес. Осылайша аңыздық-әпсаналық сюжет жазушы қаламынан туғанда жазба әдебиеттің шағын болса да кесек ойлы туындысына айналған. Әзірет Әлі туралы сюжет қазақ арасына кең тараған “Зарқұм”, “Сал-сал” қиссаларында баяндалады. Бұл жырларда Әзірет Әлінің «бойының биіктігі қырық кез және ұзыны мен көлденеңі бірдей төртпақ, ақырған дауысы жер жарады, жаудышөптей отайды» деп суреттіді. “Зарқұмда” Әзірет Әлінің күш-қайраты:

Күн көзі жер сілкініп көрінбейді,  
Арыстан (Ғали) ақырудан ерінбеді.  
Әлінің (Ғали) айқай салған дауысынан

Солқылдап жер менен көк дүрілдеді, - деп сипатталады. Мінекей, аңыздардан белгілі қайраты осындай алапат Әлі Мүсірепов әңгімесіндегі қарапайым қазақтың батыры Қаптағайдың қаһарынан ығып, әйгілі Дүлдүлінің белі шойырылып қайтатыны көп

нәрселерге мегзейді. Қазақтың ірілігі туралы аңызды әңгімеге айналдыра отырып, жазушы осынау аңыздық сюжетті тамаша кіріктіре білген.

Фольклорлық сюжеттер көркем прозадағы өмірді бейнелеудің, шындықты көрсетудің бірден-бір көркемдік тәсілі ретінде қолданылады. Көркем әдебиеттің фольклормен байланысын оның тек этно-генетикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи-әлеуметтік тұрғыдан да біртұтас бірлікте қарастырған дұрыс. Сонда ғана оның көркем әдебиетпен біте араласып кеткен қасиеттерін, оның көркемдік ерекшеліктерін тереңірек ұғамыз. “Ер Қаптаға й” әңгімесін Мүсірепов 1942 жылы жазған. Қазақ арасына кең тараған Қаптағай батыр туралы аңыздың бір желісін алып шап-шағын көркем әңгіме тудырған. Мұнда жазушы Қаптағай мен оның балаларының ел қорғаудағы батырлық, ерлік істерін айқас үстінде ашып көрсетуді мақсат етпеген сияқты. Көбінесе орта ғасырда өмір сүрген қазақ батырының сыртқы портреті, дойыр да мәрт мінезі, аңғалдығы баса суреттеледі. Сайын даладағы өмірлері жаугершілікпен өткен бабаларымыздың мінездеріндегі ақ көңіл ірілікті зиялы сыпайылыққа қарсы қояды. Екі түрлі түсінік, екі түрлі мінез, бірақ араларында бір-біріне деген жақындық бар, құрмет бар. Әзірет Әлі маймөңкесіз жомарттықты қадырлесе, Қаптағай батыр сыпайы кісілікке тәнті болады. Жазушы әңгімесін “Әр ел өз ерлігін көтере айтқанда жеңген жауының осал еместігін қоса айтады. Бұл да соның бірі болар. Тек ірілік қана аңыз бола алады” деп аяқтайды (Ғ.Мүсірепов, 1980). Әңгіме көлемі үш беттен аспайды. Бірақ беретін ғибраты, салар ойы орасан. Мұнда әңгімеге аңыз қосымша тақырып немесе бөлек сюжет болып еніп тұрған жоқ. Керісінше, бүкіл әңгіменің сюжеті аңызға құрылған. Мүсіреповтің ертеде жазылған бұл әңгімес аңыздық желілерді көркем әңгімеде қолданудың алғашқы бастамалары ғана.

Қазақ арасына кең тараған шығыстық сюжеттердің бірі – Ескендір туралы аңыздар. Сол сюжеттің ізі Мүсіреповте де бар. Мәселен, “Әсіресе, ауыздарына берік болуға тиісті, Ескендірдің екі мүйізі барын айтқан адамның басы алынатынын бұлар да естіген” [12., 56]. Мұнда аңыздық мотив шығарманың мазмұндық қажетіне орай ойды бекіту үшін қолданылған, яғни сол сюжеттің халық жадында сақталған мазмұнының әсер-ықпалы зор екендігін кейіпкерлердің ойы арқылы танытады. Қазақ арасына тараған Ескендір туралы тараған шығармалардың ішіндегі осы сюжетқазақ жеріне Низамидің “Ескендірнамасы” арқылы тараған. Белгілі ғалым Е.Э.Бертельстің айтуынша, Ескендір туралы аңыздарды шығарып таратушылар өзінің сарбаздары болған. Кейін бұл аңыздар жинақталып “Александрия” шығармасына айналады. Бұл жинақ көптеген тілдерге аударылып, шығыс халықтарына да таралады. Ал шығыста бұл шығарма бөлшектеніп, ауыздан-ауызға таралып, әр елдің ауыз әдебиетіне, жылнамаларына енеді. Осылайша Ескендірнама тақырыбы қазақ арасына да келгенге ұқсайды. Мұндай сюжеттік көш Ескендірдің өзінің бейнесін де көптеген өзгерістерге ұшыратқан. Мысалы, гректерден сириялықтарға келген Ескендір қос мүйізді болып суреттеледі де “Зұлқарнайын” деп аталады. Осыдан барып оның бейнесіне ерекше күш, қасиет дарытылады. Себебі шығыс халықтарының ертедегі түсінігі бойынша, адамға біткен мүйіз ол ерекше қасиеттің, бақыттылықтың белгісі. Мұндай түсінік қазақ арасында да сақталған. Мәселен, “Қане, шыққан мүйізің?” деген тіркес “артықшылығың қайсы” деген мағынада түсініледі. Мінекей, осы аңыздық сюжеттің сарыны Мүсірепов романында өз алдына оқиға ретінде емес, тек сөз арасында, алайда маңызды деталь ретінде қолданылған. Аңыздық сюжеттегі ауызға берік болу керектігі туралы идеяны елеусіз болса да қазықтай етіп қағады. Оқырманға автор аңызды түсіндіріп жатпайды, себебі ежелден келе жатқан аңыз сюжеті әрбір қазаққа жақсы таныс екенін жазушы біледі. Бір ауыз сөз арқылы аңыз сюжеті оқырманның ой елегінен өтеді. Көркем шығарманың фольклорлық сарынының басты мақсаты да осында, жазушы оны аса шеберлікпен жымдастырған.

Аңыздың ең бір құдіреттілігі оның шындықпен астасып, халықтың санасында сақталып, қасиетін арттыра түсуімен байланысты. Сондай сарын жазушының әр кездегі туындыларында жиі ұшырасады. Мәселен, 1. “Ұлпан” романындағы Шынардың Есеней туралы ойлары: “А,Құдай, Есенейдің қолына түсіре көрме”, - деп дұға қылады екен деген аңыз да құлағында болатын [12., 2]. 2. “Осы аз күннің ішінде Ұлпанның атағы кең жайлауға түгел тарап кетті Ұлпанның аз ғана істеген істерін аңызға айналдырып әкетті” [12., 203]. Осы мысалдардан байқағанымыздай, жазушы белгілі бір аңыздың нақты сюжетін алмайды. Әдетте, тарихта болған адамдардың елдің есінде қалатын істері көпке дейін ұмытылмай, үнемі қайталану арқылы аңызға айналғаны белгілі. Сол аңыздардың пайда болу тарихын жақсы білетін жазушы осы үзінділерде сол құбылысқа сілтеме ғана жасайды. Оқырман жадында аңызға айналған Есеней мен Ұлпанның іс-әрекеті тағы да жаңғыра түседі. Ал “Жиырма төрт сағатта” деп аталатын әңгімеден мынадай мысал келтірейік: “Балықшылар түн бойы той жасап, Лениннің хатын әнге қосып, аңызға айналдырып жіберді. Қазақ даласын кезіп аңыз да кете барды. Аңызға еріп, Томаршаның аты да кете барды” [11., 25]. Бұл әңгіменің тақырыбына жазушы “Арал аңызы” деген қосымша айдар тіркеген. Үзінділерден түйер ой – кейіпкердің өзгелерден оқшау мінез-құлық, іс-әрекет қасиеттерін көрсете отырып, шығарманың идеясын ашуда аңыздық сарынды қолданудың өзгеше үлгісін қалыптастыруы.

Жазушы прозасында батырлық сюжеттер де өзіндік қолданыс тапқан. Сонымен қатар эпикалық жыр, лирикалық ән сюжеттері де өзгеше арна құрайды. Кейде тұтас бір сюжет қолданылса, енді бірде фольклорда ізі сайрап жатқан мотивтер еске түседі. Қайсысы болғанда да көркем шығарманың халықтық негізін күшейтіп, фольклор мен әдебиеттің байланысы атты үлкен проблеманың ауқымына сыйып тұр. Суреткер фольклордың жекелеген әдістері мен сарындарын құр пайдаланып қана қоймайды, бір жағынан оның адамгершілік, эстетикалық дәстүрлеріне сүйенеді. Фольклорға сүйенген немесе оның ерекшеліктерін түсінуге тырысқан суреткердің қай-қайсысы да әр уақытта фольклордың ең алдымен Адамды суреттейтінін ұмытқан емес. Мүсірепов прозасында фольклорлық сарын осы жерден шыға біледі. “Тулаған толқында” әңгімесіндегі Шәйза мен Біржанның жанкешті іс-әрекеті, “Ер Қаптағайдағы” батырлық мінез, “Ананың анасы” әңгімесіндегі Жалпақ балуанның дөрекі батырлығына тосқауыл қойған Ананың жігерлі қайраты, “Ақлимадағы” мүгедек солдаттың хатынан есіп тұратын рух әңгімелерінен бастап ірі шығармаларына дейін желі құрып жатады. Эпикалық жырлардағы батырлық дәстүр сюжеттері бір толастамайды.

**Қорытынды.** Әдетте эпос қандай да болмасын құбылыстың нақтылы ізін қайталамай, оның ұлы сарынын ғана айтып беретіні белгілі. Фольклорлық *сарын* деп отырғанымыздың өзі сонда белгілі нәрсені айна-қатесіз қолдану емес, құлаққа сіңісті, көңілге туғанындай болып тоқылған түйсіктен туындап жататын білім, түсінік қазығы дейміз. Халықтың жадында сақталған жалпыға белгілі нәрселер жазба әдебиеттің қазанында қайнаған уақытта еріксіз шеберлік жібiмен өрiле түсiп, шығарманың фольклорлық айшықтарын таныта түседі де, жазушының суреткерлік қолтаңбасындағы ерекшелікті молайта түседі.

*Қазiргi биiк өреге, озық мәдениетке жеткен қазақ прозасының халық мұрасымен байланысын айқындау оңай шаруа емес. Өйткенi көркем прозадағы тiлдiң өзi халық тiлiнен ажырап, жазушының стильдiк тезiне түсiп, әбден ұстарып, оралым-өрнегi өзгерiп, жаңа тынысы ашылады. Бұл орайда, “Тiл әрқашан қырналып, мiнелiп, өңделiп отыруға тиiс. Бұл үшiн ол халықтан жазушы мен филологқа өтiп, ал олардың қалам тезiнен шыққан соң, халықтың өзiне қайта келiп, жалпы халықтық игiлiкке айналуды керек” деген В.Гумбольдт пiкiрiн есте ұстаған жөн. Одан кейiн фольклорлық сюжеттер, сарындар, бейнелер прозаға қаз-қалпында көшiрiлмейдi, оны дарынды суреткерi қанғаниша өңдеп, өз шығармасының көркемдiк-эстетикалық талаптарына*

бағындырып пайдаланады. Сондай-ақ, фольклордағы эпикалық уақыт пен кеңістік прозада қарапайым шынайы-тұрмыстық өлшемге көшіріледі. Эпос пен ертеkte кеңістік пен уақыт міндетті түрде бақытты түйінмен аяқталса, көркем прозада бұлай болу тым қарапайым боп есептелетіндіктен, әдетте шығарма ерекше бір шытырман, тосыноқиғалармен бітеді. Фольклордың қызметі бағзы заманнан халық санасында орныққан таным мен образдарды қадағалау, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру, бұлжытпай орындату болғандықтан, ол бір ғана қайталау әдісін қолданады, ал әдебиеттің міндеті жаңа қаһармандар мен бейнелерді жасау болғандықтан, ол даралау оқшаулау тәсілдерін жүзеге асырады. Осы тұрғыдан қазақ әдебиетінің классигі, ұлт рухының көшбасшысы F.Мүсіреповтің шығармашылық болмысындағы фольклорлық сарындардың түрлі көрінісін зерттеудің маңызы зор.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Бердібай.Р. *Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос- ел қазынасы. Бірінші том.* – Алматы: “Қазығұрт”, 2005. - 464 бет.
2. Базанов В. *Русский эпос в литературных интерпретациях XIX в. В кн.: Lapoesiaerica e lasuaformazione. Roma, 1970, P. 333 - 340.*
**Keywords:** good purpose, independence, Turkism, Turkic civilization, the genesis of civilization

**Кіріспе.** Асыл арман мен ізгі мұратқа жеткізер адалдықты, күрескерлікті әрбір адам алдымен өзінен бастауы қажет екенін ескерсек, Т.Нұрмағамбетов – әдебиет айдынында ары таза, еңбегі адал, жасандылық пен науқаншылдықтан бойын таза ұстайтын, атақ үшін емес оқырманның дүниетанымын кеңейтіп, ой салу үшін еңбек ететін бекзат жазушы. Рецептивті эстетика тұрғысынан қарасақ та, “Айқай” – көп оқылып, көп талданатын туындының бірі. Әрбір туындысының шын мәніндегі әділ төрешісі – оқырманның ыстық ықыласы екенін білетін жазушы кейіпкердің ұлтқа бөлінбейтіндігін, адам баласының қасіретті тағдыры бәріне ортақ мәселе екендігін пайымдай білген. Сонысымен де бұл шығарма түркілік сипат алып отыр. Күлтегін, Тоныкөк, Өнгүн жазуларында, адамзат өркениетінің жарық жұлдыздарына айналған Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари еңбектерінде жалғасып келе жатқан өзекті бір рухани желі – түрік елі, түрік өркениеті туралы толғаныс бар бұл шығармада.

Қазіргі таңдағы интеграциялық үдерістердің біріне түркітілдес халықтардың бір-біріне деген ықпалдастығын жатқызуға болады. Бүгінгідей жаһандану заманында, бәсекелестік белең орын алып отырған кезеңде кез-келген мемлекеттің жеке дара, өз алдына оқшау өмір сүруі мүмкін еместігі түсінікті. Осындай күрделі геосаяси және геоэкономикалық халықаралық жағдайда қазақ елінің тарихи-мәдени және географиялық-экономикалық тұрғыдан мүдделес елдермен одақ құрып, бірлесу мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отырған шақта автордың “Айқай” шығармасының дүниеге келуі – заңдылық, бүгінгі күн талабына сай өзекті дүние деп танымыз.

**Әдістеме.** Түрікшілдік дүниетанымның қалыптасуына Түрік қағанаты негіз болғаны белгілі. Түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилевтің: “түрік мемлекетінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды, өйткені сол кезге дейін Ортатөңіз мәдениеті мен Қиыршығыс мәдениеті, бір-бірінің дүниеде бар екенін білсе де басы қосылмаған еді. Түріктердің қоғамдық тірлігі мен әлеуметтік институттарының күрделі

түрлері қайран қалдырады: ел, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымның болғандығы таң қалдырады” [176 3] деген пікірі ежелден-ақ түркі халықтарының қашан да мәмілегерлік пен бейбіт бастамалардың отанына айналып отыратын парасаттылығын көрсетеді.

“Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді Тарих бізге әрбір түркі халқы түркілердің мәдени әлеміндегі бөлінбейтін құрамдас саласы екеніне барған сайын көз жеткізе дәлелдеп береді” [2] деген пікірге сүйене отырып, біз бұл туындыны өркениетке иек артқан қос бауырлас елдің арасындағы ынтымақтастықтың көрінісіндей ізгілікті іс ретінде қабылдадық. Бауырлас екі ел арасындағы әдеби байланыс жөнінде А.Ержиласун: “бір-біріне осыншалықты жақын бір әлемнің бір-бірінен соншалықты ұзақ әрі бейхабар қалуы – сирек кездесетін жайттардың бірі. Батыс мәдениетінің ұрпақтары ғасырлар бойы тек бір-бірлерін оқыды; тоқтамай әрі үзбей таныды. Арасын толтырған мұхиттар да оларды бір-бірінен айырмады. Американың Австралиядағы жаңа тұрғындары Европадағы қайнар бұлақтарынан еш байланысын үзбеді. Шүбәсіз, араб әлемі де осындай. Оларда саяси шекараларға, өзге мемлекет болғанына қарамастан бір-бірінің мәдениеті мен әдебиеттерін жалғастырды” [3., 25]. Қаламгер Т.Нұрмағамбетовтың “Айқай” повесі – осындай олқылықтың орнын толтырған туынды деуге болады. Қазақ халқының ұлттық менталитетін індете жазып, жеріне жеткізе суреттей білген жазушы ата-баба рухына құлақ түріп, естіген, білген, көргендерін оқырманына жеткізу үшін осы шығарманы жазды. Тар құрсаудың шеңберінен қанша жылдардан соң ғана буырқанып барып босаған түркі әлемінің жазушыларының бұл қадамы қуантарлық жай.

Түрік жазушылары бірлестігінің (илесам) жиынына қатысып, бірнеше тарихи орындарды аралап, түріктің жаугершілік замандағы жан алып, жан беріскен соғыстарымен біраз хабардар болу арқылы дүниеге келген жазушының бұл туындысында қандас халықтың өткеніне қиялмен шолу жасалған. Шығарма мазмұнына бойлай отырып, жазушы қиялының шарықтау шегіне жеткендігіне куә боламыз. Т.Нұрмағамбетов осы сапарында өнерсүйер көрерменді бей-жай қалдырмайтын, аяқ қозғалысымен орындалатын түрік биінің әуенмен өрнектеліп, сырнай мақамымен қосылып, сыр шертетін құдіретіне тәнті болғанын: “көне түрік биі ...ескі Анкара қорғаны... және алапес дертіне ұшыраған түріктердің тағдыры... уақыт өте келе осы повестің тууына себеп болды” [4., 206] деп жазады. Автор бір отбасының тағдыры арқылы екі халықтың өмірі, тіршілігі, тарихынан хабардар етеді. Соғыстың бейбіт халық үшін оңайға тимегенін жеке адамның тағдыры арқылы шебер өрнектей білген.

Шығарманы бір оқып шыққанда ұлттық болмыстық тұғырымызды тереңінен танығандай боламыз. Мәтінде қазақ жайлы бір ауыз сөз жоқ, грек, түрік арасындағы оқиға орын алған. Бірақ, осы шығарма арқылы халқымыздың әрқашан жаугершілік саясаттан алыс болған адалдығы, Қазыбек би айтқандай “біз ешкімге соқтықпай жай жатқан” ел болғанымыз қуантады. Өйткені, жеңілген халық бір жыласа, жеңген жақтың да сол бейкүнә жандардың нақақ төгілген қаны үшін жауап беретіндігі, таразының екі жағы бар екенін тағы бір есімізге салып, тәубемізге түсіреді. Жазушы өткенге оралып, тарихтан тағлым алғанда ғана, өткен бабаларымыздың рухани мұраларындағы өсиеті мен өнегесін дұрыс пайдаланып, ұлттық мәдениет пен рухани мұраны халқымыздың қажетіне жаратқанда ғана болашаққа нық сеніммен қадам басар салауатты ел болатынымызды тағы бір көрсетіп береді.

Жазушы басты кейіпкер Мехмедтің әйелі Айшені иөрүктер арасынан бекер таңдатпаған деп ойлаймыз. Өйткені, ғалымдар еңбектеріне сүйенсек, иөрүктер бар салты,

әдет-ғұрпымен, генетикалық туыстығымен қазақтарға тым ұқсас тайпа екендігін білеміз. Демек, автор шығарманы жазбас бұрын түрік ұлтына қатысты дүниелерді барынша саралап, сараптағаны түсінікті. Осылайша, Айшені қазақ жерін мекендеп, кейіннен түрік жеріне қоныс аударған иөрүктер тайпасының қызы ретінде сипаттап, қазақтың түріктерге тарихи, рухани, мәдени тұрғыда жақын екендігін тағы бір баса көрсетеді. Автордың повесті жазу барысында тарихшы Л.Н.Гумилевтің: “басқа халықтың мәдениетінен өзіне маңызды болып көрінетін белгілерді табуға тырысатын және ол болмаған жағдайда халықты тұрпайы деп қарастыратын қауіпті методологиялық аберреациядан аулақ болуы тиіс” [5., 23] деген ескертуін басшылыққа алып отырғандығы байқалады.

Азырақ иөрүктер тайпасы туралы сөз қозғасак. Түрік қағанаты дәуірінде байтақ Қазақстанның географиялық кеңістігін мекендеген әрі түркі қағанатының құрамында болған қазақ ру-тайпаларының түркі өркениеті кезеңіндегі рухани-мәдени дәстүрлерінің ортақтығын бірқатар ғалымдар (В.А.Гордлевский, Д.Е.Еремеев, Новичев А.Д., Тұрымбетова Ж.А. т.б.) өз еңбектерінде айтып көрсеткен. Шежіреші Қадырғали Жалайридің еңбегінде төрт-түлік мал өсірген түркі тайпаларының әлемнің көптеген мемлекеттеріне таралып, қауымдық, этнографиялық сипатын әлі күнге сақтап қалғандығын жазып қалдырған. Олардың тіпті әдебиеті, поэтикалық үндестіктеріне ортақ негіз болатын елеулі нәрсе – “екі халықтың генетикалық туыстық байланыстарының материалдық және рухани мәдениет жақтарынан тектестігінде жатыр. “Қыпшақтардың он алты тайпалық конфедерациясы” құрылымы, олардың атаулары Түркиядағы иөрүк тайпаларымен тектес, үндес болуы да тарихи тамырластықты толық дәйектей түседі” [6., 212]. Қазақ-түрік поэзиясындағы тарихи-этнографиялық байланыстарды саралаған зерттеуші Ж.Тұрымбетова тайпа ұрпақтарының мәдени біртектілігінің сақталуы, олардың ХХ ғасырға дейін көшпелі салтын сақтап келгендігін тарихи заңдылық деп санайды.

Зерттеушінің еңбегінде көрсетілгендей, Түркиядағы көшпелі және жартылай көшпелі түрік тайпалары иөрүктер деп аталады. Иөрүктердің ру-тайпалық атаулары, әдет-ғұрыптары, көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-салты, киіз үйге ұқсас шатырды мекендейтіндігі, төрт түлік мал ұстайтындығы, әйелдерін еркін ұстайтындығы қазақтардыкімен ұқсас болып келеді. Қазақтар секілді иөрүктерде де әйелдер бетін жаппайды, қонақ келсе күтіп алып, жайғау дәстүрі де ұқсас келеді. Олардың фольклорында да көптеген ұқсастықтар бар екенін зерттеуші санамалап көрсетеді: мақал-мәтел, ертегілері мазмұндық тұрғыдан ғана емес, құрылымы, поэтикасы жағынан да ұқсас. Мысалы, «түркілердің атқа мініп, далада жүруді бостандық, зор мәртебе санайтыны», түркілердің жауынгерлік тұлғасын мақтан ететіні, достық, жолдастық, адалдық, еңбекқорлық, опасыздық т.б. алуан түрлі мінез-құлық сипаттары, төрт түлік малға деген көзқарастары ұқсас, сабақтас келеді.

Түркі өркениеті мен ислам өркениетінің бірін-бірі жоққа шығармайтынын ай, күн, жұлдызбен сырласа отырып, Мехмедтің уақытылы дәретін алып, намазын оқуын айтуға болады. Араб әлемінде дүниеге келіп, әлемнің орасан зор бөлігіне тараған ислам өркениеті түркілер қоғамын да қамтыды. Бірақ, түркілер өркениетін жойып, жұтып қойған жоқ, керісінше түркі өркениетімен астасу негізінде жүрді. Мұны ғалымдар “түркі-ислам өркениеттік синтезі” ретінде түсіндіреді [7].

Повесте дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам өркениеті арасындағы үйлесімділік әдемі көрініс тапқан. М.Кемаль Ататүріктің: “Түрік республикасы шейхтардың, дәруіштердің, мүриттер мен олардың жақтастарының елі бола алмайды. Ең тура, ең ақиқат жол – тариқат – өркениет жолы. Өркениеттің бір ғана талабы, бір ғана әмірі бар – ол адам болу, осы да жеткілікті” [8., 72] деген маңызды мәлімдемесінен кейін зайырлы модернизацияға бет бұрған бұл ел “мұсылмандық бірегейлік пен еуропалық даму бағдарын, демократия мен саяси исламды өзара ұштастырған” амалы (*саясаты, зайырлы сипаты*) уақыт сынағынан өтіп, бүгінге дейін өміршендігін сақтап отыр [7]. Қазіргі

философия ғылымында түркі өркениеті мен ислам өркениеті бірін-бірі жоққа шығармайды деген пікір қалыптасып келеді. Ғалым А.Тойнби өркениеттер генезисінің және оның циклдық өзгерістерінің негізгі себебі ретінде ұсынатын “үндеу-жауап” факторын алға тарта отырып, “ислам өркениетінің “Үндеуіне” түркі өркениетіне лайықты “Жауап” тауып, екі өркениеттің бір-бірімен араласу, кірігу үдерісі жүрді” [9., 96] деген болжау айтады. Тойнбидің өркениеттер жалғастылығы идеясы бойынша өркениет өзінің дамуы барысында бірнеше циклдардан өтеді, даму үдерісінің соңында өркениет мүлде жойылып кетпей, басқа тіпті бірнеше өркениетке негіз болуы мүмкін, ислам өркениеті өсу-өркендеу кезеңіне аяқ басқанда таралу ареалын кеңейтіп, басқа халықтарды қамтуға тырысады. Араб елінде дамыған ислам өркениеті әлемнің көп бөлігіне тарап, түркілер қоғамын да қамтығанда, рухы мықты түркі қоғамы жұтылып кетпеді, астасу, кірігу негізінде түрленіп, дамып, “түркі-ислам өркениеттік синтезі” ретінде белгілі болды [10., 320]. Мұндай синтездің шығармадағы әдемі бір көрінісі – Мехмедтің баласына барар сапарын мұсылмандардың қасиетті күні жұмаға жоспарлауы. Жол бойы дамылдап, тоқтаған жерлерінде де Мехмед дәретін алып, намазын оқудан танбайды. Бұл – жан алып, жан беріскен талай соғыстарды басынан кешірген жаужүрек түрік халқының дінге беріктігін көрсетеді. Алыстан шақырған байғыздың даусына Мехмедтің тіксініп қалу деталін енгізу арқылы автор бұл сапардың жолаушы үшін сәтсіз болатынын аңғартады. Әрі адамның санасы мен рух әлеміндегі тәңір түсінігін ұмыттыру мүмкін еместігін көрсетеді. Аңқұстың шақыруы, ұлуы, боздауы, жалғыз қалып, елегізу, жабырқау сезімінен арыла алмай жүрген Мехмедтің жанына тым жақын дүниелер – аты, иті, аспан денелері: Ай, күн, жұлдыз болды.

**Нәтижелер.** Түркілердің исламға дейінгі дәуірлерде көкке, күнге және жер-суға сыйынатындығы көне тарихтан жақсы мәлім. Және ол дәстүр бүгінге дейін тұрақты сақталып келеді. Табиғатты ерекше құрметтеген әрі көк тәңірін құрметтеген қазақ халқы аспан құбылыстары: күнге, айға, тылсым табиғат күштеріне бағынғаны белгілі. Қазақтың жетілік ұғымына қатысты Б.Момышұлы өзінің “Жеті қазына” жайлы түсіндірмесінде аспан, күн, ай, жер, су, от, ит ұғымдарын тізбелеп көрсеткені белгілі. Негізінде халқымыздың аспан денелерін құрметтеуі – оларды Көк тәңірінің ажырамас бөлшегі деп қабылдауынан туған ұғым. Махмұт Қашқари өзінің “Түрік сөздігінде” түрік жұрты, түрік ұлысы жөнінде былай деп сөз қалдырған: “Мен тәңірінің дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырып қойғанын көрдім. Тәңірі оларды “түрік” деп атады” [11., 217] деп жазған. Соның ішінде жердегі бар тіршілік нәр алатын Күннің орны ерекше. Күнді автор Мехмедтің жан-дүниесімен астастыра, тығыз байланыста суреттейді: “Тағы бір қызығы, Мехмед: “Мына күн мен үшін жауған екен” деп жылауын азайтқан сәтті жауын да басыла бастап, көкжиектегі бұлт етегінен күн көрінді. Күн енді жерге сіркіреп қана төгілген майда тамшыларды қапелімде сиқырлап жібергендей қызамықтанып, жасылданып, жалт-жұлт еткен әдемі бір түстерге ауысып... дала қарап тұрған жанның көзін де, көңілін де алдаусыратқан ғажайып суретке енген еді. Осы көрініс-суретке ол балаша уанып тұрып, қайғы-мұңның құшағынан оп-оңай құтылып алғанын да аңдамай қалды” [8]. Жанын жегідей жеген қайғы-мұңына тұншығып, ен далада жалғыз жылап жүрген жанды мүсіркейтін де, жұбататын да – Күн. Мехмед тәтті қиялға шомса, нұрға бөлеген *ай жарығы* жанында. Жаны құлазыса лаулап жанған *от* көңіліне үміт, әлдебір жайлылық әкеледі. Сан жорықтарда “түрік жауынгерлерінің жолына Жетіқарақшы жұлдыздар ғана бағыт сілтеді. Ай сәуле шашты” [8].

Түркілердің кеңістік пен уақыт туралы түсініктері ерекше сипатта болған. Олар өздерін Ғарыштан, табиғаттан, атамекенінен ешуақытта бөліп алып, жек дара қарастырмағаны шығармадан анық байқалады. Әрбір түркілік көзқарастың тұңғығында өмірге деген риясыздықпен қатынас жатыр. Яғни, аспандағы күн де, жұлдыздар да оның

жүрегінен орын алған [10]. Повестегі табиғат көріністері фондық қызмет атқарып, бас кейіпкер Мехмедтің жан толқынысы, ішкі сезімімен қатар өріліп отырады. Суреткер пайдаланған жаңбырдың мәні тереңде жатыр. Бұл кейіпкер психологиясының алдағы қауіпті сезген күйін бейнелейді.

**Талқылау.** Автор повестегі екі бала Дионис пен Сұлтанды іштей байланыстырып отырады. Дионис те тоғыз жасында атасынан айрылып, өмірдегі ең үлкен қайғыға тап болса, Сұлтан да тоғыз жасында айықпас алапес ауруына шалдығып, бақытсыздыққа душар болады. Соғыс өрті жеңген жақтың да, жеңілген жақтың да қарапайым адамдарын бақытсыздыққа душар етті. Тағдыры әуелден қиындықпен басталған Дионистің мінезі атасы өлген соң қатты өзгерді. Жалғыз өзі кейде қорқып, бүрісіп отырады, соның салдарынан оның бойында ешкімді көргісі, ешкімге қосылғысы келмеген мінез қалыптасты. Оқыс дыбысты да жаратпай, одан көп уақыт секемденіп отырады, әрнәрсеге көңілі босап, кемседеп жылап алады. Сұлтанның да бойына жабысқан дерті көңіл-күй, мінезіне қатты әсер етіп, үнсіз, томаға-тұйық, жасық мінезге көшеді. Бала бойындағы оқыс өзгеріске амалсыздан көндігеді. Яғни, бұрынғы шат көңілді екі бала да ақыры туған үйін тастап кету қайғысын бастан кешті. Екеуі де жалғыздықтың зардабын тартты.

Дионис дүниеге келген кезде түріктермен соғыста баланың әке-шешесі, әкесінің үш інісі бірдей қаза болып, бала Аркисалай атасының қолында өседі. Арғы аталарынан бері емшілікпен, көріпкелдікпен айналысқан, әулие тұқымынан шыққан Аркисалай шалдың өзі де көріпкел, емші болатын. Немересі де ата жолын қуып, аты мәшһүр көріпкел, емші болды. Автордың грек баланың есімін Дионис деп алуы да тегін емес. Дионис – грек мифологиясы бойынша құдай есімі. Және жай құдай емес, “Өмір – жарасынан қаны сорғалап, азап шегіп жатқан Құдайдың қасіреті екен. Және қасірет шегуші Құдай – Дионистің өзі болып шықты. Дионис адамдарды аса қауіпті, қорқынышты дерттен аман алып қалыпты. Ол – жаппай ақыл-естен адасу дерті. Одан уақытша, қысқа бір сәтке созылатын дионистік ессіздік қана құтқара алады. Дионис адамның ішкі дүниесіне үңілсе болғаны, терең түкпірден жойқын күш сыртқа лап қойып, тасып, жанды құйындай шыр айналдырады. Адам өзгеше, тосын болмысқа айналып, оның бойын алапат күш тасқыны билейді” [12]. Міне, атына заты сай болып, Дионис те адам баласының көзіне бір қараса болды, оның барлық өмірін жіпке тізіп айтып беретіндей қабілетімен ел ішінде атағы шықты. Түрік елінде оның алдына келіп, өз тағдырын болжатпаған адам болмады десе де болғандай. Бірақ, мұсылмандықтың шартында тағдырын болжату, алдын ала білуге ұмтылудың өзі күнә екенін белгілі. “Өмірің қысқа, құсалықтан өлесің” деген көріпкелдің бір ауыз сөзінің Мехмед пен әйелінің бүкіл тағдырына қатты әсер еткеніне, сөздің құдіретіне шығарма барысында куә боламыз. Повестің түп негізінде “метафизикалық күнә” жатыр. (түп бастау – инстанция). Жазықсыз адам қанын мойнына жүктеп, күнәға батқан Мехмед, көріпкелге келіп тағдырын болжатып, одан сайын күнәға бата түседі. Балгердің “Құсалықтан өлесің” деген бір ауыз сөз алыста тұрған, беймәлім қауіп-қатерді жақындата түсті. Сол сөз Мехмедтің сан жылдар қинала күткен қатердің, тылсым тағдырының өзі боп шығып, Сұлтан айықпас дертке шалдықты. Демек, адамның құпияға, тылсым әлеміне үңіліп, ұмтылуы – оның тағдырына айналды.

Зерттеуші Қ.Жаманбаеваның пікіріне сүйенсек, адам баласы сөздің символдық қуатын сезінуге өмір бойы үйреніп келеді. Бірақ ол үшін адам баласына ерекше жан дүние құрылымы керек. А.Белый өзінің осындай жан дүние құрылымынан туған мистикалық сезімін былай береді: “Сөз жаңа, үшінші бір дүниені – бейнелі дыбыстар әлемін жасайды, сол арқылы менен тыс тіршілік етіп тұрған дүниенің құпиясы да, менің жанымда орныққан ішкі дүниенің жасырын сыры да жарыққа шығады. Сыртқы дүние менің жанымға нұр болып құйылады, ішкі дүние менен шығып, таң шапағы, ағаштардың сыбдыры боп төгіледі. *Сөзбен, тек қана сөзбен мен іштей де, сырттай да қоршаған дүниені жасай аламын, өйткені, мен өзім – сөзбін, тек қана сөзбін (сөзден гана*



тұрамын)» [12]. Міне, сөздің көркемдік қуаты ішкі көңіл күйіне айналдырылып, ол бір магиялық болмыс ретінде берілген.

Соғыс жағдайында тау арасына шашырап мекендеген гректерді қирата жеңіп келе жатқан түріктер жүзімін баптап, жалғыз отырған Аркисалай шалдың үйіне де жетеді. Әскербасы шалдың немересін өлтіруге бұйрық бергенде орындауға аттанған Мехмедтің санасында баланы міндетті түрде өлтіру керек, өйткені ол ертең ержеткенде түріктердің мәңгілік жауына айналады деген ойға бекінгендіктен, “кек алуым хақ” деп екпіндей келгенімен, тым сарауыз әрі бейкүнә, жүзі жабырқау, жазықсыз жас баланы өлімге қимайды. Уақыт өте келе өзі өмір сыйлаған грек баласы құдды бір грек мифтеріндегі тағдырдың қатал әміршілері – мойралар сынды мұның баянсыз тағдырын кесіп әрі дәл айтып берді. “Құсалықтан өлесің” деген көріпкел сөзі дәл келіп, дертке шалдыққан ұлын ойламаған, есіне алмаған бірде-бір күні болған емес. Ойының алды да, арты да Сұлтансыз біткен емес. Құсалықтан сұлу әйелі Айшенің де көз жасы құрғамай, жылауық жанға айналса, бала-шағасының алдында көзінен жас шығара алмаған Мехмед ойдың сергелдеңіне түсіп, көңілі бірде жабырқау тартып, бірде құлазып, еңсесін бір көтере алмай, жарты көңіл жанға айналды. Өмірдегі ең қиын нәрсе – баланың күйігі екенін түсінді. Мехмед пенденің бұл тіршілікте ойламаған нәрсесі қалмады, тіпті өзінің қалай өлетініне дейін ойлап, абыройлы өлім тіледі. Не ойласа да соны кемседеп жылап, көз жасы сақалына сорғалап ағып отырар мүсәпір жанға айналды. Иә, талай жыл еңсесін езіп, ұнжырғасын ұнтап жіберген қорлық пен үрейден қажығанда шерлі көңілдің қалауымен арасында жас көзінен ғана емес, жүзінен, кеудесінен шығып жатқандай қатты егілетін. Құса – кешегі күнмен таласқан шындары қарлы, баурайы кілемдей құлпырған шалғынды Тороның етегінде... биіктен құлаған күміс сулары мейірінді қандырған... гүлдері кеудеңе әтір шашқан Торо тауының етегінде... құстай ұшқан тұлпарлардың жалында көктегі құстармен... көктегі бұлттармен жарысып өскен, бұлтты жарған жай отындай Мехмедті осы еді дегенге ешкім сенбейтіндей күйге түсірді. Мехмедтің ішкі интенциясы (сезім, көңіл күй толқындары) сананың қалпын күрт өзгертіп, екінші бір күйге түсірді. Оның санасындағы бұрынғы берік байланыстардың логикалық түйіні үзілгенде, бойында күдік пен күмән туды. Ол кейін торығуға ұласты, бірте-бірте мұң формасына өтті. Оның бойындағы беймәлім үрей, күдік пен күмән алды-артына қаратпады. Ол өз өмірінен баз кешті.

Соғыстың қасіреті мен қарғысын арқалаған Мехмедтің қиын өмірінің бояуын қалыңдату үшін автор шығармаға түс мотивін енгізген. Кезекті шайқастан кейін жүзбасы ас-ауқат үшін мал әкелуді Мехмедке тапсырғанда, ол төбе баурайында мал бағып жүрген бір қолы жоқ қойшының басын жалаңдаған қылышымен шауып тастайды. Сонда әлгі бассыз дене алапат екпінмен мұның үстіне келіп құлайды. Осы қорқынышты оқиға оның өміріндегі бақытсыздықтардан хабар беретіндей, қыр соңынан қалмай, түс ретінде еніп отырады. Айше өлерінен екі күн бұрын сол бассыз кеуде мұның түсіне кіріп, екеуі ұзақ алысып, әлгі кеуде мұны жеңеді. Соны әйелінің трагедиясымен аяқталады.

Ұлын қанша елжірей сағынғанымен кездесерін ойлағанда бойын кернеген намыс па, жігерсіздік пе, жасықтық па, әлде ұят па, не екенін нақты аңдай алмаған Мехмед онымен бетпе-бет жолығудан іштей тайсалып, қашқақтай береді. Бір кездегі жаужүрек түрік жауынгері бүгін өз ұятының отына өртеніп, шындыққа тура қарауға батылы бармай кері қарай қашып, ұлының жалбарынған үніне де тоқтамастан, жалғыз ұлына екі рет опасыздық жасады. Расында оны ұлы ауруға ұшырағаннан бергі жанын жеген азап-ой мен көрген тозақ-тауқыметі оны іштей үгіп, күйретіп жіберген еді.

Жанын жегідей жеген ой мен уайымнан азап шеккен Мехмедтің мұндай жазаға ұшырауының себебін автор Аркисалай шалдың сөзі арқылы жеткізеді. Өзін осыншама азаптап, әбігерге салған себебін білгісі келген Мехмедке “түрік халқын соғысқұмарлық пейілден арылту үшін, жеңіс үшін нелер қиянатқа барып, өзге елді қырып-жоятын әскер.

Ерлік – жаудан елінді, жерінді қорғау. Ал басқыншылық, басынушылықтың бәрі күнә, сатқындық, опасыздық” [4., 26] деген жауабы арқылы береді. Бұл автордың айтпақ ойы, туындының идеясы болатын. Өзі жасаған күнәнің тауқыметінен шаршап, ар-ұят азабымен өлген жанның тағдыры арқылы автор адамның адам баласына қиянат, қастандық жасауға қақысы жоқ екенін, оның соңы жақсылыққа апармайтынын түсіндіруге тырысқан. Авторлық позиция “Мехмед періште болса, Тәңірі осындай жазалап, жазғырар ма еді” [4., 28] деген сөздерінен айқын аңғарылады.

Жалпы ақиқатты аласартпай, шындықты шашау шығармай баяндау автор стиліне тән нәрсе. Заман шындығы мен кейіпкер өмірі шындығы арасында алшақтық жоқ екені байқалады. Жазушы қиындыққа тап болған кейіпкер тағдырының тәлкегін суреткерлік санасымен сүзе отырып, көркем қорыта білген. Жалғыз ұлының алдындағы кінәсі үшін азап шеккен және онымен бетпе-бет келуден қашып, қорыққандықтан ажал құшқан жүрегі уайымға, қасіретке толы әкенің өлімін бейшаралық, шарасыздық деп емес, шығарманың автордың тапқан ұтымды шешуі деуге болады. Басты кейіпкер Мехмед тірі қалған жағдайда да ар алдында азап тартып жүрген, өз отына өзі тұншығып, “ардың құлына” айналған жан болғандықтан, баласымен бетпе-бет келуге оның жүзі ұялып қана қоймай, жүрегі де жарамас еді. Сұлтанының тірі екенін біліп, өзі сынды “аласталғандардың” арасына сіңіскенін, бұрынғы өнерін қайта тауып, билеп жүргенін көруінің өзі – оның жанын тыныштандырып, өліміне өкінбейтіндей кульминацияға жеткізген еді. Баласы да әкесінің перзенті алдындағы соңғы борышын өтегенін түсініп, өз қолымен жерлеп, топырақ салуымен оқырман жаны Мехмедпен бірге тыныштық табатындай. Дәл осы сапарында Мехмед қашып құтылып, еліне аман-есен жетуді қажет еткен жоқ; өйткені әйелі Айшесіз, ұлы Мехмедсіз оның өмірі өмір емес-ті. Құр сұлдерін сүйретіп жүрген жан екі қызын тұрмысқа беріп, отбасылы қылғанын көңіліне медет қылғандай.

Ұлының тау-тасты жаңғырықтырып, соңынан “аталап” жүгіріп келе жатқанын білсе де, қаша берді. Өзін де, ойын да тоқтата алмады. “Кісінің ұяттан өлері рас болса – өлер жерім еді. Өлмедім. Далбақтап әлі жүгіріп келе жатырмын. Адам өмірінде осындай да мақсатсыз жүгіріс болады екен-ау! Жердің оймақтай тесігі болса – кірер жерім осы еді. Бірақ мұндайда алдыңнан шыға келер жердің тесігі қайда? О, Тәңірі, намыстан кірер жер сұраған менен өңге пендең болмаған да шығар. Тілегімді бере көр... пақырынды мүсіркей гөр, О Тәңірі?!”. Ол жүгіріп келе жатып көкке қолдарын жайды... Ол Тәңірден мылтықтың оғын, қылыштың жүзін, садақтың жебесін күтті. Тек ұлының дауысын қайтып есітпесе болғаны... ұлының дауысы ол үшін соның бәрінен де қатерлі еді... қаһарлы еді... [4., 26]. Тәңірі оның тілеуін берді. Тәңіріге табынған көк түріктің ұрпағы Мехмедтің ең соңғы ойы: “О, құдіреті күшті Тәңірі... құтқарамын десең, пендеңді бәрінен де құтқарады екенсің-ау” болды. Түркілік дүниетаным бойынша халықтың қолдаушы тірегі, демеушісі – Көк Тәңірі және атамекен – атажұрт. Қазақ ұғымында “Отан”, “туған жер”, “ауыл”, “ел” түсінігінің ұлағаты тереңде.

**Қорытынды.** Қазіргі қазақ повестерінде туған жер концептісі алдыңғы орынға шығады. Батыр болсын (Т.Әбдік), елі жеңіліп, түрік жеріне қаңғып келген Дионис болсын – сан жылғы сергелдеңнен кейін туған жеріне оралады. Өмірінің соңында бәрі де ең бақытты жол – туған жерге бастайтын жол екенін түсінеді. Сол жолда шаршамайды да, зерікпейді де. Қаламгер адам баласының өміріндегі ардақ тұтып, қадірлеуге тиіс дүниесі – туған жері екенін оқырманының ойына шегелеп қадап отырады. Бұл тарихымызда сан ғасырлар бері қалыптасқан “жерұйық”, “атамекен” ұғымының бүгінгідей жаһандану заманында ерекше айтылуға тиіс мәселе екенін қалтқысыз ұғынғандығының көрінісі.

Қазақта “ай-қай, дүние” деген сөздің мән-мағынасы опасыз, тұрақсыз дүние деген ұғымды білдіреді. Ал бұл айқай дүниенің жалғандығын ғана білдірмейді, оның мағынасы тым тереңде. Бұл – Сұлтаннның әкесін, анасын, бауырларын, туған үйін ғана сағынған айқайы ғана емес, осы отбасындағылардың, соғыстың тақсыреті мен тауқыметін, белгісіз

аурудың қасіретін тартқандардың жан айқайы. Сұлтанның “Ата” деген айқайына автор катал жанның өзін елжірететіндей баланың әкеге деген сарытап сағынышын, елжіреген жүрегін; жас жігіттің қуаты мен қайратын, өмір бойы көрер азабы мен тозағын сыйғыза білген.

Т.Нұрмағамбетовтың өз повесі арқылы түрік халқы өміріндегі оқиғаны суреттеуінің өзі Мұстафа Кемаль Ататүріктің сан жылдар бұрын айтқан түркі мемлекеттерінің бірігу идеясы жайында айтқан: “Кеңестер одағы деп аталатын темір құрсаудың арғы жағында біздің түрік бауырларымыз бар. Олар қазір ұлы алпауыт империяға тәуелді. Бірақ бұл жағдай мәңгілік сақталуы мүмкін емес” (интернет) деген ойының өміршеңдігін дәлелдейді. Қазақ прозасында өзге халықтар тарихы мен тағдырына қатысты жазылған шығармалар жоқ емес. Прозаға алғаш келген бетте түркі тілдес тыба, хакас, саха, долған, олған сынды халықтардың тағдыр-талайын сөз еткен, түркі халықтары қаламгерлерін насихаттап жүрген жазушы ретінде Мархабат Байғұтты айтуға болады. Автордың “Дауыстың түсі” атты әңгімелер жинағы үшін Түркі әлеміне қызмет сыйлығымен” марапатталуы да – тәуелсіз қазақ әдебиетінің жемісі. Жазушы Н.Дәутайұлының да “Жол” атты кітабы Анкарада жарық көрді. Тамыры тереңде жатқан екі ел арасындағы әдеби байланыстар мұнымен тоқтамақ емес. Рухани жаңғыру үрдісіне ықпал ететін туындылар алдағы күнде де туа берері сөзсіз. Т.Нұрмағамбетовтың “Айқайы” – соның игі бастамасы ғана.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Гумилев Л.Н. Происхождение казахского этноса // Евразийство и казахстан: труды евразийского научного форума «Гумилевские чтения». Том 1. –Астана, 2003. С.266.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 2003. -288б.
3. Абуова А. Достық дәнекері // «Алыптар тобының асылдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конф.матер. 24-25 наурыз, 2005. –Алматы: Қазақ университеті, 2005. -380 бет
4. Нұрмағамбетов Т. 3 томдық. Таңдамалы шығармалары. 3-том. –Алматы: Өлке, 2006. -304б.
5. Тұрымбетова Ж.А. Қазақ ақындары мен түрік ашықтары поэзиясындағы тарихи-этнографиялық байланыстар. 246-249бб. // СДУ конференциясы, 2012
6. Еуразия тарихындағы түркі өркениетінің орны мен рөлі: ғылыми мақалалар жинағы. Жауапты шығарушы редактор Е.Қартабаева. –Алматы: Қазақ университеті, 2017. -91б.
7. Киреев Н.Г. История Турции. XX век. –Москва: ИВ РАН: Крафт+, 2007. - 408с.
8. Тойнби А.Дж. Постижение истории: Пер. с англ. / Сост. Огурцов А.П. –Москва: Прогресс, 1996. -609с.
9. Көкебаева Г. А.Дж.Тойнбидің локальды өркениеттер теориясы және түркі-ислам өркениеттік синтезі // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты III халықаралық ғылыми-практикалық конф.матер. 2010, 7-8 қазан. –Түркістан: «Өзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы, 2010. -272б.
10. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том. Аударған А.Егеубай. –Алматы: “Арда+7”, 2017. -592б.
11. Ұлттық идея және қазақ философиясы. Нұрмұратов С.Е., Нұрланова Қ.Ш., Әлжан Қ.Ұ., Сатершинов Б.М. және т.б.. –Алматы: КИЦ ИФиП, 2010. -240 бет.
12. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. –Алматы: Ғылым, 1998. -140б.
13. Қазақстан мен Түркия қарым-қатынасы дамудың жаңа көкжиегіне бет бұрды [Электрон.ресурс]. – 2006. – URL: <http://www.kazakzaman.kz> (дата обращения: 05.06.2018)

Г.Б.Токшылыкова<sup>1</sup>, А.Т.Коньрова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> «Өрлеу», БАҰО» АҚФ Алматы қаласы бойынша ПҚБАИ,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

*Аңдатпа*

Бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиетінің даму үдерісінде айтылуға тиісті мәселелер біршама. Соның ішінде повесть жанры қазақ елінің тарихындағы елеулі мәселелерді көтеруде елеулі үлес қосты. Қазіргі қазақ повестерінің көрнекті өкілдері Т.Нұрмағамбетов, М.Мағауин, Т.Әбдік, Қ.Жұмаділов, Н.Дәутайұлы, С.Асылбекұлы, Ж.Шаштайұлы, Б.Қанатбаев, М.Байғұт, Қ.Жиенбай, Т.Ахметжан шығармашылығында тәуелсіз қазақ елінің қатпарлы тарихы мен бүгінгі заман көрінісі толық, жан-жақты суреттелген. Тәуелсіз қазақ әдебиетінің беталысы жарқын, әдебиетінде көтерілген мәселелері заманауи деуге толық негіз бар. Әлем әдебиетінің бір бөлшегі, сегменті саналатын қазақ әдебиетінің қазіргі повестері ұлттық, тарихи, әлеуметтік мәселелерді жан-жақты көтере, айта, талдай, оқырманға ой сала алғандығымен ерекшеленеді. Заманның, тұтас буынның қасіретін көтерген, идеялық жүгі ауыр қазақ повестері қазіргі кезең проблемаларына тереңдеп бара алған.

**Кілт сөздер:** повесть, өзекті мәселе, әдеби үдеріс, заманауи тақырып

Г.Б.Токшылыкова<sup>1</sup>, А.Т.Коньрова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г.Алматы, Казахстан

## ОПИСАНИЕ ПРАВДЫ ЭПОХИ В СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ ИСТОРИЯХ

*Аннотация*

В современной независимой казахской литературе есть много вопросов для обсуждения. Жанр повесть внес значительный вклад в развитие значимых вопросов истории казахского народа. Выдающиеся представители современной казахской прозы Т.Нурмагамбетов, М.Мағауин, Т.Абдик, К.Жумадилов, Н.Даутаев, С.Асылбекулы, Ж.Шаштаев, Б.Канатбаев, М.Байгут, К.Жиенбай, Т.Ахметжанописывалия полное и подробное описание истории и новейшей истории казахского народа. Яркая тенденция самостоятельной казахской литературы, проблемы, поднятые в литературе, имеют современную основу. Современная казахская литература, являющейся частью мировой литературы, отличаются способностью тщательно поднимать, говорить, анализировать и комментировать национальные, исторические и социальные проблемы. Трагические казахские писатели, поднявшие ужасы настоящего, всего поколения, глубоко укоренились в современных проблемах.

**Ключевые слова:** повесть, актуальная проблема, литературный процесс, проблематика

G.B.Tokshylykova<sup>1</sup>, A.T.Konyrova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>FAO "NTSPK "Orleu" IPK PR in Almaty, Kazakhstan

## DESCRIPTION TRUTHFULNESS OF THE EPOCH IN THE MODERN KAZAKH STORIES

### *Abstract*

In modern independent Kazakh literature there are many issues for discussion. The novels genre made a significant contribution to the development of significant issues in the history of the Kazakh people. Outstanding representatives of modern Kazakh stories are independent of the works of T. Nurmagambetov, M. Magauin, T. Abdik, K. Zhumalilov, N. Dautayev, S. Asylbekuly, Zh. Shashtayev, B. Kanatbayev, M. Baygut, K. Zienbai, T. Akhmetzhan Full and detailed description of the history and recent history of the Kazakh people. In fact, contemporary narratives of Kazakh literature, which are part of the world literature, differ from the national, historical and social issues, to the ability to think, to analyze and to read to the reader. The tragic Kazakh writers, who have raised the horrors of the present, the whole generation, were deeply rooted in the contemporary issues.

**Keywords:** novel, actual problem, literary process, problems

**Кіріспе.** Қазіргі қазақ қаламгерлері әртүрлі тақырыпты, өзекті мәселелерді көтере білген. Қазіргі қазақ повестерінің бір шоғыры өткен заман шежіресінен сыр шертіп, қазақ халқының басынан өткерген қиын тарихынан хабар беруге арналған. Тарихи бағытта жазылған повестерде шетелдегі қазақ бауырларымыздың қилы тағдыры сөз болса; кей туындылар қазақ басынан өткен аштық, саяси қуғын-сүргін («халық жауы»), соның салдарынан орын алған «жоғалған ұрпақ» мәселесін қауза жазды. Кеңестік идеологияның қатаң бақылауында болған қазақ әдебиетінде бұл мәселелер бүгінге дейін мүлде сөз болмады деп айта алмаймыз. Бірақ үнемі цензураның тырнағына ілігуден қорқып, үркіп отырған төл әдебиетімізде бұл мәселе ашық айтылмай, астарлап айтылып, символмен беріліп келгені жасырын емес.

Қазақ қаламгерлері қоғам өміріндегі заманауи, тарихи, әлеуметтік, мәдени мәселелермен қатар, жалпыадамзаттық құндылық мәселесін де назардан тыс қалдырмай, көркем әдебиеттің нысанасына айналдыра білді. Бүгінгі нарық заманының шынайы бет-бейнесі, оның ел өміріне, экономикасына, мәдениеті мен дәстүріне ықпал етумен қатар, ұлттың психологиясы мен мінезіне енгізген өзгерісі мәселесіне де көңіл бөлген. Нарық заманы орнап, әділетсіздік жайлаған қоғамның ащы шындығын алға тартқан жазушы Қуаныш Жиенбайдың «Тоқта, өлемісің?!» атты повесі сол ортада өмір сүріп отырған адамдардың бойындағы өзгерісті, ширығуды, ашу-ызаны суреттейді. Жазушының даралығы – көркем шығармадағы шешімді нанымды, шынайы етіп көрсетуінде. Қ.Жиенбай повесінде өзіміз күнде көріп жүрген қарапайым тіршілік иелері сомдалған. Повесте басты екі кейіпкер бар – ерлі-зайыптылар Бөрібай мен Гүлжамила. Қалғандары сюжет барысында айтылып отыратын қосалқы кейіпкерлер: Бөрібайдың анасы, қарындасы Күлзияш, күйеу баласы Үмбетей, Арал өңірінен Алматыға жұмыс іздеп келген жалдамалы жұмысшы жас жігіттер. Автордың негізгі нысанаға алған кейіпкері – байлыққа бас ұратын, «игілікке сүйенбеген, ақыл мен ар-ұждан бұлағынан сусындамаған» (Дандай Ысқақұлы) Гүлжәмила бір қарағанда бір үйдің шаруасын ұршықтай үйіріп отырған, істеген ісінен инедей мін табылмайтын, там-тұмдап тапқан тиын-тебеннің шырайын, жоқ-жітіктің жымын білдірмейтін, нарық заманына әбден бейімделген ұсынақты әйел. Нағыз бүгінгі заманның кейіпкері, типтік образ деуге де болады. Бірақ, туындының ішкі мазмұнына тереңдеген сайын қалаға келіп, жайлы тірлікке тез бейімделіп, шектен тыс толыса бастаған Гүлжәmilәнің бақытты өмір сүру туралы ұғымы, түсінігі материалдық байлыққа негізделген. Оның өмірлік құндылықтар туралы түсінігі мүлде басқаша «қос уыс тірлікте боқ домалатқан қара қоңыздай итініп-сұғынып жүрсең жүре бересің. Қолдан

келсе шалықта. Шашып-төк» [1] болатын. Күйеуінің елін, ағайын-жұртын сағынып жүргенін айтпағанда, бір көруге зар боп жүрген анасының өзін салынып жатқан екі қабатты зәулім үйіне түрлі қитұрқылықты айтып жолатпауының өзі – соның дәлелі. Енесінің бұлардың үйін көріп қуанғанынан гөрі көрші сылқым келіншектермен араласуды дұрыс көріп, соны өзіне дәреже санайды. Гүлжәмилә – рухани құндылықты аяқасты еткен, дүниеқуған, тек материалдық байлықты ойлап, рухани деградацияға ұшыраған пенде екенін білмейді, сезбейді. Өзімдікі дұрыс деген ұстаныммен өмір сүріп келе жатқан жан. Оған байлық, жалған сыпайылық, тән құмарын қанағаттандыру ғана қажет. Егер ол рухани жағынан жетілген парасат-пайымы мол жан болса мұндай әрекетке бармаушы еді. Автор меңіреу заманның тоғышар адамын шебер сомдай алған. Абайдың «ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады» деген сөзінің ақиқаттығы ашкөз әйелдің күйеуінен айрылуы арқылы көрсетіледі. Тағы сол Абай айтқан «толық адам» ұғымының толықтай антиподы. Ал Абайдың айтқан «толық адамы» - білімді, сабырлы, пендешілікке бой алдырмаған, рухани бай, жеке бастың мүддесінен ел мүддесін жоғары қоятын парасатты, биік адам екені әмбеге аян. Гүлжамиланың бар ойы баю боп жанталасып жүргені

Повесте қоғамның күнгейінен гөрі көлеңкелі тұстары жиі көрініс тауып отырады. Соның бірі – жол бойында отырып, жұмыс күтетін жалдамалылар. Қазіргі қоғамда жалдамалы жұмысшылардың, құлдардың мәселесінің кең қанат жаюы, елдегі жұмыссыздық жағдайы. Үй салып болған, енді сыртын қоршауға кіріскен Гүлжәмила күйеуіне «адам әкел» деп тапсырма береді, бірақ келгендердің өзін тексеріп, сұрақтың астына алып, ұнамаса қуып жібере салады. Повесте қоғамның күнгейінен гөрі көлеңкелі тұстары жиі көрініс тауып отырады. Соның бірі – жол бойында отырып, жұмыс күтетін жалдамалылар. «Атақты ақын даңғылы бойындағы дәу теректердің тасасында отырып, бүкең-бүкең тірлік кешеді. Темекіні де кезектесіп шегеді. Емен-жарқын күлмейді. Мүсәпір. Дәл бір осы заманның бар қиыншылығы осылардың ғана мойындарына түскендей. Аң аулаған жабайы мысықтан бетер. Осылай қарай бұрылуға ниет танытқан жеңіл мәшинені сонадайдан таниды. Дәл бір көкелері тоқтағандай, сосын бірі қалмай өре түрегеледі» [1] деуі де қатал өмір шындығына сыйымды. Белгілі бір жағдайда бас кейіпкер Бөрібайдың өзі де құл. «Қой, қой деймін, сен жалдамалы құлсың, осыны ұмытпа. Құлдың міндеті – мәшине айдау, көше тәртібін сақтау және мәшинені бір жерге соғып алмау. Сосын келісім бойынша қожайынның қолына бір күнгі табысты санап беру» [1] деген жымысқы ой оның санасынан бір күн де шығып көрген емес.

Өмірден ерте кеткен талантты жазушы Болат Қанатбаевтың көркемдік көкжиегіне көз салдырған туындыларының бірі әрі бірегейі – «Летаргиялық ұйқы» атты повесі. Повестің қысқаша фабуласы: Мақсат есімді кейіпкердің шешесі жас күнінде шын сезім иесімен емес, өзін уақытша пайдалануды ғана көздеген аярлардың алдауына түсіп, некесіз, оң жақта отырып бала табуы; өзінің талайсыз тағдырына күйінген жас қыздың ішінен шыққан шаранадан туған бетте бас тартып, аузына емшегін де салмауы; ана уызына жарымаған баланың аурушаң, әлжуаз болып, бейнетін әжесінің көруі; некесіз туған баланың көзтүрткі тағдыры мен көрген қорлығы, жанындағы адамдардың жанына ауыр тиетін сөздері, ашу-ыза мен кектің кесірінен өз өміріне жауапсыздықпен қарап, өз өміріне өзі өгейсіп, бәрін тек ашу-ызамен, жетім көңіл тағдырына кінәлі жандарға деген кекпен істеуінің түбі Мақсатты түрмеге әкеп түсірді. Бұл да – ұлттың деградациясының, дәстүрден қол үзіп, жетімін жылатпаған қазақ салты бұзылуының бір көрінісі еді. А.Сүлейменовтің «Жазушы – қоғамның сүйегінен адамның жанын іздейтін бейбақ» деген сөзі осы орайда ойға оралады. Мақсат секілді жаны да, жүрегі де жаралы балалардың қоғамымызда күн санап, сағат санап көбейіп бара жатқандығы, бәр сәттік ләззат үшін жетімнің санын көбейтіп жатқанын түсінбейтін Шеген, Құзырғали сындылардың

ешқандай жауап та бермей, ар алдындағы азапты да түсінбей, жайбарақат өмір сүре беретін пенделердің тоғышарлығы жазушының қолына қалам алғызған еді. Мақсат жарасы арқылы бүкіл қоғам жанына түскен жараны жазып, жетімдер үйінің санын азайтып, «көкек» ана-әкелерді жауапқа тартып, шара қолдану қажеттігін меңзейді автор. Қоғам дегеніміздің өзі – онда өмір сүріп отырған адамдардың мінез-құлқы, ой-өрісі, көзқарасы, жүріс-тұрысы екенін білсек, мұндай жағдайға әрбір адам жауапты болуға тиіс екенін ұғындыруға тырысады. Жазушы повесінің дидактикалық мәні осы.

**Нәтижелер.** Қазақ санасы құлдық психологиядан арыла бастаған кезеңде кеңінен айтылып, талдауды қажет ететін тағы бір мәселе – қазақ әдебиетіндегі шолақ белсенділер мәселесі деп ойлаймыз. Ұлтымыз басынан кешірген қанды қасіреттің куәсіндей болған әрі шолақ белсенділер мәселесін көтерген көркем туындылар қазақ әдебиетінде аз емес. Бүгінде бұлар біріншіден, баға жетпес әдеби мұрамыз болса, екіншіден халқымыздың басынан кешірген тарихының сұмдық қасіретке толы екендігін білдіріп, жүректі сыздатады.

Отарлаудың салдарынан әр жылдары болған қазақ жастарын патша әскеріне алу, ұжымдастыру науқаны, голощекиндік зұлмат, сталиндік репрессия сынды зорлықтың салқыны қазақ халқын сан жылдар бойы тоңдырып келгені аян. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, бұл уақытта қазақ даласы Ә.Марғұлан айтқандай, әр түрлі қулық-сұмдық, озбырлық, алдау арқылы тез баюға болатын орынға айналып, шет аймақтан мансап іздеген, қаржы-қаражаттарын жөндегісі келген, сұм-сұрқиялар ағылып келіп жатқан правосыз өлке болғаны белгілі [2., 85]. Ал енді осыларға қазақтың өз ішінен шыққан жандайшап, жағымпаз, кешегі кеңес өкіметін құрушылар деген атқа ие болған сатқын, табаны тайғанақ, әсіреқызыл, кеудемсоқ жандардың туған халқына қынадай тиген әрекетін қоссақ, дана халқымыздың «Іштен шыққан жау жаман» дегенді бекер айтпағанын түсінеміз. Олардың ел ішіне салған ылаңы, қолына тиген азғана билікті бармақтай бақ көрген көрсоқырлығы момын елді зар еңіретті. Шолақ белсенділер – шындығында мүлгіп жатқан қазақ халқының сорына келген індет болатын. Олар жасап жатқан ісіне есеп бермеді, жандайшаптықпен жасалып жатқан әрекеттерінің арты неге апарып соқтыратынын ойлаған да жоқ, ойлауға мүмкіндіктері де жоқ еді. Өйткені, олар алдымен патша өкіметінің, кейіннен Кеңес өкіметінің қолшоқпарына айналған міскіндер еді. Арқасынан қағып, қолына қару беріп, «комсомолсың, коммунистсің, күнің туды, кешегі байларды құрту керек» деген сайқал саясаттың сұрқия сөздеріне сеніп, шаңырағының киесін ұшырғанын түсінген де, сезінген де жоқ. Шындығында өкіметтің саясаты басынан-ақ құрдымға кеткен саясат болатын. Кез келген жарқын болашаққа, алға ұмтылған ел халқын материалдық жағынан күшейткенде ғана әлеуметтің жағдайы жақсаратындығы белгілі. Кешегі өкіметтің қателігі – кедейлерді көтеріміз деген желеумен байларды құрту, байларды құрту арқылы сан жылғы жиналған халықтың байлығын дым жоқ қып, талан-таражға салуында еді. Байларды құртумен айналыспай, керісінше байлықты көбейту керек еді. Байлықты құртудың аяғы халықты күйзеліске, аштыққа әкелді. Отаршылдық саясаттың шектен шыққан стратегиялары қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне, рухани мәдениетіне кері әсерін тигізді. Ата кәсібі, дәстүрлі мал шаруашылығы күйреп, малынан айырылып, баспанасыз әрі аш қалған қазақтар еріксіз үкімет саясатына бас иіді. Ал бұл өз кезегінде қазақ халқының ұлттық мінезінде өзгерістер болуына алып келді. «Қазақ халқының ұлттық мінезі өзінің өмір кешкен кең байтақ далалық, қырлық фонында қалыптасты. Сондықтан қазақ халқына тән негізгі белгілер: кеңпейілділік, жомарттық, салғырттық, қонақжайлық, көпшілдік, жайбасарлық, кешірімділік, еріншектік, бауырмалдық, намысқойлық, төзімділік» [3., 96] болса, ендігі кезекте қитұрқы саясаттың құрбаны болған момын халық жалтақ, жағымпаздық қасиеттерге орын бере бастады да, оның соңы сатқындық, қатігездік, мәнгүрттікке алып келді.

Бұл тақырыпты жазбақ түгілі, айтуға тыйым салынған уақытта, кешегі Кеңес үкіметін кұрушылардың шын бет-бейнесін ашып көрсеткен өткір туындылардың қатарына С.Шаймерденовтің «Мезгіл»; Қ.Ысқақовтың «Беу, ақсақ дүние»; Бек Тоғысбайұлының «Асыл адам айнымас»; Н.Қапалбекұлының «Жерошақтың түтіні»; Н.Ақыштың «Рақымсыз көктем» повестерін жатқызуға болады. Қ.Ысқақовтың «Беу, ақсақ дүние» шығармасындағы Белқарағай сельсоветі Құмархан сияқты түсінігі тар, тілі шұбарланған, сауаты, білімі тайыз, бастықсымақ шолақ белсенді кейіпкерлердің жазушы галереясынан бірнешеуін кездестіруге болады. Осы шығармада Құмарханға ұқсас тағы бір кейіпкер «гражданский сыңарқол Дайрабайсовет», «Тұйық» шығармасындағы «ушәскөбей Қиякмұрт» бар. Барлығының сөйлеу мәнері бір-біріне ұқсас, ұғым-түсініктері деңгейлес, оларды жазушы авторлық баяндауда тәптіштеп суреттеп жатпайды, олар оқырманға диалогтары арқылы танылады. Жазушы Бек Тоғысбайұлының «Асыл адам айнымас» повесінде Бәкен атты азаматтың жаңа өмір орнату жолындағы ерлік қимылдары, кеңес өкіметінің ауылдағы саясатын жеке бастарының қамы үшін пайдаланып, жазықсыз адамдарға зәбір-жапа көрсеткен жергілікті белсенділермен айқасы аса бір есте қаларлық көріністер арқылы суреттелсе, «Қамауда» романындаІле өзені бойындағы қазақ аулының шолақ белсендісі Қоразбай әрекеттері ұғына білген жанды күлдіре отырып жылатады.

Тәуелсіз кезеңдегі қазақ повестерінің бірқатарында бұл мәселе кеңінен көтерілді. Асыра сілтеуге бой ұратын, саясаттың қолшоқпар ортасының болмысын сипаттаған Н.Қапалбекұлының «Жерошақтың түтіні» хикаятында момын елдің артығын емес, «өкіметке керек» деп малын, тіске басар соңғы нанына дейін сыпырып-сиырып алып кетіп жатқан шолақ белсендінің типтік образын кездестіреміз. «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деп заң соққан, былғарыдан киім киіп, мылтық шошайтқан әпербақан өкілдер көнбіс елдің төбесін ойып жіберердей зіркілдеп, қорқытып-үркітіп, қаптап кетеді.

Сауатсыздық пен асыра сілтеушіліктен туындаған сұмдық қасірет жөнінде жазылған тағы бір тың туынды Н.Ақыштың «Рақымсыз көктем» атты хикаятындағы Әлімбаидың іс-әрекеті шолақ белсенділерді басқа қырынан тануға мүмкіндік береді. Азырақ Әлімбаидың белсендінің орыстар келмей тұрған кездегі қазақ аулындағы қалпына көз жүгіртіп көрсек. Мінезі шапшаң, қаһарлы өкіл аштықтан жүре алмай, әлі құрыған ауыл тұрғындарының өзі шақырған жиналысқа зорға жиналғанына шыдамсыздық танытып, қамшысымен жердің шаңын бұрқ-бұрқ еткізіп, салып-салып қалып отыруының өзі – оның елдің жайын ойламайтын қатігездігін көрсетеді. Алақандай үлкен көздерінің ағы қанталап, адамдарға шағырмақтана қарайды. Басын кекжитіп, кекірейе қалған қалпының өзі алдында отырған қазағын – «жұпыны тобырды» менсінбейтіндігінің дәлелі [4., 16].

**Шолақ белсенділердің әрекеті** – бір ауылдың ғана емес, тұтас қазақтың қасіреті, қайғысы, тартқан азабы. Ұжымдастыру кезіндегі кәмпескелеу науқаны, шолақ белсенді кедейлердің шектен шыққан әрекеті, одан қала берді аштық жылдарындағы сүйегі жиналмай қалған миллиондаған қазақтың азабы, наласы, шері баяндалатын туындылардың дүниеге келуі – тәуелсіз қазақ әдебиетінің берген жемісі. Бірінің азабынан екіншісінің қайғысы асып түсіп жатқан заманды бастан кешірсе де жоғалмаған, жойылмаған қазақтың қайсар рухы; әділетсіз қоғам құрбандары, жазықсыз жапа шеккендер; батыр да жігерлі, намысты қолдан бермейтін ұлдарының азаматтық бейнесі шынайы берілген, сонымен бірге надан, пасық шолақ белсенділердің, ұрлықшы белсенділердің момын ауылға, бейшара елге бүйідей тигенін, бір құлқыны үшін іргелі жұртты тоздырғанын тайға таңба басқандай бейнелеген мұндай туындылардың мән-маңызы зор. Жазушылар зобалаң нәубет қасіретін айта отырып, заман шындығы мен уақыт бедерін дәл танытып, таразылай білген.

Қазақтың басынан өткен тарихи трагедияларға арналған туындылардың кейбіріне ғана талдау жасай келе, біздің түйгеніміз ұжымдастыру науқанынан материалдық жағынан ғана емес, жалпы рухани деңгейі мешеу, ел ішінде қызыл белсенді, шолақ белсенді, ағаш



белсенді атанған құлмінезді жандардың кесірінен қазақ ұлты көп зардап шекті. Ол аз болғандай «кіші революция» авторы Голощекин өкіметі тігерге тұяқ қалдырмай, қолдағы бар малды жиып алды. Өкіметтің алым-салығы да шектен артып, қазақ халқын барлық жағынан кедей болуға мәжбүрледі. Ал бұл өз кезегінде елдің экономикасына қатты соққы болып қана қоймай, мәдениетіне, әлеуметтік жағдайына да қатты әсер етті. Кешегі азат елдің аңғал ұланы аңқау белсендіге, уақыт өте келе, «шаш ал десе, бас алуға әзір», айқайға, зорлыққа үйір, елдің киесі, обал-сауапты білмейтін шолақ белсендіге айналды. Билеуші держава өкілдеріне жағыну мақсатында жағымпаздықпен қарап, шынайы келбетінен айрылған, айтаққа еріп, ағайынға үрген, адамгершіліктен ада міскіндер тобы қалыптасты. Өкіметке арқа сүйегенмен, расында да олар қауқарсыз, қорқақтар болатын. Құдды бір грек мифологиясындағы батыр Гераклге тапсырма беріп, өзі қорыққаннан құмыраға тығылып қалатын бейшара, шала туған, әлжуаз Эврисфей секілді. Эврисфейдің артында Зевске ызаланған, одан кек алуды ғана көздеген Гера құдай тұрса, шолақ белсенділердің артында көкейін қазақтың кең байтақ даласы мен байлығы тескен, тек соны жаулап алуды көздеген әуелі патша, кейіннен Кеңес өкіметі тұрды.

**Талқылау.** Қазіргі қазақ әдебиетінде ел тарихында орын алған тағы бір шындық – аштық мәселесі кеңінен көтерілген. Аштық тақырыбына жазылған повестердің барлығына ортақ нәрсе – кейіпкердің өткенді еске ала отырып, санадағы жадыны оятуы. Санадағы жадыны ояту – қазақ прозашыларының көпшілігі ұтымды қолданып келе жатқан көркемдік тәсіл [5., 214]. Н.Қапалбекұлының «Жерошақтың түтіні» хикаятында да аштық мәселесі көтерілген. Н.Қапалбекұлының «Бір уыс бидай» шығармасындағы өлген, сойылған малдың мүйіз, тұяғына дейін жинап, салық салып, елді әбден титықтатып, жерді піскілеп, үйді тінтіп, бір қора жан талшық етіп отырған азын-аулақ ұн, талқанның бәрін сыпырып әкеткенде аштан қырылар болған соң Қастек асуы арқылы қырғызға өтпек болған қазақтардың дұшпан саналып, абақтыға қамалып, өлімге кесілуі – соның дәлелі. Ашаршылық жайындағы шығармалардан біліп, түйгеніміз – қазақтың өмір сүру үшін, тірі қалу үшін жазаланып, қуғын көріп, өлім құшқандығы. Басқа жазығы жоқ. Өмір сүру үшін жанталасқан жұртты қырған сұмдық санаулы елдің тарихында ғана орын алған. Соның ішінде большевиктердің қол астындағы Украина, Кавказ, Волга жағалауында отырған халықтар зардабын тартты.

В статье дан анализ социально-утопических вопросов, поднимаемых в рассказе выдающегося казахского писателя Д. Досжана «Могила Коркута». Утопические произведения всегда имели особо значимую роль в мировой литературе. И в современном мире невозможно представить без утопии общий облик культурно-исторического процесса развития мира. Даже процесс развития человечества опирается на реализацию утопических взглядов. Утопия в литературе определяет ориентацию на счастливое будущее, сопоставляя вчерашний день с сегодняшним. Такая функция утопических произведений и по сей день не теряет своей значимости в определении воображаемого будущего. В этом аспекте сюжетная линия рассказа писателя предназначена для всестороннего описания сути мотивов *сакральности, греха*, сформировавшихся в сознании казахского народа в реальном и ирреальном временном и пространственном континентуме.

**Ключевые слова:** утопическая литература, утопия, миф, сакральная земля, святой.

**Кіріспе.** Әлем әдебиеті тарихының қай кезеңінде болмасын әлеуметтік-утопиялық шығармалар болашақты болжау және адамзат баласының танымдық қызметін айқындау мақсатында маңызды рөл атқарған. Оған дәлел ретінде көптеген ойшылдар мен қаламгерлердің өмір сүрген уақытына сыни көзқараспен қарап, олардың болашақты болжауға, бағдарлауға тырысқан туындыларын айтуға болады. Жалпы утопия қазіргі күннің бет-бедерін анықтау арқылы әлеуметтік қоғамның ары қарай дамуы туралы, оны өркендетудің жолдары жайлы бағыт береді. Утопиялық әдебиеттің осы функциясы футуризм бағыты мен ғылыми фантастика жанрының қарқынды дамуына қарамастан әлі күнге дейін әлемдік әдебиетке өз ықпалын тигізуде.

Әлемдік утопиялық әдебиеттің ауқымы өте кең. Өзінің тарихи даму кезеңінде ол бір кездері жетістікке жетіп, қарқындап дамыса, енді бірде тоқырауға ұшырап, құлдырау кезеңін де басынан кешірді. Қазіргі кезеңде әлем әдебиетін утопиялық шығармаларсыз елестету мүмкін емес. Сол себепті дүниеге деген утопиялық көзқарас кез келген әлеуметтік қоғамға тән деп толық айта аламыз. Ежелгі замандардан бері дамып, қалыптасқан мұндай ой-тұжырымдар әрбір халықтың тарихи даму сатысындағы өмірлік қиын-қыстау кезеңдерден, күйзелген сәттерінен (Ұлы көш, жаугершілік замандар, аштық, тоқырау, т.б.) мәлімет береді. Әдебиетші-ғалым С.Қасқабасов халықтың әлеуметтік утопиясының үш сатысын атап көрсетеді: «...Утопиялық идея мен сюжет бірде өткен замандағы рахат өмір, енді бірде алыстағы бақытты мекен, ал тағы бірде елді бақытсыздықтан құтқаратын патша (әмір, хан) туралы эпсана түрінде баяндалады... Біріншісі, яғни «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман туралы идея – ең бірінші саты. Бұл утопия мен наразылық өткен заманды дәріптеу, мадақтау түрінде көрінеді. Екіншісінде, яғни құтты мекен туралы армандауда, бұрынғы өмірді дәріптеу емес, өз тұсындағы болмысқа, кешіп жатқан өмірге деген наразылық басым. Мұндай әлеуметтік утопия тұрақты жерден, сол қоғамнан қашып, басқа жаққа көшу формасында айтылады. Ал үшінші сатыда халық өзі өмір сүріп отырған қоғамды өзгерту идеясын ұсынады. Бұл идея елді сордан құтқарған патша туралы әңгіме болып баяндалады» [1, 76]. Ғалымның пікіріне сүйенсек, қазақ әдебиетіндегі утопиялық шығармаларда, әсіресе фольклордағы утопиялық көзқарастарда негізінен утопияның бастапқы екі сатысына тән элементтер байқалады.

**Теориялық негізі.**«Утопия» термині өзінің атауын Томас Мордың атақты, ойдан шығарылған фантастикалық «Утопия» аралының атынан алады. Яғни, грек тілінде «ou – жоқ», «topos – орын» деген мағынаны береді. Дәлме-дәл айтсақ, «утопия» терминінің мағынасы – «мүлдем жоқ орын» дегенді білдіреді. Зерттеушілер бұл терминнің басқа да мағыналарын атап көрсетеді. Соның бірі грек тіліндегі «eu – мінсіз, керемет, үздік», «topos – орын». Утопиялық әдебиеттерде (Платон «Мемлекет», Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары», У.Моррис «Вести ниоткуда», С.Батлер «Эревуон», О.Хаксли «О дивный новый мир», Т.Кампанелла «Город солнца», т.б.) аталған сөздің екі мағынасы да кеңінен қолданыс тапқан. Қазіргі әдебиеттану ғылымында бұл түсінікпен қатар оған кереғар ұғымдар да («дистопия», «антиутопия») қолданылады. Бұл ұғымдар керісінше дәстүрлі утопияның ұғым-түсініктеріне, яғни мінсіздікке қарсы жұмсалады. Дегенмен де, мән-мағынасына қарамастан, екі термин де әлеуметтік қоғамның үлгісі ретінде көрсетілетін, қаламгердің ойынан шығарылған мекен жайлы мәлімет береді.

Сан ғасырлар бойы әдеби утопия қоғамдық танымның ерекшелігін танытатын форма ретінде әлеуметтік сын, әлеуметтік идеал тұрғысынан бұлыңғыр шындықтан қашудың, жарқын болашақты дәріптеудің жолдарын көрсетуге тырысты. Соған байланысты әдеби утопияда «алтын ғасыр», «құнарлы аралдар», «Жерұйық», «Жиделібайсын» секілді түрлі этикалық құндылықтар мен діни концепцияларға құрылған түсініктер қалыптасты. Бұл туралы А.Таңжарықова: «Утопияның алғаш пайда болу негізі мен шарты өмірге көңіл толмаудан шыққаны белгілі. Осындай көңіл толмаушылық салдарынан автор өзі өмір сүріп отырған қоғамнан өзгеше әлеуметтік-тарихи бастауларға және этикалық модельдерге негізделген басқа баламалы қоғамды армандап, оның моделін ойлауға кіріседі. Утопияда саяси ұғымдардың пішіні, институттар жүйесі, адамдар арасындағы қарым-қатынас идеалды түрде керемет, тамаша армандау (ондай қоғамда бәрі бақытты, бәрі тең), яғни Жерұйықты іздеген Асан қайғы атамыздың арманы ұштасып жатыр» [2, 143] – дейді.

Әлемдік мәдениетте әртүрлі таптар мен әлеуметтік ортаның түрлі класстарының таным-түсінігінен хабар беретін санқырлы утопиялық ой-пікірлердің жүйесі қалыптасты. Атап айтқанда, құлиеленушілік утопиясы (Платон мен Ксенофонттың тұжырымдары),



феодалдық утопиялар (Андреас «Христианаполис»), көптеген ұсақ буржуалардың мүддесін қорғайтын утопиялар, кейбір тотальды билік пен бақылауға тәуелді, әлеуметтік қоғамның мүддесін қорғамайтын утопиялар. Соған қарамастан адамзат баласы қоршаған ақиқат өмірден бөлек, қайта оны сынға алатын мүлдем бөлек, өзгеше жұмақ мекенді аңсаумен болды. Соның нәтижесінде дүниеге утопиялық шығармалар келді. Бұл алдымен әлем тарихындағы қоғамдық дағдарыстар мен күйзелістерге қатысты туындады. Соған сәйкес дәстүрлі утопия көбінесе ретроспективті сипатқа құрылды, яғни ата-бабалар өмір сүрген дәуірдегі құнарлы алқаптар мен жұмақ мекендерді, киеліжерлер мен қасиетті аймақтарды аңсаудың нәтижесінде пайда болған ұғым-түсініктер. Мәселен, ежелгі гректердегі «Гиперборей елі» туралы мифтер, орыстардың «Опонь патшалығы», «Беловодье» жайлы аңыздары, түркі халықтарының «Отукен», «Ергенекөн» жырлары, Асан қайғының Жерұйығы, жыраулар поэзиясындағы атамекенді аңсау сарыны (Қазтуған, Доспамбет жырау жырларындағы Еділ, Жайық, Жем, Азау бойындағы мекендерді аңсау).

**Нәтижелер.** Утопиялық шығармалардың түп тамыры о дүниеге немесе жер астына саяхат жасау туралы архаикалық мифтер мен халық ертегілерінен басталады. Қазақ әдебиетінде әлеуметтік-утопиялық көзқарастар Асан қайғы (Жерұйықты іздеуі), Қорқыт (өлімнен қашып, мәңгі өмір сүретін мекен іздеуі) туралы аңыздарынан бастау алады. Олардың сюжеті түркі заманындағы еліне құтты қоныс, жайлы мекен іздеген көзқарастар туралы баяндалатын «Отукен», «Ергенекөн» жырларындағы сюжеттермен ұқсас. Бұл туралы Ә.Дербісәлин былай дейді: «... Асан халық өмірінің сол күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған ащы қайғы-қасіретінен, талау мен тонаудан, қыру мен жоюдан, құлдық пен күндіктен кейінгі жау көзінен таса, жау аяғынан алыс, жайлы да жақсы мекенді сағына іздеген бүкіл тілек-арманының жинақтаушы бейнесі тәрізді. Басқаша айтсақ, сол сан ғасыр бойы өлшеусіз қырғынның тарихи сабағындай, кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиетіндей тыныш та бейбіт өмір туралы ізгі арманды халық Асанның аузымен білдіреді. Жыраудың айтуында ол елге пана мен ырыс боларлық ерекше қоныс түрінде көрінеді. Екіншіден, жанға сая, малға жай жайлы мекенді дәріптеу, поэзия тілімен, құралымен уағыздау көп елдің ауыз әдебиетінде көне заманнан келе жатқан байырғы дәстүр. Мысалы, Отукен жерін армандаған аңыздар осы өңірде орхон жазуларынан бастап, XI-XII ғасырларға дейінгі кезеңде кең етек алған» [3, 181]. Қазақ даласындағы әлеуметтік ой-пікірлерді зерттеген ғалымдар «өткен замандарда жұмақ мекен, қасиетті жерлер болған» деген идеялар X-XIX ғасырлар арасында кеңінен тарағандығын айтады. Олардың көрінісін эпикалық түрде баяндалатын әлеуметтік-утопиялық шығармалардан байқауға болады. Мәселен, С.Қасқабасов мұндай шығармалардың қатарына «Абат батыр», «Уәли Шора», «Орақ батыр», «Өтеген батыр», «Мырзаш батыр», «Мамай батыр» жырларын жатқызады [1]. Бұл шығармаларда көне замандардан бері келе жатқан утопиялық ой-пікірлер әлеуметтік қоғамдық формация мен адамзат баласының ой-санасының өзгеруіне қарай жаңаша сипат алып, қазақ әдебиетінде қайтадан адамзат баласы аңсаған жұмақты мекен, киелі жерге қатысты ойларды өрбіткен. Біз өз зерттеуімізде негізінен қазіргі қазақ прозасындағы әлеуметтік-утопиялық шығармалар жайлы сөз қозғауды жөн көрдік.

**Талқылау.** Утопия әлемі қазіргі өмірден жырақ мүлдем басқа уақыт пен кеңістікке бағынады. Осыған байланысты ұзақ тарихи даму барысында утопиялық шығармаларда өзіндік сюжеттік желі қалыптасты. Көбіне бұл үдеріс кейіпкердің бүгінгі әлемнен мүлдем басқа фантастикалық әлемге тап болуымен байланысты. Ол түрлі формада беріледі. Мысалы, түс көру, елес сезімі, алыс елдер немесе басқа ғаламшарларға сапар шегу. Қазақ прозасында сондай сипатта жазылған шығармалардың қатарына Д.Досжанның «Қорқыттың көрі» әңгімесін жатқызуға болады. Әңгіменің сюжеті өң мен түс аралығындағы, яғни реалды және ирреальды уақыт арасындағы қатынасқа құрылған. Бір қарасақ, әңгіменің желісі Абылайдың сүреңсіз өмірін суреттеуге арналған сияқты. Алайда,

бұл жерде қаламгер кейіпкердің бақытсыз, бейбақ ғұмырын сипаттау арқылы бұрынғы берекелі өмірден, қасиетті мекеннен жұрдай болған, рухани құндылықтардан ада болған ұрпақ тағдырын суреттейді. Шығарма кейіпкері Абылайдың Қорқыттың аруағымен кездесуі оқырманды бұрынғы ұмыт болған жайттармен қайта таныстырады. Кейіпкердің өң мен түс арасындағы галлюцинациялық жағдайы шығарманың көркемдік уақыты мен кеңістігін одан сайын кеңейте түседі. Оқырманға бұл мезгіл мүлдем аяқталмайтын, шексіз әлемдей көрінеді. Д.Досжан кейіпкерлерінің түсі символдық қасиетке ие. Мұның өзі әңгіменің көркемдік табиғатына архаикалық сипат үстеп, мифологиялық элементтерді енгізуге мүмкіндік береді. Шығарманың мазмұны өзінің символдық тұспалымен, мистикасымен және ирреалдылығымен оқырманның жүрегіне қозғау салып, беймәлім, құпия әлеммен кездесуге мүмкіндік береді. Жазушының әңгімесіндегі өң мен түс, елесжағдайы авторлық ұстанымды терең түсінуге себеп болады.

Қазақ аңыз-әңгімелерінде Қорқыт бейнесі дүниенің төрт бұрышын шарлап, өлімнен құтылудың амалын, жолын музыкадан тапқан, мәңгілік өмір бар мекен іздеген әулие ретінде суреттеледі. Әңгімеде кейіпкердің Қорқыттың аруағымен кездесуі кездейсоқ дүние емес. Өзінің өмірінің мәнін түсіне алмай, дел-сал болып жүрген кейіпкер тығырықтан шығудың жолын іздейді. Ол да ажалды қобыздың күйімен тоқтатпақ болған Қорқыт бабасына ұқсап өз «Менін» табу үшін қолына қылқобызды алады. Әңгіме былай басталады: «Маңай тыныштық құшағында мүлгіді... Қойшы үйіне еніп, сырт киімін, етігін шешпестен текемет үстіне қисая кетті. Талығып жатып өң мен түстің арасында жүргендей алақүлік хал кешті. Әлден уақытта басын көтерді. Итініп барып төрдегі көне әбдіреге қол іліктерді, үстіндегі текшеленіп жиналған көрпе-жастықты құлата шашып жіберді...Сандық түбіне шүберекке ораулы шағын шанақты әлдилеп алып шықты. Орауын жазды. Жидеден шапқан, сары мейіз боп қатқан қыл қобыз еді. Дөңгеленіп малдас құрып отыра кетіп қыл тартқан таяқшаны алып, қобыз бүйіріндегі шайырға жанып-жанып иығы бүлкілдеп безектете жөнелді... [4, 5]. Міне, осы сәтте сан ғасырлардың куәсі болған қобыз сарынынан Қорқыт аруағы оянып, кейіпкердің алдына келеді. Абылай қария кісіге амандасып, төрге отырғызып, «бәйек болып қызмет көрсетеді». Аруақты көргеннен кейін өзінің жадында қалмаған, алыста ұмыт болған оқиғалар есіне түсе бастайды. Дәл осы көріністі автор лирикалық шегініспен тамаша суреттейді: «Баяғыда, бала кезінде Сырдария өзені кемерді қауып толқып ағып жататын, қос жағасына қайық эзер қатынайтын. Телегей теңіз лай судың баз бір ортасы шүңейттеніп, жер астына түсіп кеткендей, шыр көбелек айналып есті алатын. Шопан қорасы тұрған жарлауыт қабақ биік болатын. Сол биіктің ұшар басында құлаған жердің қабағында жалғыз мола қарауытатын. Әкесінен сұраушы еді. «Балам, молаға қарап саусағыңды шошайтпа, - дейтін қойшы әкесі, - ол Қорқыт бабаның қабірі, бұрындары жар қабақтан жырақта тұрушы еді, көрмеймісін, өзен тасыған сайын жағаны кеміріп жеп, кемер ернекті тауысып, қабірдің іргесіне барып қалғанын...»[4, 5]. Әкесі өмірінің соңына дейін әулие жатқан жерді қастерлеп, жағадан аулақ жерге көшіремін деп армандады. Бірақ бұл арманын жүзеге асыра алмайды. Өмірінің соңында, «үні бітіп, тамағы қарлығып жатқан сәтінде» Абылайды жанына шақырып, саусағын шошайтып, «Қорқыттың моласы жатқан жақты мегзеп», «үңсіз ғана иегін қағып», демі үзіліп сала береді. Алайда, әкесі артқан ауыр жүктің салмағын көтере алмай, Абылай әке аманатын орындамайды. Бір күні «жер мен көктің арасы қосылып кеткендей» сұрапыл дауыл тұрып, қатты нөсер құяды. Ертесінде ол үнемі «жар ернекте жарбиып тұратын Қорқыттың моласын» таба алмай қалады. «Мола тұрған жер опырылып дарияға құлап, жым-жылас болады. Сол күннен бастап «аманатқа қиянат жасаған», «жердің киесі ұрған» Абылайдың шаңырағынан шаттық кетіп, шаруасы шайқалып, қалың тұманда адасып жүрген жандай күйге түседі. Дәл сол сәтте ойына қыл қобыз түсіп, киелі қобыздың әуенімен ессіз күйде Қорқыттың аруағын өзіне шақырады. Бұл жерде кез келген утопиялық туындылардағыдай бүгінгі күн мен өткен күн арасындағы байланысекі

кейіпкердің өткенді аңсау, болашақты болжау туралы диалогіне құрылады. Бұл диалогте автор жалқының мұнын жоқтау арқылы жалпыға әлеуметтік мәселелерге қатысты ой салады. Мәселен,

« – О, әулие бабам! Иманды болғыр күйші, жарықтығым! Қиналғанда отымның басынан табылғаныңыз неткен ғанибет.

- Келмейін-ақ деп едім, қобызымды безілдетіп болмай қойдың.
- Молаңызды қапылыста суға ағызып жоғалттық, күнәлі болдық, айыптымыз, жазғырыңыз, жарықтығым!

– Сен байбақта кінә жоқ. Жер бетінде қой баққан, дақыл еккен тұқым-тұяғыма қанша суып көңілім қалса да арнасайды, Қызылқұмды, көңірсеген жусанды қиып кете алмай аруағым әлі ұшып жүр. Қорқыт бабаның өзі емеспін, құр қауқары, реңсіз, түссіз рухы боламын, жетімегім.

– Дегеніңізге құлдық, қасиетті бабам, қол тимей жүріп, малмен мал болып ми ашып молаңызды көшіре алмадық. Осы қазір теріс батаңызды беріп, жердің жарығына енгізіп жіберсеңіз де құлдық ұрамын!... айыптымын!... ақыреттік күнә жамадым!... [4, 7]. Диалогтен байқағанымыздай, жазушы өз күнәсін мойындаған жалқыны типтік бейне дәрежесіне көтере отырып, табиғаттағы тепе-теңдікті бұзған жалпыға қарата сөз айтады. Жазушы атадан балаға мирас боп қалған аманаттың орындалмауын, қасиетті, киелі деп есептелген құндылықтардың құрдымға кетуін ең алдымен Абылайдың күнәсі емес, бүтіндей бір қоғамның күнәсі екенін баса айтады. Қорқыт бейнесі екі дүниенің сарапшысы әрі қатал сыншысы ретінде кейіпкерге күнә мен киенің құдыретін түсіндіріп, адам қолымен жасалған қасіреттің шегін танытады. Мысалы, Қорқыт Абылайға:

– Бұл дүниенің қамымен жүріп, о дүниенің қамын ұмытып, моламды суға ағызып, сүйегімді опат еткендеріңе наразымын. Қазір сол толқып аққан дария қайда? Жағадағы жасыл тоғай, ұшқан құс, жүгірген аң неге зым-зия?... Әуелі Әмудария мен Сырдарияның суы азайды, сосын құмның ыстық өңешінде жатқан теңіз тартылды, теңізден айрылған соң мына құлан жортқан қу өлкеге аспаннан тамшы танбайтын болды. Барлық зілзала пәле табиғат теңдігі бұзылып, апат келгеннен бәлкім. Бәлкім... бар пәле пейілдің тарылып, құлқынның құлы болып кеткеннен. Апат сырттан келген жоқ, іштеріңнен шықты... [4, 8] – дейді. Автор әулиенің осы сөздері арқылы көркем әдебиеттегі түс көру мотивінің шығарманың композициялық элементі ретінде негізгі қызметін, дәлірек айтқанда, бейнеленген жағдаяттарды сипаттау, оған баға беру, кейіпкердің жан күйзелісін суреттеу, шығарманың идеялық мазмұнын көрсету, көріпкелдік жасау, әулиедаусымен сөйлеу функциясын тамаша береді. Ю.Лотман атап көрсеткендей, бұл жерде түс мынадай функцияларды береді: «Вступление поэзии в сакральную сферу знаменовало начало вытеснения монополии сна и здесь, хотя связь поэтического вдохновения и мистического сновидения–универсальное явление для многих культур. Сон был вытеснен на периферию сакрального пространства...Сон – это голос подавленной совести человека, скрытый внутренний судья [5, 125]. Ғалымның сөзімен айтсақ, жазушы әңгімесінде түс Абылайдың жан күйзелісін беру арқылы оның рухани өмірін кульминациялық шегіне жеткізеді. Сол себепті оның жаны өзіндік рухани катарсиске ұшырайды, Қорқыт бабаның сөздері арқылы этикалық-моральдық тұрғыдан тазаланып, жалпыадами құндылықтардың қасиетін мойындап, қайтадан дүниеге келгендей болады. Анадан жаңа туғандай тазаланып шыққан Абылай Қорқытқа тіл қатады:

–Қорқыт баба, -деп үні әзір естілді,тән өлсе де жан өлмейді, қасиетті кісілердің рухы сағым боп, бу боп жердің төсінде заман ақырға дейін елбіреп, желбіреп ұшып жүреді деген не сөз?... сенейін бе, сенбейін бе? [4, 8]. Бұл жерде автор кейіпкердің әлі де жандүниесінің осалдығын, рухының әлсіздігін сипаттайды. Қобызды көркемдік деталь ретінде ала отырып, ол кейіпкердің санасына ой салады, өмірге деген көзқарасын түзетеді, болашаққа бағдар сілтейді. Қобыз – бұл көшпенді мәдениеттің озық үлгісі. Өзінің тылсым

дүниесімен сакральдылық мәнге ие. Қазақтар ежелден қобызды зұлым рухтардан қорғаушы, дерттен айықтырушы құрал деп түсінген. Сол себепті қазақтың ұлттық саз аспабы домбырамен қатар киіз үйдің қабырғасына ілген. Ақын-жыраудың қолында қобыз рух беруші күшті құралға айналған. Жазушының шығармаға қобызды көркемдік деталь ретінде алуы да сол шығар.

– ... Өлген кісінің рухы иесі тірісінде жақсы көрген мүлкіне, малына көп айналып кетпей жүреді. Менің рухым шанақ қылқобызымда қалған. Сол қобызды безектетіп, бебеулетіп көп тартқан кісінің көзіне ұшып жетіп көрінетінім содан. Қорықпа, бөтен нәрсе ойлама!

– Енді не істейін, баба аруағы?

– Бастың аяқ, аяқтың бас болған заманы осы, қыл қобызды алып безектете бермей отынның басын түзет, босаған түзелмей есің кірмейді, азамат тұрағың қайтып келмейді. Бесігінді қамдар ақ жаулығыңды қайтарып әкел [4, 9]. Қорқыт әулиенің ойымен берілетін жолдар болашақта теңіздің құрып жоғалатынынан, «Қызылдың құмы көп ұзамай енапат қиырды жұтып тынатынан» хабардар етеді. Ол Абылайға: «Абылүйгеннің басына баялыш үйіп лаулатып тұрып от жақ. Жалын тілі таң әлетінде қалай желпінсе, солай қарай малыңды ықтатып, панаңды тап... жент қаласын, әкеннің моласын, қой қорасын құм теңізі тып-типыл етіп жұтып салады, құтыл! Ескі жұртты таста!», - деп кеңес береді. Осыны айтқан Қорқыт әулие көзден ғайып болады. Қорқыттың болашақты болжау қасиеті халық ауыз әдебиетіндегі бақсылық сарынмен үндесіп жатыр. Себебі, фольклор мен көркем әдебиеттегі Қорқыттың киелі бейнесінің архетиптік негізі шаманизмнің элементтерімен ұштасып жатыр. Ол кейіпкерді жаман, күнәлі әрекеттерден сақтандырып, болашаққа бағыт-бағдар сілтейді. Шығармада бұл құбылыс тағы да диалог арқылы беріледі. Мұндай көркемдік тәсіл арқылы автор кейіпкердің ақиқат өмір шындығынан алшақтап, екінші бір тылсым дүниемен байланыс жасауын шебер көрсетеді.

Киелі жер – қазақ халқының тарихында ғаламат күшке ие, рухани-имани қуат беретін орталық нүкте. Қазақтар ерте замандардан кіндік қаны тамған жерге табынған, бабалар рухын құрметтеген. Сол себепті әңгімеде *әулиелі жерді қастерлеу, әке аманатын орындау, туған жердің қасиетін сезіну сарыны* автор тарапынан шебер суреттелген. Әңгіменің соңында автордың осы өмірлік ұстанымы кейіпкер Абылайдың ой-санасына қозғау салады. «Төмпек үстіне түп адыраспан өскен» әкесінің моласына келген Абылай былай дейді: «Ал, көке қоштасқалы келдім. Көшемін... Қорқыт баба ертерек көтеріл, көш деп кеңес берді. Ана құдықтың суы ашымағанда, жердің оты қайтпағанда, құм ентелеп жер-жиһанды баспағанда мал бағып жүре берер ме едім» [4, 10]. Жазушы кейіпкердің бұл сөздері арқылы оның киелі топырақтан әлі де болса жыраққа кеткісі келмейтіндігін, алайда тағдырдың салғанына көнбеске амалы жоқтығын білдіреді. Өткенді аңсау, жанына пана болатын киелі мекенді іздеу – бұл әлеуметтік-утопиялық шығармаларға тән құбылыс. Кейіпкердің қайтадан жаңғырып, рухани санасының оянуы оның әкесінің жұпыны моласына сәл де болса көрік беріп тұрған адыраспанды жұлмауынан көрінеді. Әңгіменің эпилогындағы «іріген айрандай беті әлем-жәлем болып қызарып шыға келген күн», «еш жылуы жоқ, бейопа таң шапағының көрінуі», келе жатқан қауіпті сезгендей болып, «кәдімгі ала қабыршақты құм тасбақасының төңкеріліп жатуы» кейіпкердің өзінің жанына медеу болған киелі мекеннен мүлдем айрылғанын білдіреді. Себебі, әлемдік мифологияда (Қытай, Австралия, Үндістан, Солтүстік Америка елдерінде) тасбақа Жер-Ананы жаратушы құдырет ретінде қабылданады. Автор символдық астарлаудың көмегімен тасбақаның Абылайдың «өңменінен өткен түйме көзі» арқылы біріншіден, келе жатқан қауіптен хабар берсе, екіншіден, ата-бабасының табанының ізі жатқан атамекеннен мүлдем айрылғандығын сездіреді.

**Қорытынды.** Сөзімізді түйіндер болсақ, жазушы өзінің әңгімесінде әлеуметтік қоғамның киелі Жер-Ана алдындағы қателігі мен қатыгездігін сынау әрі кейіпкер бейнесі

арқылы адамзат баласының адами қасиеттеріне баға беру үшін утопиялық сарынды (құтты мекенді армандау, бұрынғы өмірді дәріптеу арқылы өз тұсындағы болмысқа, кешіп жатқан өмірге деген наразылық білдіру) жаңғыртып, шығарманың сюжетіне әлемдік идеал мен мораль элементтерін енгізген. Бұл, әсіресе, автордың кейіпкердің психологиялық портретін беруде айқын көрінеді. Ирреальды дүниемен кездескен Абылай о дүниеден келген Қорқытпен тілдесіп, өз қателігін түсініп, күнәсін жууға бет бұрады. Осы тұрғыдан алғанда, өң пен түс арасындағы екіұдай сезімді өз әңгімесінде көркемдік деталь етіп алуы жазушының асқан шеберлігін ғана білдірмейді, сонымен қатар оқырманға оның адамзат баласына беймәлім, тылсым күштің құдыретінен де хабары бар екендігін көрсетеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.2. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
2. Таңжарыкова А. Көркем мәтінді талдау негіздері: оқу құралы. – Алматы: Servise Press. – 260 б.
3. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық. Монография. Ғылыми-әдеби зерттеулер. Үш томдық шығармалар жинағы: 2-том. Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2018. – 480 бет, суретті.
4. Досжан Д. Жүз әңгіме: Таңдамалы әңгімелер. 2-том. Алматы: ЖШС «Мерекенің баспалар үйі», 2012. – 704 бет; - 54 сурет.
5. Лотман Ю.М. Семиосфера. – С.-Петербург: «Искусство-СПБ», 2000. – 704с.

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ  
PEDAGOGI AND METHODOLOGI PROBLEMS**

МРНТИ 14.35.07

*А.С.Абил<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова  
г.Актобе, Казахстан*

**ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ  
КОМПЕТЕНТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ**

*Аннотация*

В статье рассматривается проблема развития коммуникативной компетентности в лингводидактическом аспекте применительно к условиям обучения в

вузе. Коммуникативная компетентность является одной из базовых характеристик профессиональной компетентности и профессиональной подготовки будущего учителя. Освещаются знания, умения и навыки, необходимые обучающихся для эффективного овладения коммуникативной компетентностью в процессе их профессиональной подготовки в вузе. Определение студентами ограничений в коммуникативной компетентности позволит им своевременно скорректировать навыки эффективного общения и в целом управлять своей учебной деятельностью в условиях вузовского обучения.

**Ключевые слова:** профессиональная подготовка специалистов, компетенции, профессиональная компетентность, личностно-ориентированное обучение, студент-ориентированный подход, коммуникативная компетентность, коммуникация, барьеры общения.

*А.С.Абил<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан*

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫНЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ**

*Аңдатпа*

*Мақалада университеттегі оқу жағдайларына байланысты лингводидактикалық аспект бойынша коммуникативтік құзіреттілікті дамыту мәселесі қарастырылған. Коммуникативті құзіреттілік – болашақ мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі мен кәсіби дайындығының негізгі сипаттамаларының бірі. Университеттегі кәсіби дайындық барысында студенттердің коммуникативті құзіреттілікті тиімді игеруі үшін қажет білім, қабілеттер мен дағдылар ерекше атап өтілген. Коммуникативтік құзіреттілікке студенттердің шектеулерін анықтау оларға тиімді қарым-қатынас дағдыларын орнатуға мүмкіндік береді және тұтастай алғанда жоғары білім жағдайында білім беру қызметін басқаруға ықпал етеді.*

**Түйін сөздер:** мамандарды кәсіби даярлау, құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, оқушыға бағытталған оқыту, оқушыға бағытталған көзқарас, коммуникативті құзіреттілік, қарым-қатынас, коммуникациялық кедергілер

*A.S.Abil<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Aktobe regional state University named After K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan*

## **LINGUO-DIDACTIC ASPECT OF STUDENTS ' COMMUNICATIVE COMPETENCE DEVELOPMENT**

*Abstract*

The article discusses the problem of the development of communicative competence in the linguodidactic aspect in relation to the conditions of study at the university. Communicative competence is one of the basic characteristics of professional competence and professional training of a future teacher. The knowledge, abilities and skills necessary for students to effectively master communicative competence in the process of their professional training at the university are highlighted. Covers the knowledge, skills, providing students with effective ownership of communicative competence in the process of patriotic activities.

**Key words:** professional preparation of specialists, competence, professional competence, personality-oriented educating, student-oriented approach, management skills of students, communication, barriers of communication

**Актуальность.** Высокий уровень конкуренции на рынке труда потребовал качественную подготовку специалистов во всех сферах деятельности в условиях высшего образования. В связи с переходом на студент-ориентированный подход в системе вузовского образования изменились как формы и методы обучения, так и компетентности, развиваемые в пределах учебной дисциплины. Поскольку базовая характеристика компетенции связана со способом ее формирования, то она формируется и проявляется только в процессе деятельности, а ее качество определяется мерой включенности в деятельность [1].

Общеизвестно, что изучение языка – это личностная потребность, проявляющаяся в социальном взаимодействии и общении. Успешность, как и деятельности, так и общения зависят от желания и умения личности реализовать свое речевое намерение. Безусловно, такая человеческая потребность зависит от степени владения единицами языка и умения употреблять их в конкретных ситуациях общения. Все эти условия владения языком лежат в основе коммуникативной компетентности, являющейся одной из часто обсуждаемых вопросов и педагогики, и психологии, и коммуникативной лингвистики, и лингводидактики.

По результатам анализа современной научной литературы было определено отсутствие четкой стандартизации такого междисциплинарного феномена как коммуникативная компетентность. Такая неопределённость в толковании понятия связана:

— с многоаспектностьюсамого понятия (с одной стороны - самостоятельность ее составляющих, с другой – совокупность личностных качеств, типов поведения, индивидуализации протекания коммуникативного акта);

— с особенностью перевода данного термина (в переводе с английского "communicativecompetence" обозначается как "коммуникативная компетенция" и как "коммуникативная компетентность". Нечеткость границ термина приводит к наличию многочисленных дефиниций: коммуникативное совершенство, речевая компетентность, коммуникативная грамотность, социолингвистическая компетентность, вербальная коммуникативная компетентность, коммуникативные способности, коммуникативные умения и др.).

Коммуникативная компетентность является лингвистически, психологически и методически организованной системой. В ней достигается единство "языка-речи" как средства (язык) и способа ее реализации (речь). Поскольку коммуникативная компетентность индивидуальна и динамична, то она относится к классу интеллектуальных способностей индивида. Поэтому сферой проявления этих способностейявляется деятельностный процесс, необходимым звеном которого выступает речевой компонент (речевая деятельность).

Традиционно философы и дидакты всегда разграничивали знание (компетенцию, компетентность) и его реализацию (деятельность). Применительно к владению языком под компетенцией и компетентностью подразумевается сознательное или интуитивное знание системы языка для построения грамматически и семантически правильных предложений, а под реализацией – умения и способности посредством речи продемонстрировать знание системы. Такое представление о компетенции сложилось под влиянием лингвистики, которая отводила грамматике ведущую роль в самой науке о языке и представляющей ее важнейшей составляющей психологических грамматик, управляющих общением.

Еще Ф. де Соссюр утверждал, что система языка запечатлевается в виде суммы образов в уме каждого члена коллектива и не зависит от способов ее реализации в речи, которая всегда специфична, поскольку определяется волей индивида и типом ситуации. Речевая деятельность будучи многообразной и разнообразной, относится к сфере индивидуального и к сфере социального. По мнению ученого, «единство в речевую деятельность вносит язык» [2, 17-19].

Другой ученый Н.Хомский, продолжив исследования Ф. де Соссюра, определил языковую компетенцию как «систему интеллектуальных способностей, систему знаний и убеждений, которая развивается в раннем детстве и во взаимодействии со многими другими факторами определяет... виды поведения» [3, 15].

По мнению Дж. Остина, Дж. Серла, основателей логико-философских теорий речевых актов, важным становится учет прагматического эффекта высказывания, поэтому компетенция не является врожденной способностью, а формируется в результате взаимодействия индивида с социальной средой. Способности быть участником речевой деятельности этнолингвист Д.Хаймс назвал коммуникативной компетенцией.

Коммуникативная компетенция определяется как творческая способность человека пользоваться инвентарем языковых средств (в виде высказываний и дискурсов), которая складывается из знаний и готовности к их адекватному использованию. Приобретение коммуникативной компетенции индивидом становится доминирующей целью обучения. Центр внимания педагогов переносится со структуры или системы языка (как это имело место в структурной лингвистике) на структуру речи, отличающейся ситуативностью и национально-культурной спецификой.

С точки зрения теории речевой деятельности, составляющими коммуникативной компетенции были названы компетенции в говорении, чтении, письме, аудировании [4, 7]. Данные виды компетенции формируются на базе лексической и грамматической компетенций, входящих в ядро языковой компетенции. Компетенция в говорении дополняется произносительной компетенцией, компетенция в письме – орфографической компетенцией, компетенция в аудировании – умением различать звучащие знаки, компетенция в чтении – умением различать графические знаки.

На основе функционального подхода к языку было определен компонентный состав коммуникативной компетентности – грамматической, социолингвистической, дискурсивной (дискурсивной), стратегической компетенциях.

Грамматический компонент характеризует степень овладения лингвистическим кодом языка (знания вокабуляра, правил произношения и орфографии, словообразования и структуры предложения).

Социолингвистический компонент – это способность пользоваться языковыми средствами с учетом темы, ролей участников общения и окружения, или конкретно заданной ситуации общения, а также знания правил поведения, принятых в данном языковом коллективе.

Дискурсивный (дискурсивный) компонент трактуется как способность порождать дискурс, т.е. использовать и интерпретировать формы слов и значения для создания текстов, владение навыками организации языкового материала в когерентный (связный) текст, а также владение средствами когезии.

Стратегический (компенсаторный) компонент предполагает использование вербальной и невербальной коммуникативных стратегий с целью компенсации недостатка знаний грамматического кода, при необходимости усиления риторического эффекта речевого сообщения или паузы в коммуникации.

В основу нашего исследования была взята модель коммуникативной компетенции С.Савиньон, представленной в виде «перевернутой пирамиды». Суть которой заключается в том, что показывает через практику и опыт во все более увеличивающемся круге



коммуникативных контекстов и событий (основание пирамиды) изучающий язык постепенно расширяет свою коммуникативную компетенцию, которая включает в себя грамматическую, дискурсивную, стратегическую и социокультурную компетенции (границы представленной пирамиды) [5, 8].

В содержание коммуникативной компетентности обучающихся входит методически, психологически и лингвистически согласованное единство всех компонентов:

- а) сферы коммуникативной деятельности, темы и их интеллектуальная значимость для обучающихся;
- б) ситуации и программы их развертывания;
- в) социальные и коммуникативные роли собеседников в ситуациях;
- г) речевые действия, прагматические цели;
- д) стратегии коммуникации в ситуациях при выполнении программ поведения.

Характерно, что коммуникативная компетентность имеет двустороннюю связь со знаниями, навыками и умениями во всех видах речевой деятельности [6, 17]. Коммуникативное поведение партнеров по общению осуществляется благодаря знанию репертуара коммуникативных умений в области прогнозирования, планирования и осуществления общения, основанного на знании прагматики речи, умении стереотипно и творчески выражать определенные интенции, применять адекватные цели стратегии и тактики [7, 80-81].

Таким образом, современная антропоцентрическая лингвистика рассматривает коммуникативную компетентность как феноменальную категорию, отражающую нормативные знания семантики языковых единиц разных уровней, овладение механизмами построения и перефразирования высказывания, умение порождать дискурс любой протяженности, соотносясь с культурно-речевой ситуацией, включающей параметры адресата, места, времени и условий общения, умение реализовать в иноязычной речи различия между родным и иностранным языком, осуществлять сознательный и автоматический перенос языковых средств из одного вида речевой деятельности в другой, из одной ситуации в другую. Формирование коммуникативной компетентности есть непрерывный процесс решения средствами изучаемого языка невербальных, поведенческих, актуальных для общества и самих обучающихся задач, ведущих к расширению границ коммуникации, готовности к гибкому взаимодействию с партнером по речевому общению, к развитию языкового чутья и рефлексивной деятельности.

Общепринято считать, что системообразующая роль в процессе формирования профессиональной компетентности будущего специалиста принадлежит коммуникативной компетентности, поскольку профессиональная деятельность коммуникативна по своей природе и вне общения существовать не может. Поэтому принято коммуникативную компетентность рассматривать как систему внутренних ресурсов, необходимых для построения эффективной коммуникации в определенном круге ситуаций межличностного взаимодействия.


**Цель исследования.** Проанализировать лингводидактические аспекты развития коммуникативной компетентности обучающихся в процессе их обучения в вузе на основе определения существующих их ограничений.

**Материалы и методы исследования.** Для определения двух полюсов шкалы «выраженная» и «невыраженная» опросника М. Вудкока и Д. Фрэнсиса «Способности к управлению» был применен метод анализа полученных данных в бланке регистрации. Из 42-х утверждений опросника 7, 14, 21, 28, 35, 42, 49, 56, 63 – утверждения направлены на определение коммуникативной компетентности личности. Было обследовано

вышеуказанной методикой студенты 1 и 2 курса всех специальностей психолого-педагогического факультета вуза.

**Результаты исследования.** Умение, и коммуникативное в том числе, - это знание в действии. То есть для умений характерным является практическое применение знаний на этапе функционирования. Так, по результатам исследования было определено, что коммуникативная некомпетентность по шкале «невыраженность» определяется как неспособность к пониманию движущих сил (мотивов, потребностей и др.) поведения людей; неумение прогнозировать это поведение и влиять на его изменение, необходимое в рамках управленческой деятельности [8, с.138]. Результаты диагностики по методике М. Вудкока и Д. Фрэнсиса «Способности к управлению» выявили большой процент коммуникативной некомпетентности студентов, наглядно представленной в виде диаграммы (смотреть рисунок 1).

Рисунок 1 - Диаграмма «Коммуникативная компетентность студентов»



**Обсуждение полученных данных.** Поскольку коммуникативная компетентность означает готовность вступать во взаимодействие с другими людьми, организовывая деятельность и общение, то любой специалист должен понимать, что для результативной работы, для личного успеха недостаточно только сугубо профессиональных знаний и умений, а необходимы: умение слушать и слышать собеседников, чувствовать эмоциональное состояние собеседников, вникать в мотивы поведения, устанавливать доброжелательные конструктивные отношения в деловом и неформальном общении. Так, коммуникативная компетентность (Е.В.Сидоренко) - это совокупность коммуникативных способностей, коммуникативных знаний и коммуникативных умений, адекватные коммуникативным задачам и достаточные для их решения [9]. Поэтому обучающиеся вузов обладают значительным потенциалом для личного и профессионального развития.

В настоящее время происходит удорожание человеческих ресурсов, развитие людей становится ключевым элементом прогресса, что объясняет пристальное внимание к проблеме развития коммуникативной компетентности у будущих специалистов.

Полученные данные позволяют наглядно представить ограничения студентов в коммуникативной компетентности, то есть каждый из них получил личную информацию о наличии коммуникативной компетентности по обратной шкале «невыраженность».

Столяренко Л.Д. были выделены причины плохой коммуникации: а) стереотипы; б) «предвзятые представления»; в) плохие отношения между людьми; г) отсутствие внимания и интереса собеседника; д) пренебрежение фактами; е) ошибки в построении высказываний; ж) неверный выбор стратегии и тактики общения [10, с. 81]. В устранении вышеуказанных причин плохой коммуникации нами был разработан комплекс мероприятий для занятий со студентами, состоящий из презентационных, тренинговых и практических упражнений и т.п.

Каждая из указанных причин важна и актуальна, требует к себе пристального внимания. Так, например, стереотипы, как упрощенные мнения по отношению других людей или обстоятельств, доминируют в ранге причин, поскольку у исследуемых нет реального понимания картины в целом или проблемы. «Предвзятые представления» - это склонность отвергать чужое мнение, что ранее было неизвестно. Очевидно, что мы редко осознанно принимаем взгляды других людей, отличных от наших собственных.

Следующая причина, как плохие отношения между людьми, достаточно распространенная, поскольку негатив со стороны собеседника, приводит к непринятию мнения другого человека, даже при его справедливости. А отсутствие внимания и интереса собеседника связано, прежде всего, с неосознанием и непониманием важности и значимости информации (знания) для человека.

Пренебрежение фактами, как привычка приходить к определенным необоснованным реальными фактами выводам, порой приводит к негативным последствиям в деятельности любого специалиста. Следующая причина, как ошибки в построении высказываний также являются препятствием для эффективной коммуникации. Отмечается, что студенты часто допускают в своих выступлениях нелогичность и несогласованность выбора слов, сложность построения сообщения, не аргументированность высказывания и другие речевые ошибки.

В рамках преподаваемых дисциплин проводится целенаправленная работа по развитию коммуникативных навыков и в целом коммуникативной компетентности студентов в специфических условиях. Эффективно во время проведения занятий демонстрировать приобретенные студентами коммуникативные навыки в ролевых играх, тренинговых упражнениях и инсценировках ситуаций, имитирующих профессиональную деятельность.

Обучающую функцию несут и презентационные материалы, освещающие актуальные вопросы по созданию эффективной коммуникации. Например, презентация в программе PowerPoint на тему «Стратегии и виды общения» раскрывает следующие вопросы:

1. стратегии общения: открытое-закрытое общение; монологическое-диалогическое; ролевое-личностное
2. виды общения: «контакт масок»; примитивное общение; формально-ролевое общение; деловое общение; духовное; манипулятивное общение; светское общение.
3. кодекс светского общения: вежливость, такт; одобрение, согласие; симпатия.

Поскольку речь, как средство общения, выступает в роли источника информации и способа воздействия на собеседника, то нами была подготовлена презентация «Вербальные и невербальные средства общения» об основных каналах общения (речевой и неречевой каналы).

Презентация на тему «Общение как восприятие людьми друг друга» раскрывает особенности перцепции, поскольку человек вступая в общение воспринимается другими как личность. Важно студентам понять и запомнить понятия «идентификация», как

простой способ понимания другой личности, т.е. уподобление себя ему; «эмпатия», как эмоциональное восприятие. Особо важное значение для будущего врача имеет логическая форма познания личности (черт характера, способности) — это рефлексия. Рефлексия предполагает логический анализ личности другого человека, далее на основе обобщения его поведения сделать частные выводы о конкретных ситуациях взаимодействия. Немаловажную роль в восприятии и оценивании личностей играет каузальная атрибуция, являющаяся субъективным объяснением межличностного восприятия. Выделяют внутренние (внутренние диспозиции человека, устойчивые черты, мотивы, склонности человека) и внешние (внешних ситуаций поведения) причины.

Для формирования коммуникативной компетентности обучающихся в процессе их учебной деятельности создаются различные упражнения, учебные задания, социально-психологические тренинги, моделирующие деятельность будущего учителя. С их помощью решается задача овладения эффективной техникой общения [11, 11].

Несомненно, что на занятиях студенты не только получают базовые знания по эффективной коммуникации, но и отрабатывают свои навыки общения всистеме врач-пациентв ситуациях максимально приближенных современным реалиям медицинской практики.

**Выводы.** Таким образом, учитывая тот факт, что специалисты независимо от рода их профессиональной деятельности способны взаимодействовать и общаться с другими людьми, так и организацией в целом, то уже в процессе их подготовки следует формировать и развивать коммуникативные умения и навыки, которые переходят в компетентность. Любое умение или любая компетентность в случае ее отсутствия, то возникает ограничение, которое может и должно быть снято и улучшено самой личностью.

В соответствие с данной идеей мы считаем, что определение для будущих специалистов своих достоинств и ограничений в процессе их профессионального становления позволит им своевременно скорректировать свою коммуникативную компетентность, а в дальнейшем и профессиональной деятельностью. Анализ лингводидактических аспектов развития коммуникативной компетентности обучающихся позволил определить ограничения в существующей компетентности и запланировать мероприятия по их устранению.

#### *Список использованной литературы*

1. *Современные подходы к компетентностно-ориентированному образованию: Материалы семинара / Под ред. А.В. Великановой. Самара: Профи, 2010.*
2. *Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики / Ф. де Соссюр. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 1999. 432 с.*
3. *Хомский Н. Язык и мышление / Н.Хомский. М.: Изд-во Моск. ун-та, 1972. 122 с.*
4. *Omaggio A.C. Teaching language in context. Boston: Heinle & Heinle Publishers Inc., 1986. 479.*
5. *Savignon S.J. Interpreting communicative language teaching. Context and concerns in teacher education. Yale University Press. New Haven & London, 2002. 243 p.*
6. *Бим И.Л. Концепция обучения второму иностранному языку (немецкому на базе английского) / И. Л. Бим. Обнинск: Титул, 2001. 48 с.*
7. *Константинова А.Ю. Что же входит в структуру коммуникативной компетенции нефилолога в области продуктивной речи? / А.Ю. Константинова // Русский язык за рубежом. 1993. № 3. С. 78-83.*
8. *Двинин А.П., Романченко И.А. Психодиагностика: образование и кадровый менеджмент. Учебно-диагностическое пособие / А.П. Двинин, И.А. Романченко. СПб.: Льюмьер, 2015. 148 с.*
9. *Сидоренко Е.В. Тренинг коммуникативной компетентности в деловом*

взаимодействии. СПб.: Речь, 2007.

10. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Издание третье, переработанное и дополненное. Серия «Учебники, учебные пособия». Ростов-на-Дону: «Феникс», 2000. 672 с.

11. Гальперин П.Я. Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий. М., 2006.

12. Вудкок М., Фрэнсис Д. Раскрепощенный менеджер. Для руководителя-практика: Пер. с англ. М.: «Дело», 1991. 320с.

МРНТИ 17.82.32

*V.N.Agabekova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Kazakh national agrarian University, Almaty, Kazakhstan*

## **METHODOLOGY OF TEACHING DIALOGICAL SPEECH IN ENGLISH**

### *Abstract*

*This article discusses the development of dialogic speech in the foreign language being studied is one of the most acute problems of modern pedagogical science. This is confirmed by a number of studies, articles, manuals, which have appeared recently. Nevertheless, this issue requires further methodological resolution, as the modern requirements to the dialogical speech is to teach students to talk in a foreign language is not always fully performed. Despite the fact that dialogic speech is more difficult than monologue, both from the point of intensity of attention and from the point of view of the diversity and quality of used speech patterns, and for a number of other reasons, nevertheless, from the point of view of consistency in teaching oral speech, preference should be given to dialogic speech. After all, it is through dialogue that individual speech patterns, entire structures, which are then used in monologue speech, are practiced and remembered.*

**Keywords:** Dialogic speech, exercises, skills and abilities, communication, psychological difficulties, speech actions.

*Б.Н.Агабекова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада зерттелетін шет тіліндегі диалогтік сөйлеудің дамуы - қазіргі педагогикалық ғылымның өткір мәселелерінің бірі. Мұны жақында пайда болған бірқатар зерттеулер, мақалалар, оқу құралдары растайды. Осыған қарамастан, бұл мәселе қосымша әдістемелік шешімді қажет етеді, өйткені диалогтік сөйлеуге қойылатын қазіргі заманғы талаптар - студенттерді шет тілінде сөйлеуге үйрету - әрқашан толық орындалмайды. Диалогтік сөйлеу монологтан гөрі күрделі болғанына қарамастан, назар аудару қарқындылығы жағынан да, қолданылатын сөйлеу үлгілерінің әртүрлілігі мен сапасы жағынан да, басқа да бірқатар себептермен, соған қарамастан, ауызша оқытудағы жүйелілік тұрғысынан диалогтық сөйлеуге артықшылық беру керек. Сайып келгенде, диалог арқылы жеке сөйлеу заңдылықтары, содан кейін монологтық сөйлеуде қолданылатын тұтас құрылымдар тәжірибеге еніп, есте сақталады.

**Түйін сөздер:** диалог, жаттығулар, дағдылар, қарым-қатынас, психологиялық қиындықтар, сөйлеу әрекеттері.

Б.Н.Агабекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы, Казахстан

#### Аннотация

В данной статье рассматривается развитие диалогической речи на изучаемом иностранном языке - одна из наиболее острых проблем современной педагогической науки. Это подтверждается рядом исследований, статей, пособий, которые появились недавно. Этот вопрос требует дальнейшего методологического разрешения, так как современные требования к диалогической речи - научить студентов говорить на иностранном языке - не всегда полностью выполняются. Несмотря на то, что диалогическая речь сложнее монолога, как с точки зрения интенсивности внимания, так и с точки зрения разнообразия и качества используемых речевых паттернов, а также по ряду других причин, тем не менее, с точки зрения С точки зрения последовательности в обучении устной речи предпочтение следует отдавать диалогической речи. В конце концов, именно через диалог практикуются и запоминаются отдельные речевые образцы, целые структуры, которые затем используются в монологической речи.

**Ключевые слова:** диалогическая речь, упражнения, навыки и умения, общение, психологические трудности, речевые действия.

Бейімелген мәтіндер бұл шет тілі ана тілі болып табылатын сөйлеушілердің шет тілдік ортада құрастырған түпнұсқалық мәтіндердің мамандармен студенттердің тілдік құзыреттілігінің деңгейіне сәйкес өңделген ерекше түрі. Мәтінді бейімдеу оқыту қызметінің мәтін деңгейіндегі түрі болып табылады және шет тілін оқыту әдіснамасының маңызды бөлігін құрайды. Бейімдеу үрдісі екі кезеңнен тұрады: а) мәтіннің лингвистикасының көлемін қысқарту; б) мәтінді тілдік өңдеуден өткізу. Бейімдеудің негізгі тәсілдері ретінде: грамматикалық құрылымды жеңілдету, лексикалық алмастыру, материалды алып тастау және логика-мағыналық өзгертіп баяндауды жатқызамыз. Оқушылардың тілдік дайындығының деңгейіне сәйкес мәтіндік материалды тілдік және әдістемелік тұрғыдан бейімдей білу шет тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрылымына кіреді. Сондықтан шет тілін оқытудың әдіснамасы курсының мазмұнына осыған сәйкес теориялық және практикалық материалды кіргізу қажет деп санаймыз. Себебі дұрыс таңдалып алынған материал студенттердің шет тілін қабылдап меңгеруіне үлкен әсер тигізеді.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. *Словарь методических терминов (теория и практика преподавания языков)*. СПб.: Златоуст, 1999.
2. Носонович Е.В. Мильруд Г.П. *Критерии содержательной аутентичности учебного текста / Е.В. Носонович, Г.П. Мильруд // Иностранные языки в школе. - 2008 - № 2. - 10 - 14 с.*
3. Щукин А.Н. *Лингводидактический энциклопедический словарь*. – М. – Астрель, - 2007.
4. Ягнич А.Я. *Аутентичный и адаптированный тексты для профессионально-ориентированного чтения студентов неязыковых вузов//Журнал: Обучение и воспитание: методика и практика. 2015. №20. 94-100.*
5. Belaid, A.M., Murray, L. *Using Authentic Materials in the Foreign Language Classrooms: Teacher Attitudes and Perceptions in Libyan Universities. International Journal of Learning & Development ISSN 2164-4063 2015, Vol. 5, No. 3*
6. Azri, R.H.A., Al-Rashdi, M.H. *The Effect Of Using Authentic Materials In Teaching. International Journal Of Scientific & Technology Research Volume 3, Issue 10, October 2014*
7. Widdowson, H.G. *Aspects of Language Teaching*. – Oxford: Oxford University Press, 1990.
8. *Современная методика соизучения иностранных языков и культур./ Методическое пособие под редакцией М.К.Колковой. – СПб.2011.- 200 с.*

МРНТИ 14.07.09

Н.Ж. Бекеева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>КИМЭП Университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МӘНІ

### *Аңдатпа*

Болашақ маманның коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселесі әлеуметтік, педагогикалық, мәдени және психологиялық әдебиеттердегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. ХХІ ғасыр маманының қарым-қатынас дағдыларын игеруі мәселесі ғалымдардың назарын аударып отырған өзекті тақырып. Қазіргі әлемде адам өмір сүру мүмкіндігі мен сапасы мен оның дайындығы, қабілеті, адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті арасындағы байланыспен тығыз байланысты.

Мақалада студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытудың маңызы мен мәні осы саладағы зерттеуші ғалымдар еңбектері сараланып, арнайы сауалнама нәтижелері бойынша тәжірибелер талқыланды. Бұл мәселе – болашақ маманның кәсіби қызметін талапқа сай орындауда ғана емес, мансаптық өсуіне және материалдық жетістікте өмір сүруіне ықпал ететін тілдік қарым-қатынас дағдысы мен тұлға аралық бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыруға қажетті кешенді білімді игеруі.

**Кілт сөздер:** коммуникативтік дағды, коммуникация, кәсіби қызмет, болашақ маман, кешенді білім.

*Н.Бекеева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Университет КИМЭП, г. Алматы, Казахстан*

## РОЛЬ И ЗНАЧИМОСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА ПРИ ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

### *Аннотация*

Одной из важнейших проблем в социальной, педагогической, культурно-психологической литературе является формирование коммуникативных навыков будущего специалиста.

Решение вопросов приобретения коммуникативных навыков специалиста ХХІ века – одно из актуальных направлений.

Современный мир тесно связан между качеством жизни и способностью людей общаться. В статье рассматриваются пути развития коммуникативных навыков, а также проанализированы труды ученых в сфере формирования коммуникативных навыков и получены результаты опросов проведенных среди студентов университета.

Всесторонние знания, полученные будущими профессионалами, помогут им не только в выполнении профессиональной работы, но и в развитии языковых навыков и межличностных отношений, которые способствуют карьерному росту и материальному благополучию.

**Ключевые слова:** коммуникативные навыки, коммуникация, профессиональная деятельность, будущий специалист, интегрированное обучение.

*N.Bekeyeva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*KIMEP University, Almaty, Kazakhstan*

## IMPORTANCE OF DEVELOPING LEARNERS' COMMUNICATIVE SKILLS IN KAZAKH TEACHING CLASSROOMS

### Abstract

Building communicative skills of future specialist is one of the largest and most frequent issue in social, pedagogical, cultural and psychological literatures. Teaching conversational skills of twenty first century specialist is a main topic of concern. Being able to successfully communicate with different people in various situations is a very important skill and gives an advantage for young professionals.

This article considers the significance of developing students' communicative skills and provides a review of literature of current studies focusing on enhancing learners' communicative competence. Survey results also are provided. This study helps provide insight into setting up good interpersonal relationships in a career, building linguistics skills for further professional development and to increase complex linguistic knowledge for better organization of business communication.

**Key words:** communicative skills, communication, professional development, communicative competence

**Кіріспе.** Ғаламдану өзгерістері ел экономикасына ғана емес, білім саласында да түбегейлі өзгерістерді талап етуде. Экономикадағы нарықтық тетіктердің қай саласы болмасын болашақ маманның алға қойған мақсаттарға жетуде шығармашылықпен қарауға, іскерлік қарым-қатынас дағдысын бойға сіңіруде барынша белсенділікті талап етіп отыр. Соңғы онжылдықтар ішінде елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мамандарды даярлауға жаңа талаптар қойды. Жылдам өзгеріп отырған әлемге тез бейімделетін, кәсіби шебер және тұлғалық қасиеттері мен дағдылар жиынтығы бар бәсекеге қабілетті жан-жақты маман даярлауды талап етеді. Нарық мамандары терең және берік білімдер кешенімен ғана емес, сонымен бірге болашақ кәсіби қызметінде, өзі қызмет атқаратын салада капитал тарта алатын әрі іскер, әрі коммуникабельді мамандарды да дайындауды талап етуде. Бұл тұрғыда тек өз саласының кәсібилігін ғана емес, заманға бейімделе алатын, рухани да, материалдық та бай жан-жақты әмбебаптылықты бойына сіңіре алған тұлғаның орны бөлек. Бұл талаптардың орындалуы үшін қазіргі білім беру жүйесіндегі әдістеме де кәсіби дайындық кезеңінде студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысы мен қасиеттерін қалыптастыру үшін қажетті жағдайларды жасауы тиіс. Бұл болашақ мамандардың қай салада болмасын коммуникативтік дағдысын қалыптастыру процесіне мазмұнды және әдістемелік қолдауды барынша дамытуды көздейді. Қазақ тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытудың маңызы мен мәнінің зор екенін айқындайды. Коммуникативтік дағды дамытуды тек тілдік тұрғыда емес, кәсіби қызметпен, іскери қызметпен тығыз байланыста қарастыру орынды деп санаймыз.

**Әдістер.** Бұндай мақсат нәтижесі еліміздің әлеуметтік және экономикалық белсенді жетекші тобын тәрбиелеу мен қалыптастыруда өз көмегін тигізіп, ондай маманның елдің одан әрі даму перспективаларында және нарықтық жағдайда тиімді қызмет ете алуына өз үлесін қоса алуы тиіс. Студенттердің болашақ мамандығындағы еңбек мотивациясын тудыруда, белсенді өмірі мен кәсіби ұстанымын қалыптастыруда, еңбек нарығында кәсіби мансап пен тұлғалық дағды қалыптастыруда *коммуникативтік ұстанымы* жетекші қағида болуы тиіс. Бұл болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мәселесінің маңызды екендігін айқындайды.

Коммуникация теориясының пайда болуы, қалыптасуы, тарихи кезеңдері бар. Ғылымда коммуникацияның түрлі теориялық үлгілері қалыптасты. Психоаналитикалық үлгісі ретінде З. Фрейд, К. Юнгтің теорияларын, экзистенциалистік үлгі теоретиктері М. Бубер, К. Ясперс, көзқарастық үлгіде М. Веберді, футурологиялық үлгі өкілі А. Тоффлер еңбектерінде талданып, ғылыми айналысқа енді.

**Нәтижелер.** Осы зерттеулер нәтижесінде ХХ ғасырдың басында ғылыми әдебиеттерде коммуникация термині пайда болумен қатар оның төмендегідей қарапайым түрдегі үш мазмұны нақтыланды:

1. қарым-қатынас – кез келген материалды және рухани әлем объектісінде байланыс құралы;

2. қарым-қатынас – адамнан адамға берілетін ақпарат;

3. қарым-қатынас – қоғамда ақпаратпен алмасу

Коммуникация адамдар арасындағы қарым-қатынаста жетекші мәнге ие. Қарым-қатынасыз өмір сүру де болмайтыны анық нәрсе. Адамдар арасындағы *қарым-қатынас, байланыс мәселесін зерттеу* қазіргі таңда бұрынғы кездегіден де арта түскенін айтуымызға болады. Себебі, қоғамдағы күрт өзгерістер, жаңаша технология әкелген үдерістер адамдар арасындағы қарым-қатынасқа да өз әсері мен өзгерістерін әкеліп отыр. Сондықтан бұл мәселе зерттеушілерді де қызықтырып отырған мәселе. Адамдардың бір-біріне әсері, көзқарасы, дүниетанымы, қызметі, түрлі әрекеттері т.б мәселелердегі ықпалы қарым-қатынастың түрлеріне тікелей қатысты. Қарастырылып отырған мәселеге сай: «Коммуникацияның болмысында бөлісу ниеті жатыр және оған сол бөлісуден алатын әсер де кіреді»[1, 167], -деген пікір біздің пікімізбен үндеседі. Бұл коммуникацияның көп салалы, жан-жақты қолданыс аясы ауқымды үдеріс екендігін көрсетеді деп айтуға болады.

Көптеген арнайы зерттеушілер еңбектерінде «коммуникация», «коммуникативтік күзіреттілік» терминдері жан-жақты зерттелген. Бұл біздің зерттеуімізге тікелей қатысты болғанымен, түрлі зерттеушілер еңбектерінде терең талданған, көп сараланған терминдер екендігін ескере отырып, қайталай беруді жөн санамадық. Сондықтан бұл терминдерге арнайы шолу жасаудан бас тартық.

Тілдік қатынастың әдістемесі мен теориясын терең зерттеуші ғалым

Ф. Оразбаева: «Коммуникативтік» терминіне қатысты зерттеу еңбектердің қай-қайсысында да оның қарым-қатынас құралы, сөйлесуге байланысты қасиеті баса айтылады. Мұның өзі сөздің, ең алдымен, тілдік қарым-қатынасқа, екіншіден, адамдардың өзара ұғынысуына, бірін-бірі түсінуіне негізделетінін дәлелдейді. Коммуникация арқылы адамдар сөйлесіп, бір-біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар өзара түсініседі, пікір алмасады, бірінің ойын екіншісі терең ұғынады. Екі адамның бірінің жанын бірі ұғуы бір топтың түсінуіне, ал ал топтың пікір алмасуы қоғамның жетілуіне әкеледі. Осыдан барып, адамзат тілінің ірі қоғамдық, ірі әлеуметтік функциясы пайда болады да, «коммуникативтік» терминінің әлеуметтік сипаты осыдан келіп шығады» [2,6],- дейді. Ғалым коммуникацияның адамзат үшін атқарар осындай зор мәні мен үлкен міндетін осылайша айқындап көрсетеді.

Жалпы әдебиеттерде коммуникацияның екі түрі бар: [3,6],- **бейвербалды коммуникация** – қозғалыс арқылы қатысымға түсі, бұнда сөйлесу болмайды, вербалды емес қарым-қатынастар — «дене қозғалысының тілі», «ым-ишара тілі» деген ұғымдармен байланысты.

**Вербальды коммуникацияда** тіл қолданылады, вербалды қарым-қатынас тіл, сөйлеу арқылы жүзеге асады, демек сөздер арқылы ақпарат беріліп, оған жауап қайтару түрінде жүзеге асады.

Коммуникация жайлы ғылыми зерттеулерде коммуникацияның бірнеше түрі айтылады[4,6]:

<i>интратұлғалық коммуникация</i>	тұлғаның жеке ойлауы, яғни, адамның өз-өзімен іштей сөйлесуі
<i>тұлғааралық коммуникация</i>	екі адам арасындағы әңгіме
<i>топтық коммуникация</i>	шешім қабылдау барысында туындайтын,

	арасында өздерінің топ-лидері бар шағын топ;
<i>қоғамдық коммуникация</i>	тұлғаның қоғам алдына шығып, ресми түрде сөйлеуі
<i>ұжымдық коммуникация</i>	әріптестер арасындағы жұмыс бабына байланысты туындайтын коммуникация;
<i>ақпараттық коммуникация</i>	ақпарат құралдары арқылы/газет, радио, телевидение/
<i>тұлғалық және әлеуметтік ақпараттық желілік коммуникация</i>	интернеттің дамуына байланысты ғаламтордағы адамдар арасындағы қатысым
<i>мәдениетаралық коммуникация</i>	түрлі мәдениет өкілдері арасындағы қатысым

А.П.Панфилова өз зерттеулерінде коммуникацияны бес түрге бөліп қарастырады: Танымдық коммуникация; Сендірушілік коммуникация; Экспрессивтік коммуникация; Суггестивтік коммуникация;Салттық коммуникация [5,73].

Ұсынылған зерттеушілер және коммуникацияға қатысты көптеген зерттеу еңбектерді қарастыра келе, коммуникативтік дағды қалыптастырудың студент үшін ғана емес, барлық адамдар үшін оның маңызының зор, аясының кең екенін айқындай түсуге болады.

Қазіргі таңда жұмыс берушілердің еңбек нарығына көзқарасы, талабы өзгеріп отыр. Кез келген саладағы жұмыс берушілер қабілетті қызметкерлерді жұмысқа алғанды дұрыс көреді.

Ф. Оразбаева өз зерттеуінде: «Тілдесім -адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірінде бір- бірімен тіл арқылы қарым қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы екендігін айтады. Тілдесім түрлерін: Ресми тілдесім; Бейресми тілдесім;Қалыптасқан тілдесім;Кәсіби мамандыққа сай тілдесім; Әлеуметтік тілдесім; Дербестік тілдесім» [2,76],- деп 6 түрге бөліп қарастырады. Тілдесімнің осы аталған түрлерінің барлығында коммуникативтік дағдының алар орны маңызды болып табылады. Егер бұл тілдесім түрлерінде коммуникативтік дағдысы қалыптаспаған тұлға сөз алар болса, тұлғаның тілдесімде алға қойған мақсатына жетуі қиындыққа алып барары сөзсіз.

Коммуникация саласының белгілі мамандары Бове Куртланд, Тилл Джон қазіргі нарық заманындағы жұмыс беруші жұмыс іздеушіге қандай талаптар қоятындығы жөнінде «Заманауи ғаламдық бәсекенің қысымы күшейгенде, жұмыс берушілер жұмыс іздеушінің бойынан қандай қасиеттерді көргісі келеді? Мамандыққа қарай жұмыс берушінің қызметкерге қоятын талаптары әртүрлі, дегенмен барлық жұмыс берушілер жұмыс іздеушінің бойынан төмендегідей қасиеттерді іздейді:*коммуникация дағдылары, тұлғааралық және командалық дағдылар, мәдениетаралық және халықаралық жағдайлардан хабардар болып, бейімделе білу, деректерді жинау, талдау және шешім қабылдау қабілеті, цифрлық, әлеуметтік және мобайл медиа дағдылары, уақыт және ресурс менеджменті, икемділік пен бейімделгіштік, кәсібиліксияқты қасиеттерді ерекшелейді. Және «жұмыс берушілерден қызметкерлердің бойынан қандай қасиетті іздейтінін сұрағанда, көбі «коммуникация орната алуы» деп жауап қатқан. Коммуникация дағдыларын жақсарту кәсіби өмірдің барлық саласында көмектеседі» [6,45],- , -деген қорытынды жасайды.*

**Талқылау.** Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларының болашақ қызметіне, мансаптық өсуіне әсері туралы жалпы түсінік қалыптастыру үшін біз *салыстырмалы-сауалнама жүргіздік. Сауалнама КИМЭП Университеті 18-19 жастағы*



«Кәсіби қазақ тілі» курсын алушы студенттері және «Іскерлік қазақ тілі» курсын тәмамдаған 3-4-курс студенттері арасында таратылды. Салыстырмалы-сауалнаманың мақсаты—студенттердің болашақта кәсіби қарым-қатынас дағдысы және мансаптық өсуге дайындығын анықтау болды. Осы мәселені анықтап алу мақсатында төмендегі мазмұндағы сұрақтар ұсынылды:

Ұсынылған дағдыларды қайда қалыптастыра алдыңыз: мектептен, университеттен?  
Студенттер жауаптары нәтижесі былайша болды:

Ұсынылған дағдыларды қайда қалыптастыра алдыңыз?	Мектепте	университетте
Топтық жұмыста басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары	15%	85%
Ұстамдылық: өзін-өзі басқара алу дағдысы	17%	55%
Кәсіби салада, көпшілік алдында сөйлеу дағдысы	27%	73%
Өз жеке пікірін білдіру: сыни тұрғыдағы пікірі, түрлі мәселелерді талқылау барысында пікір білдіру, әріптестерді қолдау, қорғауға қажетті дағдылары	20%	80%
тез шешім қабылдай алу дағдылары	10%	90%

Практикалық сабақтар барысында студенттердің аудиторияның алдында, көпшілік алдында сөйлеу қабілеттері мен дағдыларының, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау өте маңызды болды. Бұл мәселені КИМЭП Университеті қазақ тілі курстары бойынша семестр барысында өткізілетін СӨЖ аясындағы жасалатын презентациялар жасалмас бұрын тексеруді дұрыс көрдік. Сондықтан *«Көпшілік алдында сөйлеуде қалайсыз?: қиналамын; өзімді еркін сезінемін; сасқалақтаймын»* деген сауалнама-сұрақ «Іскерлік қазақ тілі» курсынан 50 студентке таратылды. Бұл сұрақтың жауаптары нәтижесі студенттердің көпшілігінің, яғни (95%-ы) аудитория алдында сөйлеудің қиындық туғызатынын айтты. Ал семестр аяғында бұл көрсеткіш төмендегіше болды: 27%.

Осы сауалнама нәтижесі де студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытуда жетілдіруге тиіс жұмыс түрлерінің бар екендігін анықтауға өз үлесін қоса алды. Студенттердің көпшілік алдында түрлі хабарламалар жасауда, баяндамалар жасауда, жұмысқа қатысты мәселені талқылауда, презентациялар жасауда қиындықтар туындайтынын көрсетті. Бірақ көпшілік (73%) аудитория алдында сөз сөйлеуді қалайтынын айтты. Сауалнаманың *«Кей кездерде адамдармен түсінбестік, конфликт, ұрыстар болып тұра ма?»* деген сұрауына 92%-ы *«иә»* деп жауап берді. Сондықтан студенттерге тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті, шыдамдылықты, эмоцияны басқаруды үйрету қажет болды. Бұл тұрғыда *«Эмоционалды интеллект»*, *«Эмоцияны басқару»* сияқты тақырыптарында түрлі дөңгелек үстелдер, дебаттар, жағдаяттық жаттығулар, кейстер ұсынылды. Бұл тақырыпты зерттеу барысында студенттерге: «Болашақ кәсіби қызметтегі 5 маңызды қасиет» атты сауалнамалық тапсырма берілді. Бұлайша 5 қасиетті анықтау арқылы маманның коммуникативтік

дағдысын дамыту мақсаты көзделді. Респонденттер өздерінің жауаптарында бірінші кезекте коммуникабельділік -80%, жауапкершілік -70%, мақсаттылық-60%, еңбекқорлық-55%, профессионализм/кәсібилік/кәсіби шеберлік-35%, әділдік - 25% болды. Бұған қоса ұсынылған дағдылар мен қабілеттерден: шешім қабылдау, ұқыптылық, ымыраға келу, амбиция сияқты дағдылар мен қабілеттерді белгілеушілер пайызы аз болды. Ол барлығы 20%-ды құрады. Болашақ маман жауаптары бойынша, *коммуникабельділік* 1-орынды иемденді.

Студенттердің коммуникативтік дағдысын қалыптастырудағ ерекше мән берілетін және нәтижелілік тұрғысынан талап етілуі тиіс нәрсе – қатысымдық сапа.

А.Байтұрсынұлы: “сөйлеуші тілінің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін, көрнектілігін, әуезділігін, өрнектілігін” тысқы сындар» [7,101],- деп көрсетеді Бұлар кәсіби тілдік тұрғыдан қарағанда, коммуникативтік дағдының толық қалыптасуы немесе оның қатысымдық сапаларымен толық үндесед. Бұны формула түрінде былайша өрнектеуге болады:

**коммуникативтік дағдының толық қалыптасуы= қатысымдық сапа**

Коммуникативтік дағды толық қалыптасқан жағдайда сөйлеуші білімі өз қажетіне жарап, біліктілігіне ауысады.

Коммуникация процесінде түрлі кедергілер де болуы мүмкін. Бұл жөнінде арнайы зерттеу жүргізген А.П.Панфилова төмендегіше кедергілерді атайды:

**Логикалық кедергі** – ойлау жүйесі әр түрлі адамдар, әріптестер арасында туындайды. Адамдар әлемді өз танымы, түсінігі аясында түсініп, көреді. Серіктестердің ақыл-ойы, ойлау түрлері мен формаларының әр түрлілігіне байланысты олар түсіністік немесе түсінбеушілік деңгейінде қарым-қатынас жасайды.

**Стилистикалық кедергі** - бұл ұсынылатын ақпараттың форма мен оның мазмұны арасындағы сәйкессіздік. Ақпараттың дұрыс жеткізілмеуі.

**Семантикалық кедергі** – мағыналық сәйкессіздік. Тезаурустық сәйкессіздік, әртүрлілік. Лингвистикалық сөздіктің ақпараттың толық мағынасымен сәйкес келмеуі. Бір адамда сөздік қор мол болса, екіншісінде жұтаң болуы. Сондай-ақ әртүрлі мәдениет өкілдерінің сөйлеу әрекетіндегі әлеуметтік, мәдени, психологиялық, ұлттық, діни өзгешеліктерге байланысты да туындайды.

**Фонетикалық кедергі** - сөйлеушінің сөйлеу ерекшеліктерінен туындайтын кедергілер (дикция, интонация, логикалық стресс және т.б.). Сөздің анық, айқын айтылуына үлкен мән берілуі тиіс» [8,49-64].

Қазіргі дамыған қоғамда, телефонмен, интернет құралдары арқылы сөйлесу де қалыпты жағдайға айналды. Коммуникативтік дағды қалыптастыру мәселесіндегі тілдік кедергілер әсіресе, телефон арқылы сөйлесу кезінде де туындайтыны белгілі. Вербалды сөйлесімнің басқа формаларында алдын ала дайындыққа уақыт болатыны белгілі. Ал телефонмен сөйлесу барысында күтпеген сұрақтар, мәселелер болған жағдайда қиындық туғызатын жағдайлар да кездесіп тұрады. Психологтар зерттеуі бойынша, коммуникацияда телефон арқылы сөйлесу уақыты сөйлесушілердің эмоционалды реңктің қосылу әсерінен сөйлесудің уақыты созылатындығын айтады. Себебі, телефонмен болатын әңгіме кезінде іскери фразалар мен сөздердің қалпы, анықтық реңкі бұзылады. Айтылып отырған ақпаратқа қатысты өз эмоциялары сөздер мен фразалар арасындағы паузаларға көп орын береді, сөйтіп сөйлесу уақытын созады. Әдетте, телефон арқылы әрбір сөйлесу уақыты 3-5 минут уақытты алады. Ал басшы қызметтегілер күніне телефонмен сөйлесуге 2-2,5 сағат, кейде 4,5 сағаттай уақыт жұсауы мүмкін. Сондықтан телефон қоңырауына жауап бермес бұрын өзің үш сұрақты қоюды ұсынады:

*Сөйлесудің жедел қажеттілігі бар ма?*

*Сөйлесушінің жауабын білу міндетті ме?*

*Сөйлесушімен кездесуге болмай ма?*

Ал сөйлескен жағдайда 3минуттық жоспар құру керектігін және оны қалай бөлуді төмендегіше ұсынады:

Бір бірін таныстыру: 20-25 секунд.

Сөйлесушіге ақпаратыңызды, мәселенізді түсіндіру: 40 45 секунд.

Мәселені талқылау үшін 100-05 секунд.

Қорытынды 20-25 секунд[8, 254-256] .

Демек, коммуникативтік дағды қалыптасқан жағдайда да телефонмен сөйлесу барысында тілдік нормалардың бұзылу жағдайлары көптеп кездесетіндігін естен шығармау керек.

Ғалымдардың пайымдауынша, “коммуникативтік нормаларға тілдің функционалдық ерекшеліктеріне тән нормалар мен қарым-қатынастың прагматикасына тән нормалар жатады” [9, 22]. Арнайы мамандар зертеулері нәтижелері көрсетіп отырғандай, «Коммуникация жасау дағдысын жетілдіру – сіздің карьера жасау жолыңыздағы ең маңызды, бірегей қадамдарыңыздың бірі болуы әбден мүмкін. Өйткені сізде әлемдегі ең керемет идея бар болуы ықтимал, бірақ оны анық әрі дәлелді түрде жеткізе алмасаңыз, оның карьераңызға немесе компанияңызға еш пайдасы тимейді. Коммуникация дағдысын жетілдіру – карьера барысында жасалатын бірден-бір маңызды әрекет. Әлемде мықты маркетингтер, жақсы бухгалтерлербілікті инженерлер мен адвокаттар көп болуы мүмкін, бірақ коммуникация шеберлігін меңгергендері бірен-саран. Сондықтан коммуникация дағдыларыңыз еңбек нарығындағы бәсекеде өзіңізді көрсетудің ерекше мүмкіндігі деп түсініңіз» [6, 54]. Демек, «коммуникацияны дұрыс орната алмайтын жұмысшыларға жұмыс берушілердің көңілі толмайды және бұл – оқу орнын жаңа бітіріп, кәсіби бизнес-ортаға әлі бейімделіп үлгермеген, тәжірибесі аз жас мамандар алдынан шығатын кедергі. [10, 54].

**Қорытынды.** Сондықтан студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытудың рөлі барынша маңызды. «Жақсы жазуды, жақсы сөйлеуді, жақсы тыңдауды меңгеріп, кез келген жағдайда коммуникация жасаудың ыңғайын таба білсеңіз, қызметте үнемі алда болып, бұл қасиеттің өмір бойы игілігін көресіз» [11, 60-69].

*Студенттердің коммуникативтік дағдысын жетілдірудің маңызы* болашақ маманның жеке тұлғасы үшін ғана емес, болашақ жұмыс атқаратын мекемесі, компаниясы және оған қатысы бар барлық топ арасындағы байланысты нығайтуы үшін де тиімді. Коммуникативтік дағдының өз дәрежесінде және толық қалыптасуы *көпжақты амбебаптық қасиетке* ие. Оған болашақ маманның бүкіл қарым-қатынас ортасы мен айналасындағы адамдардармен байланысы, бәрі кіреді.

Кәсіби маманның коммуникативтік дағдысының жоғары дәрежеде қалыптасуының мәнінің зор екендігін төмендегіше жинақтай тұжырымдауға болады:

- *Жеке құзіретті тұлға мен ұжым арасында жоғары сенімнің қалыптастыруға оң ықпалын тигізеді;*
- *Қазіргі нарықтық және галамдану заманындағы түрлі сала өкілдерімен, жақсы қарым-қатынас жасау мен орнатуға негіз бола алады;*
- *Кәсіби саладағы түрлі келіссөздерге, кәсіби қарым-қатынастың барлық түрлерінде өзара түсіністіктің қалыптасуына ықпал етеді;*
- *Қызмет барысындағы күнделікті ірілі -ұсақты және маңызды мәселелердің тез және оңтайлы шешілуіне жағдай жасайды;*
- *Дұрыс шешім қабылдауға ықпал етеді.*

Ең бастысы, кәсіби тұлғаның өз ісіне деген сенімділігіне де әсерін тигізеді.

Жақсы қалыптасқан коммуникативтік дағды тілдесудің, тиімді байланыс орната алудың тамаша құралы мен әдемі тәсілі бола алады. Біздің мақсатымыз – заманауи әрі жан-жақты кәсіби коммуникаторларды дайындау.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Richard L. Daft, *Management, 6th ed. (Cincinnati: Thomson South-Western, 2003), 580.*
2. Оразбаева Ф. *Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы, БІ.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2007 ж., 208 бет.*
3. Горянина В.А. *Психология общения: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений/-3 изд., стер. –Москва: Издательский центр Академия, 2005. -415 б.:*
4. Loreta Chodzkiene, *What every student should know about intercultural communication, Vilnius, 2014.*
5. Панфилова А.П. *Деловые беседы. Учебное пособие. Ленприздат. Ленинград, 1989.-108 с.*
6. Бове Куртланд, Тилл Джон. *Қазіргі бизнес-коммуникация. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 736 бет.*
7. Байтұрсынұлы А. *Әдебиет танытқыш. -Алматы, 1989. -348 б.*
8. Панфилова А.П. *Деловая коммуникация в профессиональной деятельности: Учебное пособие. – СПб.: 2001, 496с*
9. Уәли Н. *Сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері. Фил. ғыл.докт. дисс... авторефераты: -10.02.02. -Алматы: Тіл білімі институты, 2007. -50 б.22- бетен алынды.].*
10. «Employers: 13 Common Complaints About Recent Grads», *Youturn, 2 October 2012, www.youturn.com.*
11. Julie Connelly, «Youthful Attitudes, Sobering Realities», *New York Times, 28 October 2003, E1, E6; Nigel Andrews and Laura D'Andrea Tyson, «The Upwardly Global MBA», Strategy + Business 36 (Fall 2004): 60–69; Jim McKay, «Communication Skills Found Lacking», *Pittsburgh Post-Gazette, 28 February 2005, www.delawareonline.com.**

МРНТИ 16.01.45

*А.С.Бекмуратова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ**

*Аңдатпа*

Абай шығармашылығы – адамзат даналығының таусылмас қазынасы. Бұл қазынаны ақтарған сайын тың жаңалықтар көзін тауып, сонау бағзы замандағы қазақ халқын әлемдік мәдениетке жеткізу жолындағы рухани бастаушыны танытынымыз анық. Оның даналығы мен парасаттылығы, озық идеялары – Қазақстанды әлемдегі дамыған елдер кеңістігіне апарар лайықты жолға жөн сілтейді. Абай – бүгінгі ұлттық идеяның, ұлт тағдырының, ел тәуелсіздігінің, елдің елдігі – бүгінгі қазақ әдебиетінің өзекті арнасына, алтын арқауына айналып отыр. Мемлекеттік тілді жақсы меңгеруді көкसेген ересектер үшін де Абай сөзін түсініп тану үлкен сын. Бұл тұстағы мақсат қайткенде де Абай шығармаларын оқытуды міндеттеуден гөрі қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің іргетасы болып саналатын Абай тілі арқылы қазақ тілінің мол қорымен қанықтыру. Сол мақсатпен

де осы мақалада Абай қара сөздерін оқытуда инновациялық технологияларды ұтымды пайдалана отырып, оқырман мен оқушыға жетек түсіндіру көзделген.

**Кілт сөздер:** Абай, қара сөздер, оқыту технологиясы.

*А.С. Бекмуратова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан*

## **ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ СЛОВ НАЗИДАНИЯ АБАЯ**

*Аннотация*

Творчество Абая - неиссякаемая сокровищница человеческой мудрости. В то же время, как и в прошлом, мы понимаем духовного лидера на пути к духовному наследию казахского народа в мировую культуру. Его мудрость и разумность, передовые идеи-подходят к достойному пути, который приведет Казахстан к пространству развитых стран мира. Абай – это актуальный канал современной национальной идеи, судьбы нации, независимости страны, народа. И для тех, кто хочет хорошо овладеть государственным языком, это большая возможность читать и понимать слов назиданий Абая. С этой целью в данной статье предусматривается разъяснение читателя и учащегося, рационально используя инновационные технологии в преподавании слов Абая.

**Ключевые слова:** Абай, слова, технология обучения.

*A.S.Bekmuratova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan*

## **EFFECTIVE USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING THE WORDS OF EDIFICATION OF ABAI**

*Abstract*

Abai's work is an inexhaustible Treasury of human wisdom. At the same time, as in the past, we understand the spiritual leader on the way to the spiritual heritage of the Kazakh people in the world culture. His wisdom and intelligence, advanced ideas-are coming to a worthy path that will lead Kazakhstan to the space of the developed countries of the world. Abay is an actual channel of modern national idea, destiny of the nation, independence of the country, people. And for those who want to master the state language well, this is a great opportunity to read and understand the words of Abay's edification. To this end, this article provides an explanation to the reader and the student, rationally using innovative technologies in teaching Abay words.

**Keywords:** Abai, words, learning technology.

**Кіріспе.** Абай шығармашылығы – адамзат даналығының таусылмас қазынасы. Бұл қазынаны ақтарған сайын тың жаңалықтар көзін тауып, сонау бағзы замандағы қазақ халқын әлемдік мәдениетке жеткізу жолындағы рухани бастаушыны танитынымыз анық. Оның даналығы мен парасаттылығы, озық идеялары – Қазақстанды әлемдегі дамыған елдер кеңістігіне апарар лайықты жолға жөн сілтейді. Абай – бүгінгі ұлттық идеяның, ұлт тағдырының, ел тәуелсіздігінің, елдің елдігі – бүгінгі қазақ әдебиетінің өзекті арнасына, алтын арқауына айналып отыр. Халқымыздың рухани байлығының шешуші саласы – қазақ әдебиеті өткен ХХ ғасыр бойы ірілеп өрлеп өсіп, дүние жүзіне танылды.

Қазақ қоғамы үшін Абай мұрасының аса қажеттілігі әлдеқашан танылған, мойындалған. Абайдың өлмес, ескірмес еңбегі, көркем ойға қосқан өлшеусіз үлесі, биік талғамы,

шынайы өмір әлемі, педагогикалық ой-пікірлері, өнеге, тағлымы - әр адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі жан азығы. Осындай ұлттың, кең көлемде айтқанда адамзаттың рухани азығын қажетінше ұрпақ санасына сіңіру, өз дәрежесінде таныту бүгінгі қоғам алдындағы ең маңызды істердің бірі. Абай мұрасының оқытылып келе жатқанына да ғасырға жуық уақыт өтті. Кейінгі жылдары Абайтану курстары да оқытылуда. Дей тұрғанмен Абай мұрасын тану, тағылымдық мәнін зерделеп, зейінге тую жағы кемшіл түсіп жататыны жасырын емес. Арнаулы мектептердің өзінде Абай өлеңдерін құрғақ жаттаудан әріге бара алмай жүргеніміз байқалады.

Әлемдік деңгейдегі ақындардың бірі, мәдениет, пәлсапа, музыка, ой дүниесінің алыбы, эстет, гуманист, моралист, ағартушы-демократ, шешен, заңгер, әділ би, аудармашы, қоғам қайраткері, тәрбиеші — ұстаз Абай тек бір ұлттың көлемінде ғана емес, адамзат әлемінде ірі құбылыс болды. Абай қазір еліміздегі түбірлі өзгерістер негізінде әлемде танылып жатыр. Абай аты әлемді шарлады. Қазір жас өскіндерге нағыз Абайды, дана Абайды қайта танытып, қайта қауыштыру мәселесі көтерілуде. Бүкіл саналы ғұмырының басым бөлігін Абайға арнаған данышпан Әуезов те оның мол мұрасын «тек шөмішпен ғана сүзіп алдым» деген.

**Талқылау.** Кезінде Абай шығармашылығын алғаш зерттеуші ғалым А.Байтұрсынов «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады.

Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады»[1] деп жазған болатын.

Мемлекеттік тілді жақсы меңгеруді көксеген ересектер үшін де Абай сөзін түсініп тану үлкен сын. Бұл тұстағы мақсат қайткенде де Абай шығармаларын оқытуды міндеттеуден гөрі қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің іргетасы болып саналатын Абай тілі арқылы қазақ тілінің мол қорымен қанықтыру. Мемлекеттік тілді меңгеруші үшін екінші, үшінші деңгейде оқитындарға Абай қара сөздері бірден-бір тиімді оқу материалы болатынына көз жеткізуге болады. Бұл тұста айта кетерлік жайт, Абай қара сөздері алуан тақырыпты әрі тақырыптарына қатысты әр түрлі әлеуметтік топтарға лайықталған. «Абай "қара сөздерін», «қойын дәптер» ретінде тек өзі үшін жазбай, басқалардың оқуы үшін де жазған. Оның өзінде жалпы оқырман көпшілікпен қатар, олардың белгілі бір тобына арнап жазғандарын да байқауға болады. «...Абай 12, 13, 32,38, 43 сөздерін белгілі бір әлеуметтік топтарға арнап жазған деген пікірімізді олардың тек мазмұны ғана емес, тілі де дәлелдейді», - дейді Абай шығармаларының тілін зерттеуші ғалым Р.Сыздық [2]. Араб, парсы тілдері жиі ұшырасатын бұл қара сөздердің тілі күрделі болғанымен, көпшілік оқырманға арналған қара сөздер тіл өрнегі жағынан көркем, «көпшілік, қоғамдық, публицистикалық және ғылыми-баяндау стилінде жазылған».

Абай қара сөздерін тіл үйренуші ересектерге оқытудың тиімділігі бірнеше қырынан танылады:

Біріншіден, тіл үйренуші ересектер болуы себепті ақынның өмір сырлары, адамның психологиялық күйі. Мінез-құлқы, әрекеттері жөніндегі, қоғам мен әлеуметтік ой-сана тақырыбындағы қара сөздері күнделікті өмір сүрген орта тіршілігіндегі мәселелерге жақсы келеді. Адамдық мұрат, ұлттық болмыс, қоғамдық сана мәселелерінде әр құбылыстың ішкі сырларын айту арқылы Абай ересек тіл үйренушілер көңіліндегі ойға түрткі болады.

Екіншіден, Абайдың адамгершілік мұрат, адамдық қарызы, адалдық, әділеттілік, имандылық туралы ой толғаныстары мемлекеттік қызметкерлердің қоғамдағы адамдық тұлғасын қалыптастыру мен рухани құндылығын арттыруға, рухани әлемінің байып,

имандылық ниетте болуына көмек етеді. Әділетсіздік, ынсапсыздық, парақорлық, т.б. қоғамдағы кеселдер қауым болып күресетін кезектегі мәселелер екендігі көпшілікке белгілі. Осы тұрғыдан алғанда да Абай қара сөздері қоғам мен әлеуметтік орта мәселелерінің терең қатпарлары мен қырларын ашып, тәрбиенің терең тамырымен сабақтасып жатады. Қоғам адамын тәрбиелеуге, тұлға қалыптасыруға тиімді құрал бола алады.

Үшіншіден, аталған тақырыптар төңірегінде сұхбат құру, пікір алмасу тиімділігі танылады. Себебі үшінші деңгейдегі тіл үйренуші қазақ тілін қарым-қатынас тілі дәрежесінде меңгеріп, сөйлеу дағдысы біршама қалыптаса бастайды. Ендігі кезекте тілдік форма мен грамматика, белгі жаттығу айналасынан шығап, еркін сөйлеу дағдыларына жағдай тудыру керек болады. Диалог құру, сөйлеу әрекетін еркін сұхбатқа бейімдеу үшін де арнайы тақырып төңірегінде ой қозғаған тиімді. Бұл тұста тіл үйренуші айтылым әрекетінде өзі қалыптасқан тілде ойлап, грамматикалық категорияларды түзудің жолында әуре болудан арылып, біршама қазақ тілінде ой түзуге қалыптаса бастайды да, белгілі бір мәселе төңірегінде ой түйіп, сол мәселелерді пікір сайысқа салуға талаптанады. Ойды қазақ тілінде жаткізуге ынталанады. Пікірсайыс қазақ тілінде ойын жеткізудің мотивациясы болып есептеледі. Ал Абай көтерген түйіні күрделі мәселелер пікірталасқа таптырмас тақырып екені анық.

Төртінші тиімділігі, Абай қолданған қазақтың бай тілі үйренушілердің тілдік қорын молайтуға септігін тигізеді. Абайдың қара сөздерінде бір сөздің өзі бірнеше қолданыста түрленіп келіп, сөздердің білдіретін мағыналары құбылып отырады. Мәселен көкірегі байлаулы, көкірегі сезімді, көкіректе жамандық жоқ, көңілге бекіту, көңілдің уануы, көңілдің өшуі, көңіл құсы (құйқылжыр шартарапқа), көңілінің көзі (ашық сергек үшін), көңілдегі көрікті ой, көңілденіп тұшыну, сынық көңіл, жанған көңіл, суынған көңіл, жаралы көңіл, кірлеген көңіл, қара көңіл, қам көңіл, боямасыз ақ көңіл, шын көңіл, қайран көңіл, көңілге тую, көңілі қайту, көңілі жақын. т.б. сөз тіркестері, тіл оралымдары арқылы аударманың көмегінсіз-ақ қазақ тілінің сөз түзу мен ойды берудегі өзіне ғана тән жүйесін танытуға болады. Сондай-ақ Абай сөздердің синоним, антоним сияқты лексикалық мағыналарын, сөздердің көп мағыналарын таңдап, талғап құбылтып қолдануы жағынан да қазақ тілінің мол сөздік қорын танытады. Сөзбен беруге, айтып жеткізуге болмайтын құбылыстың, әрекеттің, адам болмысының ішкі қырлары мен қатпарлары жоқ екенін Абай қазақтың бай тілін қолдану арқылы еркін ашады. Олай болса, тіл үйренушілерді Абай тілі арқылы қазақтың сөз байлығының қазынасына үңілтуге болады. Осы орайда Абайдың қара сөздері мәтінімен жүргізілетін талдау жұмыстарын ұсынамыз.

**Әдістеме.** Ұстаз ретінде «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген сұрақтармен үшін маңызды жоғары, келелі мәселе деп ойлаймын. Осы орайда жаңа заманға сай оқушыларды ғылым мен техниканың немесе өнердің бір саласын терендетіп оқыту арқылы танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамыту- мектептердегі басты талапекені айдан анық. Әдебиет- сөз өнері, оны мектепте терендетіп оқыту, мұғалімдерден аса ізденімпаздықты, мұқияттылықты, төзімділікті талап етеді.

Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтеріне айналды. Дүние жүзінде білімнің әлеуметтік ролі артты. Адамның болашағы оның қазіргі алған білімінің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік дағдыларды меңгертумен қатар табиғат, қоршаған дүние туралы түсінік- терін кеңейтіп, оларды шығармашылық бағыт- та жан- жақты дамыту – бүгінгі күннің басты та- лабы. Бұл, әрине, мұғалімге көп ізденісті та- лап етеді.

Білім беруді ұйымдастырудың дүние жүзілік тәжірибесінде көптеген оқыту технологиялары жүзеге асырылуда. Ондағы мақсат – оқушының танымдық қабілеттерін, яғни өзін-өзі ойлау қабілетін арттыру, елестету мен есте сақтауын, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз ету.

*Оқытуды ұйымдастыру* белгілі бір тәртіпке түсірілген, нақты режим бойынша арнайы ұйымдастырылатын, оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерін дамыту мен қалыптастыру үшін пайдаланатын оқу-тәрбие жұмысының түрі. Оның іс жүзінде жүзеге асырылуы сабақ арқылы көрінеді. (3.36)

Сабақ уақыты шектеулі, логикалық тұрғыдан құрылымы белгіленген, мазмұны жоспарланған оқу-тәрбие үрдісінің формасы. Сабақ жоспарын құру барысында мұғалім өзінің алдына өтілетін тақырыптың басты мақсаты етіп білім беруді, тәрбиелеу мен дамытуды қоя отырып, оқушылардың тәуелсіз еліміздің, толыққанды азаматы болып қалыптасуын нысана ету керек. Ол үшін мұғалім әр сабаққа даярланғанда: осы тақырыпқа байланысты қандай көлемде білім беремін, қай бағытта тәрбие жұмысын ұйымдастырамын (*тәрбиелік іс-әрекетті* өтейін деп отырған тақырыппен қалай байланыстырамын), осы тақырыпқа сай баланың бойына қандай ізгілік қасиетті сіңіремін, оның ойын, қабілетін, сезімдік өрісін қайтіп дамытамын, танымдық дарынын қалай қалыптастырамын деген т.б. мәселердің оңтайлы шешімін табуды ойластырып, оның тиімді жолдарын іздестіруі керек. Осы орайда мұғалімдер қауымы білім берудегі жаңа технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын қарастырғаны жөн. Қазіргі таңда технологияның бірнеше түрлері тәжірибеде қолданыста жүр. Солардың бірі модульдік оқыту технологиясы К.Жанпейісова салған модульдік оқыту технологиясын мектеп ұстаздары мен жоғары оқу орнының оқытушылары да өз сабақтарында қолданып, тиісті нәтижеге қол жеткізуде. Мысалы, 8 сыныпта қазақ әдебиеті сабағын модульдік оқыту технологиясының негізінде өтілген бір сабақтың үлгісін көрсетуді жөн көрдім.

**Модульдік оқытуда оқушы** жаңа тақырыпты өздігінен меңгеріп, өздігінен ереже, анықтамалар қорытып шығаруға мүмкіндік алады және *тақырып бойынша қорытынды деңгейлік* тапсырмалар орындайды. (2.13)

**Слайд №1** Модульдік технологияның ерекшелігі - оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл) ойлауды, ынтаны, қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға бағытталуы.

Модульдік дегеніміз – қандай да бір жүйенің ұйымның анықталатын дәріс бөлімі.

Оқу модулі 3 құрылымды бөліктен: кіріспе, сұхбат және қорытынды бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлімінде: Оқушыларға оқу модулінің жалпы құрылымы, мақсат – міндеттері таныстырылады, сонан соң есептелген оқу материалы қысқаша сызба, кесте тағы да басқа белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіріледі.

Сұхбат бөлімінде: танымдық процесс дамиды. Сыныпты 2 – 6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен оқушылардың өзара әрекет етуіне, ізденуіне ықпал етеді. Оқушы – ізденуші, сөйлеуші, қорғаушы.

Қорытынды бөлімінде: барлық өтілген материалдарды тест, сынақ диктант, деңгейлік жұмыстар арқылы тексеру, байқау, бақылау.

Мысалы, 8 сыныпта әдебиет сабағын күнтізбелік жоспар бойынша бірнеше модульге болады.

**Слайд №2** Модуль № 3

**8 сағат. Әдебиет. 8 сынып Абай Құнанбаев шығармашылығы**



Бөлім	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың түрі	Іс-әрекет	Сағат саны	Пайдаланылған әдебиеттер
1	2	3	4	5	6
Кіріспе	«Абай қазақтың бас ақыны» (өміріне, шығармашылығына шолу)	Жаңа сабақты түсіндіру	Әңгіме, дәріс	2	А.Құнанбаев. Шығармалар жинағы, I. II том
Сұхбаттасу	Абай-қазақ поэзиясының пайғамбары	Сұрақ жауап, топпен жұмыс	Адам, қоғам, еңбек	1	«Абайды оқы, таңырқа»;
	Абайдың қара сөздері ру- хани мұра	Сұрақ жауап, топпен жұмыс	Адамгершілік ақы	2	«Әдебиет теориясы» Абайдың қара сөздері
	Жаздым үлгі жастарға бер- мек үшін	Сұрақ жауап, топпен жұмыс	л, қайрат, жүрек Ақын, сазгер, сөз зергері	1	М.Әуезов «Абай жолы», I, II том
Қорытынды	«Абай – қазақ халқының данышпаны»	Шығарма		2	

**Сабақтың тақырыбы: Абай - қазақтың бас ақыны.**

**Сабақтың мақсаты:**

а) **білімділік:** оқушылардың Абайдың өмірін, шығармашылығын қалай меңгергенін байқау; лирикаларын, қарасөздерін тереңірек меңгерту; өлең құрылысына дұрыс талдау жасай білуге үйрету.

ә) **дамытушылық:** өз бетінше шығармашылық ізденіспен жұмыс істей білуге баулу; дүниетанымын кеңейте отырып, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру.

б) **тәрбиелік:** мейірімділікке, имандылыққа, сезімталдыққа, тыңдай және сөйлей білу мәдениетіне тәрбиелеу.

Сабақтың типі: пысықтау – жинақтау Сабақтың түрі: аралас сабақ Сабақтың көрнекілігі:

1. Теледидар, слайд
2. компьютер, интерактивті тақта

электронды оқулық

3. кестелер (тапсырмалар)
4. буклет, кітаптар

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, көрнекілік, әңгімелеу, топтастыру, мәнерлеп оқу, оқырман пікірі.

**Болжамдап отырған нәтиже:**

Оқушылар Абайдың өмірі мен шығармашылығын, лирикаларын, қарасөздерін жетік меңгерді. Өлең құрылысына талдау жасай алады. Өз ойларын еркін де сауатты жеткізе білетін, мәдениеті тұлға, қалыптасады. Бүгінде «жан аямай кәсіп қылудан безінетін, бейнет көрмей дәулет жоқ» екенін парасаттамайтын «ұрлық пен қулықты қызық көретін» жастарды мінез құлық пен имандылыққа үйретерін адам болуымызға жол нұсқайтын асыл – Абай мұрасы,

- дей отырып, интерактивті тақтаны іске қосып, электронды оқулықты тыңдату.

**Слайд №3.** «Абай – махаббат жаршысы»

«Абай – дана, Абай – дара қазақта» қарасөз- деріндегі даналық оқырман пікірі

**Слайд №4.** «Абай ұрпақтары және шәкірт- тері ...» сызба (слайд)

IY Қорытындылау бейнетаспадан көрініс Абай бейнесін сомдау

**Слайд №5.** Сұрақ-жауап әдісі арқылы жұмыс Абай кім?

Абай лирикаларын ата Қанша қара сөзі бар?

Қай поэмасын аяқтамаған?

«Абай үні, Абай тынысы » деп кім айтты? Абай лирикаларына тән қандай тірек сөздерді алуға болады?

Абай туралы роман – эпопея.

**Мұғалімнің қорытынды сөзі:**

Абай – данышпан ақын, ол жай данышпан емес, түпсіз тереңнен толғайтын, талай замандардың ақыл-ойын сыйғызған ғұлама ғалым, кемеңгер, данышпан.

Ол даналықты өзінің туған табиғатынан үй- ренеді, туған халқын білім алуға шақырады. Соның барлығын өз санасында, өз жүрегінде қорытып, туған халқына ұсынады. Демек, Абай – ұлы тұлға, оның шығармашылық өмір жолын қалай меңгергендерінді байқаймыз.

**Слайд №6.** Өткен тақырыпты пысықтау – жи- нақтау.

Мұғалімнің кіріспе сөзі. Мыңмен жалғыз алыстым ол . . . Күнә қойман . . .

Шер де, тер де төгілді тұла бойдан. Қалды ұлы мұралар бұл Абайдан, Жеңілетін, жеңбейтін мына майдан . . . Абай жайлы сөз қозғасақ, данышпандық, көрегендік, ұлылық ұғымдары қоса жүреді. Сондықтан біз Абай мұрасын мәңгілік «Өнеге мектебі» дейміз. Бүгінде «жан алмай кәсіп қылудан безінетін, бейнет көрмей дәулет жоқ» екенін парасаттамайтын, «ұрлақ пен қулықты қызық көретін» жастарды мінез – құлық пен имандылыққа үйрететін, адам болуымызға жол нұсқайтын асыл – Абай мұрасы, - дей отырып, компьютерді іске қосып, электронды оқулық- ты тыңдату.

**Слайд №7.** «Топтастыру» стратегиясымен жұмыс



Талқылау картасын тарату.

Уақыт беру, интерактивті тақтадан өлеңде- рін талдату. (әдеби-қисындық талдау)

Жұппен бірігіп, топтастырып шығады. Қорытындылау.

- Біз Абай Құнанбаевтың шығармаларымен өткен сабақта танысып, өлеңдеріне теориялық тұрғыдан талдау жасағанбыз. Бүгінгі сабағы- мызда ерлік поэзиясын жасаған өршіл ақын- ның шығармашылығының жаңа бір қырынан пысықтаудамыз. Сондықтан да Абайдың лири каларын топтастыру мақсатымыз осы еді. Сен- дердің жұптық жұмыстарыңнан байқағаны- мыздай, Абай лирикасы - ізгілік ілімі.

Тірек сызба модульмен жұмыс. Үйге тапсырма:

1. Көрнекі құралдағы тірек сызбадан Абай лирикасын жүйелей отырып, әрқайсысына жауап іздейсіздер.

2. Әр тақыраптан бір өлеңнен жаттап келесіздер.

**Қорытынды.** Оқушылардың шығармашылығын дамыту педагогикада басымды бағыт болып есептеледі. Өркениеттің прогрессивті дамуының негізгі қозғаушы күші шығармашыл тұлға екені белгілі. Өйткені біздің заманымыздың электрондық, атомдық, ғарыштық деп аталуының өзі адамның ақыл-ойының, санасының жетілгендігінің көрінісі. Сондықтан оқушылардың білім алу кезіндегі шығармашыл белсенділігі, өз беттерімен білімді игеру дәрежелері мектеп өміріндегі басты мәселе болып қала береді.

Педагогикалық қызметтің басты мақсаты оқушылармен оқу-тәрбие ісінде жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану. Ол үшін жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, инновациялық технологиялармен білім беру.

Абай шығармаларын оқыту сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру. Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Сондықтан мұғалім сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу – тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш – жігерін жұмсауы тиіс.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Рауан, 1997., 263б.
2. Р.Сыздық «Абайдың сөз өрнегі» - А.,: 1994, 285б.
3. М. Жанпейісова.Модульдік оқыту техно- логиясы. – Алматы, 2004.
4. Қ. Тасболатұлы.Қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамалық негізі. – Тараз, 1999.
5. Т. Мейірманқұлова.Жаңа инновациялық тех- нологиялар. – Алматы, 2005.

МРНТИ 16.31.61

*В.Е. Borankulova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>L.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan*

## PRACTICE OF ICT APPLICATION IN TEACHING SPECIAL TERMINOLOGY COURSES FOR STUDENTS OF TRANSLATION STUDY/INTERPRETING DEPARTMENT

### *Abstract*

This article under consideration is devoted to the the question of ICT application (multimedia program, Internet resources, Ted-Talks format, STEM, CAT tools) in the organization of students 'SIS tasks in special terminology courses as «legal terminology», «medical terminology» and «oil and gas terminology».

Knowledge of the terms of any industry and the ability to use them correctly in speech is one of the important tasks of students-translators. The article gives examples of classes in which different types of classroom and extracurricular activities used ICT.

The use of ICT in the process of teaching students-translators for special terms forms the knowledge of special vocabulary of them as well as skills and habits of working with CAT tools.

The effective teaching of terms in studies for oil –gas and law terminologies, those of medicine is a sphere in teaching translation which needs special attention since it develops students' abilities required for successful communication in occupational settings.

**Keywords:** ICT, Translation Studies, special terminology, medical terminology, oil and gas terms, legal terms, competence in terms use

*Б.Е.Боранкулова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

### *«АУДАРМА ІСІ» МАМАНДЫҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЙЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ КУРСТАРЫН ОҚЫТУДА АКТ-НЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ*

#### *Аңдатпа*

*Мақалада «заң терминологиясы», «медициналық терминология» және «мұнай және газ терминологиясы» сияқты арнайы терминология курстары бойынша студенттердің СӨЖ ұйымдастыруда АКТ (мультимедиялық бағдарлама, Интернет ресурстар, Ted-Talks форматы, STEM, CAT құралдары) қолдану мәселесі қарастырылады.*

*Кез келген саладағы терминдерді білу және оларды сөйлеуде дұрыс қолдана білу білім алушы-аудармашылардың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мақалада АКТ-ны қолдану арқылы аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстардың әр түрлері қолданылатын сабақ үлгілері беріледі.*

*Арнайы терминдерге студент-аудармашыларды оқыту барысында АКТ-ны қолдану студенттердің арнайы лексикасын, сондай-ақ САТ құралдарымен жұмыс істеу дағдылары мен білімін қалыптастырады.*

Мұнай-газ және заң терминологиясы, медицина терминологиясы бойынша терминдерді тиімді оқыту аудармаға үйретудің бір жолы, ол ерекше назар аударуды талап етеді, өйткені студенттердің кәсіби ортада табысты қарым-қатынас жасауға қажетті қабілеттерін дамытады.

